ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 070(574)1991/2018 Қолжазба құқығында

ЖУМАБЕКОВА ГАУХАР АЙТБЕККЫЗЫ

Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі

6D050400 – Журналистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор С.Қ. Қозыбаев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, профессор
Айдемир Окай
Түркия, Стамбул

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 3
КІРІСПЕ 4
1 ҰЛТТЫҚ КӨСЕМСӨЗ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТАРИХИ ЗӘРУЛІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҰСТАНЫМЫ 10
1.1 Қазақ көсемсөзінің қазіргі ғылыми-танымдық дамуына шолу 10
1.2 Ақын-жазушылар ой-санасындағы парадигмалар 17
1.3 Қазақ қаламгерлері жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігі 34
1.4 «Мәңгілік ел» идеясы және бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттары 48
2 ЖАҢА ДӘУІР ӨРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ 59
2.1 Жаңа дәуір өрісіндегі тіл және тәуелсіздік проблемасының авторлық философияға трансформациялану үдерісі 59
2.2 Замансөздегі тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасы 75
2.3 Көсемсөз органикасындағы әлеуметтік мәселелер тоғысы 92
2.4 Журналист шығармашылығындағы ұлттық психологизм 109
3 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨСЕМСӨЗ: ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ ФОРМАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР 120
3.1 Тәуелсіздік жылдарындағы ізденіс: бағыттар, жанрлық пішіндер синтезі 120
3.2 Көсемсөз кеңістігіндегі авторлық толғаныс арналары: заман және замандас бейнесі 131
3.3 Жаңа таным кезеңінің көсемсөзі: сұхбат, жол-сапар очерктеріндегі саяси тұрақтылық және экономикалық мәселелер 146
3.4 Адам және табиғат үйлесімі: натуралистік очерктер, сыршылдық пен суреткерлік 162
ҚОРЫТЫНДЫ 171
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 174
ҚОСЫМШАЛАР 181

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Авторлық концепция – автордың өзіндік көзқарасы, тұжырымдары.

Жанр – (французша genre, латынша generis – түр, тек) – өнердің, деректі шығармалардың барлық түрінде тарихи қалыптасқан тиянақты іштей жіктелім жүйесі. Жанр әрбір нысанның ерекшелігіне байланысты өзіндік жанрлық бас құрайды.

ЖОО – жоғары оқу орны.

КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы.

Латентті – жасырын, астарлы.

Натуралистік очерк – табиғат, жаратылыс дүниесін зерделейтін журналистика жанры.

Очерк – белгілі бір әлеуметтік және табиғи құбылысты әрі публицистік, әрі көркемдік, әрі ғылыми-танымдық тұрғыдан сипаттайтын журналистика пішіні.

Парадигма – күн тәртібіндегі мәселені зерттеу үшін үлгі ретінде алынған теория; ғылыми көзқарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік және эмпиризмдік таным нәтижелерін тұтастандыратын жүйе; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастық қабылдаған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным үдерісінде туындаған міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиынтығы.

Пассионар – жетекші тұлға, көшбасшы.

Рисала (тун) – араб сөзі, трактат, зерттеу, жолдау, хат деген мағынаны білдіреді. Дүнепайымдық-философиялық жанр, эссе.

Стиль – қаламгердің жазу мәнері, ойжобасын, толғанысын ашу тәсілі, образдар жүйесінің тұрақты бірлігі.

Трансформация – уақыт талабына сай әрекет ету, жағдайға бейімделу.

Тұлға – жеке адамның өзіндік әлеуметтік, психологиялық қырлары, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

т.б. – тағы басқа.

Эссе – философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің еркін ой ағымынан бастау алатын, айрықша ой дамытудан өріс алатын жанры.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. XXI ғасырдағы ұлттық журналистика, қазақ көсемсөзі жаһандық үдерістегі рухани жаңғыру кезеңіне тұспа-тұс келді. Ұлттық тәуелсіздігімізді қалпына келтірудің арқасында рухани, тарихи, әдеби, мәдени,ұлттық құндылықтарымыз жаңаша таныла бастады, байыпты соны талдаулар мен сындарлы игілікті нәтижелер дүниеге келді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Қазақстан халқына Жолдауында»: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» [1], – деген пікіріндегі мәдениетіміз бен идеологиямызды дамытуда, қазіргі ұрпақтың тарих пен тілді меңгеріп, жаһандық көзқарасының қалыптасуына қазіргі көсемсөзшілердің қосатын үлесі зор.

Тәуелсіздік кезеңде еркін ойдың қайнар бұлағы ретінде алдыңғы қатарға қазақ ақын-жазушылары шыққандығын айтқан жөн. Қаламгер қауымы тіл, ел мен жер, діл мен дін мәселелерін мерзімді басылымдарда дүркін-дүркін көтеріп, ұлт болашағы жолында бастарын бәйгеге тікті, алаш зиялылары мектебі көсемсөзшілерінің жолын жалғастырды, азаматтық ұстанымдарынан тайсалмады.

Қазіргі ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі зерттеулердің ғылыми-танымдық дамуына шолу жасағанда түйгеніміз: қазақ көсемсөзінің ғылыми іргетасы ұлттық журналистикада әзірге жеке қаламгерлердің шығармашылығын зерттеумен шектеледі. Теориялық тұрғыдан зерттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Қазіргі көсемсөз ұғымының теориялық базасы ғалымдар Б. Жақып, К. Қамзин еңбектерінен көрінеді.

Қазіргі көсемсөз шоғыры тәуелсіздік концепциясына, ілгерілеу үдерісіне септігін тигізбей қоймады. Әсіресе қазақ көсемсөзінің тәуелсіздік жылдарындағы өркендеу жолы түрлі парадигмалардың дүниеге келуімен астасып жатты. Айталық, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Ә. Кекілбай көсемсөзіндегі зияткерлік парадигма, жазушы, ғалым М. Мағауин толғаныстарындағы руханият, ұлттық сана парадигмасы, жазушы, журналист М. Қабанбай көсемсөзіндегі мәдени, саяси-әлеуметтік парадигма, жазушы Д. Әшімхан туындыгерлігіндегі ұлттық мінез-құлық парадигмасы, жазушы О. Сәрсенбаевтың рисаласындағы ислам философиясы парадигмасы, ақын С. Иманасов эсселеріндегі тұлғатанымдық парадигмасы, ақын Н. Оразалин сұхбат, жол-сапар очерктеріндегі саяси-экономикалық сана парадигмасы, ақын Е. Раушановтың натуралистік очерктеріндегі экологиялық көзқарас парадигмасы әлеуметке айтарлықтай ықпал етті, халықты ғасырлық отарлық санасынан арылтуға, тарихты қайта зерделеуге, кеңес дәуіріндегі әділетсіздіктерді әшкерелеуге, ұлтымыздың рухани кеселдерімен күресуге, әлеуметтік мәселелерді шешуге, ұлтты имандылық негізде тәрбиелеуге, қазақ

зиялыларын танытуға, саяси-экономикалық тұрақтылық қағидаларын үндеуге бар күш-қуатын жұмсады.

Көсемсөзшінің мақсаты, авторлық позициясы мен авторлық «мені» айқын, ойы диалогтық, полемизмге, интерактивтілік пен өзіндік орамдарға құрылған болуы шарт. Осы аталған белгілі өлшемдердің барлығы дерлік қазақ ақын-жазушыларының жанрлық мәтіндерінде өз орнын тапты. Сондай-ақ, қазақ қаламгерлері демократиялық көзқарастарымен, ұшқыр ойларымен ерекшеленіп, сөз өнерін суреткерлік, сыршылдық бейнелілікпен безендіріп, көсемсөз кеңістігін кеңейтуге ықпалын тигізді.

Қазіргі кездегі көсемсөз жанрлық түрлері жағынан өзгеріске ұшырады. Кеңес заманындағы сана, көзқарастың ауысымына байланысты жанрлық мәтіндер де өзгерді. Жаңа заманға сай, қазіргі жағдайға ыңғайлы мазмұн мен пішін бірлігін іздеген көсемсөзшілер жаңажанрлар арқылы әртүрлі тақырыптағы мәселелерді қозғады.

Жанрлық мәтіндер арқылы ақын-жазушылар өмірі, тұлға мен қоғам қарым-қатынасы, кеңес дәуірінің бізге беймәлім тұстары арқылы қазіргі жас ұрпақ мол мәлімет алып қана қоймайды, сондай-ақ танымдық-тәрбиелік өнеге алып, өткен ғасыр мен қазіргі заман келбетін тани алады.

Кеңес заманындағы жаттанды ұран, саяси-идеологиялық қысым мен рухани қиянаттан арылып, ондағы ағартушылық, үгіт-насихатшылық, әшкерелеушілік, мадақтамалық көсемсөздің орнын еркін ойдың ықпалындағы тәуелсіз сана алмастырды. Яғни, тәуелсіздік жылдары ғылыми-танымдық, тарихи, рухани жаңғыру сияқты функциялар алға шығып, ұлттық көсемсөз кеңістігін әртүрлі жанрлық мәтін түрлерімен толықтыра, кемелдендіре түсті. Сондықтан да тәуелсіздік кезеңінде өзінше, тың өріс алып дамыған қазақ зиялылары көсемсөзін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу заманалы ғылымның өзекті мәселелерінің бірі деп нық айта аламыз.

Тәуелсіздік жылдары қазақ көсемсөзі кеңістігі жаңа ұғымдармен толығып, жаңа жанрлық мәтіндермен кеңейіп, өткен мен бүгіннің бірлігі барлығына көз жеткіземіз.

Жалпы, ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі тарихи зәрулік және тәуелсіздік ұстанымы «Мәңгілік ел» идеясы және бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттарымен қабысып жатыр дей аламыз.

Қазақы кеңістіктегі газет-журналдарда саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерге қалам тартып, туындыгерлік шығарма шеберліктерімен жұртқа танылған авторлардың замансөзі қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісіндегі сипатына ерекше өң бергені айтылады.

Жаңа дәуір өрісіндегі тіл және тәуелсіздік проблемасының авторлық философияға трансформациялану үдерісі, замансөздегі тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасы, көсемсөз органикасындағы әлеуметтік мәселелер тоғысы, журналист шығармашылығындағы ұлттық психологизм сияқты қадау-қадау мәселелер тәуелсіздік кезеңіндегі, әсіресе алғашқы жылдары қазақ көсемсөз алаңындағы ұлттық, тарихи зәрулікті өтейтін, ұлт руханиятындағы қажеттілік заңдылығынан туындаған талап еді.

Ақын-жазушылардың тәуелсіздік жылдарындағы ізденіс бағыттары, жанрлық пішіндер синтезі, көсемсөз кеңістігіндегі авторлық толғаныс арналарындағы заман және замандас бейнесі, жаңа таным кезеңінің көсемсөзі: сұхбат, жол-сапар очерктеріндегі саяси тұрақтылық және экономикалық мәселелер, адам және табиғат үйлесіміндегі натуралистік очерктер, сыршылдық пен суреткерлік сияқты көкейтесті мәселелер ұлттық журналистикаға жаңа леп, сергек серпін әкелді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Саяси-экономикалық, мәдени, рухани салалар және ақпараттық тәуелсіздік бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жетелеп отырады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ақын-жазушыларының көсемсөзі ақпараттық кеңістікте бұрын танылмаған мың реңді картина іспеттес. Заман ажары мен көсемсөзші назарынан туындаған контент рухани импульске, дәлелді күшке иек артады, өтімді әрі қуатты болып келеді. Сондай-ақ, көсемсөздің шынайы халықтық журналистикадан нәрленуі, объективті, текті тарих мен дегдар аргументацияға сүйенуі, полемикалық трендінің айқындалуы қазақ публицистикасын демократияландыра, зәрулендіре түседі.

Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзін зерттеудің өзектілігі ұлттық категорияның формалық брендтен асып, мазмұндық сипатқа көшу, бірыңғай моноидеология қақпайынан арылып, плюралистік таным жүйесіне ұласу, әлемдік масс-медиа кеңістігіне қол созу, өрлеу дәуірі үдерісінің маңыздылығынан көрінеді. Өйткені біз бұл кезеңді процестік, динамикалық тұрғыдан қарастырып отырмыз.

Зәрулік, қажеттілік талаптары қазақ көсемсөзі болмыс-бітімін индивидтер көсемсөзі жай-күйі, ахуалымен органикалық байланыста байыптауға, жаңаша көзқарас, әдіспен талдауға жетеледі. Заманалы көсемсөздегі жаңа парадигмалар айқындалады.

Зерттеу нысаны болып отырған тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ақын-жазушыларының замансөзіндегі ерекшеліктер жан-жақты талданып, сараланады. Қаламгерлер ой-санасындағы парадигмалар ауысымының қазақ көсемсөзіне ықпалы, көсемсөзшілердің жанрлық мәтіндеріндегі сонылықтар, тың ой орамдары мен сараптамалық, талдамалы зерттеулері, шешендік өнері мен көркемдік, суреткерлік әлемі тұтастай ашылып, ғылыми-теориялық тұрғыдан тұжырымдалды.

Ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі зәрулік «Мәңгілік ел» идеясымен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен толыға түсетіндігіне назар аударылды. Көсемсөзшілердің тәуелсіздік кезеңіндегі, яғни 1991-2018 жыл аралығындағы «Егемен Қазақстан», «Жұлдыз», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» және т.б. мерзімді басылымдарындағы ел назарына іліккен жарияланымдар жан-жақты талданады.

Тәуелсіздігімізді баянды ету мақсатында ұлтжанды, әлемдік бәсекеге қабілетті, мәдени, әдеби, жаһандық озық үлгілерді қаперінде ұстайтын, ұлттық, әлемдік дүниетанымнан сусындайтын ойлы ұрпақты тәрбиелейтін мемлекетшілдік публицистиканың жауапкершілігіне көңіл аударылады.

Зерттеу жұмысын зәрулендіре түсетін көрсеткіштердің бірі – ұлттың ғылыми, рухани, мәдени әлеуетін көтеруде интеграциялық, салааралық байланысты нығайтуды саралау. Сондықтан біз өз зерттеуімізде осы мәселеге де ден қойдық. Атап айтқанда, тарих, әлеуметтану, әдебиеттану, саясаттану, философия, экология, орнитология ғылым салаларын қамтитын көсемсөздің жанрлық пішіндеріне зер салып, терең бойлауды мақсат тұттық. Өйткені көсемсөз саяси мәдениетті қалыптастыруға, әлеуметтік реттеу мен әлеуметтендіру үдерісіне белгілі бір әсерін тигізіп, ықпал етеді. Олармен етене араласып, идеология саласымен генетикалық жағынан тамырласып жатады.

Көсемсөз тегеуіріні арқылы әлеуметтік идеалдар пайда болып, сол мұраттар бұқаралық коммуникация өрісіне шығады. Осы ретте, біздің көзімізге ілінер тағы бір зәру жайт – көсемсөздің әлеуметтік қызмет жүйесі ретіндегі сипаты, жанрлық мәтіндердің қоғамдық сана, ой-пікірге тікелей, үздіксіз әсер етуге бағытталған шығармашылық және тауарлық құндылығы. Демек, қазақ көсемсөзінінің аталмыш қырларын байыпты зерттеу қазіргі кезде өзекті мәселелердің қатарынан орын алады деп пайымдауға толық негіз бар.

Зерттеу нысаны. Тәуелсіздік жылдарындағы ақын-жазушылардың мерзімді басылымдардағы жанрлық мәтіндері, қаламгерлердің көп томдық шығармалар жинағы, журналистік зерттеулері.

Зерттеу пәні: Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі, қазақ журналистикасындағы эволюциялық үдерістер.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ақын-жазушыларының көсемсөздік ерекшеліктерін сараптап, олардың ұлттық журналистиканы кемелдендіру жолындағы шығармашылық технологиясын айқындау.

Диссертация жұмысының мақсатына жету үшін мынадай міндеттер алға қойылды:

– XXI ғасырдағы отандық журналистиканың ұлттық құндылықтар жүйесіндегі қазақ көсемсөзінің орны мен рөлін анықтау;

– тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзінде соны көзқарастарымен, жаңа жанрлық мәтіндерімен танылған Ә. Кекілбай, М. Мағауин, М. Қабанбай, Д. Әшімхан, О. Сәрсенбаев, С. Иманасов, Н. Оразалин, Е. Раушанов көсемсөзіндегі жаңа дәуір өрісіндегі тенденцияларға, тақырыптық және формалық ізденістерге толыққанды, терең байламдар мен жан-жақты талдаулар жасау;

– заманалы қазақ көсемсөзі қайнар бастау бұлағын сонау «мәңгілік жазудан» түркі жазба ескерткіштерінен нәр алып, қазақ хандығы тұсындағы Қазақ Ордасы, Алаш Орда үкіметі және қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» идеясына ұласатынын, осыдан келіп дәстүр тағылымы, дәстүр сабақтастығы мен жалғастығы келіп шығатынын жаңаша пайымдау;

– қазақ көсемсөзі кеңістігін жаңа ұғымдармен толықтырып, оларды жанрлық мәтіндер арқылы дәлелдеу;

– қазақ ақын-жазушылары көсемсөзіндегі парадигмалардың себеп-салдарын анықтау және саралау;

– интеграциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығын айқындауда көсемсөз материалдарына иек арту, талдау, сараптау.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ ақын-жазушыларының 1991-2018 жылдар аралығындағы көсемсөз үлгілері, қаламгерлердің мерзімді баспасөз материалдары, ғалымдардың зерттеу еңбектері.

Зерттеу әдістері. Тарихи-салыстырмалы, жағдайды талдау және бағалау әдісі, теориялық талдау әдістері, интерпретациялау, дискурстық талдау, сұхбат әдісі. Сонымен қатар, пәнаралық әдістің негізінде тарих, әлеуметтану, саясаттану, әдебиеттану, философия, экология, орнитология салаларына жүгіну арқылы бірнеше ғылымды қамтимыз.

Диссертациялық жұмыстың теориялық негізі.

Зерттеу жұмысымызға Б.Ө. Жақып, К.Қ. Қамзин, Н.Б. Ақыш, А.Қ, Мектеп-тегі, А.Ә. Рамазан, Р.С. Жақсылықбаева, С. Оспанов, М.К. Әбдіраевтың еңбектері арқау болды, сондай-ақ В. Кирсанов, Л. Крадер, У. Фиерман, П. Ратленд, А. Гиргин сияқты шетелдік ғалым-зерттеушілердің пікірлеріне қарайладық.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

– Аталмыш тақырып тұңғыш рет зерттеу нысаны, жеке тренд ретінде қарастырылды;

– көсемсөзге алғаш рет зияткерлік, руханият, ұлттық сана, мәдени, саяси-әлеуметтік, ұлттық мінез-құлық, ислам философиясы, тұлғатанымдық, саяси-экономикалық сана, экологиялық көзқарас сынды парадигмалар ұсынылды;

– индивидуализм мен ұжымшылдық мәселелерінен жеке бастық «замансөздегі эгоцентризм» ұғымы анықталды;

– өзге жұрттық ықпал-әсердің салдарынан әлеуметтік салада болып жатқан психологиялық трансформация құбылысын айқындаудың публицистік тәсілдеріне «қазіргі замансөздегі ұлттық психологизм» деген атау берілді;

– М.М. Бахтиннің жанрлар болмыс бітімі туралы теориясын ілгерілете келе рисала пішінінің қазақ топырағына сіңісу процесінің өзгешеліктері айқындалды. Және ежелден қалыптасып қалған кейбір адамгершілік ұғымдарға (мысалы, нәпсі) толықтыру енгізілді;

– замандастар портреті һәм дәуір үндестігінен замансөз ағымы мен ой ағымы синтезін қосарлай өріп шығарылды. Бұл шығармашылық өнімге «инновациялық замансөз үдерісі» деген атау берілді;

– әр қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән психологиясымен қоса жазу мәнері мен стилін айқындайтын «папилляризм стилистикасы» атауымен сипатталды;

– ұлттық әлемнің картинасынан құралатын замансөздегі «динамикалық панорама» деген тың ұғым ғылыми айналымға енгізілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мен практикалық мәні.

Зерттеу жұмысының теориялық нәтижелерін тек журналистика саласында ғана емес, әдебиеттану, тарих, әлеуметтану, мәдениеттану салаларына арнаулы курстар мен семинарларда оқу материалы ретінде қолдануға болады. Сондай-ақ

оқу құралы, оқулық жасап, жоғары оқу орнында «Қазақ көсемсөзінің инновациялық табиғаты», «Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық көсемсөз» сынды элективті пән ретінде оқытуға болады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ көсемсөзін кешенді оқыту, оқытудың креативті, кейстік жолдарын қалыптастыру, арнаулы онлай курс ретінде оқу бағдарламасын жасау, мультимедиялық контентпен толықтыру. Оқыту әдістемесі ретінде «Қазақ көсемсөзін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері», «Көсемсөзді кейс-стади (case study) технологиясын қолдану арқылы оқыту» атты оқу-әдістемелік құралдарын шығаруға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– қазіргі көсемсөз ұғымының теориялық базасы мен қолданбалық соны өрісі айқындалды;

– заманалы қазақ көсемсөзіндегі әлеуметтік шындық пен журналистің шығармашылық «менінің» әлемдік ақпараттық кеңістікпен үйлесімі сипатталды;

– тәуелсіздік жылдары қазақ көсемсөзінің кемелденуіне ақын-жазушылардың қосқан санаткерлік үлесі талданды;

– «Мәңгілік ел» идеясы және бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттары– ұлттың зияткерлік, рухани, мәдени, әдеби, саяси-экономикалық, халықаралық қатынастың дамуының іргетасысипатталды;

– ұлттық көсемсөз кеңістігі және публицистер жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігінің траекториялары анықталды;

– қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісіндегі ғылыми-танымдық, тарихи, ұлттық құндылық ретіндегі сипаты ашылды;

– тәуелсіздік кезеңіндегі ақын-жазушылардың жанрлық мәтіндеріндегі парадигмалық ерекшеліктерінің көріністері ұсынылды;

– көсемсөзшілердің тәуелсіздік жылдарындағы тақырыптық және формалық ізденістері, креативті байламдары мен концепциялары анықталды;

– көсемсөзшілер еңбектерінің интеграциялық, пәнаралық байланыстағы маңыздылығы сараланды.

Зерттеу жұмысының жариялануы және мақұлдануы. Ғылыми ізденіс барысында отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалды, 13 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференциялар басылымдарында 6 мақала және шетелдік халықаралық журналда 1 мақала жарияланды. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өтті және қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 180 бет.

1 ҰЛТТЫҚ КӨСЕМСӨЗ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТАРИХИ ЗӘРУЛІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҰСТАНЫМЫ

1.1 Қазақ көсемсөзінің қазіргі ғылыми-танымдық дамуына шолу

Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзін зерттеу – қазіргі кезде тың тақырыптардың бірі. Бүгінде тәуелсіздік жылдарында жарық көрген көсемсөздік шығармаларды жаңаша зерделеу, оларды жүйелеу, саралау және талдау жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық көсемсөзді тақырыптық және формалық ізденістер тұрғыда қарастыра отырып, қазақ ақын-жазушыларыныңзаманалықөтерген мәселелерінің, мысалы: оқу, білім, әлеуметтік, ел, жер, тәрбие, ұлт құндылықтары және т.б. қалай көрініс тапқандығын, оның көркемдік ерекшелігін, әлеуметтік маңызын, көкейтестілігін де зерттеуді қажет етеді.

Көсемсөз – адамның әлеуметтік қызметінің көпқырлы формаларын көрсететін қазіргі заманғы гуманитарлық білімнің іргелі түсініктерінің бірі. Көсемсөз анықтамасының, оның нысанының және пәнінің күрделілігі оның әр түрлі ерекше үлгілерде ұсынылуымен анықталады. Жанрдың мәні мен өзгешелігі өзіне тән функциялары мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығында көрініс табады.

Көсемсөзші – ой күші мен сезімдерді ұштастырып, әлем мен уақытты ұғына білетін, ағартушы-насихаттық мақсат қуатын, замандастарына ол туралы мәлімет беретін зерттеуші. Көсемсөзшілік қызметтің әлемді танудың әлеуметтік белсенді нысаны ретіндегі негізгі мақсаты – қоғамдық пікірді қалыптастыру, адамның қоғамдағы өмірін үйлестіру, мәдениет нормалары мен қоғам дәстүрлеріне сәйкес өзін ұстау түрлері және оны бағалау жүйесін құру. Сол себепті көсемсөзшілік қызметте орын алған оқиғаларға әлеуметтік-нормативтік көзқарастар қалыптасады, көбіне олар әлеуметтік бағалау категорияларымен сипатталады.

Көсемсөз журналистиканың ең жоғарғы тегі екені белгілі. «Көркем әдебиет пен публицистика арасындағы байланыс, екеуінің ерекшелігі, әдебиеттануға да, публицистикаға да көркемдік әдіс тән екендігі бізге дейін көп айтылғандығы мәлім» [2]. Белгілі көсемсөз зерттеушісі Б. Жақыптың пайымдауынша, «Публицистика көркем әдебиетпен бірге дүниеге келді. Екеуі де сөз өнерінің салалары. Қолданатын басты құралы да сөз. Көркем әдебиет пен публицистиканың басты айырмашылығы ретінде, әдебиетте әлем, адам эстетикалық тұрғыдан суреттелетінін, ал публицистикада болмысты бейнелеу саяси таным түрінде жүзеге асатынын айтуымыз керек» [3, б. 445].

Заманалы журналистикадағы көсемсөздің орны, маңыздылығы мен оның қажеттілігі жөнінде ғалым, көсемсөз зерттеушісі К.Қамзин былай дейді: «Публицистика жанрлары – қазіргі журналистика индустриясының шығармашылық стандарт саласы. Оның бәсекелестігі, ақпараттық кеңістікте өмір сүруі, рухани және товарлық қасиеті, оперативтілігі, зияткерлігі оның оңтайлы жанрлар арқылы сөйлеуінен, көпшілікті, жеке адамды сендіре, ұйыта

алу сияқты психологиялық қасиетінен көрінеді» [4, б.23]. Осы бір пікірдің өзінен-ақ, ғалымның қазіргі журналистика межесінен қарап, осы заманғы талап, сұранысқа сай баға бергенін бағамдаймыз.

Қазақ көсемсөзінің қазіргі ғылыми-танымдық іргетасы алғашқы қазақтың төлтума «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде бастау алып, тәуелсіздік алған соң қарқынды дамығанын көреміз. Мысалы, диссертациялық еңбектерден Қ. Бекхожиннің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» (1964 ж.), Р. Идрисовтің «Казахская военная публицистика (1941-1945)», (1970 ж.), Т. Амандосовтың «Публицистика – дәуір үні» (1974 ж.), Ө. Әбдиманұлының «А. Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық мұрасы» (1992 ж.), С. Қисымовтың «Қазақ публицистикасының зерттелуі: ізденістер, проблемалар» (1998 ж.), З. Сағымбайдың «Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы (20-жылдар баспасөзіндегі жарияланымдар бойынша)» (1998 ж.), Г. Сұлтанбаеваның «Саттар Ерубаев – журналист, публицист» (1998 ж.), Б. Сердәлінің «Камал Смайылов – публицист» (1999 ж.), Е. Дудинованың «Публицистика Олжаса Сулейменова» (1999 ж.), А. Мектеп-тегінің «Халел Досмұхамедұлының публицистикасы» (1999 ж.), Н. Қуантайұлының «Ж. Аймауытұлының публицистикасы» (2000 ж.), К. Асановтың «Е.А. Букетовтың публицистикасы» (2002 ж.), Р. Жақсылықбаеваның «Шерхан Мұртаза – публицист» (2002 ж.), Б. Жақыптың «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары (генезис, эволюция, поэтика)» (2004 ж.), А. Әлжановаңың «Казахская тематика в творчестве российских и западных публицистов второй половины XIX века» (2008 ж.), Ғ. Ақсейіттің «Сапар Байжановтың публицистикасы» (2009 ж.), К. Қамзиннің «Қазақ публицистикасы жанрларының эволюциясы» (2010 ж.) ұлттық көсемсөз ғылымына қосылған қомақты үлес деуге болады.

Монографиялар, оқулық, оқу құралдарынан Б. Жақыптың «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007 ж.) оқулығы, К. Қамзиннің «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі» (2009 ж.) монографиясы мен «Публицистика жанрларының эволюциясы» (2015 ж.) оқу құралы, С. Әділбеков, Д. Баймолда, С. Қозыбаевтың «Қазақ публицистері» оқу құралы (2010 ж.), С. Оспановтың «Қазақ ақындарының публицистикасы» (2011 ж.) монографиясы, А. Мектеп-тегінің «Көсемсөздің көсемі» монографиясы (2015 ж.) және «Жеті көсем» атты зерттеу еңбегі (2018 ж.), Р. Жақсылықбаеваның «Публицистің шығармашылық шеберханасы» (2011 ж.) оқу құралы, С. Медеубекұлының «Шешенсөз» оқу құралы (2015 ж.) К. Қамзиннің, Б. Әліқожаның «Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы» (2016 ж.) оқу құралы көсемсөз ғылымын теориялық, ғылыми-сараптамалық тұрғыда толықтыра түсті.

Ғылыми мақалаларға келетін болсақ, М. Әбешованың «Публицистика жанрының қалыптасуы» (Семей мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы. 2006. №1.), Б. Носованың «Публицистика современности как часть коммуникативного ресурса» (Вестник КазНУ. 2013. №3), және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттеуімізге арқау болатыны анық.

Жазушы, зерттеуші Н. Ақыш өз мақаласында қазақ көсемсөзіндегі ұлттық мәселелерді, мәселен, қазақ тарихындағы ақтаңдақтар, түрлі әлеуметтік-моральдық қиыншылықтар, қазақтың кейінгі ұрпақтарын сақтап қалу жолындағы күрес сияқты ұлттық өзекті мәселелерді арқау еткен [5, б. 164].

Зерттеуші З. Ермағанбетова көсемсөздің айрықша бір саласы көркем очерк туралы, көсемсөзші К. Қазыбаевтың очерктерін талдап, ондағы авторлық позицияның ерекшелігіне тоқталады [6].

Зерттеуші Г. Әшірбекова А. Тоқмағамбетовтің көркем-публицистикасындағы мазмұн мен пішіннің үйлесімі туралы, ондағы көсемсөзшінің шынайы деректі жинастыру, сұрыптау, талдау, қорытынды шығару, жариялау секілді шығармашылық процесті көрсеткен [7].

Тәуелсіздіктің нәтижесінде «тарихтағы көптеген ақтаңдақтардың беті ашыла бастады, ұлт тағдыры, ұлттық сананың қалыптасуы, мемлекеттіктің қалыптасуы сияқты өзекті мәселелерге баспасөз бетінен орын беріле бастады. Публицистер халықтың тарихта кеткен есесін қайтарып беру жолында қалам қайратын жұмсады, ел намысын оятуға, жұрт санасын сілкіндіруге бағытталған рухани серпіліс жасауға көшті» [8, б. 304]. Сонымен қатар, қазақ көсемсөзінің қалыптасу, даму тенденциясы, тақырыптық, тектік, түрлік жағынан түрлі ізденістер пайда бола бастады.Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ көсемсөзінде турашылдық, кесіп айту, батылдық сияқты тенденция байқалады.

«Халыққа қызмет ететіндер, халық атынан сөйлеушілер ақын-жазушылар өздерінің озық ойларын, бірегей идеяларын «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Жас Алаш», «Жұлдыз» және т.б. газет-журналдарда жиі көтерді. Бұған мысал ретінде мына пікірді атап өткен жөн: «Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары идеологиямыз қандай болу керек деген стихиялы әңгіме бізде де өрбіген еді. Зиялы қауым ешкімнің нұсқауынсыз жүректегі сөзін айта бастады. Ел тағдырына жанашыр болып жүрген Шерхан Мұртазаның сөздерінде: «Жетпіс жыл марксизм мен ленинизмге сеніп, шекеміздің қызғаны шамалы. Ендігі жерде тәуелсіз еліміздің идеологиясын мұсылманшылыққа негіздеу дұрыс» деген пікір айтылды. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған көлемді мақаласында Өзбекәлі Жәнібеков осы ойды әрі қарай дамыта түсті. Тек мұсылманшылыққа құрылып жасалған идеология барлық ислам дініндегі елдерге бірдей ортақ болып шығады. Сондықтан қазақ елін, жерін, халқының психологиясын, экономикасын, тарихын ескере отырып, оның өзіне ғана дәлдеп, лайықтап қабылданған сенім ғана жұртты мұратына жеткізеді деген нақты тұжырым жасады» [9, б. 8]. Бұл айтылғандар азат ой мен еркін сөздің алғашқы нышандары еді, әрі елді дұрыс бағытта дамыту туралы ойларын ортаға салған өзекжарды идеялар болатын.

Тәуелсіздік ұғымы бар жерде ұлттық мүдде, ұлттық идея, ұлттық тіл, діл, руханият және т.с.с. ұлтқа тиесілі құндылықтар көтерілетіні белгілі. Осы орайда ғалым Д. Ысқақұлының мына бір пікірі сөзімізді қуаттайды: «Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, халқымыздың рухани мұрасын ұлттық тұрғыдан қайта саралау басталды. Ұлттық құндылықтарымыз кеңестік кезеңде қандай күйде болды, қазір ше, алдағы уақыттарда қандай болмақ деген сауалдарға жауап ізделді.

Ұлттық рухани мұраны айқындауға көмектесетін ұлттық идеологияны жасау күн тәртібіне ұсынылды. Мұндай мақалалар тоқсаныншы жылдардың екінші жарымынан бастап жиі көріне бастады. Ғ. Есімнің «Санадағы дерттің салқыны» («Қазақ әдебиеті», 07.01.1994), Қ. Жұмаділовтің «Қазаққа идеология қажет пе?» («Қазақ әдебиеті», 23.04.1993), «Кешір бізді, келер ұрпақ» («Қазақ әдебиеті», 12.11.1999), Н. Оразалиннің «Ұлттық рух пен сананың рухани діңгегі» («Қазақ әдебиеті», 25.03.1997), «Рухани кеңістік: таным мен пайым» (Сауалнамаға Б. Ыбырайым, Д. Амантай жауап берген. «Қазақ әдебиеті», 01.04.1997), М. Ақдәулетұлының «Жаралы рухты ібіліс билейді» («Қазақ әдебиеті», 17.02.1998), «Қазақы дағдарыс» («Қазақ әдебиеті», 01.01.1999), А. Әлімнің «Рухани иммунитет» («Қазақ әдебиеті», 29.10.1999), «Ұлтымыз интеллигенциядан не күтеді?», 18.08.2000), «Қазаққа патриотизм керек пе?» («Қазақ әдебиеті», 01.02.2000), Е. Раушановтың «Ауылға кетсек пе, әлде эмиграцияға ма?» («Қазақ әдебиеті», 05.11.1999), М. Мағауиннің «Рухани езгі және отарлық сана» («Жұлдыз», 1999, №9-10), А. Мекебайдың «Кісі шошитын шындық» («Қазақ әдебиеті», 21.04.2000), Б. Нұржекеевтің «Жазушы заманға ілеспей отырған жоқ, заман жазушыға ілеспей отыр» («Қазақ әдебиеті», 07.07.2000), т.б. [10, б. 406].

1994-1998 жылдар әлеуметтік-экономикалық дағдарысты басқарудағы өтпелі кезең, 1998-2001 экономикалық тұрақтандыру кезеңі деп аталғаны белгілі. Дәл осы тұста туындаған руханият мәселелеріне ақын-жазушылардың көсемсөз арқылы үн қосқанын көреміз.

Бұл мақалаларда «қазіргі кездегі қазақ руханиятының өзекті мәселелері, әдебиеттің қоғамдық өмірдегі орны кеңінен талқыланды; ұлттық рухани құндылықтарды сақтау, көтеру қажеттіліктері күн тәртібіне қойылды» [11, б. 406].

Жоғарыдағы мақалалардан 90 жылдардағы дағдарыстан туындаған рухани, материалдық қиындықтардың болғанын аңғаруға болады. Осы мақалаларды жазған ақын-жазушылар сол кездегі көкейтесті болған мәселелерді шешуге барынша атсалысқаны көрінеді.

Қазақ ақындарын тек өлең жазушы ретінде ғана емес, сонымен қатар көсемсөзшілер қатарынан көріп жүргеніміз белгілі. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарында бұл үдеріс өзіндік бір қарқындылығымен көзге түседі. Мәселен, заманалы қазақ көсемсөзінде Темірхан Медетбектің «Күретамыр», «Толғауы тоқсан дүние», Ұлықбек Есдәулеттің үш томдық шығармалар жинағының үшінші томы «Әбілхаят», Ғалым Жайлыбайдың таңдамалысының үшінші томындағы эссе, ой-толғамдары, Аманхан Әлімұлының «Өткірдің жүзі» және т.б. замансөз мақалалары бүгінгі ұлттық көсемсөздің өзекті мәселелеріне, замана ерекшелігімен көзге түсетін сүбелі ойға құрылған туындылар қатарына жататыны сөзсіз.

«90-шы жылдардағы қазақ баспасөзінде көрініс тапқан негізгі тақырыптар мынандай болып келді: 1) тәуелсіздік; 2) Қазақстан территориясының тұтастығы; 3) тіл саясаты; 4) егемендік; 5) қазақтар туралы; 6) қоғамды жаңғырту жолдары»; 7) қазақтардың тарихи атамекеніне оралу мәселесі»

[9, б. 305] – дейді Б. Жақып. Зерттеушінің атап өткен жоғарыдағы тақырыптардың ішінде тіл мәселесі ғана бүгінгі күнге дейін жалғасып келді деуге болады. Ал қалған мәселелердің барлығы шешімін тапты деуге болады. Мысалы: тәуелсіз мемлекетіміздің жер аумағы белгіленіп, шекара аймағында делимитация жүргізілді, «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050», «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» және т.б. тақырыптағы мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылып жатыр.

Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөздік зерттеулердің ішінен ғалымдар К. Қамзин, Б. Жақып еңбектерін ерекше атауға болады.

К. Қамзиннің «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі» (2009 ж.) монографиясының маңыздылығы туралы ғалым С.Қ. Қозыбаевтың пікірі: «Публицистика жанрларының басқаларға ұқсамайтын жаңа инфроқұрылымын, жанрлардың жаңғырған жіктемесін, соны кластерін түзген, оларды теориялық жағынан көкейге қонарлықтай дәйектеген. Қазақ ұлттық публицистика жанрларының ата қонысын, бастау-бұлақтарын ықылым замандардан, төл рухани құндылықтардан, түркі әлемінен іздеген. Еңбек иесі идеялық, идеологиялық монополизмді бекерлей отыра, жаңа қоғамдық қарым-қатынас жағдайында қазақ публицистикасы жанрларының пайда болуы, дамуы және өркендеуін мүмкіндігінше қол тимеген қиырлардан өндіруге ұмтылған, халықаралық ақпараттық-рухани бәсекеге төзімді ұлттық журналистика теориясын, жанрлардың жаңа жүйесін жасап шығаруға ден қойған» [12].

Автор монографияның мынадай жаңалықтарын атап өтеді: көсемсөздегі жанрлық мәтіндерді жаңаша топтастырады, қазіргі журналистика теориясындағы келелі мәселелерді көтеріп, олқылықтардың орнын толтырады. Бұрыннан бар жанрлардың еленбей кеткен қырларын жаңаша пайыммен ашады. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы көсемсөз жанрлары дамуынғылыми-сараптамалық тұрғыда терең зерттейді: «бүкіләлемдік тартылыс заңы, салыстырымдылық, ықтималдық, қажеттілік және вакуум теориялары шеңберінде, ғаламдық үдерістермен, нақты ғылымдардың жетістігімен тығыз өрімде, уақыт пен кеңістік ауқымында қарастыруынан анық байқалады» [12, б. 44].

Ғалым К. Қамзиннің «Публицистика жанрларының эволюциясы» оқу құралы (2015 ж.) кейінгі пайда болған көсемсөз жанрлары туралы тың, соны ғылыми ізденістерімен толықтыра түседі. Бұл еңбектің басты ерекшелігі – қазақ көсемсөзі алғаш рет әлемдік көсемсөз аренасы биіктігінде теориялық тұрғыда қарастырылады. Ғалым эссе элементтеріне құрылған поэзиялық үлгілердің өзіміздің қазақ ауыз әдебиетінде мол кездесетінін дәлелдейді. Демек, эссе жанры бізге сырттан келмегендігін бағамдаймыз. Зерттеуші қазақ эпостарынан репортаждық сарынды байқайды. Диалогтардан – сұхбатты, айтыстан – полемиканы, фольклорлық шығармалардан журналистік айқындаманың алғашқы пішіндері мен әдістерін көреді. Ғалымның пайымдауынша, «мақал мен мәтел – нақты, шағын форматты афористік публицистика» [4, б. 37]. Бұл пікірден К. Қамзиннің ұлттық көсемсөзге қосқан үлесі мен жаңалығын көреміз. Демек, қазақ көсемсөзі мақал-мәтелдерден бастау алған екен, өйткені мақал-

мәтел – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, көсемсөздің ауызша түрі екендігі белгілі.

Бабырдың «Бабырнамесінен» фауна мен флораның қысқа да нұсқа түрлерін байқайды. Бұл шығармадағы кейбір суреттеулерді қазіргі шоу-бизнестегі PR-ға ұқсатады. Жанрларды тану, ажырату принциптері аталады. Бұрын «заметка» деп аталатын жанрды «байқам» деп жаңа атау ұсынады және байқам жанрының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым өз тарапынан журналистиканың әдебиеттен айырмасы ретінде *«реалды тарихилық»* немесе *«нақты тарихилық»* деген жаңа атау ұсынады. Еңбектезаманалы эссе, рисала жанрларына тоқтала келе, жазба рисала жанрының басы Абайдың қара сөздері деп сенімді түрде байлам жасайды. Қазақ журналистикасындағы фауна мен флора туралы жазбалардың жанрлық мәтіндері ретінде Е. Раушановтың орнитологиялық шығармаларын натуралистік-эстетикалық очерк деп атайды.

Қорыта келгенде, К. Қамзиннің бұл еңбегі – ұлттық мүддені қаузайтын іргелі зерттеу. Өйткені, ғалым қазақтың ауыз әдебиетінен бастап қазіргі әдебиетті терең білетіндіктен, журналистикадағы жанрлық мәтіндердің барлығы өзіміздің ұлттық әдебиетімізде кездесетінін дәлелдейді. Ғалым ұлттық журналистиканың тарихи арналарын ашып көрсетеді. Журналистика және тағы басқа салаларға қатысты терминдерді орынды қолданады. Әлемдік деңгейдегі ғалымдардың еңбектерімен салыстырады.

К. Қамзиннің келесі зерттеу еңбегі «Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы» (2016 ж.) [13] оқу құралында көсемсөз мәтіндеріндегі түр мен түстің теориялық-әдіснамалық негіздері сараланады. Түр мен түстің көне түркі ескерткіштеріндегі тарихи мәніне талдау жасайды, антикалық және орта ғасырлардағы ойшылдар мен бүгінгі ғалымдар еңбектеріндегі түр мен түстің зерттелуі қарастырылған. Көсемсөз мәтіндеріндегі түр мен түстің психологиялық, әлеуметтік сипаттарын жан-жақты ашады. Түр мен түс категориясын тек қана көсемсөз шеңберінде ғана емес, батыс ғылыми мектебімен, көркем әдебиетпен, жалпы ғылыми зерттеулермен ұштастырады. Бұл зерттеу – қазақ журналистикасындағы соны ізденістерге толы еңбек. Қазақ журналистикасында бұл тақырыптағы зерттеулер бұрын-соңды жазылмаған.

Автор түр-түс қамтылған жұмбақтар мен мақал-мәтелдердің мәніне үңіледі. Журналистік мәтіндердегі кейбір сөздердің тура және ауыспалы мағыналары болатынына назар аударады. Көркем шығармалардағы түр мен түстің стильдік қызметіне тоқталады. Түр мен түстің публицистикалық мәтіндеріндегі рөлін ашады.

Жоғарыдағы зертеулерге қарап, қазақ журналистикасының ғылыми іргетасының заман талабына сай жаңарып, толықтырылып, ұлттық қайнар-бастаулармен суарылып, әлемдік деңгейге көтерілгеніне көз жеткіземіз. К.Қамзин ұлттық көсемсөздің тамырын қопарып, белгісіз, жасырын боп жатқан дәйектемелерді бүгінгі масс-медиа кеңістігіне дейін көтерді.

Көрнекті ғалым Б. Жақып «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007 ж.) атты оқулығында жалпы публицистиканың пайда болуын дәлелдеу үшін тарихтың терең қойнауын ақтарады. Көне жазба ескерткіштердегі, ауыз

әдебиетіндегі публицистикалық бастауларға, жыраулар поэзиясындағы публицистикалық сарын, шешендік сөздердегі публицистикалық белгілерге тоқталады. Шоқан, Ыбырай, Абай, Алашорда қайраткерлерінің көсемсөзіне жіті тоқталып, кеңес дәуіріндегі ақын-жазушылардың публицистикасын қарастырады. Зерттеу еңбегінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ баспасөзінде көрініс тапқан тақырыптарды екшеп, шолу жасайды. Мысалы: ұлттық тәуелсіздік тақырыбы, репрессия, қазақтың арғы тарихы, желтоқсан оқиғасы. Сонымен қатар газет бетіндегі жаңа айдарлардың пайда болғанына көңіл бөледі. Материалдарды беру, орналастыру тәртібінде өзгерістер барлығын айқындайды. Соны айдарларды сөз етеді. Мерзімді басылымдардағы памфлет, баспасөзге шолу сияқты жанрлардың көрінбей кеткендігін, репортаж, фельетон, рецензия жанрларындағы шығармалардың сирек кездесетінін, очерктердіңмүлде жарияланбайтынын анықтайды. Есесіне сұхбаттың қолданылу аясы кеңейгендігін анықтап, оны бірнеше түрге бөледі. Ғалым көсемсөздің тектік тұрғыдан және түрлік жағынан типологиясын анықтайды. Бұл еңбектің қазіргі журналистика ғылымына қосқан үлесі мынада: публицистиканың пайда болуын көрсету үшін сонау ұҳн, сақ дәуіріне барлау жасап, Алашорда көсемдерінің публицистикасын алғаш рет ғылыми тұрғыда талдайды. Тәуелсіздік алғанға дейінгі кеңес дәуірінің публицистикасына тұтастай шолу жасайды. Яғни ХХ ғасыр толық зерттеу елегінен өтеді.

Осы ретте, Алашорда қайраткерлерінің еңбектерін таныту мақсатында құжат, деректермен арнайы жұмыс істеп, бірталай зерттеулер жазып жүрген көрнекті ғалым А.Қ. Мектеп-тегін атар едік. Ғалым «Көсемсөздің көсемі» (2015 ж.) [14], «Жеті көсем» (2018 ж.) [15] атты зерттеу еңбектерінде Алаш зиялыларының көсемсөзін арнайы зерттеп, ыждаһаттылықпен зерделеген.

Жазушы, ғалым, Н. Ақыштың «Қазақ көркем публицистикасы» атты зерттеу еңбегі «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» [16] ұжымдық зерттеуіне енгенін айта кеткен жөн. Бұл еңбегінде қазіргі көркем публицистикалық шығармалар – очерк, эссе, естелік жанрларында жазылған жер, дін, әскери, желтоқсан оқиғасы, салт-дәстүр, табиғат және т.б. тақырыптарындағы мақалаларды ұлттық, адамдық парадигма тұрғысында саралаған. Аталмыш еңбекте тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзді тақырыптық және формалық ізденістер тұрғысында зерттейді. Жекелеген қаламгерлердің тілдік, көсемсөзшілік шеберлік ерекшеліктерін, олар көтерген тақырыптың зәрулігін, жаңа дәуірге сай жанрлық мәтіндердің жетілу деңгейін жіті бағамдайды. Мысалы, көсемсөздегі ең көп қалам тартылған дін тақырыбындағы мақалалар екендігін атап өтеді. Очерктің этнографиялық, экологиялық, өмірбаяндық түрлерінің пайда болғанына назар аударады. Ғалым зерттеуінің құндылығы – көркем көсемсөздегі жанрлық мәтіндерді өткен мен бүгін бірлігі ретінде тұтастай шолу жасайды. Ғалымның тілі көркем, талдауларының ғылыми-танымдық жағынан берері мол. Көркем көсемсөздің әр жанрында танылып жүрген ақын-жазушы, журналистерді молынан қарастырған. Сонымен қатар, кейбір қаламгерлер туындыларына сын көзбен де қараушылық бар.

С. Оспановтың «Қазақ ақындарының публицистикасы» (2011 ж.) [17] монографиясында ақын-публицистер көсемсөзі идеялық-тақырыптық, стильдік-тілдік тұрғыда қарастырылған. Ақындар публицистикасындағы жанрлар генезисін сараптайды. Ғалым К. Қамзин еңбегінде сөз болған рисала мен эссені бір жанр төңірегінде қарастырады. Ж. Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласын эссеге жатқызады. Көсемсөздегі очеркке қатысты өлең-очерк деген жанр ұсынады.

Р. Жақсылықбаеваның «Публицистің шығармашылық шеберханасы» (2011 ж.) [18] атты оқу құралында қазақ журналистикасының бүгінгі мәселелерін жеке публицистер шығармашылығы арқылы баяндап, олардың жас журналистерді баулудағы ерекшеліктерін анықтайды. Журналист шеберлігіне қойылатын талаптар мен міндеттерге тоқталады. Журналистік шеберліктің жазушылық шеберліктен айырмашылығын көрсетеді. Журналистің шығармашылық шеберлігіне қатысты бірқатар көрсеткіштерін келтіреді. Бұл еңбек те қазіргі журналистика ғылымына қосылған үлес деп айта аламыз.

Қазіргі ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі зерттеулердің ғылыми-танымдық іргетасына шолу жасағанда түйгеніміз: қазақ көсемсөзінің ғылыми іргетасы ұлттық журналистикада әзірге жеке қаламгерлердің шығармашылығын зерттеумен шектеледі. Теориялық тұрғыдан зерттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Қазіргі көсемсөз ұғымының теориялық базасы ғалымдар Б. Жақып, К. Қамзин еңбектерінен көрінеді.

1.2 Ақын-жазушылар ой-санасындағы парадигмалар

Қазіргі қазақ көсемсөзіндегі ақын-жазушылардың жанрлық мәтіндеріндегі парадигмалар болашақтың ғылыми, рухани моделін дамыту мәселелерімен айналысуда дер едік. Қазіргі жаһандану дәуірінде адамзатқа дамудың парадигмаларын өзгерту жолдарын қарастыру қажет. Кеңес заманындағыдай «қатып қалған қағидамен» емес, бүгінгі күні парадигмалар өрісі ғылыми, интеллектуалдық, рухани ой-санаға ойыса бастады. Оны біз қазақ ақын-жазушыларының жанрлық мәтіндеріндегі парадигмалар ауысымынан бажайлаймыз.

Парадигма ауысымы – кеңестік идеологияның өзгеруіне байланысты сананыңтрансформацияға ұшырап, толысуы. Бұрын кеңестік идеологияны пір тұтып келгендер енді ұлттық арнаға ауыса бастады. Мысалы, біздің зерттеуімізге арқау болған Ә. Кекілбай, М. Мағауин, О. Сәрсенбаев, С. Иманасов, Е. Раушанов, Н. Оразалиндер кеңес өкіметі заманында партия қатарында болған адамдар. Сол кеңес өкіметі жолында қызмет етіп, бірсыпыра шен-шекпен киген қайраткерлер. Бұлар – мінез-құлқы, тіршілік салты, өмірлік идеалдары әртүрлі адамдар. Осы орайда тәуелсіздік алғаннан кейін бұл қаламгерлердің ой-санасы неге өзгерді деген заңды сауал туатыны анық. Кеңес өкіметі кезінде қаламгерлердің бәрінде болмаса да, санаулыларында қазақтың тарихына, тіліне, дініне, тәуелсіздігіне қатысты ойлар саналарында тұмшаланып жатты. Реті келгенде ақын-жазушылар бұл ойларын кеңестік

дәуірде шығармаларында астарлап жеткізіп отырды. Негізінде бұл тәсіл Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Х. Есенжанов шығармаларында латентті қолданылды. Сол секілді М. Мағауиннің «Көк мұнар» романында да кеңес өкіметін байқатпай сынау аңғарылады. Кеңес өкіметі құлағаннан кейін ұлтжанды ақын-жазушыларымыз іштерінде бұғып жатқан ұлттық идеяларын сыртқа шығарып, өздерінің бар күш-жігерін, қажыр-қайратын ұлтқа қызмет ету жолында жұмсады. Осы мәселелерді қарастыру – біздің зерттеуіміздің міндеттерінің бірі.

Жоғарыда аты аталған қаламгерлерді біріктіріп, басын қосатын қандай күш дегенде, тәуелсіздікті баянды ету мақсатында елге қызмет ету, ұлттық құндылықтарды қалпына келтіру жолында жетпіс жыл бойы айтылмай қордаланып жатқан ұлтымыздың тарихына қатысты келелі мәселелерді паш ету, әлеуметтік, қоғамдық кеселдермен баспасөз бетінде күресу, ұлттық психологизм иірімдеріне бойлай отырып, қазақ болмысындағы патшалық отарлау кезінен келе жатқан кейбір кемшіліктерден арылуды қолға алу. Қаламгерлер келбетімен бірге заман сипатын да ашып көрсету, тәуелсіздік алғаннан кейінгі ел болу жолындағы ауыр сыннан өткенімізді ұмытпай, тәуелсіздікті бағалай білу, Елбасына қолдау жасай отырып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару арқылы тәуелсіздігімізді сақтап қалу, осылардың барлығы түптеп келгенде ұлттық мүдде үшін жасалған жоғарыдағы қаламгерлер көсемсөзіндегі игіліктер қазіргі рухани жаңғыруымыздың бастамасы болды деуге болады.

Парадигмалар ауысымы адамдарға тұрмыстық, психологиялық жағынан әсер етті. Жалпы, контент, мәтіндер сөздің материалдану, заттану қасиетіне ие болады. Ал заттанған нәрсені сатуға болады, яғни ол тауарға айналады. Сөйтіп рухани игілік пен материалдық игілік синтезделеді. Қазіргі кезде шығармашылық өнер емес, технология алдыңғы қатарға шығып отыр. Әрине технологияның да қазіргі кезде қажеттілігін жоққа шығара алмаймыз, оның көмегімен бүгінгі заманға сай оперативтілік, әдемілік жасалуда. Бірақ еш уақытта технологияның адам талантын бере алмайтынын ұғуымыз керек. Сондықтан да әр уақытта алдыңғы қатарға адамды, тұлға шығармашылығын шығаруымыз қажет. Асылында, шығармашылық бірінші қатардан орын алғанда, оған технология қосылғанда ғана игі жемісін бермек. Яғни ол шығармашылық талантпен астасып жатыр деген сөз. Осы ретте біз тұлғалардың қоғамдағы рөлі зор деп білеміз. Зерттеу жұмысымызда нысанға алынған ақын-жазушылар – жеке бір-бір тұлға, жеке әлем. Яғни бұлар – пассионарлар, қоғамның көшбасшысы, жетекшісі ретіндегі тұлғалар. Осы орайда әр заманның өз тұлғасы болатыны заңдылық, демек, тұлға – дәуір үндестігі деген ұғымның да алға шығатынын айта кеткен жөн.

Бүгінде қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзінің өрлеу заманы болып отыр. Жоғарыдағы қаламгерлеріміздің әрқайсысының публицистік қызметі бір-бір даңғыл жол деп айтуға болады. Өйткені, олардың көтерген мәселесі тұтасып, ұлтымыздың бүкіл қажеттілігін

қамтиды, яғни қазақтың тәуелсіздік шаңырағын көтеріп тұрған бір-бір уық секілді.

Әр дәуірдің, кезеңнің өзіндік ерекшелігі, үні болатыны белгілі. Түркі әлеміндегі Орхон, Енисей ескерткіштері, Тоныкөк, Күлтегін үлкен, кіші жазуларында елдікті сақтап қалу, сыртқы жаудан жерді қорғау, олармен күрес парадигмасы ең басты орын алды. Олар үшін ең маңыздысы дұрыс ақыл беретін адам мен елді салиқалы басқара білетін адам болды, яғни басшы мен кеңесші бейнесінде көрінді. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А. Игүнеки және т.б. орта ғасыр ойшылдары өз мұраларында ел басқарудың тетіктерін басты мақсат етіп алды. Мысалы, әл-Фараби ғылым мен билікті ұштастырса, Ж. Баласағұнның кітабы мемлекетке нағыз қажет, ел басқаруға арналған туынды болды. Демек, ел басқаратын адам әділ болса, ел бай, әрі бақытты болады деген мұратын алға шығарды. Бұл дәуір ел басқару, әділдік парадигмасымен ерекшеленді. Қазақ хандығы идеялық ұстанымы жағынан түркілерге ұқсайды. Білге қаған мен Тоныкөк елін қалай жаудан қорғаса, Абылай мен Бұқар жырау да Қазақ Ордасына солай қалқан болды. Мұнда да сыртқы жаудан қорғану ұстанымы алдыңғы кезекке шықты. Яғни, қазақ хандығы тұсында бірлік парадигмасы бой көтерді. XIX ғасырда отаршылдыққа қарсы Дулат, Мұрат, Шортанбай ақындар жырларымен күрессе, Сырым, Махамбет, Исатайлар қарумен қарсы тұрды.Ал Алаш Орда қайраткерлерінің басты мұраты ұлттық сананы ояту болды. Алаш Орда ақын-жазушылары тәуелсіз ел болу үшін бар қажырын, мұратын, жеке басын қатерге тігіп, елі мен жері үшін шығармалары арқылы күресіп бақты. Бұл кезеңде ағартушылық парадигманың маңызы артты. Кеңес өкіметі кеңестік идеологияны, тоталитарлық саяси жүйені қатаң ұстанды. Мұнда ұлттық ерекшелік деген ұғым атымен болмады, ұлт, дін, діл деген түсінікке түбегейлі қарсылық танытты, түрі ұлттық, мазмұны социалистік болды. Барлығы ортақ, бәрі бір кеңес одағының адамы деген ұран тасталды. Яғни, кеңес дәуіріндегілер «КСРО-ның адамы» деген парадигмаға сай өмір сүрді.

Жалпы жиырмасыншы ғасыр басындағы қаламгерлердің ой-санасындағы парадигмалар ауысымына зер салсақ, ғалым А. Мектеп-тегінің пікірінше: «Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ елінің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани дамуын шынайы зерттеуде жеке тұлғалардың алатын орны ерекше. Ұзақ жылдар бойы тарихи өткенімізді қаз-қалпында сипаттап, таразылауға мүмкіндік беретін, сол дәуірдің сырлы шежіресі, замана рухын бейнелейтін айнасы – мерзімді баспасөз бен баспа өнімдерін емін-еркін тұтынуға идеологиялық шектеу жасалуы, түрлі себептермен тиым салынуы – ұлттық ой-сананың ойсырап, бұрмалануына мәжбүр етті. Сондықтан жасыратыны жоқ, қоғамдық ғылымның қай саласында болмасын, қордаланған білім мен сабақтастық дәстүрдің үзілуі – өткенге тарихи әділ баға беру, байыпты талдау, білікті зерттеуге кедергі жасады» [14, б. 319].

Тәуелсіздік алғаннан кейін кеңес өкіметі кезіндегі жалған ұран, жаттанды сөздер, коммунизмге жетеміз деген құрғақ қиял, коммунистік моральдің болымсыздығы, коммунистік идеология деген ұғымдар біржола санадан

арылып, қазақ ұлты қолдан жасалған мәңгүрттіктен құтылды. Осыған орай ұлттық парадигма ұғымы бірден бой көтерді.

Көрші елдің «шовинистік санасының» бұғауынан, тіпті еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары босай алмағанымыз белгілі. Мұндай саяси-ұлттық мәселелер тәуелсіздік жылдарында қалам тербеген ақын-жазушыларымыздың еншісінде болып, әсіресе М. Қабанбай, Ә. Кекілбай, М. Мағауин көсемсөзінен анық көрінді.

Кеңес өкіметі кезінде «КСРО адамдары бір ғана орыс тілінде сөйлеу керек» деген қағиданың болғаны мәлім. Сондықтан ұлттық тіліміздің қалпына келтіру үшін қазақ ақын-жазушылары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бірден тіл мәселесіне ден қойды. Бірақ тіл үшін күрестің оңай болмағандығын баса айтуымыз керек. Қазақ тілін мойындамайтын, керек қылмайтын қазақтардың болғаны рас. Демек, тәуелсіздік келгенімен қазақтың барлығының ой-сана парадигмасы бірден өзгеріп кете қойды деп айта алмаймыз. Қазақ қоғамы орыстілді және қазақтілді болып екіге бөлінді. Бұған дәлел ретінде әлі күнге дейін ана тілінде сөйлей алмай жүрген қазақтарды айтсақ болады. Ә. Кекілбай, Д. Әшімхандар айтқандай кеңес өкіметі құрып кеткен «санадағы шырмауық» әлі де қалып қойды.

«90-шы жылдар публицистикасының басты өзгешелігі – бұрын жазуға болмайтын, бұрын айтуға болмайтын мәселелерге еркін қалам тербелді. Ақын-жазушылар, ғылыми, мәдени зиялылардың публицистикаға қалам тартуы бұрынғыдан да жиіледі. Сөйтіп ел тәуелсіздігімен бірге, мәселенің мәнісін тез ашатын, қоғамдағы оқиға, құбылысқа жедел түрде үн қататын публицистика заманы туды. Бұл қазақ публицистикасының даму жолындағы жаңа дәуір еді» [3, б.443]. Осы ретте ақын-жазушылар ой-санасындағы парадигмалар ауысымына әсер еткен түрлі жағдаяттардың орын алғанын айтқан жөн. Сөз бостандығы, ой еркіндігі мен алуандығы негізіндепроблемаларды айтып отыруға жол ашылды. Кеңес дәуірінде көп тақырып айтыла бермейтін. Мысалы, нашақорлар, наркобизнес туралы айтылмайтын. «Жаманын жасырып, жақсысын асырып» деген идеология болды. Тәуелсіздік алған соң проблемалалар да көбейіп сала берді. Сондықтан да ақын-жазушылардың көсемсөзге қалам тартуының жиілеу себебі соған байланысты болса керек. Кеңес өкіметі кезінде көп нәрсеге тыйым болды. Отбасылық мәселенің өзі жоғары биліктің қадағалауында болды, бірақ ұлттық руханятқа қатты қысым жасалды. Сондықтан болар кеңес дәуірінде көбінесе ақын-жазушылар көркем шығармаларға ден қойды. Ал егемендік алған кезде көсемсөздің арнасы кеңейіп, түрлі жанрлар бой көрсете бастады. Еркіндік пайда болып, көркем шығармаға қарағанда публицистиканың жан-жақты дамуына жол ашылды. Бұл әрине, ақын-жазушылар ой-санасындағы өзгерістің, қоғамның жаңа беталысқа қадам басуының нышаны еді. Біз зерттеуімізге нысан болған ақын-жазушыларымыз да көкейтесті түрлі тақырыптағы күрделі ұлттық мәселелер бойынша жеңіл-желпі бір-екі мақаланың көлемінде емес, ұлт санасын оятатындай дәрежеде өнімді еңбек етіп, замансөзге өз қомақты туындыларымен үлес қосты.

Біз сөз етіп отырған авторларымыз кеңес өкіметі кезінде де азды-көпті көсемсөз саласында қалам тартқаны белгілі. Олардың кеңес идеологиясы кезінде ой-санасы қандай деңгейде болды, баспасөз бетінде қандай тақырыптарды қозғады, коммунистік партияның шашбауын қаншалықты көтерді деген сауал туындайды. Өйткені бұл авторлардың барлығы тәуелсіздік кезінде өздерін нағыз ұлтжанды көсемсөзші ретінде танытты. Төменде біз осы ақын-жазушылардың ой-санасындағы парадигмалар ауысымының айырмашылықтарына зер салғымыз келеді.

Әбіш Кекілбайдың «Лениншіл жас» қазіргі «Жас Алаш» газетіндегі 1961 жылы жазған мақаласында поэзиядағы бүгінгі үн, бүгінгі тақырыпты көтереді. Бұл жылдары Әбіш ақын, жазушы ретінде жас та болса танылып үлгерген кезі еді. М. Мағауиннің «Әбіш екеуіміз» деген естелігіне сүйенсек, Әбіш Кекілбай әдеби сын жазуды студент кезінде бастаған [19, б. 37].

Мақала ақын Ғафу Қайырбековтің «Таулар сөйлейді» поэмасы туралы. Бұл мақаладан Әбіштің сын саласында жетілгендігін көреміз. Көсемсөзші қазақ әдебиетінің күн тақырыбындағы мәселелерден алыс емес екендігін, поэманың ішіне үңілу керектігіне назар аудартқысы келеді. Поэманың басты кейіпкері инженер Мәжит емес, азамат Мәжитті тануды алға тартады [20, б . 4]. Жалпы, кеңес заманында өндіріс тақырыбына қалам тарту науқаны дәуірлеп тұрған кез болатын. Кейіпкерлерді сомдауда адам жанын көрсете алмау кемшіліктері жиі кездесетін. Ә. Кекілбай осы мәселені дер кезінде аңдаған.

Қаламгерлердің шығармашылығына, ой-санасына заманның әсері де болатыны түсінікті, қайткенде де дәуір ықпалын тигізбей қоймайды. Айталық, «Совет адамдары өз қоғамын сүйеді. Сүйгендіктен де өз қоғамында орын алған әрбір мінді қалт жібермей, барлап-бақылап отырады. Совет әдебиеті қоғамымызда болған бір кездегі осы кемшілікті ашық көрсетуден қаймыққан жоқ» [20, б . 4]. Мұндағы мысал жоғарыда айтқан пікірімізге дәлел бола алады деп ойлаймыз. Ә. Кекілбайда осындай ішінара ойлар болғанымен, түбегейлі кеңес өкіметіне сену, имандай ұйып соған берілу сыңайлы белгілерден бойын барынша аулақ ұстай білгеніне М. Мағауиннің «Әбіш екеуіміз» естелік жазбасы дәлел. Мысалы, «Мен ұлт мәселесі және басқадай кеселді жағдаяттар туралы тек Әбішпен ғана пікірлесер едім. Көлдеңен куәсіз, екеуара оңашада ғана» [19, б. 19]. М. Мағауиннің бұл естелігінен түйетініміз – Әбіш өзінің сындарында кеңестік идеологияны мадақтайтын сөздерді сырт көз үшін қолданғанында дер едік.

Көсемсөзшінің 1964 жылы «Лениншіл жас» газетіне шыққан мақаласы музыка тақырыбына арналған, нақтырақ айтқанда күй өнеріне, домбыра, қобыздың жеткілікті түрде насихатталмай жатқандығы сөз болады. Ә. Кекілбай бұл мақаланы жазған кезде Мәдениет министрлігінде репертуарлық-редакциялық коллегия мүшесі қызметінде болған. Ол осы қызметін пайдаланып, өнер саласындағы зәру мәселелерді баспасөз бетінде көтеріп отырған.

Алпысыншы жылдары музыкалық жоғары білім беру орындарының сапа жағынан төмендеп кеткенін сынға алып жазады, бұған себеп ретінде шебер

күйшілердің жоқтығын сөз етеді. Ұлттық аспаптарды жасайтын кәсіпорындардың аздығы, дұрыс қолға алынбауы авторды қынжылтады.

Кеңес дәуіріндегі уақыт тынысын да хабардар етпеске болмайтыны секілді, Ә. Кекілбай да одан аттап кете алмайды. Мәселен, «Қазақтың ұлттық музыкасының ұлы жемістері. Ұлы Октябрь революциясының арқасында ғана қол жеткен жеңістер. Жуырда ғана Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті республикамыздағы музыка мәдениетінің жағдайы жайында қаулы қабылдап, қол жеткен табыстарымызға ғана қанағат қылып қоймай, оны одан әрі өркендете беру керектігін, республика музыка мәдениетінің проблемаларын жіті зерттеп, уақытында көтеріп отыруды міндеттеді. Бұл да қазақ музыкасына жасалып отырған партиялық қамқорлықтың тағы бір кепілі. Осы тұста қазақтың халық музыкасын коммунизм құрылысшыларының рухани қазынасына айналдыруда, қазақ ән-күйін коммунизмге қызмет еткізуде, оны тарату мен насихаттауда салқын қабақ салғырттық ұшыраспағанмен, салақтықтың әлі күнге орын алып жүргенін қынжыла еске алмасқа болмайды» [21, б. 3].

Осылайша ұлттық өнерді дер кезінде дәріптеп, қоғамға үндеу тастаған көсемсөзшінің бұлеңбегін нағыз ұлтқа қызмет етудің бір көрінісі деп қабылдағанымыз дұрыс. Қаламгер ой-санасының кеңес жүйесіне бейімделгенімен, оның жүрек түпкірінде іштей наразылық, қарсылық жатқанында сөз жоқ, әйтпегенде оның замансөзінде ұлттық құндылықтар санатындағы тақырыптар көтерілмес еді, жарыққа шықпас еді.

Қаламгердің 1965 жылы І. Жансүгіровтің «Күйші» поэмасын талдауға арналған жазылған мақаласында ақынның «Күйші» шығармасын талдау арқылы, яғни поэма кейіпкерлерінің тәуелділігімен қоса азаттығын сөз ете отыра кеңес дәуіріндегі қазақ халқының Ресейге тәуелділігін астарлап көрсетуді мақсат тұтқан деген ой түйеміз. Қазіргі кез үшін бұл мақаланың құндылығы да осында деп ойлаймыз. Бір жағынан алпысыншы жылдардағы әдебиеттегі «жылымықтың» әсері байқалады.

Автор қызыл империяға кіріптарлықты І. Жансүгіровтің күйші дастаны арқылы көрсеткен. Мәселен былай дейді: «Адам жүрегі үшін ең ауыр трагедия – тәуелділік. Әлемдегі барлық бақытсыздық пен барлық қиянаттың түп-төркіні де сол» [22, б. 2]. Осы екі-ақ сөйлемде үлкен бір ой жатыр. Ол – отарлыққа қарсылық. Мақала атауының өзі осыны аңғартады. Азат ел болу мұратынан шыққан ой десек болады.

«Тәуелділік жүрген жерде бақыт жоқ. Тәуелділік – адамзат қоғамының ең басты трагедиясы. Ақын сол трагедияның жеті қабат астарын түгел аша алған. Адам жүрегінің, адам жанының Шекспир қаламы ғана жеткен бұншалықты тұңғиық қабаттарына бара алғандығы – Ілиястың творчестволық ерлігінің, оның алапат талантының айғағы. Жаңа заманның заңдылығы мен артықшылығын адам жаны мен қоғамдық болмыстың өзегінен іздестірген ақын қазақ поэмасын жаңа бір асқар биікке көтерді. «Күйші»» – қазақтың арғы әдебиетіндегі мәні мен маңызы, шеберлігі, әсерлігі жағынан айрықша аспандап шыққан қол жетпес аса биік күмбездерінің бірі. Ол біздің халқымыздың поэтикалық

қуатының ересен жеңісі» [22, б. 2] деп бір поэма төңірегінде бүкіл қазақ ұлтының әдебиетіне, тіліне баға беріп отыр.

Ә. Кекілбайдың 1976 жылғы «Ұйқыдағы арудың оянуы» очеркінде Маңғыстаудың бүгініне, өткеніне және келешегіне саяхат жасап, бұл өңірдің мәселелеріне ғылыми деректер келтіре отырып, терең байламдар жасайды. «Жоласқан», «Қаражамбас», «Бес оқты», «Өрмелі» жерлеріне жеке-жеке тоқталып, әрбіреуінің алатын орнына, ерекшелігі мен артықшылықтарына ғалым, саяхатшы, тарихшы, зерттеуші ретінде зер салады. Бір өлкенің тарихи, мәдени, саяси қарым-қатынасынан егжей-тегжейлі мағлұмат береді.Көсемсөзші Маңғыстау жерінің тарихына жан-жақты барлау жасайды. Маңғыстау ежелден маңызды сауда жолы болғандығын зерттеулерге сүйене отырып, өзіндік байламдар жасайды.

«Жоласқанда» сауда жолы, керуендер туралы сөз болса, «Қаражамбаста» кен іздеушілер туралы мағлұмат беріледі. «Бес оқты» құдық туралы, «Өрмелі» темір жол туралы, өндіріс, қазба байлықтар сөз болады.

Очеркте академик Гордлевский, тарихшылар әл-Истархи, Мұхаммед ибн Наджиб Бекран еңбектерін келтіріп, Маңғыстау бұрын түркілердің мекені болғанын айтады. Ә. Кекілбай академик В.В. Бартольд, шығыс зерттеушісі, археолог П.С. Савельев, М.И. Иванин, шығыс тарихшысы Масуди, археолог С.П. Толстов, тарихшы А.Н. Зелинский еңбектерінде бұл өлке көне қалалардың бірі болғанын, ежелгі дәуір ескерткіштердің сақталғанын айта келе, Маңғыстауда сауда жолының пайда болуы XII ғасырдан да бұрын болған деген тұжырымға келеді.

Қазақстанның бір өлкесінің өзі, яғни сөз болып отырған Маңғыстаудың халықаралық саяси, мәдени, әлеуметтік коммуникация орнатуда қаншалықты зор мән-маңызға ие болып, бірталай аса елеулі қызметтерді атқарғандығын нақты дәйектермен береді.

Көсемсөзші кеңес өкіметінің өрлеп тұрған кезінде Ресей елінің қазақтарды отарлау процесіне белді бекем буып кірісе бастағандығын былайша батыл сипаттайды: «Орыс мемлекеті Каспий теңізін өз қол астына алуға енді шындап кірісті. Өйткені академик В.В. Бартольд айтқандай, ол тұста ағылшындар үшін Үнді мұхиты қандай маңызға ие болса, Россия үшін Каспий теңізі де дәл сондай маңызға ие болды. Индия алтынына қызыққан орыс патшалары Каспийдің шығыс жағалауына шығып алуға ерекше көңіл бөле бастады» [23, б. 149]. Қаламгер орыстардың Каспий теңізінің шығыс бөлігін зерттеу ісі үдей түсіп, мықтап қолға алынғанын тарихи мәліметтер мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып дәлелдеп береді. Маңғыстау жерін түрлі процестерді сан қилы тарих арнасы басынан кешкен өлке ретінде көрсете білген көсемсөзші мынадай қисынды деректер келтіреді: «Ежелгі дүниеде сауда-саттық арқылы, ерсілі-қарсылы шұбырған керуендер арқылы, жорықтарға ыңғайлы қатынас жолдары арқылы атағы шыққан өлкенің басындағы бақыт құсы біржолата ұшқандай болып еді. Бірақ, сол аталмыш жылдардан бастап-ақ жер бетінде атымен жаңа экономикалық дәуір – индустриялы өнеркәсіп заманы орнаған-ды. Бұрынғы экономикалық дүние тіршілігін жол билесе, енді жаңазаман экономикасын

индустриялы өнеркәсіптің наны – кен билейтін болды. Бұрын керуендер жөңкіген құба жондарды енді кен іздеушілер шиырлайтынды шығарды» [23, б. 153].

Бір Маңғыстау өлкесінің тарихы арқылы бүкіл қазақ жұртының хал-ахуалын көргендейміз. Бір кездері сауда жолының маңызды пунктіне айналған Маңғыстау ендігі кезекте темір жол, кен, яғни тас көмір, фосфорит, мұнай, пайдалы қазба байлықтар ресурстарымен көзге түсті. Кезінде орыс, ағылшын геологтары, археологтары, тарихшылары, саяхатшылары жаппай Маңғыстауға көз тіккенін назар аудартады.Көсемсөзші мұнайдың шығу тегіне үңіледі, Каспий теңізі, пайдалы қазба байлықтары туралы геологиялық деректерді молынан қолданады. Мысалы,«Жоласқан»: саяси, әлеуметтік, мәдени, тарихи мәліметтер; «Қаражамбас»: қаражамбас атауының қайдан шыққаны туралы; геологиялық мәлеметтер; «Бесоқты»: археологиялық мәліметтер, бесоқты атауының шығу төркіні туралы аңыздар.

Көшпелілер мәдениеті туралы батыл тұжырымдар айтады. Жалпы, адамзат дамуында көшпелілердің алатын орны айрықша екендігін баса пайымдайды. Айталық, «Көшпелі мал шаруашылығы адамзат цивилизациясының дамуына бірден бір негіз болған экономикалық тіршіліктің бір түрі боп келді» [23, б. 160].

М.И. Иванин, Г.Е. Марков, С.В. Поляков, В.А. Филипченко, Ю.В. Курочкин, А.П. Окладников, А.В. Виноградова, Н.З. Настюков, Н.Д. Праслов сияқты ғалымдардың зерттеулеріне сүйене келе, өз болжамын былайша тұжырады: «Маңқыстаудағы алғашқы қауым ескерткіштерінің авторлары ешқайдан көшіп келмеген, олар Маңқыстау мен Үстіртте неолит заманынан бұрынырақтан өмір сүрген» [23, б. 161].

Маңғыстаудағы ежелгі зираттарға, оның архитектурасына тоқталады. Өйткені көсемсөзші бұларды талай ғасырлардың құжаты деп қарастырады, яғни әлеуметтік, саяси, демографиялық, экономикалық, географиялық өзгерістерден мол мағлұмат беретін құнды материалдар іспеттес. Маңғыстауда ежелгі қалалар болған деген болжам жасайды. Бұл өлкеде ежелден өркениет болғандығынатоқталады. Көшпелілерде өркениет болғандығын дәлелдейді. Бұл өлкеге әлі де талай зерттеулер жасалу керектігін, мәдение ескерткіштерге қамқорлық, күтім қажеттігін ескертеді. Өлкенің топонимикалық атауларына да ден қояды.

«Өрмелі» атты бөлімінде мұнай, және басқа да қазба байлықтар, Каспий теңізі балығы туралы, Қазақстанның энергетикалық ресурстары жайлы деректер келтіреді. Маңғыстаудың климаттық, фауна мен флорасынан, гидротопонимикалық мәліметтерден мол мағлұмат береді.Бір байқағанымыз, кеңес заманындағы ауыз су мәселесі қазіргі күнде де өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Маңғыстау өлкесінің киелі жер екеніне көз жеткізесіз. Маңғыстау өлкесінің ежелден бастап осы күнгі көрінісін екшеп, қазбалап жазған көсемсөзшінің ғылыми өресі, шешендігі мен саяси қырағылығы бірден назар

аудартады. Өткені мен бүгініне барлаған қаламгер келешегіне де зор үмітпен, қарап, қамқорлық танытады.

Осы ретте 2012 жылы жарық көрген көлемі алты жүз беттен тұратын «Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы» атты кітапты атауға болады. Жинақта Үстірт пен Маңғыстау аумағындағы археология, тарих, сәулет құрылысының үлгілері мен киелі мәндегі ғұрыптық-еске алу, рухани сауықтыру, зиярат ету орындары және өзге де мәдени ескерткіштер бойынша ғылыми-анықтамалық мақалалармен қатар суреттісызбалы көрнекті материалдар мол қамтылған. Бұл жинақтың алғы сөзін Ә. Кекілбайдың өзі жазып, бұл іске тікелей өзі мұрындық болған[24, б. 2]. Осыдан отыз алты жыл бұрын жазылған «Үйқыдағы арудың оянуы» очеркі бүгінгі күні тәуелсіздіктің арқасында өз шешімін түбегейлі, толыққанды таппаса да, бірқатар елеулі шаруалардың тындырылғаны анық. Оған ең алдымен аталмыш жинақтың шығуының өзі айтарлықтай зор еңбектің нәтижесі болмақ. Сондайақ, екінші дәлел «қазір Маңғыстаудың көне және орта ғасырлық тарихының кейбір сырларының ашылуымен көпшіліктің шынайы қызығушылығы одан сайын арта түсуде. Өңірде жаңадан ашылған әрбір ескерткіш өзінің лайықты орнын тек, Қазақстан тарихының беттерінен ғана емес, бүкіл адамзат тарихынан да алып отыр[24, б. 3]. Бұлар – Сарытастағы ежелгі палеолиттік шеберхана орындары, тас ғасырының соңындағы Қоскұдық пен Үстірттегі қола дәуіріне жататын алғашқы қала нышаны бар Тоқсанбай қоныстары және Бәйте, Дікілтас, Әурентөбе, Соққы, Ақпал секілді ерте темір дәуірінің ғибадатханалары мен ортағасырлық қалалар – Жезді, Қарақабақ, Қызылқала мен Шақпақ ата, Қараман ата, Сұлтан үпі, Шопан ата, Бекет ата, Үйтолы ата тәрізді жер асты ғимараттары мен құрылымдар, сонымен қатар, ортағасырлық пен жаңа заман зираттары[24, б.3]. Мұнымен қоса тарих, археология және архитектуралық ескерткіштер тізімі жыл сайын жаңа мәліметтермен толыға түсуде» [24, б. 4]. Үшіншіден, «Қазіргі күннің шеберлері көне тас өңдеу дәстүрін жалғастыра отырып, мазар, сағанатамдардың архитектуралық түрлерінің жаңа және қайталанбас үлгілерін жасаса», төртіншіден, «Маңғыстау жер асты мешітінің пайда болу тарихы мүлде зерттелмеген десе де болады. Шақпақ ата жер асты мешітінің маңында қазір археологиялық зерттеулер басталды. Соның нәтижесінде, Маңғыстау жеріндегі киелі жер асты құрылыстарының XIV ғасыр басына, яғни Алтын Орда хандарының исламды ресми түрде қабылдаған уақытымен сәйкес келетіндігі анықталды» [24, б. 5].

Әрине бүгінде де құнды жәдігерлер төңірегінде мәселелер баршылық екенін хабардар етеді. Мәселен, қазіргі кездегі атқарылар игі шаралардың қатарына, біріншіден, «Маңғыстау мен Үстіртті тас дәуірінде мекендеген адамдардың тіршілігі туралы мәлімет беретін де тарихи ескерткіштер әзірше кешенді түрде зерттеле қойған жоқ. Археологиялық ескерткіштерді зерттеудің бір міндеті – оларды мәдени-танымдық орындар ретінде болашақ қолданысын қарастыруда. Бұл нысандарды кейіннен музейге айналдыру басты мақсаты болып келетін жөндеп қалпына келтіру жобаларын дайындап, оларды іске асыру ғылыми зерттеудің құрамдас бөлігі болып табылады» [24, б. 4] – десе,

екіншіден, арман мұратын да қоса өрістетеді «алдымызда тұрған маңызды шаралардың бірі және азаматтық парызымыз Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұрасын іште ғана сақтамай, әлемдік деңгейдегі қазыналардың қатарына қоса отырып, ата-бабаларымыздың қайталанбас үлгідегі тарихи жәдігерлерін жаһандық кеңістікке таныстыру» [24, б. 6].

Демек, бұл ретте Ә. Кекілбайдың көсемсөздік еңбектерінде көтерген мәселелерінің іс жүзінде асуына атсалысып отыратын қайраткерлік қырын танимыз.

Қаламгердің 1968 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген келесі бір мақаласында қазақ поэзиясы, жас буын ақындарының жырларына оң баға береді [25, б. 3]. Әдеби сын тақырыбына жазылған бұл замансөзде сыншы Ә. Кекілбай қазақ поэзиясындағы кемшіліктерді де сөз етеді. Айталық, «боратып жазу», жылына қалайда бір кітап шығару сияқты әрекеттердің жиі байқалатынын сынға алады. Ол заманда ақындық деген атау зор беделге ие болды. Өкімет ақын-жазушылардың кітаптарын тегін шығарып, қаламақы төлейтін. Ақындардың жылына бір кітап шығару себебі осыған байланысты болса керек. Боратып өлең жаза беру, Абай айтқандай, «Өлең – сөздің патшасы» қағидасына қайшы келеді, өлеңнің қадірін түсіреді. Автордың бұл мақаласы келешекке дұрыс бағыт-бағдармен қарауға септігін тигізетіні анық. Бұл, біріншіден, ұлттық әдебиетіміздің даму үрдісін көрсетсе, екіншіден, қоғамды ілгерілету сатысына көтереді.

Қорыта келгенде, көсемсөзші Ә. Кекілбайдың кеңес өкіметі және тәуелсіздік кезіндегі публицистикасындағы ой-сана ауысымына мән берер болсақ, бүгінгі айтқан ұлт мүддесі жайлы ойларының қайнар бұлағы кеңес дәуірінде бастау алғанына көз жеткіземіз. Автор кейбіреулер сияқты компартияның сойылын соғып, шашбауын көтеріп, бүгінгі күні бір күнде ұлтжанды болып шыға келмеген. Оның ұлт үшін күрескерлігі отарлық езгі кезінде-ақ қалыптасқан. Осы ойымызды ғалым К. Қамзиннің мына пікірі бекіте түседі: «Публицистиканың барлық жанры коммунистік құрылыста, халықты коммунистік тәрбиелеуде жағымды нәтижелерге жетуді көздейді деген моноидеологилық, монополистік таным ұсынылды. Негізінен, тарих, әдебиеттану, лингвистика, педагогика және философия ғылымдарына кеңестік социалистік жамылғымен енгізілген бұл модельдердің арғы жағында ұлыорыстық мән-мағына мен пішіндер жатыр еді. Дегенмен қазақ көсемсөзі тәжірибесінде идеялық нысана өзгергенімен, оның мәтіндік орамдарында ұлттық бедер мен өрнек сақталып қалды» [4, б. 122]. Демек, Ә. Кекілбай сияқты тұлғалардың ұлт жолындағы күрескерлігі себебінен қазақтың ұлттық рухы жоғалмай, ұлттық код пен жады сақталып қалды. Осының салдарынан қазақылық түп-тамырынан ажырамай, қазақ ұлты өзінің дербес иелігіне, мемлекетке қол жеткізіп, әлемдік аренаға ұмтылуға игі қадамдарын жасады.

М. Мағауиннің 2002 жылы жарық көрген он үш томдық шығармалар жинағының ішіне кеңес дәуірінде жазған әдеби сын, ғылыми-зерттеу мақалалары да енген.

Көсемсөзшінің 1965 жылы 25 жасында жазған мақаласында жастар поэзиясы туралы пікір айтқанда шығыс әдебиеті үлгілерінен, жыраулар поэзиясынан үлгі алуға шақырады [26, б. 50]. Автор өзі жас болса да, ақындар өлеңдерінен жетістіктері мен кемшіліктерін көре білген. Өлеңдерді талдауда кеңестік идеологияға қатысты ешқандай ой айтылмайды, өзін сын саласының білгірі ретінде танытады, артық мақтау мен орынсыз мінеп-сынауға ұрынбайды. Бұл – М. Мағауиннің сыншылығының бір ерекшелігі.

Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясы жайында 1966 жылы жазған сыни мақаласында романдағы образдарға қатысты, сюжет және композициясына, тіліне байланысты көптеген кемшіліктер айтады. Классикалық туынды деп бағаланған бұл романды ортанқол шығармаға жатқызады [26, б. 63]. М. Мағауин көрсеткен кемшіліктер сол кезеңдегі көркем шығармалардың көбінде жиі кездесетін олқылықтар еді. Көсемсөзші бұл шығармаға социалистік реализм әдісі, кеңестік идеология тұрғысында сын айтпайды. Кезінде Ж. Аймауытов талап еткендей, тек көркем шығарма ретінде талдайды. М. Мағауиннің сыншы ретіндегі ерекшелігі – кеңес өкіметі кезінде көп айтылған «тап тартысы», «үстем тап», «қаналушы тап», «социалистік реализм», «Ұлы Октябрь революциясы» және т.б. жаттанды, ұран сөздерді мүлде қолданбаған. Демек, М. Мағауиннің қаламгерлік ой-санасы кеңестік идеологияға тәуелді болмағандығын аңғарамыз.

1966 жылғы «Өрелі әдебиетке озық аударма» замансөзінде қазақтың көркем шығармаларын әлемге таныту туралы мынадай тұшымды ой айтады: «Қазақ әдебиеті – әлденеше ғасырлық ұзақ тарихы бар бай да мазмұнды әдебиет» [26, б. 71]. Осы ретте қазақ әдебиетінің тарихы туралы алпысыншы жылдары әдебиетші ғалымдар арасында талас-тартыс болғанын айта кеткен жөн. Әдебиет зерттеушісі, сыншы Д. Ысқақұлы: «Жас ғалым М. Мағауин «Әдебиетіміздің тарихы жөнінде бірер сөз» (Қазақ әдебиеті, 06.08.1965) деген мақаласында ұстазы Б. Кенжебаевтың пікірін жалғастырды. «...қазақ әдебиетінің тарихы кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, XVIII ғасырда жасаған Бұқар жыраудан емес, көп әріден басталатындығын көрсетеді» [10, б. 300]. Бұдан түйетініміз – М. Мағауин жас болса да ақсақал әдебиетшілермен қатар әдебиет тарихы туралы тұжырымын сол кездің өзінде батыл білдірген.

Қазақ әйелінің кеңес заманында ұлттық сипатынан айырылып қалғанын ашынып жазған мақаласында кеңестік идеологияны кінәлайды [27, б. 311]. XX ғасырдың басында «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп айтқан М. Әуезов сөзін еске түсіре отырып, әйелдің бұзылуы ұлтымыздың ойран болуына әкеп соғатынын ескертеді. Кеңестік қоғамда қазақ әйелі жетпіс жылдың ішінде мүлде басқа кейіпке айналып үлгерді. Осы тақырып төңірегінде соңғы жылдары мерзімді басылымдарда бірен-сараң пікірлер бой көрсетті. Бұл – ұлтымыз үшін қасірет. Осы ретте М. Мағауиннің қазақ әйелі туралы көтерген мәселесінің көкейтестілігін көреміз. Б. Майлиннің «Раушан – коммунист» повесін еске түсірсек, Раушан ауылнай болғанда бүкіл ауыл болып одан теріс айналып, отбасында кикілжің басталды, бір отбасы ойран бола жаздаған еді.

Жалпы әйелдің қоғамдық жұмысқа араласуы осы кезден басталып еді. Қалаға шұбатылған ұзын көйлек, жаулықпен келген Раушандарға оқыған Әбіш темекі ұсынып, ішкілік ішкізген еді. Демек, қазақ әйелінің ұлттық болмысынан айырыла бастауы кеңестік идеологиялық ықпал-әсерден басталса керек. Жазушы Б. Майлин осы мәселені сол дәуірде дәл болжаған. Ал М. Мағауинге дейін қазақ әйелінің болмысына жат әдет-қылықтар қалыптасып үлгерген еді. Бұл мәселе әлі де шешімін таппай келеді, қазіргі қоғамымызда әйелдер емес, қыздар тәрбиесі алаңдататын болды. Қаламгердің кеңес дәуірінде өмір сүрсе де, кеңестік ұранның жетегінде кетпей, қазақ әйелі мәселесін көтеру арқылы арқылы ұлт мүддесінің қамын жеді. Демек, бұдан біз М. Мағауиннің ой-санасы түгелдей кеңестік идеологияға байланбаған деген тұжырымға келеміз.

Жазушының 1990 жылы жариялылық кезінде жазылған көсемсөзінде 1932 жылғы қазақ жеріндегі және Украинадағы ашаршылықты сөз етеді. Украина халқы бұл тарихи зобалаң туралы жоғарғы жақтан шындықты және орынды саяси бағасын беруді талап етіп жатқандығын айтып, қазақ елінің жариялылық кезі болса да әлі де ауыз аша алмай отырғанына ашынады [28, б.206]. Бұдан аңғаратынымыз, көсемсөзшінің кеңес дәуірінің соңғы жылдарында келелі мәселелерді көтеріп, ой-санасының ел қамымен үндес болғандығын көреміз. Демек, қаламгер кеңес өкіметі кезінде-ақ ешқашан да ұлт тарихы, ұлт мүддесі деген ұғымдарды жадынан шығармаған.

Көсемсөзші 1990 жылы Жамбылдың «Сыздық сұлтанға» өлеңінің жазылу тарихына байланысты мынадай құнды деректер келтіреді. Жамбылдың Кенесары ханның баласы Сыздықпен кездесіп, Кенесарының сүйегін алу туралы әңгімесін өз аузынан естігенін Ғали Ормановқа әңгімелеген екен. Жамбыл осы оқиғаны «Сыздық сұлтанға» деген өлеңінде бейнелеген [28, б. 210]. М. Мағауин бұл өлеңнен Жамбылдың қазақтың елеулі қайраткерлері туралы нақты ұғымын, өзіндік көзқарасын айқындайды. Көсемсөзші Жамбылды бағалау арқылы өзінің де Кенесары тұлғасына деген дұрыс көзқарасын аңғартады.

Қорыта келгенде, М. Мағауиннің кеңес дәуірінде жарыққа шыққан әдеби сын, басқа да мақалаларын қарастырғандағы байқағанымыз – көсемсөзшінің әдебиет сыншысы, зерттеушісі ретіндегі ой-санасы кеңес өкіметінің әдебиетке қойған талаптарына тәуелсіз болғандығы. Осы ретте дәлел ретінде ғалымның өз сөзіне жүгінейік: «Мен совет заманында да ешкімнің нұсқауымен жүргем жоқ. Тәуелсіздік кезеңінде де ешкімнің шашбауын көтермедім. Үнемі өз райыммен, халқымның қасиетін айғақтау бағдарында, қадарынша жұмыс жасап келемін» [29, б. 165].

М. Мағауиннің публицистикалық, жазушылық, ғалымдық қырларының тоғысатын түйіні – оның азаматтық ұстанымының әуел бастан-ақ өзгеше сипат алғандығы, оның бүкіл шығармашылығының арнасы ұлттық мүддемен қабысып жатқандығы дер едік.

О. Сәрсенбаев кеңес дәуірінде ауыл тақырыбына қатысты бірсыпыра мақалалар жазды. Ауылдағы материалдық игіліктің жақсы екендігін, бірақ рухани байлықтың жұтаңдап бара жатқандығын алға тартады. Дүние

құмарлықтың белең алғандығын, ауылда кітап емес, кілемді көп жинайтынын, клуб, мәдени, спорттық мекемелердің қаңырап бос тұруын әлеуметтік-рухани мәселе етіп көтереді [30, б. 2]. Кеңес адамдарының рухани игілікке қарай емес, материалдық игілікке қарай ииле бастағанын сын көзбен зерделейді. Осы арадакөңіл аударатын бір жайт, тәуелсіздік алғаннан кейінгішақта әлеуметтің көбінің материалдық байлыққа жаппай ұмтылушылығының басы кеңес өкіметі тұсында жетпісінші жылдары басталғанына көзіміз жетеді. Демек, о заманда өкімет тарапынан аса мән берілмеген жағдаяттардың да бір шетін шығарып отырады. Ауыл мәдениетіне аса көңіл бөліп, жергілікті совет, комсомол қызметкерлері тікелей ат салысатынын еске салады. Яғни, сол кездегі адам келбетін заманмен байланыстыра сипаттайды. Ауылдағы жастар мәселесін көтеріп, олардың ауылда тұрақтамауының себебіәлеуметтік-мәдени жағдай жасалмауын ашық жазады.

Қаламгердің тәуелсіздік кезеңінде жазған «Адамның құны қанша» рисалалар жинағындағы рухани құндылықтар туралы ойлары кеңес дәуірінен бастау алғанына көз жеткіземіз. Жазушыны руханият мәселесі сол кезде толғандырған деген тұжырымға келеміз.

Көсемсөзші мұғалімдер туралы былай дейді: «Ауылға өнер-білім, озық мәдениет, *коммунистік этика мен эстетиканың ұрығын сеуіп*, мәпелеп баптайтын да, өркенін жайғызып, өрісін кеңейтетін де солар» [30, б. 2]. «Коммунистік этика мен эстетика»деген сол заманға тән ұранды сөздерді қолдануынан қаламгердің де уақыт тынысынан сырт қала алмағанын байқаймыз. Мұндай қолданыстар сол кездегі қаламгерлердің көбіне тән болды.

Ауылда мұғалімдердің белсенді болғандарын қалайды: «Мұғалім тек оқыту-ағарту ісіне жақын тұрмайды, ауылдағы барша мәдени, рухани өмір-тіршілік мұғалімдерге бір соқпай өте алмайды» [30, б.2]. Осы пікірімен мұғалімдер мәртебесі жоғары екенін айқындайды. Жалпы, кеңес өкіметі кезінде мұғалімдердің беделі жоғары болғандығы белгілі. Бүгінде бұл мәселе мемлекет тарапынан қолға алынуда.

Жазушы көркем шығармалардағы ауыл тақырыбының көтерілуіне тоқталады. Ауыл тақырыбы құрметті, әрі өміршең тақырып екендігін қазақ көркем шығармалары негізінде дәлелдейді.

«Ауыл тақырыбын кең көлемде игеру арқылы біздің суреткерлеріміз бүгінгі замандасты алаң етіп отырған сұрақтардың біразына жауап береді, *коммунистік мораль принциптерінің салтанат* құруына көмектеседі, жер бетінде бейбітшілік, татулық, қайырымдылық секілді ұғымдардың бетіне шіркеу түспеуіне барын салады деп білеміз» [31, б.7].

Бұл мақаладан 80 жылдары қазақ әдебиетінің тақырып ауқымы жағынан болсын, идеялық-көркемдігі тұрғысынан болсын, едәуір дамыған, биіктеген тұсы болғандығын аңғарамыз. Сонымен қатар қаламгердің ой-сана парадигмасындағы өзгешелігін байқаймыз. Мысалы, тәуелсіздік кезіндегі рисалаларында көсемсөзші Құран мен хадистерді басшылыққа алатын болса, кеңес заманында коммунистік мораль принциптерін ұстанған.

Кеңес дәуіріндегі ауыл тақырыбы бүгінгі күні әлі де өзекті болып отыр. Бұл туралы Тұңғыш Президент Н. Назарбаев 2018 жылдың 5 қазанындағы Жолдауында атап көрсетті: «Біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет. Бұған арнайы «Ауыл – Ел бесігі» жобасының іске қосылуы септігін тигізеді. Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керек» [32].

О. Сәрсенбаев кеңес заманындағы ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөледі: «Тоқтықтық арты тоқмейілдікке, тонның жылылығы – тоғышарлыққа, тойқұмарлықтың арты – топастыққа соғып жатқан тұстар жоқ па?» [33, б.374]. Автор көтерген тоғышарлық, тойқұмарлық, топастық деген мәселелер сол кезеңде белең алған болса, қазіргі заманымызда тіпті ушығып, қоғамымыздың бір кеселіне айналды десек де болады. Бүгінгі күні топастық мәселесі қазіргі дамыған технологиялардың пайдасынан гөрі зияндығынан болып отыр. Қазіргі жастардың көбісі бар бос уақытын кітапқа емес, телефонға жұмсайды. Ал тойқұмарлыққа келсек, қазіргі қазақтың тойы мен кеңес дәуіріндегі тойларды салыстыруға келмейді. Ысырапшылдық, даңғазалық жағынан келгенде қазіргі қазақ тойлары қоғамымыздағы көкейтесті мәселе болып отыр. Қазір қоғамымызда қарны тоқтықтан тоқмейілсіп жүрген қазақтарымыз да біршама. Автор көтерген бұл мәселелер кеңес заманында басталып, қазіргі кезде ушығуда.

Көсемсөзшінің алдымен адам тәрбиелеу үшін бірінші кезекте әдебиетті оқытудың маңыздылығына тоқтала келе: «Сонда адам болуды үйрететін пәндерге аптасына – 11 сағат, маман болуды үйрететін пәндерге аптасына – 24,5 сағат бөлінген» – дейді [33, б. 377]. Көсемсөзші кеңес кезеңіндегі мектептерде қазақ әдебиеті сабақтарына аптасына екі-ақ сағат, ал басқа жаратылыстану пәндеріне алты, сегіз сағаттан бөлініп келгеніне назар аудартады. Қазіргі мектептердегі әдебиет сабақтарына да аптасына екі-ақ сағат бөлінеді. Демек, жазушы көтерген бұл мәселе шешімін әлі таппағандығын көреміз.

«Көркем әдебиет – адамтану ілімі. Көркем әдебиеттен хабарсыз маманның құны – бес тиын» [33, б.377]. Қаламгердің бұл айтқан пікірі әлі де маңызды. Бірақ, қазіргі нарық заманында әдебиеттің мәртебесі төмендеп кеткені бәріне белгілі. Байқағанымыздай, О. Сәрсенбаев та кеңес дәуірінде жас ұрпақ тәрбиесіне, қазақ болмысына, болашағына қатысты келелі мәселелерді көтерген.

Қорыта айтсақ, О. Сәрсенбаев кеңес дәуірінде ауыл, білім, жастар тәрбиесі, рухани кеселдер мәселесіне баса көңіл бөлген. Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі мен кеңес заманындағы жазушының парадигмалар ауысымындағы ой-санасы арасында алшақтық білінбейді, қай заманда да жазушы ұлт мүддесін көкейінде ұстаған.

Дидахмет Әшімхан кеңес дәуірінде көбіне әлеуметтік мәселелергеқалам тартқан. Ауылды жерлерге барып, көтерген мәселесіне байланысты жекелеген адамдармен жүздесіп, сұхбат алып отырған. Еліміздің солтүстік өңіріндегі демография мәселесіне көңіл бөледі, қазақ отбасында бала санының көп болғанын қалайды. Көп балалы отбасыларға өкіметтің жеткілікті көңіл бөліп,

материалдық жағынан қамқорлық жасап жатқанын атап кетеді [34, б.311]. Сол кездегі «Бәрі де адам үшін» деген ұран сөзгесүйенуінен заманға сай ой-сананы байқаймыз. Санадағы шырмауық болмаса, халықтың ол кездегі тұрмысы «аштан өліп, көштен қалмайтындай» болғаны белгілі. Көсемсөзші қазақтың санын өсіру үшін әр отбасында кемінде бес баладан болу керектігін алға тартады. Әлеуметтік проблемалық мәселелерді қозғай отыра, көсемсөзші қандай мәселе болмасын, ұлттық мүдде тұрғысынан қарайды. «Қаламгердің бұл замансөзінде қазаққа тән бауырмалдық, жанашырлықтың дүниеқұмарлыққа алмасып кеткеніне куә боламыз. Діні, ұлты бөлек орыс ұлтынан автордың қиын кезеңдерде жақсылық көргенінен көп нәрсені аңғарамыз. Жазушы адамдық мәселесі ұлтқа, дінге қатысты емес деген тұжырымға келеді. «Қазір кейде Пристаньдағы «Көкемнің құрдасы» есіме түсетіні бар. Бірақ оған қарап, көкемнің бүкіл құрдасына ренжімес едім. Өйткені әр халықтың көзге шыққан сүйелдей өз Гобсегі бар ғой» [34, б. 363]. Осы ретте жазушы атап кеткен Гобсектер қазақтың арасында да көбейе түскендігіне қынжылады.

Автордың өзі куә болған оқиға негізінде жазылған мақалаларына тоқталатын болсақ, бала білімі мен тәрбиесіне аса көңіл бөледі. Мәселен, қазақ тілінде балаларға арналған танымдық кітаптардың жоқ екенін бір кейіпкер арқылы беріледі. Бұл кейіпкер баласымен таза қазақша сөйлеседі, баласына қазақша кітаптар іздеп жүреді, театрға барады, шығыстанушы Конрадтың «Восток и запад» кітабын оқиды[34, б. 364].Әдетте жұмысшы қауымды кітап оқымайтын, мәдениеттен хабарсыз, ұлттық мүддемен шаруасы жоқ жандар деп түсіну белең алған. Бұдан аңғаратынымыз, автор қоғамда жұмысшылар туралы қалыптасқан біржақты көзқарасты жоққа шығарады. Ұлтжандылығы жоқ, қазақ тіліне менсінбей қарайтын зиялылар кеңес дәуірінде де болған, қазір де кездеседі. Балалар мәселесін көтере отырып, ата-ана тәрбиесіндегі олқылықтарды көрсететін келесі бір мақаласында ауру, кем балалардың тууы әке-шешенің өмір салтының салдарынан деген ой түйеді. Ішкіш, үлгілі тәрбие бермейтін ата-аналар, жалғызбасты аналар проблемасы сөз болады. Бұл айтылған мәселелер қазіргі уақытта да кездеседі [34, б.419].

Көсемсөзшінің назарынан ономастика мәселесі де тыс қалмаған.Қысқа көшелерге ағартушыларымыздың атын қоя салғанына қынжылады, көше аттарының дұрыс жазылуына назар аудартады [34, б.419]. Үнемшілдікке үндейтін, ысырапшылықтан ада болуға шақыратын ақ қағаз туралы еңбегінде қағазды үнемдеу қажеттігін, мемлекетке шығын әкелетінін айтады. «Қағаз – мәдени нан. Елімізде қағаз жасау үшін ғана бір жылда 45 миллион текше метр ағаш кесіледі екен. Ендеше, қағазды қорғау дегеніміздің өзі табиғатты қорғау екеніне күмән жоқ» [34, б.442]. Бұл үрдіс кеңес дәуірінде қалыптасып үлгерсе, қазіргі кезде интернет, компьютердің келуімен қағаздың ысырап болуы едәуір өспесе, кемімегені шындық.

Қазақ әдебиетіндегі еркіндіктің болмауынан кезінде дұрыс баға берілмегендігін «Даму мен дағдарыс» эссесінде көтереді. «Бүгінгі біздер үшін ақиқатты біліп, қасіретті айтып жылау да – жұбаныш. Бәрінен де марапатқа мәз болып, қолпаш сөзге қол соғып, ұрандатып, уралап өте шыққан ұрпақты

айтсаңызшы! «Бай менен молданы қойдай қу қамшымен...» Ура! «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын! Ура! «Троцкийшіл-бухариншіл жау элементтерінің көзін құртайық!», «Жасасын Сталин!» «Бар күшімізді тың игеруге жұмсайық!», «Коммунизм дегеніміз – химия!», «Ел байлығы – елу миллион!» Бәріне – ура! Бүгін жоғалтқанымызды жоқтаймыз. Ал жоғалтқанымыз жеткілікті. Біз – ең әуелі, жарты ғасырға жуық уақытта жарты шындығымызды жоғалтқан халықпыз» [34, б.109]. Демек, кеңес дәуірінің соңғы жылында айтылмаған шындықтардың беті ашылып, ой-сана еркіндігі пайда болып, парадигмалардың ауысымын көреміз. Сайып келгенде, Д. Әшімханның кеңес кезіндегі көсемсөзінен әлеуметтік мәселелерді жиі көтергенін бағамдаймыз.Қала, ауыл тіршілігі, тәрбие, адамгершілік, бала, жастар тәрбиесіне аса көп көңіл бөлген. Ол өзінің проблемалық мақалаларында сұхбатқа жиі жүгініп, фактілерді келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар өзінше болжамдар жасайды. Негізінен, қаламгердің замансөзіне көбінесе верификация тән болып келеді. Оқырманға ой, сауал тастау көсемсөзшінің қолданатын негізгі тәсілдерінің бірі деуге болады. Оның көсемсөзі көбінесе өзі куә болған оқиғалар негізінде жазылады.

Жоғарыда аталған ақын-жазушылардың көсемсөзін қорытындылай келгенде, кеңес кезеңіндегі ақын-жазушылардың жанрлық мәтіндеріндегі парадигмалық ерекшеліктерінің көріністерінен мынадай авторлық концепцияларды алға тартамыз:

Ә. Кекілбайдың көсемсөзі бойынша:

- кеңес өкіметі және тәуелсіздік тұсындағы публицистикасындағы ой-сана ауысымына мән берер болсақ, бүгінгі айтқан ұлт мүддесі жайлы ойларының қайнар бұлағы кеңес дәуірінде бастау алғанына көз жеткіздік;

- жазушы көсемсөзінде өз заманына сай мынадай идеологиялық сөздерді қолданған: коммунистік моральдің салтанат құруы, Ұлы Октябрь жемісі, совет адамдары өз қоғамын сүйеді және т.б.

- көсемсөзшінің кеңес дәуірінде көтерген негізгі тақырыптары: туған жерінің тарихы, қазба байлығы, қазақ өнері, әдеби сын;

- кеңес дәуіріндегі кейбір көсемсөзінде қазақ елінің тәуелді болып отырғанын астарлап жеткізеді.

М. Мағауиннің көсемсөзі бойынша:

- көсемсөзшінің әдебиет сыншысы, зерттеушісі ретіндегі ой-санасы кеңес өкіметінің әдебиетке қойған талаптарына тәуелсіз болғандығы;

- көсемсөзші алпысыншы жылдардың өзінде-ақ қазақ поэзиясы мен прозасы саласында сындар айтып, жас та болса, өзінің әдебиетсаласының теориялық тұрғыдағы білгірі екендігін танытқан;

- қаламгердің азаматтық ұстанымының сол кезден-ақ өзгеше болғандығы, оның бүкіл шығармашылығының арнасы ұлттық мүддемен қабысып жатуы;

- көсемсөзшінің кеңес дәуірінде қалам тартқан тақырыптары: әдеби сын, әйел мәселесі, тарих, зұлмат жылдарындағы ашаршылық.

О. Сәрсенбаевтың көсемсөзі бойынша:

- тәуелсіздік кезіндегі көсемсөзі мен кеңес заманындағы қаламгердің ой-санасы арасында алшақтық білінбейді, қай заманда да жазушы ұлт мүддесін көкейінде ұстаған;

- жазушының тәуелсіздік кезеңінде жазған «Адамның құны қанша» рисалалар жинағындағы рухани құндылықтар туралы ойлары кеңес өкіметі дәуірінен бастау алғанына көз жеткіземіз;

- компартияны мадақтайтын ұранды сөздерді бұл көсемсөзші де қолданған. Мысалы: коммунистік мораль принциптерінің салтанат құруы, коммунистік этика мен эстетиканың ұрығын себу;

- көсемсөзші кеңес дәуірінде ауыл, білім, мектептегі әдебиет пәнінің сағатын көбейту, мұғалім мәртебесі, жастар тәрбиесі, қоғамның рухани кеселдері мәселесіне баса көңіл бөлген.

Д. Әшімханның көсемсөзі бойынша:

- көсемсөзші кеңес кезіндегі замансөзінде әлеуметтік мәселелерді жиі көтерген;

- қала, ауыл тіршілігі, тәрбие, демография мәселесі, қағазды үнемдеу, білімді, ұлтжанды жұмысшыларды үлгі ету, адамгершілік, бала, жастар тәрбиесіне аса көп көңіл бөлген;

- қаламгер өзінің проблемалық мақалаларында сұхбатқа жиі жүгініп, фактілерді келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар өзінше болжамдар жасайды;


- қаламгердің замансөзіне көбінесе верификация тән болып келеді. Оқырманға ой, сауал тастау көсемсөзшінің қолданатын негізгі тәсілдерінің бірі деуге болады.

- жазушының көсемсөзі көбінесе өзі куә болған оқиғалар негізінде жазылады.

Әр қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән психологиясымен қоса жазу мәнері, стилі болатыны белгілі. Олар саусақ папиллярлары сияқты бір-біріне ешқашан ұқсамайды. Біз бұған көсемсөздегі «папилляризм стилистикасы» деген атау бердік. Жоғарыдағы біз ұсынған жеке-жеке тұжырымдамалар осы «папилляризм стилистикасына» дәлел бола алады.

Жалпы, тәуелсіздік жылдардағы көркем көсемсөзді зерттеп жүрген ғалым Н. Ақыш қазақ көсемсөзінде ұлттық, жалпыадамзаттық, рушылдық парадигмалардың қалыптасқандығын айтады. Зерттеу мақалаларында қаламгерлердің көсемсөзіне осы аталған парадигмалар тұрғысынан талдау жасайды. Ғалым: «Тәуелсіздік жылдарында жалпы адамдық және ұлттық парадигма шеңберінде жазылған осындай сипаттағы көсемсөз үлгілерінің толық бір шоғыры өмірге келді. Олардың баршасына зер салып, салиқалы талдаудың өзегіне айналдырып шығу да оңай-оспақ шаруа емес» [16, б. 511] деген пікір білдіреді.

Қазақ ақын-жазушылары көсемсөзіндегі парадигмалар ауысымы себеп-салдарын анықтау және саралау міндетін жүзеге асыру мақсатында біз зерделеген ақын-жазушылардың көсемсөзі бойынша төмендегідей парадигмаларды ұсынамыз (сурет 1).



Сурет 1 – Ақын-жазушылар көсемсөзіндегі парадигмалардың түрлері

Қорыта келгенде, сана толыса бастағаннан кейін ұлттық, жалпыадамзаттық, рушылдық парадигмалар түрінен басқа да парадигмалардың қалыптасқанына көз жеткіздік. Бұл дегеніміз қазақ көсемсөзінің қаншалықты қарқынды даму, ілгерілеу сипатын көрсетсе керек. Қазақ көсемсөзінің тәуелсіздік жылдарындағы өркендеу жолы осындай түрлі парадигмалардың дүниеге келуімен сабақтасып жатыр.

1.3 Қазақ қаламгерлері жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігі

«Баспасөздің жанрлық мәтіндері қоғамдық құбылыстарды зерттеудегі кең тынысты дерек көздерінің бірі болып саналатындықтан» [4, б.230] қазақ қаламгерлері жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігі тұрғысынан қарастыруды қажет етеді.

Жанрлық мәтіндер деу себебіміз, біріншіден, ақын-жазушылар өздерінің ерекшеліктерін, логикалық, тілдік өлшемдерін, соны сөз қолданыстарын, шешендігі мен сөз саптауларын белгілі бір жанр түрінде жеткізеді. Сондықтан да «жанр мәтіндерін, ойлы, сапалы журналистиканы, теориялық

байыптамаларды халық арасынан жарып шыққан жеке шығармашылық тұлға жасайды» [4, б. 87].

Жеке шығармашылық тұлға демекші, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзін өркендету жолында ақын-жазушылар өздерінің тікелей міндетінен басқа, шығармашылықтан тыс журналистердің де қызметін бірдей атқарды.

«Мәтінді жанрдан, журналистика пішінінен тыс қарауға болмайды, өйткені жанр мәтіндік мағына ұйыстырады, белгілі бір мағыналық шекараны тұйықтайды, сөйтіп, мәтін жанрлық сипатқа көшеді» [4, б. 240], – деген пайымға сүйенсек, қазіргі кезде жанрлық мәтіндердің табиғаты эссе, рисала, очерк, естелік, ғылыми-танымдық, зерттеу мақалалар төңірегінде өрбиді.

Жалпы жанрлық мәтін турасында сөз болғандықтан, жанр ұғымы, жанрлық мәтіндердің өткені мен бүгіні туралы сөз қозғаған заңды болмақ.

Жанр хақында ғалым Б. Жақып: «Қазақ публицистикасының теориясын қалыптастырушы ғалымдар да жанр мәселесіне баса көңіл бөлді. Профессор М. Барманқұлов өз зерттеулерінде баспасөз, радио, телевизия жанрларының салыстырмалы анализін жасады, жанрлар эволюциясы туралы соны ойлар айтты. Профессор Т. Амандосов өз еңбектерінде публицистика теориясы хақында ғылыми жүйелі тұжырымдар жасады. Публицистика жанрлары туралы сөз қозғағанда публицистика әдебиеттен бөлек, дербес пән екендігін анықтай кетуіміз керек. Публицистика дербес пән болғандықтан, оның мазмұны, формасы мен әдісі және функциясы бар. Сөйтіп, публицистикалық шығармалар мынадай үш түрлі жүйеге бөлінеді: публицистикалық хабар, талдамалы және көркем публицистикалық жанрлар» дей келіп, хабар жанрларына: заметка, репортаж, есеп, сұхбат, талдамалы (аналитикалық) жанрларға: корреспонденция, мақала, рецензия, шолу және баспасөзге шолу, хат (письмо); публицистиканың көркем жанрларына: очерк пен сатиралық жанрларды (памфлет, пародия, эпиграмма, фельетон) жатқызады.

Зерттеуші Б. Жақып Т. Қожакеевтің жанрлар жүйесін хабарлама, талдамалы, көркем-публицистикалықдеп үш топқа бөліп қарастырады [3, б. 398].

Сондай-ақ, ғалым «Публицистикалық шығармашылық негіздері» еңбегінде 1917-1990 жылдардағы көсемсөз табиғатын талдап, кеңес дәуіріндегі публицистиканы тегіне және түріне қарай жіктейді. Мәселен, көсемсөздің тегін үш топқа бөледі: ақпараттық-оқиғалы публицистика; талдамалы публицистика; көркем публицистика. Ал көсемсөздің түріне қоғамдық-саяси, экономикалық, моральдық-этикалық, әдеби, сыни, ғылыми-танымдық, әскери публицистиканы жатқызады. Жанрлық тұрғыдан былайша топтайды: ақпараттық-оқиғалы публицистика тобына: заметка (қазіргі кезде ғалым К. Қамзиннің ұсынысымен «байқам» деп айтылып жүр – автор Г.Ж.), есеп, репортаж, сұхбат; талдамалы публицистика тобына: корреспонденция, мақала, шолу, рецензия, баспасөзге шолу, хат (эпистолярлық жанр ретінде), түсіндірме (комментарий), қамту (обозрение), саяси портрет, журналистік тексеріс; көркем публицистика тобына: суреттеме, очерк, эссе, фельетон, памфлет жанрлары.

Публицистикалық шығармаларды стильдік жағынан сегіз түрге жіктейді. Олар: *полемикалық (қақпайлы), үгітшілік, насихатшылық, сатиралық, эпистолярлық, талдамалы-сыни, деректі, іскерлік публицистика*. Бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуына қарай *газет публицистикасы немесе баспасөздегі публицистика*, *радиопублицистика*, *телепублицистика*, *фотопублицистика*, *кинопублицистика* деп жіктейді.

Ал қазіргі кезеңге, яғни тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөздің жанрларына келетін болсақ, ғалым-теоретик К. Қамзин «Публицистика жанрларының эволюциясы» атты зерттеуінде алты топқа, отыз жеті түрге бөлген. Мысалы, бірінші деректі-ақпараттық жанрлар тобына: *мақал-мәтел, тұрақты тіркес, қазіргі қанатты сөздер, дәстүрлі (стандартты) ақпарат, байқам (заметка), құлаққағыс (реплика), хабарландыру, құттықтау, қазанама, аннотация, сұрақ-жауап, кеңес, аңдатпа (анонс), дайджест,* екінші *деректі*-сипаттаушы жанрлар тобына: *дәстүрлі репортаж, дәстүрлі сұхбат түрлері, корреспонденция түрлері, есеп түрлері, түсіндірме (комментарий),* үшінші деректі-талдамалы жанрлар тобына: *талдамалы репортаж, жайылма сұхбат түрлері, саяси портрет, қамтыма (обозрение), кезеңсөз, рецензия,* төртінші деректі-зерттемелік жанрлар тобына: *мақала түрлері, хат түрлері, хатқа шолу түрлері, баспасөзге шолу түрлері, журналистік айқындама (журналистское расследование)*, бесінші деректі-бейнелеуші (образды) жанрлар тобына: *суреттеме, очерк түрлері, фельетон түрлері, тұрмыс-тіршілік оқиғалары, пародия, сатиралық жазбалар*, алтыншы деректі-дүниепайымдық жанрлар тобына: *памфлет түрлері, рисала (эссе) түрлері, ғылыми мақала түрлерін* жатқызады. Мұндай жіктеулерден біз тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ көсемсөзінің қаншалықты қарқынды даму үстінде екенін бажайлаймыз. Сонымен қатар, ең маңыздысы – жалпы қазақ көсемсөзіндегі жанрлар эволюциясын жаңаша, тұшымды жүйелеп, жіктеген алғашқы зерттеу еңбегі екендігі күмәнсіз.

Жұмысымыздың зерттеу нысанына алынған ақын-жазушылар көсемсөздің тектік, түрлік және стильдік тұрғыдан түрлі жанрда қалам тартқан дей аламыз. Мысалы, түрлік жағынан алғандағы типологиясы бойынша:

- қоғамдық-саяси публицистикаға және деректі-дүниепайымдық жанрлар тобындағы ғылыми мақала түрлеріне Ә. Кекілбайдың, М. Қабанбайдың;
- деректі-талдамалы жанр бойынша жайылма сұхбат түріне Н. Оразалиннің;
- моральдық-этикалық публицистикаға және деректі-дүниепайымдық жанрлар тобындағы рисала (эссе) түрлеріне О. Сәрсенбаевтың;
- сыни публицистикаға және деректі-сипаттаушы жанр бойынша дәстүрлі сұхбатқа Д. Әшімханның;
- көркем публицистика бойынша эссе жанрына С. Иманасовтың;
- ғылыми-танымдық публицистикаға М. Мағауиннің;
- деректі-бейнелеуші (образды) жанрлар тобындағы очерк түрлеріне Е. Раушановтың көсемсөзін жатқызуға болады.

Қазіргі кезде әлемдік тұрғыдан көз жүгіртер болсақ, көсемсөздің түрлері жағынан дамуы әрқилы жолдармен жүзеге асырылып жатыр. Заманға сай жеке-

жеке сала ретінде бой көрсетіп, қалыптасуда. Мәселен, посткөсемсөз, IT көсемсөзі, елтану көсемсөзі, қылмыстық көсемсөз, медициналық көсемсөз, діни көсемсөз, әскери көсемсөз, тарихи көсемсөз, көркем көсемсөз, бейнелік көсемсөз, биографиялық көсемсөз, музыкалық көсемсөз, театр немесе өнер көсемсөзі, экономикалық көсемсөз, спорт көсемсөзі, қоғамдық-мәдени көсемсөз, патриоттық көсемсөз сияқты түрлерін атауға болады.

Б. Жақып көсемсөздің атқаратын қызметі туралы: «Кеңестік дәуірдегі қазақ публицистикасы ағартушылық, үгітшілік, насихатшылық, ұйымдастырушылық, әшкерелеушілік, анықтамалық, жарнамалық, танымдық функцияларды атқарды» [3, б. 400] – десе, К. Қамзин: «Көсемсөз шығармалары қай дәуірде, қай қоғамдық формацияда, қай билеушінің тұсында болмасын, өзінің ақпараттық, насихаттық, ағартушылық, ғылыми-танымдық, идеологиялық, тәрбиелік, рекреативтік және реттемелік-ұйымдастырушылық қызметінен көз жазған емес» [4, б. 405]. – деген пікір білдіреді.

Біздіңше, жалпы тәуелсіздік кезеңінде танымдық, креативтік, ғылыми, тарихи, ескіні жаңғырту, ұлттық руханиятты, ел мен жерді дәріптеушілік, әлеуметтік, тұлға мен қоғам арасындағы қатынас, нақты өмір шындығына баға берушілік сияқты көсемсөз функцияларының да алға шыққандығын айта кеткен жөн сияқты.

Яғни көсемсөзшілер өздерінің замансөз туындыларымен аса маңызды әлеуметтік қызмет атқарады. Қаламгер-публицистер қиын қыстау жағдайлардан шығуға, мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Бүгінгі күні ұлттық руханиятымызды жаңғырту кезегінде ақын-жазушыларымыз көсемсөз саласында аянбай еңбек етіп, қос бірдей ғылымның жүгін арқалап, ұлттық көсемсөз кеңістігіндегі тарихи зәруліктің орнын толтыруда. Оны біз көсемсөзшілердің түрлі жанрлық мәтіндерінен және көсемсөзді тақырыптық және формалық тұрғыдан ілгерілетіп, байытуларынан көреміз.

«Кеңестік дәуір кезеңдерінде қазақ публицистикасының әр жанры әр түрлі деңгейде баспасөзден орын алып отырды. 20, 30-шы жылдары заметка, хат, мақаланың проблемалық түрі, фельетон сияқты публицистика жанрлары көбірек көрініс тапты. 40-шы жылдары публицистикалық мақала, памфлет, үндеу, рух көтеруге бағытталған хаттар түріндегі публицистика ерекше дамыды. 50, 60, 70-ші жылдары очерк, өз дамуының биігіне жетті. 80-ші жылдары сұхбат жанры мен репортаж кең қолданылды. Кеңестік дәуірдің барлық кезеңдерінде де заметка, корреспонденция, есеп, бас мақала, рецензия, шолу, баспасөзге шолу, мақала жанрларыбаспасөз бетінен түскен жоқ. Мұның бәрі де дәуір мазмұны – сол дәуірдің өзіне тән түрді қажетсінетіндігінің айқын көрінісі» [3, б. 401].

Ал тәуелсіздік кезеңінде жанрлар заман ағымына сай жоғалып, кейбіреулері қайта бой көрсетіп жатса, енді біреулері барынша көркем көсемсөздің аясын кеңейтіп, жаңа жанрлар легі қалыптасты деуге болады. Мәселен, рисала, эссе, натуралистік очерк, ғылыми-танымдық мақалалар және т.б.

Кенес заманында портреттік очерктің белең алғаны белгілі. Қойшы,сауыншы, тракторист және т.б. болсын, әйтеуір бір адамның бет-бейнесін, болмысын, еңбегін мақтау бірінші орынға шыққан еді. «Бұрынғы кеңестік дәуірдегі кіл мақтау мен марапатқа құрылатын портреттік очерктер мүлдем жарияланбайтын болды. Оның орнына шағын суреттемелер берілетін болды» [3, б. 442]. Демек, көсемсөзге идеологияның да әсері бар, идеологияға байланысты публицистикалық мәтіндер де өзгеріп отыратыны даусыз.

Қазақ қаламгерлерінің жанрлық мәтіндеріне зер салсақ, өткен мен бүгін бірлігін аңғарамыз. Мысалы, Ә. Кекілбайдың «Қазақ әдебиетінде» 1970 жылы жарық көрген проблемалық очеркікүйші Қали Жантілеуовке арналған.Оның өнердегі алатын орнын, қазақ күйінің дамуына елеулі үлес қосқандығын былайша жан-жақты саралап береді. Мәселен, «Қалимен бірге қазақ музыкасына Дәулеткерей, Баламайсаң, Мәменнің күйшілік мектебі келді. Ол – біздің жаңа мәдениетіміздің негізін салған, бір ғасырдың күйін екінші ғасырға, бір ұрпақтың сырын екінші ұрпаққа, бір өлкенің өнерін екінші өлкеге жеткізген алтын көпір тәрізді ардақты буынның, қазақ совет мәдениетінің ата буынының өкілі. Қалидың домбырасы Құрманғазы, Дәулеткерей, Баламайсаң, Мәмен, Түркеш, Сейтек, Қауен күйлерін қазақ даласының шар-тарабына түгел тыңдатты. Қали – дүлдүл орындаушы. Дәулеткерей, Баламайсаң, Мәмен күйлерін тап ондай жеріне жеткізіп, бар нәр, бар әрін сарқып орындайтын өзге күйші табылмайды десек, артық айтқан болмаймыз» [35, б. 2].

Ә. Кекілбай қадірменді ұстаз, өзіне тән күйшілік мектепті қалыптастырған, музыкалық училищеде он жыл, өнер институтында он екі жыл ұстаздық еткен Қ. Жантілеуовке педагогикалық атақ-дәреженің берілмеуін проблема ғып көтеріп, сынға алады. Бұдан біз жеке бастың мәселесімен қатар сол кездегі бүкіл халық мүддесіне тиесілі жағдайды көреміз. Автор мұндай әйгілі күйшінің бағаланбауын әділетсіздік деп есептейді.

Ә. Кекілбай ұлттық өнерді дәріптеп қана қоймай, зерттеуге ден қойған. Айталық, қандай күй қалай келгендігін, күйшілер мектебінің өкілдері күйлерді кімнен үйреніп, әкелгендігін, тарих қойнауларына дейін үңіледі. Күй өнерінің, күйшілер мектебінің тарихын жете білетіндігін аңғарамыз. Бұл очерк қазақ мәдениетіне қосылған сүбелі үлес деп айтуға әбден болады.

Ә. Кекілбайдың осы іспетті мақалаларынан оның өнертанушы екендігін де бағамдауға болады. Бұл мәселе қай заман болсын қазақ ұлтына қажет дүние. Өйткені, қазақтың күй өнері қазақ ұлтымен бірге жасасып келе жатқан ұлттық мұра. Ә. Кекілбай көтеріп отырған бұл мәселенің төркіні кеңестік идеологияға барып тіреледі. Осы проблемалық очеркке қарап қазақ өнерінің бағалануы өз деңгейінде болмағанын байқаймыз. Қазір тәуелсіздік алғалы бері ұлттық мұра, мәдениет, өнерді қайта жаңғырту, жариялау, насихаттау, қалпына келтіру сияқты іс-шаралар көптеп атқарылуда.

Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ өнеріне, мәдениетіне қатысты былай деген еді: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі

қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [36].

Д. Әшімхан өнер арқылы қазақ рухын көтеру мәселесін қозғаған очеркінде: «Әзірге біздің халыққа жетпей жатқан да осы – рух. Оны әркімдер әр қандай жолмен үнемі басып отырғаны белгілі. Енді егеменді ел болған кезде ең бірінші біз сол езілген еңсе мен басылып қалған рухты қайта көтеруіміз керек» [34, б. 378].

Көсемсөзші ұста өнер иелерінің азайғындығын көтереді. Ағайынды Қалменовтер туралы сөз болады. «Жапонияда қолөнер шеберлері елдің қай жерінен шеберхана ашам десе, қайда барып тұрам десе – ерікті дейді. Бұның өзі мемлекеттің заңдарында көрсетілген көрінеді. Өйткені жапондықтар өз тарихын, өз дәстүрін, байырғы салт-ғұрыптарын құрметтеу арқылы кейінгі ұрпаққа ұлттық, адамгершілік тәрбие беруді мұрат тұтса керек. Бұны біз де үлгі етсек қандай ғанибет болар еді» [34, б. 380].

Бұдан түйетінміз – тәуелсіздік алсақ та біз барымызды бағалай алмай отырмыз, бұл тұрғыдан Жапонияны үлгі тұтуымыз керек.Кеңестік дәуірдегі ұлттық мұраға қатысты мәселелерді сол кездегі идеологияның салдары деп қабылдағанымыз рас. Ал қазір мұндай мәселелер әлі де толық шешімін таппай келеді.

Д. Әшімханның тіл білімне жетік шопан туралы очеркінде қарапайым адамдардың ішінде де оқыған, тоқыған білімдар адамдар болатындығын қозғайды. Демек, арнайы білім иесі болмаса да, ұлтжанды, білімді адамдардың ізденудің нәтижесінде зиялы адамдардан кем емес екендігін білдіреді [34, б. 432]. Кеңес дәуірінде қой шаруашылығы бүкіл Қазақстан жерінде қарқынды түрде жүзеге асты. Сондықтан шопандарды баспа беттерінде мадақтап, көбінесе очерк жанрында материалдар жариялап отыру сол заманның ынталандырудың бір тәсілі болды. Кеңес өкіметі тұсында Қазақстан ет, жүн, тері сияқты шикізат өндіруші ел болғандықтан, мұндай саясаттың мақсаты да белгілі еді.

Осындай очерктердің жазылу себебін ғалымдардың пікірімен түсіндірсек, мынадай ой түйеміз: кеңес дәуірінде *очерк* жанрықоғамдық-экономикалық жүк көтерді. Ғалым К. Қамзин очерктің жанр ретінде зерттелуін отызыншы жылдардан басталғанын, очерк термині орыстың «очи» деген зат есімінен шыққанын дәлелдейді. Кеңес дәуірінде, әсіресе отызыншы жылдары очерк жанрында қазақ ақын-жазушыларының өнімді еңбек еткенін айта келе, І. Жансүгіровтің «Жол аузында», «Шоқпардың шоқтығында», «Төрт жолдың торабы» очерктерін жазса, Б. Майлин «Социалистік Қазақстан» газетінің өзінде жиырмаға жуық очерк жариялағанын алға тартады. Сонымен қатар сол кездегі очерктің маңыздылығы мен қызметіне былайша баға береді: «Бұл жанрдың осылайша жедел жандануы, көркеюі қазақ елінің индустриялық, аграрлық бет-бейнесін өзгерту жолындағы әртүрлі саяси-экономикалық шараларға тікелей байланысты еді. Қаламгерлер бұл жанр материалдарын қозғаушы күш деп түсінді, сондықтан тақырып таңдарда республика әл-ауқатына елеулі үлес қосар

өндіріс ошақтарына, ауылшаруашылығы ұжымдарына жиі-жиі ат ізін салды» [13, б. 125].

Қазіргі кезде мұндай еңбеккерлерді дәріптейтін очерктер азайып кетті. Есесіне теледидардан әртүрлі бағдарламаларда көрсетілетін болды.

Д. Әшімхан телефонмен тілдесу әдебі туралы очерк мақаласында телефонмен сөйлесу мәдениеті жайлы сөз қозғайды. «Телефонмен сөйлесу де – өнер. Оның түбі – мәдениет. Кейде жүзін көрмесең де сөйлескен адамның кім екенін, мәдениеті мен тәрбиесі қандай деңгейде тұрғанын телефон арқылы да шамалап сезесің. Телефонмен сөйлескенде, сөздің қысқасы жақсы» [34, б. 468]. Бұл мәселе қазіргі күнде ұялы телефонмен алмасты десек те болады. Кеңес дәуірінде коммуникация құралы тек қана үй телефоны болса, бүгінгі күні интернеттегі әлеуметтік желілер, электронды пошта, уатсап, инстаграм және т.б мультимедиялық құралдар арқылы адамдар байланыс жасағанда әркім өзінің мәдениетін танытып жатады. Д. Әшімхан көтерген «біреудің уақытын алмау» деген мәселе қазір мәнісін жойған секілді. Сондықтан қазір көпшілік қауым уақыттарын босқа өткізетін халге жетті. Көсемсөзшінің қозғаған бұл тақырыбы қазіргі күнде де өзектілігін жойған жоқ деуге болады.

Қазіргі кезде очерк жанрында қалам тербеген ақын-жазушыларымыз баршылық. Әсіресе, өлеңмен қатар очеркті алып жүрген Е. Раушанов, Ұ. Есдәулет, Қ. Түменбай және т.б. қаламгерлерімізді атауға болады. Осының ішінде Е. Раушановтың натуралистік очерк жанрында қалам тартып жүргенін айтуға болады. Бұл туралы кейінгі тарауда арнайы тоқталамыз.

Қорыта келе, очерк жанрының қазіргі күнде кеңес өкіметі кезеңіне қарағанда саябырлап қалғанын байқаймыз. Очерк жанры идеологияның ауысуына байланысты өз қызметін өзгерткенін аңғарамыз. Бұрынғыдай өкіметтің тапсырмасымен біреуді мадақтау үшін жаппай науқаншылдықпен очерк жазу қазіргі кезде кездеспейді. Әр қаламгер өз қалауымен қалаған тақырыбында жазатын болды.

Эссе жанрын сөз ететін болсақ, кеңес дәуірі кезінде бұл атау мүлде қолданылмады десе де болады. Бұл жанр тәуелсіздік кезеңінде қарқынды дамыды, мол нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінде эссе жанры тек публицистиканың жанры ғана емес, мектеп, жоғары оқу орындарының бәрінде сынақ, шығармашылық жұмыс ретінде талап етілетін болды.

Зерттеуші Н. Ақыш атап өткендей, бірнеше әдіс-тәсілдерді бойына жинаған, қазіргі заманауи талап пен сұранысқа ие эссе жанры ұлттық көсемсөзімізді жандандыра түсті. Мысалы, С. Иманасов, Т. Медетбек, Ұ. Есдәулет, Қ. Түменбай, А. Мұқибек, Б. Омарұлы және т.б. көсемсөзшілерді атауға болады.

Ә. Кекілбай бүгінгі күнде әлемдік көкейтесті мәселе болып табылатын кітап оқу дағдарысы тақырыбына арналған көлемді эссе жазды. Тәуелсіздік алғалы бері кітап оқу үрдісі азайып кеткендіктен Қазақстанда республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен және ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы

бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Бұл тақырыпты зиялы қауым баспа бетінде көптен бері көтерілуде.

Ә. Кекілбай осы тақырыпты бастамас бұрын әдетінше жазудың шығу тарихына тоқталады. Көне дәуірдегі руна жазуы, сурет жазу (пиктография), аборигендердің сурет хаты, шумерлер ойлап тапқан логограмма, идеограмма, бабыл жазуы, Авеста, ұйғыр, моңғол, манжұр жазуларына шолу жасайды.

Көсемсөзші кеңес өкіметі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі аралықтағы кітап шығару мәселесін бір-бірімен салыстыра келіп, байлам жасайды: «Экономикалық қиыншылықтар тұсында ең оңбай тұралаған – ұлттық кітап басу саласы екені рас. Ол азын-аулақ қайта басылған шығармалар болмаса, кәсіби авторлардың атымен айырылып, бұрын әдебиет маңына жоламайтынәуесқой немесе мақтанқұмар жазғыштықтың қанжығасына бөктеріліп кетті» [37, б. 202].

Теңіздің суы тамшысынан білінеді. «Қанжығасына бөктеріліп кетті»деген фразеологиялық бейнелі қолданыстан автордың сөз саптау машығына тән шешендік қыры танылады. Кеңес өкіметі кезінде кітап шығару оңай шаруа емес еді. Жазушылар одағында шығарма талданып барып, баспаға ұсынылатын. Ал қазір ақшасы бар адамның кез келген кітабын баса беруіне болады. Мұндай кітаптарға ешқандай қадағалау, тыйым жоқ. Мұндай жағдайлар оқырманды бездіріп, кітап оқу мәдениетінің төмендейтіні рас. Автор да кітап басу мен сатудың білім беру мен денсаулық қорғау сияқты стратегиялық міндеттердің қатарында тұру керектігін алға тартады.

Автор кітап басу ісіне мынадай ұсыныс білдіреді: «Кітап басу сынды әрі интеллектуалдық, әрі техникалық, әрі менеджменттік күш-жігерді қажетсінетін күрделі үдерісті ойдағыдай шешпей тұрып, авторлық еңбекті әділ бағалау мәселесі шешілмейді» [37, б. 205]. Көсемсөзшінің бұл пікірін қазіргі ақын-жазушылар мен ғалымдардың, жалпы кітап шығарушы зиялы қауымның құптайтыны анық. Тоқсаныншы жылдардағы киындыққа қарамай, қазақ ақын-жазушыларының небір тамаша туындылар жазғаны белгілі. Мысалы, Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парызы», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», т.б. шығармаларды атауға болады. Бұл қаламгерлер еңбектеріне қаламақы алмаса да, халық алдындағы азаматтық парыздарын орындаған секілді. Осы айтылған пікірімізді Ә. Кекілбайдың мына ойы қуаттай түседі: «Біздің қауым қаламгерлерді қаламақысыз-ақ шедеврлерді үсті-үстіне тоғыта беретін көңілшек сауын сиырлардай көреді» [37, б .205].

Автор кітап оқудың адам санасына әсері жағынан техникадан мықты екеніне бір қызық мәлімет келтіреді. АҚШ ғалымдары жүргізген зерттеулері бойынша телебейне, радио және кітаптың адамның миына әсері әртүрлі болып келетіндігіне назар аударған. Соның ішінде кітап оқу адам миын үздіксіз жұмыс істетеді екен. Демек, қазіргі компьютер, интернет кітап оқуды ығыстыра алмайды. Ә. Кекілбайдың өз сөзімен айтсақ, «Сөйтіп, техника мәтіннің бәсекелесіне емес, қолғанат жәрдемшісіне айналды» [37, б. 205], – дейді

Көсемсөзшінің «Өркениет өзегі»эссесінен тұжырымды қадау-қадау ой түюге болады: Ә. Кекілбай жазудың шығу тарихына үңіліп, көптеген құнды

деректер келтірген. Гутенбергтен басталған типографияның әлемдік масштабтағы даму тарихына шолу жасайды. Жазулардың әлем бойынша қолданылу көрсеткішін анықтайды. Латын, түбірлік-қытай, буындық-үнді, араб, кириллицажазуларын ең көп, ал грек, еврей, эфиоп, гүржі, эрмен жазуларының қолданылу жағынан ең аз үлес алатындығын көрсетеді. Қазіргі әлемдегі ең өзекті мәселе – кітап оқу дағдарысын сөз ете келе, оның кейбір себеп-салдарларына тоқталады. Кітап оқу дағдарысын шешу жолдарына байланысты өз ұсыныстарын білдіреді. Қазіргі техниканың кітап оқуды ығыстыра алмайтындығын зерттеулермен дәлелдейді.

«Түркістан тағылымы»атты тарихнамалық эсседе Ә. Кекілбайұлы бір Түркістанды айту үшін сонау тіршіліктен бастап, географиялық, тарихи деректерді келтіреді. Түркістан қаласының орналасқан жерінің ерекшелігіне тоқталады. Түркістанның ең алдыңғы шебінде болғандығын дәлелдейді.

Оғыз тайпасы, оғыз мемлекеті туралы тарихи деректер береді. Оғыздардың пайда болу тарихына, оғыздардың астанасы қазіргі Түркістан болғандығын тілге тиек етеді. Осман империясының қалай құрылғандығын айтады» [38, б. 7226].

Көсемсөзші тарихи деректерді келтіре отырып, кейбір сөздердің шығу төркініне де тоқталып, тың мәліметтер келтіреді. Мысалы: «Пешене «маңдай» деген ұғымды білдіреді. «Пешенеме жазылған», «бесенеден белгілі» дейтін қағида да содан шыққа керек. Пешенелер – қаңғар одағының маңдай алдында жүретін тайпа» [37, б. 63].

Ономастика саласы үшін де құнды бір дерек келтіреді. Павлодар қаласының қазақша атауы «Кереку»«Коряково» деген сөзден емес, көне түріктің «Кереку» – «кереге» деген сөзінен шыққандығын дәлелдеп береді. «Кереге» сөзінің өзі қынықтардың (қынық – тайпа аты) Керекуші қожа деген талдан кереге иіп үй жасайтын шеберден шыққандығын пайымдайды [37, б. 66].

2000 жылдардың ортасында Павлодар қаласында қаланың атауын Керекуге ауыстыруға ұсыныс жасалғанда, басқа ұлт өкілдері осы сөздің этимологиясын іздеген болатын. Олар «Кереку үш қайнаса сорпасы қосылмайтын үнді (индеец) тайпалары көсемінің аты» деп дау шығарған еді. Осы орайда көсемсөзшінің бұл мәліметі тың ғылыми дерек деп санаймыз.

Талай тарихи оқиғаларға куә болған Түркістан жерінің қымбат жәдігер екенін, ұлттық мақтанышымыз екенін түсіндіреді. Әбіш Кекілбай мың жарым ғасыр ішінде Түркістан айналасында болған саяси-тарихи оқиғаларға талдау жасайды.

Көсемсөзші өз зерттеуінде кейбір сөздің этимологиясын түсіндіре кетеді: «Баран – көне түркі диалектілерінде қой-ешкі деген ұғымды білдіреді. Үйлі-баранды деп сөйлеу соны аңғартады. Қазақтар малға байланысты қаралтым түсті – баран дейді» [37, б. 66].

Түркістан жерінде бастау алған түркілердің басқа діндегілерге үстемдігі және ислам дінінің таралуын былай сипаттайды: «Оғыздар екі тарихи процеске бастамашылық етті. Олар теріскей Еуразияның едәуір бөлігінің түркіленуінің

және мұсылмандануының тездетушісі болды. Бұл процестердің өрбіген кіндігі оғыздардың рухани астанасы болған қазіргі Түркістан атырабы еді» [37, б. 68].

Кеңес дәуірінде оғыз тайпасы, оның Осман империясына қатысы туралы мұндай тың деректерді айтуға мүмкіндік болмады. Жазушы тәуелсіздік кезеңінде қазақ жеріндегі Түркістанға қатысты түркілер тарихы туралы терең білімін эссе жанрында көсіле отырып жеткізеді.

«Түркістан тағылымы» мақаласынан мынадай қорытынды жасауға болады: Ә. Кекілбай өзіне тән стиль бойынша Түркістан жеріне тоқталмас бұрын тіршіліктің түп бастауына үңіледі. Аспан қабаттарына, жалпы жер шарының физикалық географиялық ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталады. Жалпы көшпелі мал шаруашылығының қай дәуірде дүниеге келгендігі туралы сөз қозғайды. Батыс түрік қағанатының құлауы, Оғыз ханның дүниеге келуі, оғыздардың этнос ретінде Жетісуда қалыптасып, Түркістанда мұсылмандықты қабылдап, жеңіске жете бастағанын, арғысы Осман империясы, бергісі Қазақ хандығының құрылуына негіз болғанын пайымдайды. Автор Түркістанды ғылыми зерделеу арқылы қазақ ұлтының этникалық тегіне талдау жасайды. Географиялық, этимологиялық, археологиялық, тарихи, саяси, ұлттық діл туралы көптеген таныс, бейтаныс мәліметтер келтіреді.

Жоғары оқу орнының филология, тарих, шығыстану факультеттері студенттері үшін Ә. Кекілбайдың бұл мақаласында қызық деректер мен тың мәліметтер жетерлік.

Абай шығармаларын өз шығармашылығының темірқазығы ретінде ұстанып, қаламгерлік көзқарасының бағдар берушісі ретінде санайтын қаламгер М. Мағауин Абай суретін егжей-тегжейлі сипаттаған эссесінде өзінің бар жазғанын Абайдың жаңғырығы деп есептейді.

М. Әуезовтің «Абай жолы» мен Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романдарында Абайға қатысты кездеспейтін деректерді келтіреді. Көсемсөзші Абайдың жеке басына, мінезіне көп тоқталады. Жазушының арғы атасы Құрымбаймен Абайдың достығы жайлы биографиялық мәліметтерге қанық боламыз. Жалпы Абайдың ойшылдығы туралы автор былай деп толғанады: «Абай туралы арнайы сөз ете алмай келемін: жүрегім дауаламайды. Дана туралы толғаныс үстінде шалалығым көрініп қала ма, биікке бой салғанда аласалығым байқалып қала ма, тереңге үңілген талабым таяздығымды әйгілей ме деп қорықтым» [39, б. 8]. Бұдан аңғаратынымыз, «мен – тарихшымын, мен – жазушымын» деп эгоцентристік мінез танытатын М. Мағауиннің өзі Абай поэзиясын талдауға келгенде дәрменсіз екенін мойындайды. Бұл сөздерге қарап біз М. Мағауиннің ой өрісі, білімі Абайды талдауға жетпей қалады деп ойламаймыз, бұл сөздермен қаламгер Абай тұлғасының қазақ ұлтының бірегейі, рухани көсемі, қайталанбас шедеврі екенін дәлелдейді.

Жазушы Абай сөздерін қазақ-мұсылман сөз мектебінің айқын көрінісі деп санайды. М. Мағауин Абайды дарын мен түйсік, парасат пен мінез қабатынан дарыған, шығыстың даналығын, батыстың білігін бір басына сыйғызған, қазақтың бар қасиетін бойына құйған тұлға деп қабылдайды.

Талдауымызды түйіндей келе, М. Мағауиннің Абай өміріне, ақындығына, ойшылдығына байланысты өзгеше ой түйіп, тың байламдар жасағанына көз жеткіземіз.

Көсемсөзші Д. Әшімханның 2016 жылы шыққан көптомдық шығармаларының екінші томына енген біраз жазбалары кеңес дәуірінде жазылса да, әдеби эсселер деп аталыпты. Бұл атауды автордың өзі емес, кейінгі құрастырушылар берсе керек.

Д. Әшімхан ақын-жазушылардың болмысын, бейнесі мен мінезін естелік түрінде жазған эссесінде ақын Ғ. Қайырбеков, жазушы Қ. Исабаев, ақын Ж. Сомжүреков, сықақшы Ү. Уайдиндердің қайраткерлігін үлгі тұту керектігін көрсеткен. Олардан бәріне уақыт табуды үйренуді айта келе, азаматтық қырларыналдыңғы қатарға шығарады. Қоғамдағы проблемалалардың дер кезінде көтерілмеуін, өтіп кеткеннен кейін көлдей-көлдей мақала жазудың қажетсіз екендігін ескертеді.

Автор атап кеткен жоғарыдағы қаламгерлерге тән болған жақсы қасиеттер қазіргі күнде сиреп кеткені шындық. Өйткені кеңес дәуірінде ақын-жазушылардың мәртебесі биік, материалдық жағдайлары да көңіл көншітерліктей болды. Сондықтан олар өздерінің біреуге көмектесуін азаматтық борышым деп санады. Ал қазіргі нарық заманына байланысты ақын-жазушылардың әлеуметтік жағдайы мүлде басқаша.

Д. Әшімханның 1985 жылы белгілі әнші Жәнібек Кәрменов туралы эссесі жарыққа шығады. Мұнда орындаушылардың әннің сөзін дұрыс айтпау мәселесін көтерген. Бұл мәселенің төркіні рухани қазынамыздың бірі, халық мұрасы әнге жанашырлықпен қарамаудың салдарынан шығып отырғандығын көрсетеді [34, б. 246]. Бұл мәселе арада отыз үш жыл өтсе де, өзектілігін жойған жоқ.Өйткені кейбір орындаушылар әнді де, мәтінді деөзгертіп айту кездеседі. Осытақырып төңірегінде тәуелсіздік алғаннан кейін де баспасөзде ауық-ауық көтерілді.

Ақын С. Иманасовтың «Қаламдастарым мен замандастарым» атты эсселер жинағы эссе жанрына қосылған елеулі туынды деп айтуға болады.Бұл арнайы тарауда қарастырылады.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдары қаламгерлердің көсемсөздегі көзқарас, сана ауысымынан жанрлардың алмасқанын байқадық. Жаңа заманға лайықты, жаңа жағдайға оңтайлы формалар іздеген қаламгерлер эссе жанры арқылы әртүрлі тақырыптағы мәселелерді қозғады.

Тәуелсіздік кезеңінде естелік жанры да өзінше бағытта дамып, көсемсөз кеңістігіндегі зәру тақырыптарды арттыра түсті.

«Көркем публицистиканың жазылу мәнері неғұрлым ұстамды болып көрінетін жанры – естелік» [16, б. 568] болғанымен, ұлттық мүдде, тәлім-тәрбиелік жағынан ерекше дер едік. Мәселен, зерттеудегі талдауымызға өзек болатын С.Иманасовтың «Қаламдастарым мен замандастарым», жеке мақала түріндегі М.Мағауиннің «Әбіш екеуіміз», «Ілияс аға Есенберлин», «Естеліктер кітабы» атты естеліктері уақыт тынысымен, замана шындығымен көркем, әрі шынайы оқиғалардан тұратын туындылар.

М. Мағауиннің Ә. Кекілбай туралы естелік жазбаларында «Әбіштің жастық шағы, қаламгер ретінде қалыптасу кезеңі, сол замандағы мінез-құлқы, кісілік кейпі туралы сен ғана білетін қаншама хикая бар» [19, б.3] – дейді М.Мағауин. Бұл естелікте жазушы Әбіш туралы емес, адами Әбіш туралы екендігін жазады. Естелікте екі жазушының адал достығы, ізденгіштігі, шығармашылықтары ерекше сипатталады. Мәселен, «Мен ұлт мәселесі және басқадай кеселді жағдаяттар туралы тек Әбішпен ғана пікірлесер едім. Көлденең куәсіз, екеуара оңашада ғана. Ал бейсауат жұртпен қашанда тұйықпын» [19, б.20].

Ә. Кекілбайдың ең алғашқы прозадағы қадамы «Ит тиген сүт» деп аталатын әңгімесінен басталғанын, Әбіштің өте көп жазатынын сөз етеді. Естелікте жазушының адами болмысы, мінезі, кісілігі ашылған. Оның азаматтық тұлғасын аңғартатын мысалдар молынан кездеседі. Жазбада Әбіштің қырларымен бірге көсемсөзшінің өз мінезі де ашылып отырады. М.Мағауин студент кезінен бастап-ақ бағыт-бағдарын, мүддесін тарихпен байланыстырса, Ә. Кекілбайдың жазудан бас алмағандығын бажайлаймыз. Оның жастайынан мінберден сөз сөйлеген шешендігін, жазғандарының бәрін үздіксіз баспаға шығарып, қоғамдық іс-шаралардың бел ортасында жүретін белсенділігін, көшбасшылығын көруге болады. З. Қабдоловтың Әбішке деген қамқорлығы ерекше болған. М. Мағауинмен небір дарынды ортада Әбіш екеуінің өсіп, қалыптасқан ортасын мақтанышпен, сүйсіне жазады. Мәселен, қазіргі кезде танымал ақын-жазушылар мен ғалымдардың есімдері аталады.

Түйіндей келе, естелік жазбалардың басты ерекшелігі ретінде 60-жылдардағы жастар ерекшелігі көрінеді. Жалпы бұл мақаладан мынадай ерекшеліктерді аңғарамыз:

1. Алпысыншы жылдардағы жастардың білімге құштарлығы күшті, білікті болғандығы
2. Тарихты меңгергендері
3. Кеңес өкіметіне іштей қарсы болғандары, социалистік коммунизмге сенбегендіктері, саяси көздері ашық, білімді болғандары
4. Ұлтжанды болғандары
5. Тәуелсіздікке деген сенімі мен үміті зор болуы
6. Саяси-әлеуметтік мәселелерді көтеруі.

М. Мағауиннің Ілияс Есенберлин туралы естелігінде жазушының мінезі, болмысы, адами қасиеттері жан-жақты ашылған деуге болады. Естелік жанрының маңыздылығы сонда, біз осындай жеке тұлғалар арқылы сол дәуірді, заманды тануға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар жақсыға ұмтылып, жаманнан жиренетін тәлімдік тәрбиені де үйренеміз. Көсемсөзшібұл естелікте І. Есенберлинді жазушылық қырынан басқа, аса мәдениетті, байсалды, тиянақты, жауапкершіл, жанашыр, ақылдыадам ретінде шебер суреттеу арқылы өзінің де бейнесін ашып отырған. Жазушының шығарма жазуы өз алдына, ал сол жазғанын жұртқа таныту қаншалықты қиын, күрделі, сан қилы соқпақ жолдардан өтетінін І. Есенберлиннің «Қаһар» романының жазылу тарихы арқылы көз жеткізуге болады.

Көсемсөзші І. Есенберлиннің ұлт үшін атқарған қызметіне нақты тоқталады. Ең алдымен, оның «Жазушы» баспасында директор болғанда қазақ халқының ежелгі рухани мұрасына қатысты көптеген кітаптардың жарыққа шығарғандығын, қаламгерлердің бірталайының қаламақысын да көтеріп, кітаптардың тиражын көбейткенін, аударма мәселесінде әлем әдебиетінің озық үлгілерін аудару, қазақ әдебиетінің тәуір үлгілерін орыс тіліне аудару сияқты қыруар жұмыстар жүргізгенін дәйекті мысалдармен береді [40, б. 3].

М. Мағауин келесі бір өзінің еңбегі хақында былай дейді: «Бұл «Естеліктер кітабы» – озғын еңбегіміз болмас, алайда, өзіндік орнын табатын, қажетті жәдігер санаймын. Біз ғұмыр кешкен күрделі заман, сол заман қалыпқа түсірген қилы тағдырлар мен шығармашылық ортаның жан-жақты, толық суреті жасалмаса да, негізгі бір сыпаттары қамтылған деректі жазбалар өткенді тани түсуге, бүгінді ой көзімен байыптауға септеседі деп білем. Қалай тартсаңыз да, бұл «Естеліктер кітабы» – мен өткерген заман суретінің шалғай бір пұшпағы есепті. Жалпы жұртымызға керекті ақпар, кейінгі балалардың ұғым, өрісін кеңейтетін тағлым деп едім» [41, б. 4]. Бұл пікірден естелік жанрының өткенді бүгінгі көзқараспен топшылауда бірден-бір оңтайлы жанр екенін көреміз.

«Ғабит аға Мүсірепов» атты естелікте Ғ. Мүсіреповтің М. Мағауин ғалымдығын байқап, қиын кезде қол ұшын бергенінен сыр шертеді. Ғ. Мүсіреповтің өмірінің соңғы сәтінде аянышты халдегіқазасына куә болғанын әңгімелейді. Қазақ әдебиетінің классигі, сөз зергері, тірісінде паң, кербез суреткер өмірінің көлеңкелі сәттерін оқырман қауым естеліктер арқылы ғана біле алады. Осыдан естелік жанрының танымдық-тәрбиелік қыры танылады.

Бүгінгі таңда көсемсөз жанрларының бірі сұхбаттың сан алуан түрі жиі көрініс беріп жүрсе, кеңес дәуіріндегі баспасөзде аса көп кездеспейтінін аңғаруға болады. Д. Әшімхан 1985 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі ретінде алған бір сұхбатында Өзбекстанның қолжазбалар институтының директоры, әдебиеттанушы ғалым Ә. Қаюмовпен Өзбекстандағықолжазбалар қоры туралы әңгіме өрбиді. Қолжазбаларды сақтау, зерттеу жағынан өзбек елі бізден көш ілгері екенін көреміз. Өйткені біздің елімізде арнайы қолжазбалар институты жоқ, ал өзбектерде 1978 жылы ашылған.Ал бізде болса, сексенінші жылдары орта ғасыр мұралары енді ғана қолға алына бастаған болатын. Алпысынышы жылдары басталған қазақ әдебиеті тарихы мәселесі осы сұхбатта тағы да ауызға алынады. Бұл сұхбаттан қазақ әдебиеті мұраларының кейбір мәселелері кеш қолға алынғанын аңғарамыз.

Н. Оразалиннің «Күрделі дәуір тұсауын кескен» [42] тақырыбында 2010 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісіне берген сұхбатында XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің маңызы,алғашқы Қазақстан Жазушылар одағының құрылуы, ұлт мәселесін көтерген жазушылрдың қуғындалуы, XX ғасыр әдебиетін төрт кезеңге бөлуі, жаһандану дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тағдыры сияқты келелі мәселелерге жауап береді. Н. Оразалин сұхбатында әдебиет мұражайын салу туралы, қазақ әдебиетінің мықты туындыларын әлемге таныту мәселесін қолға алу керек деген ұсынысын білдіреді. Түйіндей келе, қазақ

әдебиетінің бір ғасырлық тарихына шолу жасап, өткені мен бүгінгісін таразылайды.

О. Сәрсенбаев 1984 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде эстетика, рухани құндылық туралы мәселені тағы көтереді.Көсемсөзшінің бұлмақаласы деректі-зерттемелік жанрлар тобына жатады. 1974 жылы ауыл тақырыбына жазған мақаласындағы көтерген рухани игілік мәселесін 1984 жылы қайта қозғаған. О. Сәрсенбаев көсемсөзінен оқырман бірден шынайылықты, нақтылықты, қысқа да нұсқа жазу мәнерін сезеді.

Аталмыш мақалада қазақ қоғамының рухани өміріндегі сан қилы проблемаларды ортаға салады: біріншіден, өнер атаулының ішінде көркем әдебиеттің ерекше орын алатынын қадап айтып, алдыңғы қатардағы мәселеге мынаны шығарады: «көпшілік арасында көркем әдебиет жетістіктерін насихаттау, жақсы жаңалықтармен үнемі таныстыру ісін соңғы жылдарда біраз бәсеңдетіп алған секілдіміз. Оған бір айғақ – ана тілімізді жазылған кітаптардың (оның ішінде аттары әлемге әйгілі классиктеріміз де бар) өтімділігінің күрт төмендеп кетуі» [43, б. 4].

Екінші мәселе – жастардың рухани игілікке ұмтылмауы, қызығушылық танытпаулары деп көрсетеді.

Үшінші мәселе – эстетикалық тәрбиенің дұрыс жүргізілмеуі. Мәселен, қысы-жазы жабық жататын клубтар мен кітапханалар, мәдени мекемелерге кадрлардың жетіспеуі, тиесілі мамандыққа сай емес жұмыс жасалуы. Айталық, кітапханалар мен кітап дүкендерінде арнаулы білімі бар, ол болмаған жағдайда кітап, көркем әдебиетті оқитындар қызмет істеу керектігін өте орынды ескерткен. Автордың ойынша, көркем әдебиеттердің өтпеуіне себеп осы мәселеге байланысты болса керек.

Төртінші мәселе – орта мектептерде қазақ әдебиеті пәні сабағының сағаттарын арттыруды қолға алу керектігін сөз етеді.

Бесінші мәселе – гуманитарлық оқу құралдарында қазақ халқының тарихы, тұрмысы, дәстүрі оқушының жас ерекшелігіне, ұлттық психологиясына сай ұғынықты тілмен оқытылу керектігін ашық жазады. Қазақ әдебиетін оқытқанда көркемдік талдауға аса мән берілу керектігін айтқан. Бұл ретте айтар болсақ, қазақ зиялылары осы мәселеге уақытында ден қойып, қазақ әдебиетін, әсіресе көркемдігін оқытудың әдістемесі жасалып, ізденістер пайда бола бастады. Мысалы, белгілі ғалым, әдебиетші, әдіскер Қ.П. Жүсіптің «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту», «Көркем сөздің құдыреті» атты әдістемелік зерттеу оқу құралдарын айта кеткен жөн деп білеміз.

Бүгінде қаламгердің көтеріп отырған мәселесі тәуелсіздік алғаннан кейінгі тоқырау жылдарында белең алғаны рас. Көпке дейін ауылдық жерлерде мәдени ошақтардың болмағаны белгілі. Қазіргі кезде ауылдарда мәдени, спорт кешендері іске қосылып, жаңа мектептер салынып, түрлі коворкинг орталықтары ашылу үстінде. Көпшіліктің кітапқа деген қызығушылықтарының болмауы қазірдің өзінде шешілуі қиын мәселеге айналды.

Жоғарыда сөз болғандай, тәуелсіздік жылдары жаңа жанрлық мәтіндермен толықты дедік. Осы қатарға рисала жанрын жатқызуға болады. Мәселен,

«тәуелсіздік жылдарындағы көркем көсемсөздің тақырып ауқымы ұлғайып, жаңа қырынан да жандана, толыға түсті. Осы тақырыпқа ат басын бұрғандардың ішінде есімі белгілі көрнекті ақын-жазушылардың да есімдерін оқи аламыз. Ә. Жәмішев, О. Сәрсенбай, С. Елубай және басқалары» [16, 559 б].

Біздің зерттеуіміздің нысаны болған Оразбек Сәрсенбаев рисалалары кейінгі арнайы тарауда қарастырылады.

Қорыта келе, жанрлық мәтіндер қазіргі кезде жанрлық түрлері жағынан өзгеріске ұшырады. Мысалы, рисала, эссе, тарихнамалық эссе, реалды дүние аясындағы проблемалық очерк, планетарлық сипаттағы натуралистік очерк, тәуелсіз тағылым кезеңіндегі жолсапар очеркі, субъективизм сарынындағы естеліктер, жайылма сұхбат, деректі-зерттемелік мақала қазақ көсемсөзі кеңістігін жаңа ұғымдармен толықтырды.

Кеңес заманындағы сана, көзқарастың ауысымына байланысты жанрлық мәтіндер де өзгерді. Очерк жанры идеологиядан босап, сөз бостандығына ойысты. Тәуелсіздік жылдарындағы очерк жанры пішіндік және мазмұндық жағынан едәуір өзгеріске ұшырады.

Жаңа заманға сай, қазіргі жағдайға ыңғайлы мазмұн мен пішін бірлігін іздеген көсемсөзшілер эссе жанры арқылы әртүрлі тақырыптағы мәселелерді қозғады. Естелік жанры арқылы ақын-жазушылар өмірі, тұлға мен қоғам қарым-қатынасы, кеңес дәуірінің бізге беймәлім тұстары арқылы қазіргі жас ұрпақ мол мәлімет алып қана қоймай, танымдық-тәрбиелік өнеге алады. Сұхбат жанры арқылы өткен ғасыр мен қазіргі заман келбетін танимыз.

Жоғарыда талданған ақын-жазушылардың замансөзі негізінде тәуелсіздік жылдары қазақ көсемсөзі кеңістігі жаңа ұғымдармен толығып, жаңа жанрлық мәтіндермен кеңейгеніне және өткен мен бүгін бірлігінің траекторияларын анықтауға қол жеткіздік.

1.4 «Мәңгілік ел» идеясы және бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттары

Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы«Қазақстан – 2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясы туралы:«Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз.Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі» [44].

Қазіргі кезде Елбасының осы Жолдауындағы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы көтеріліп, мәңгілік ел болып қалудың алғышарттары жүзеге асырыла бастады. «Мәңгілік ел» идеясы ежелгі түркі бабамыздың мәңгілік ел болу деген қағидаларымен дәстүр тағылымы, сабақтастығы мен жалғастығы негізінде ұласып, жаңа жаһандану дәуіріне нық қадам басты.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық идея мәселесі жаңа, тың ізденістермен толыға бастады. Бүкіл ұлттық құндылықтарымыз, саяси-

экономикалық, мәдени-тұрмыстық, ғылым-білім төңірегіндегі мәселелер «Мәңгілік ел» идеясымен ұштаса бастады.

Бұл ретте, біздің осы тұжырымымызды мына бір пікір қуаттайды деген ойдамыз: «Жаңа қағидат дүниеге ескінің тұғырынан қарайды, оны жаңа мазмұнмен, соны түсіндірмелермен толықтыра түседі, соның арқасында одан арғы көкжиекке көз жібереді» [13, б.12].

Заманалы қазақ көсемсөзі қайнар бастау бұлағын сонау «мәңгілік жазудан» көк түрік жазба ескерткіштерінен нәр алып, қазақ хандығы тұсындағы Қазақ Ордасы, Алаш Орда үкіметі және қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» идеясына ұласатынын, осыдан келіп дәстүр тағылымы, дәстүр сабақтастығы мен жалғастығы келіп шығатынын жаңаша пайымдауымыз қажет.

Бұл пайымдаулар біздің зерттеуімізге арқау болған қаламгерлер көсемсөзінде көрініс тапқан.

Жаһандануға төтеп беру жолында «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру үшін түркілік ынтымақтастық керек. Бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттарының бір жолы ретінде латын әліпбиіне көшуді айтар едік. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз әлі күнге дейін түйіні шешілмей келе жатқан кейбір ұлттық мәселелер бойынша нәтижелерге қол жеткіземіз. Латын әліпбиі негізінде біріншіден, әлемдік бәсекелестікке ілессек, екінші жағынан ұлттық, мемлекеттік құндылықтарымызды да ретке келтірудің ұтымды жолы болмақ.

Ғалым Д. Ысқақұлы түркілік ынтымақтастықты нығайту бағыттарының бір жолы ретінде латын әліпбиін алға тартқан. Рухани құндылықтарға толық ие бола алмай отыруымыздың басты себебі ретінде әліпбиіміздің тұрақты болмауынан деген ой айтады. Бұл шынымен де солай, араб, латын, кириллица графикасын бастан кешірген біздер үшін ауыр болды, рухымызға ауыр соққы болып тиді. Ғалым латын әліпбиіне көшудің мынадай үш артықшылығын көрсетеді: «Біріншіден, түркі халықтарының бірлігі үшін. Екіншіден, тілімізді, сөзімізді басқа тілдерден жөнсіз енген қоқыстардан тазарту үшін де керек. Үшіншіден, бүкіл әлемдегі білім-ғылымның 80 пайызы латын графикасындағы ағылшын тілінде. Компьютер, интернеттің бәрі осы ағылшын тілінде» [45, б. 377].

Аталмыш пікірді құптай келе, латын графикасындағы ағылшын тілі арқылы біз ақпаратқа қол жеткізе аламыз. Ал ақпарат көзіне қолжетімсіздер көштің соңында қалып, өркениеттен, дамудан, білім-ғылымнан ада қалады. Сондықтан да Елбасымыздың латын әліпбиіне көшу туралы саясатын бірауыздан қолдағанымыз жөн деп білеміз.

Осы ретте назар аударатын бір жайт – әлем бойынша қазақ тілінің тіл байлығы жағынан үшінші орында тұратындығы: «Қазақ тілі – әлемдегі бай тілдердің бірі. Әлемдегі сөздік қоры ең бай араб тілінде 1 миллион 200 мың сөз, ал екінші орындағы ағылшын тілінде 750 мың сөздік қоры болса, үшінші орында 500 мыңнан аса сөздік қоры бар қазақтыңтілі тұр» [44, б. 394]. Біздің бұл тілдік байлығымыз – мәңгілік ел болуымыздың бірден-бір айғағы.

Қазіргі кезде қолға алынған бүкілтүркілік ынтымақтастықтың бастамасы Ш. Уәлиханов еңбектерінен бастау алатынын М. Мағауин «Ұлтсыздану ұраны» [29] мақаласында атап кетеді.

Шоқанның түркілік идеясын жалғастырушы XIX ғасырдың II жартысында Қырым түркілеріндегі түркілік ынтымақтастықтың негізін қалаған қырым татары Исмаил (Гаспринский) Гаспыралы болды.

Ғалым А. Мектеп-тегі «Жеті көсем» зерттеу кітабында Гаспринский туралы Зәки Уәлиди Тоған дерегіне сүйенеді: «Атақты башқұрт оқымыстысы Зәки Уәлиди Тоған былайша түсіндіреді: «Орта түрүклердегі Шоқанға ұқсас тұлға – қырымдық Исмайлбей Гаспринский» [15, б. 18].

Ал XX ғасырдың басында кеңес өкіметі орнаған шақта түркілік ынтымақтастық идеясын орнату жолындажан тәнімен күрескен Мұстафа Шоқай еді. Кеңестік идеологияда «пантюркизм» деген термин кеңес өкіметіне жат, қайшы келетін ұғым ретінде қабылданды. Пантюркизм түркі халықтары қоныстанған мемлекеттерде таралған мәдени және саяси ағым болған. Идеясы этникалық, мәдени және тілдік бірлігі негізіндегі түркі халықтарының саяси консолидациясы қажеттілігінен туған еді.

М. Шоқай сияқты түркілік идеясы жолында күрескен келесі қайраткер Тұрар Рысқұлов еді. Алаш қамы үшін Ә. Бөкейхандармен бірге Лениннің қабылдауында болады.

«XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихында аса зор тұлға болған саяси қайраткерлердің бірі Т.Рысқұлов еді. Ол жиырмасыншы жылдары Түркі халықтарының саяси тәуелсіздігі үшін күрес жүргізді. Т. Рысқұловтың Түркістан Республикасындағы қызметі негізінен «Түрік идеясының» өмірге келген және оның өз идеясын жүзеге асыру жолында ымырасыз күрескен кезеңі болып табылады» [46].

Тәуелсіздік алғаннан кейін бүкілтүркілік ынтымақтастық бағыттарын іске асыруға мүмкіндік туды. Осы идея қазіргі ақын-жазушылар замансөзінде қалай көрініс тауып жатқандығын зерттеу жұмысы барысында ашатын боламыз.

Ә. Кекілбайкітап оқу мәселесін көтерумен қатар, өз тілін білмейтін «біліктілердің» келешекте басқа мүддеге еріксіз қызмет ететіндеріне алаңдаушылық білдіреді: «Ана тіліне шорқақтық – аса *қауіпті сауатсыздық.* Жай сауатсыздық жарлы етсе, *өз тіліне сауатсыздық – өзге мәдениетке құлақкесті құл етеді*» [37, б. 202]. Осы орайда автор сөзінен шығатын түйін: мәңгілік ел болу үшін алдымен әрбір ұлт өз тілін сақтап қалу керек, кітап оқу мәдениетін қайтадан қалыпқа келтіру туралы сөз қозғайды.

Суреткер тұлғаның Түркістан туралы тарихнамалық эссесінде Түркістан жерінің түркілік ынтымақтастық тағылым беретінін тұжырады: «Түркістаннан тарап жатқан тарихи тамырлар, имандылық желісі, елдік татулық, ұлттық ынтымақ, ынтымақ рухы ұлан-ғайыр жазираларда шашырап жүрген қандастарымыздың бет-бетіне шашырап кетпей, еншіміз бөлінбеген бүтін жұртпыз деп сезінуінің бірден-бір негізі болды» [37, б. 89].

Көсемсөз шебері Түркістанмен байланыстыратын оғыздардың ұрпағы Осман империясын орнатқанын еске салады. «Сөйтіп, Алтайдан бастап

Балқанға дейін созылатын түріктер елінің атын әлемге жайған ежелгі Қарашық, қазіргі Түркістан маңынан жан-жаққа тараған оғыздар болды» [37, б. 68]. Бұл пікірден бүкіл түркілердің шыққан жері қазіргі Түркістан деген түркілік ынтымақтастық идеясын аңғарамыз. Қазіргі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша оңтүстік өңірдегі Түркістан қаласы облыс орталығына айналып, сакралды орын ретінде экономикалық, туризм, мәдени және т.б. жағынан өркендету қолға алынуда.

Ә. Кекілбай тіл және тәуелсіздікке арналған замансөзінде кеңес өкіметінің қазақ әліпбиін өзгертудегі мақсатын былайша сипаттайды: «Қызылдардың 1917 жылдан 1924 жылға дейін жүргізген тілдік реформалары өркениеттіктен гөрі, саяси мақсаттарды көбірек көздепті.Латыншаға көшіріп, панисламизмнен, кириллицаға көшіріп, пантуркизмнен алшақтатуды көздеді» [37, б. 270] – деуінен ойшыл Ә. Кекілбайдың кеңестік саясаттың қазақ елін бүкіл түркілік ынтымақтастықтан және ел болу алғы шарттарынан айырғанын дөп басып айтқанын аңғарамыз.

Ә. Кекілбайдың:мәңгілік ел болудың алғы шарттарын«Тіл туралы заңды жүзеге асыруды әуелі білім беруден бастауымыз керек еді ғой. Қазақ тілін үйретумен шектелмей, барлық пән бойынша барлық деңгейде толыққанды білімді қазақша берумен жүзеге асыруымыз керек еді ғой. Сонда ғана ол білім тіліне айналмай ма?! Ол үшін *бастауыш, орта, жоғары оқу орындарына керекті барлық пәннің оқулықтары қазақша шығуға тиісті*болатын. Қолда бар интеллектуал күштердің барлығы да сондай «Оқулықтар» бағдарламасын жүзеге асыруға атсалысса лазым. Ғалымдарымыздың ең таңдаулыларына оқулық жаздырып, олардың қолынан келмеген жерде, әлемдік оқулықтардың ең жақсыларын ең мықты деген аудармашыларымызға аудартқан дұрыс. Осындай іргелі істі бітірмей тұрып, білім алуды жөнге қойдық деуге әлі ерте» [37, б. 283],– деп қисындауынан көреміз.

Кемел тұлғаның 2006 жылы бағдарламалық ұсынысыбүгінгі таңда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кешігіп болса да жүзеге аса бастады. Жоғары оқу орындарына қажет «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша әзірге 18 кітап қазақ тіліне аударылып, қалғандары аударылу үстінде.

Елбасының Жолдауындағы мәңгілік ел болуға қажетті негізгі ұстындарының бірі: «Сендердің *азат ойларың* мен *кемел білімдерің* – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын *құдіретті күш*» [44].

Әбіш Кекілбай да ілім-білімге баса назар аударып, Кемал Ататүріктің бұл мәселеге қаншалықты көңіл бөлгендігін әдемі сипаттайды: «*Білім де күш деп танылды. Интеллигенттер, зиялы қауым өкілдері – ұлт қаһармандарына айналды*. Ендігі жерде ұлт мүддесі тек білекпен ғана емес, *біліммен де қорғалатыны* түсінікті бола бастады. *Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар дейтін қисын даусыз аксиомаға айналды*» [37, б. 319].

Демек, мәңгілік ел болу үшін заманауи технологиялық дамуға байланысты ілім-біліммен қаруланған ел болуымыз керек деген ой аңғарылады.

Ә. Кекілбай Ресей империясының бүкіл Қазақстан және Орта Азияны бодандандыру процесін қалай жүзеге асырғандығынан бастап, әрі қарай ойын өрбітеді: «Бұның бәрі аталмыш халықтардың елін, жерін қорғаудан аянып қалғандығынан емес, олар ұстанып келген бағыттың әлгіндей *әлемді дендей бастаған өскелең өзгерістер қарқынымен сәйкеспей қалғандығында* еді» [37, б. 151]. Демек, кезінде бұл елдер әлемдік дамудың көшінен қалып қойғаны үшін отарлықтың қамытын киюге тура келді. Енді бұл қателікті қайталамау үшін жаһандану көшінен қалмауға тырысып бағу керек. Бірақ жаһанануға жұтылып кетпей, өз ұлттық құндылығымызды сақтай отырып, ілесе алсақ, бәсекеге қабілетті ел болу мүмкіндігіне ие боламыз.

Тарихи танымы биік, сөз зергері Қазақстанның жер аумағы бес мемлекеттің жер көлеміне тең келетінін, яғни «әрқайсымызға ең кемі бес ағылшынның немесе бес қытайдың қызметін атқаруға тура келеді» [37, б. 166] – деген байлам жасайды. Осындай жерге ие болып қалу үшін екі эволюциялық сәйкестік қажет. Біріншісі – демографиялық сәйкестілік, екіншісі – өркениеттілік сәйкестілік. Бұл екі сәйкестілік мәңгілік ел болуға қажеттішарт.

Ә. Кекілбай «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген мақаласында 1997 жылдың 11-13 сәуір аралығында Ыстанбұл қаласында түркі мемлекеттері мен қауымдастықтарының достық, туысқандық және ынтымақтастық құрылтайы болғанын, оған отыз шақты мемлекеттерден келген 2500-дей делегат қатысқанын мәлімдейді. Автор – Мемлекеттік хатшы, Қазақстан делегациясының жетекшісі ретінде баяндама жасайды. Бұл мақалада біріншіден, Ә. Кекілбайдың шешендік шеберлігі, екіншіден, екі ел арасындағы ынтымақтастықты көркем әрі қысқа да нұсқа дипломатиялық тілмен жеткізу қыры танылады. Үшіншіден, қазақ елінің мәртебелі, азаттыққа қолы жетіп, әлемнің терезесі тең ел қатарына қосылған көкірегі ояу, көзі ашық зайырлы мемлекет ретінде көрсетіп, абыройын асқақтатады [47, б. 1].

Құрылтайдың мақсаты– түркі елдерінің басын қосып, түркілік ынтымақтастық бағытта байланысты нығайту еді. Осындай маңызды шарада Ә. Кекілбайдың жазушы, қоғам қайраткері, көсемсөзші ретінде бүкіл түркі жұрты алдында қазақ халқының келешекте бүкіл түркі жұртымен ынтымақтастықта болатынын өзінің терең білімі мен шешендігі арқылы жар салды.

М. Мағауин XVI ғасырда өмір сүрген Хақ-Назар хан өз заманында ыдырап кеткен түркі хандықтарын қол астына алып, қамқорлық жасағанын жазады [48, б. 1]. Түркілік ынтымақтастық қай заманда болсын бой көрсетіп отырғанын аңғарамыз. Күлтегін, Тонықұқ заманынан басталған түркілік ынтымақтастық идеясы қағандар, хандар, Алаш көсемдері, қазіргі заманымыздағы тұлғалар арқылы бүгінгі күнге дейін ұласып жатқан сабақтастық, соның бір айғағы.

М. Мағауин 1997 жылы Стамбулдағы дүниежүзі қазақтарының құрылтайында сөйлеген сөзінде қадау-қадау мәселелерге назар аудартады: бірінші – қазақ туындылары түрік тілінде шықпағандығы, яғни қазақ қаламгерлерінің еңбектері түрік тіліне аударылмауы. Екіншісі – түрік халықтарының бірігуі. Үшіншісі – қазақтардың көші-қон мәселесі.

Енді М. Мағауин сөзінің мәтініне жүгінсек: «Қазақстан Ресеймен бетпе-бет келіп тұрғанда, Қазақстан өзінің шығысындағы аса күшті Ойрат мемлекетімен екі жүз жыл бойы соғысып жатқан уақытта біздің қаны бір, жаны бір туыс ағайындарымыз өзбек, түркмендер ешқашан қазаққа көмек жасаған жоқ. Керісінше, етектен тартты, аяқтан шалды. Бұдан соңғы жерде, Қазақстанды Ресейдің біржола жаулап алуына қырғыз, өзбек бауырларымыз айтарлықтай үлес қосты. Міне, біздің түрік дүниесінің құлдырауының, Алтын Орданың құлауының, одан кейінгі Қазақ Ордасының құлауының басты себебі *бірліктің жоқтығында* болды» [48, б.172] – дейді. Демек, өткен дәуірдегі түркі халықтарының жіберген қателігін қазіргі жаһандану кезінде қайталамауымызды ұсынады. Қазақ жазушыларының шығармалары түрік тіліне аударылмай қалуы – түркілік ынтымақтастықтың түркі халықтарының рухани дамуы мен жақындасуына тосқауыл болады деп санайды.

Автордың біртұтас түркілік идеясының тоқ етері: «Біз – түрік міллетіміз. Біздің осы ғасырдың басындағы Алаш Орда үкіметінің маршы, гимні – «Арғы атам Ер Түрік, Біз – Қазақ Еліміз» [49, б. 174] – дегенге саяды.

Ойшыл қаламгер М. Мағауин Шоқанды түркі халықтарының ынтымақтастығына үндеуші күрескерлігін сипаттап: «Отарлық өкіметке, орыс халқының ұлы перзенттеріне туған халқын танытып қана қойған жоқ, өзгеше жағдай, замана қалпынан туындаған ұлттық идея – кіріптарлық шеңгеліндегі жұртының қайта жаңғыру бағдарын да нұсқады. Бір жағы Қоқан иелігіне көшкен, бір жағы Қытай үлесіне кесілген қазақ халқының тұтастығы үшін күресті, керек десеңіз, күш кеткен, шарасыз жағдайда Орталық Азияны мекендеген барлық түрік қауымының іргесі ажырамай бір қолға қарауы қажет деп білді. Өз қаны, өз нәсілі үшін. Заманның бір қалыпта тұрмасын, еуропалық ғылым-білімге жетілген халық ертең өз жолын табарын Шоқан жақсы білген» [29, б. 97], – дейді.

М. Мағауиннің 1996 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Менің балаларым»аталатын жинағына мынадай тақырыптағы мақалалар енген: «Туыстық – тілде, бірлік – ділде», «Шешенстан азаттық алды», «Менің балаларым», «Шіркінде ес болсайшы».

Қаламгер түркі халықтарының туыстығы мен бірлігі жайлы 1995 жылы Түркияда өткен халықаралық ғылыми конференцияда баяндама жасайды. Бұл мақалада түркілік бірлік мәселесі сөз болады. «Уақыт оза келе ұлыстық этнонимдер алға шықты, өткен тарих ескі қолжазбаларда ғана қалды, бірақ *ата салтын берік ұстаған* жұртшылық ежелгі *ұлттық санасынан айрылмады, түрік заманындағы* тұтастық, ынтымақ қана емес, *бірлік идеологиясы да сақталып*, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырғаны айқын аңдалады» [50, б. 121].

Аталмыш мақалада кеңестік дәуір сынынан өткен, тарихы, тілі жағынан қысым көрген түркі жұртшылығының түркілік ынтымақтастық идеясынан ажырамағанын көреміз. Бұған септігін тигізген салт-дәстүр екенін ерекше атайды. Мұндай түркілік ынтымақтастықтың бұзылмай бүгінгі күнге жетуі маңызды тарихи жетістік еді.

Шешенстан еліне арналған мақаласында орыс елінің жасаған қиянатына төтеп берген шешен ұлтының қайтпас қайсарлығы мен табандылығы арқасында ерлік танытуы сөз болады. Көсемсөзші Ресей мен Шешенстан арасындағы соғысты және ресейліктердің шешендерге жасаған зорлығы мен әділетсіздігін сынайды, шешендердің ерлігі мен табандылығына тәнті болады.

Екі елдің қырқысуына көзін бақырайтып тұрып «бірің өл де, бірің қал» деген ниетпен қараған батысты да сынайды. Шешендер небір қиын қыстау заманда жер аударылғанда қолы ашық, ниеті түзу қазақтың жеріне кеп бас сауғалағанын автор былайша сипаттайды: «Жер әлемдегі саны мол отыз халықтың бірі болып отырған қазақтардың тең жарымынан астамын жалмап, оны мүлде ойсыратқан, ұлттық сана мен жетелі сапа жағынан да ең төменгі деңгейге түсірген советтік XX ғасыр тау халықтарына да айрықша қаталдық көрсетті: қарашайлар, малқарлар мен шешендер түп көтеріле жер аударылды, түгелімен дерлік біздің елімізге келіп төгілді. Қазақ жұрты бақытсыз, панасыз бауырларын жанашырлықпен қарсы алды: барын аямады, бөтен деп сыртқа теппеді, ашынған, тарыққан делісі мен тентегінің өзіне кеңшілікпен қарады» [50, б. 125].

Шешен ұлты мұсылман болғандықтан автор олардың күрескерлігіне сүйсінеді, бір жағынан діні бір бауырлас ұлт ретінде жанашырлық білдіреді, олардың мықты рухын үлгі етеді.

Өзінің балалары арқылы 90 жылдардағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік келеңсіздіктерді көрсететін замансөзінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім мен ғылымның көк тиын тұрмағанын алға тартады. Әрине, 90-жылдардың өз ерекшелігі болды. Ол кезде бірінші кезекте күн көрістің қамы әркімді әбігерге салғаны аян. Қазақ қоғамы елдің тірегі мен тұтқасы болып табылатын тек экономикадан ғана емес, ғылым, білім, мәдениет, руханияттан да ақсады. Ол кезде қоғамның көпшілік бөлігінің бет алысы бұлыңғыр болды. Жазушы айтқан бұл шындық тарихымызда «өтпелі кезең», «ақырындап жылжу» ретінде сипатталатын «транзиттік кезең» [51, б. 187] деп аталады.

Ал тәуелсіздіктің арқасында қазір жиырма бірінші ғасырда сана, психология өзгеріп, көзі ашық, көкірегі ояу ел болуға деген ынта мен құлшыныс артып, күшейе түсті. Оған дәлел ретінде біріншіден, мемлекет тарапынан түрлі мемлекеттік бағдарламалардың дүниеге келуі себеп болды. Екіншіден, елдің экономикалық әл-ауқаты дамып, осындай мемлекеттік қолдаудың салдарынан білімге, ғылымға деген құлшыныс пайда болып, зерек қазақ жастары қатарға қосыла бастады. Көсемсөзші М. Мағауин көтерген бұл мәселелер бүгінгі таңда шешімін таба бастады. Әлі де әлемдік бәсекелестікке ұмтылу үдерісі қарқын алуда.

Қаламгердің 1989 жылы жазылғанымен баспаға тек 1996 жылы шыққан келесі көсемсөзінде ұйғыр халқының «Иеңи хаят» газетіне жариялаған М. Обулқасымовтың мақаласы туралы сөз болады. Мақалада қазақтың көне тарихына, ежелден өзіне тиесілі дархан жеріне ешбір ғылыми негізсіз тіл тигізген М. Обулқасымовтың сыналғандығын көреміз. М. Мағауин қарсы жауап ретінде «Шіркінде ес болсайшы» деген мақаласын жариялайды. Бұл

мақалада автор қазақ халқын қорлауға жол жоқ екендігін нақты тарихи, ғылыми айғақтарды келтіре отырып, дәлелдейді: «Қыпшақ – қазақ құрамындағы үлкен ру, үйсін – бір ғана ру емес, бүкіл ұлы жүздің жалпы атауы; шағатай тілі дегеніміз – «ұйғыр әдеби тілі» емес, жалпыға бірдей, ортағасырлық түрік тілі, орта ғасырда жасалған ежелгі мұралар «ұйғыр-түрік мәдениеті мұралары» деп аталмайды. Керек десеңіз, орта ғасырдағы ұйғыр атауы мен қазіргі ұйғыр атауы – екеуі екі басқа нәрсе, ол ұйғырдың бұл ұйғырға қатысы шамалы. Қайталап айтайық, мұншама көп сөздің, мұншама мәнсіз даудың мәнісі жоқ, мәнісі – «Иеңи хаят» газетінің біздің идеологиямен сыйыспайтын, әрі жаңсақ, әрі зиянды пікірлерді насихаттауында жатыр» [50, б. 143].

Қаламгердің бұл ұйғыр газетіндегі даулы мақаласына берген жауабынан автордың түркі халықтарына ортақ тарих, әдебиет, мәдениет саласын жетік білетіндігі аңғарылады. Қазақ ұлтына қатысты даулы мәселеде автордың қалыс қала алмайтындығын, қазақтың тарихына, тіліне, мәдениетіне қол сұғуына жол бермейтіндігіне куә боламыз. М. Мағауин сияқты білімпаз көсемсөзші тұлғалар қоғамымызға аса қажет.

М. Мағауин Мағжан Жұмабаев өлеңдерінде түрікшілдік идеясын сипаттап: «Мағжанның отаншылдығы, түрікшілдігі сол кездегі бүкіл түрік әлемінің төбесінде тұрды» [52, б. 82], – дейді. Мысалы, М. Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегі «Түркістан ер түріктің бесігі ғой» деген жолы, «Қырғыз, қазаққа» деген өлеңіндегі «Қырғыз – таудың тарпаңы, Қазақ – қырдың құланы. Екі тарлан табысып, Шұрқырасқай деп күтеді», «Орал тауы» өлеңіндегі «Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік, Қойныңа жайыменен кіріп еді» [53, б. 56] деген жолдар түркілік ынтымақтастыққа дәлел бола алады

Жазушының Жамбылдың ұлылығы туралы мақаласында қазіргі қазақ жазушыларының түркілік ынтымақтастығына Жамбылдың ықпалы зор болғандығын былай көрсетеді: Ал біздің қазақ әдебиеті, құдайға шүкір, биік адамгершілік өресінен, қазақ дәстүріндегі кісілігінен жаңылған жоқ. Қазақ қаламгерлері шешен жұртының азаттық соғысынан сырт қалмады. Соның бәрі – қазақ әдебиетінің озық адамгершілік көрінісі, Жәкеңнің үлгісі» [53, б. 169] – дейді. Демек, әдебиеттің аға буын өкілдері мен кейінгі толқын арасында қазақ ұлтына тән қарым-қатынастың сақталғанын бағамдаймыз. Осы орайда Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Жолдауында: «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана біз «Мәңгілік Ел» боламыз» [44], – деуінде мән бар.

Зерттеуімізге арқау болған көсемсөзші Н. Оразалиннің әдебиет туралы берген сұхбатында: «Тәуелсіздік дәуіріне қазақ әдебиеті осындай қоржыны қалың, әлемдік ойлау, әлемдік тану, әлемдік талдау биігіне көтерілген қабырғасы берік қалыпта жетті» [42, б. 263], – деп сипаттайды.

Көсемсөзші жазушылардың «Мәңгілік Ел» идеясын дамытудағы үлесін: «Адамзат көшінің үзілмеуін тілеу – бүгін жер басып жүрген жеті миллиардқа бет алған жұмыр бас пенденің ең басты парызы. Әдебиет – сол парыздың адал атқарылуына ықпал жасайтын рухани тәрбие мен тазару көзі» [42, б. 270], – деп

пайымдайды. Демек, ақын-жазушылар – қай дәуірде болмасын қоғам жетекшісі міндетін атқаратын пассионар тұлғалар.

О. Сәрсенбаевтың рисаласынан мынадай «Мәңгілік Ел» идеясын аңғарамыз: «Жанның азығын аяқасты етіп, тәннің қорегін бірінші кезекке шығарған қоғам қайда бармақшы? Мұндай қоғамның құндылықтарын қандай үлгілермен өлшесек керек? Қоғамның ежелгі құндылықтары арзандап, Абай айтқандай, тағы да «Жанды тәнге бас ұрғыза берсек», баяғы ата-баба дәстүрлері арқылы, діни танымдар жолымен қалыптасқан рухани игіліктерден тағы да көз жазып қалмаспыз ба?» [55, б. 14].

Бұл мысалдан түйетініміз – қазіргі қоғамда көбіне материалдық игіліктің рухани игіліктен жоғары қойылатыны. Ата-баба дәстүрі, діни танымдар жолымен келген рухани игіліктерімізді сақтау – «Мәңгілік Ел» болудың алғышарты.

О. Сәрсенбаев прагматизм өлшемдерін ислам философиясы категориясы ретінде ұсынады: «Бahауаддин Нақшбанди жолын қуушылар ғасырлар бойы мұсылмандық мораль мен этиканың бұлжымас жүйесін жасаған. Алладан қорқу, ар-ұяттың тазалығы, жүріс-тұрыстағы тазалық пен әдептілік, қайырымдылық пен қанағатшылдық секілді ұғымдардың о дүниелік, бұл дүниелік философиялық қазықтарын қадаған» [56, б. 484]. Автор сөз етіп отырған қайырымдылық пен қанағатшылдық – «Мәңгілік Ел» болу үшін қазіргі қоғамымызға аса қажет қасиеттер.

Кезінде әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді көтеруге белсене араласқан көсемсөзші М. Қабанбай Қазақстанның даму жолы тек бірлікте, бейбітшілікте екенін былайша көрсетеді: «Қазақстанның табысы – бейбіт өмір сүру, бұл болса, болашақта бәрі де болады. Ендеше қазақтың өз-өзін жөндеуі қалды. Жөнделудің басты шарты – өз-өзіне сын көзбен қарау» десе, енді қалай жөнделеміз дегенде «Қоғамдағы өз орныңды анықтап, рухани моншаға түгел кіріп, тазарып шығу керек. Рухани моншаңыз ысып тұр – ол арысы халқымыздың бейбіт, қиындыққа төзгіш, кек ұстағыштан алыс, кешірімге қашан да жақын төл мінезі. Одан бері ұлы Абай салып беріп кеткен тағы бір үлкен монша бар. Өлеңдерін, қарасөздерін оқысаңыз, қазақты бас ұлт жасайтын басты қағидалар сонда жатыр. Оның бәрін ұлы атамыз жанынан шығара берген жоқ, оның шығармашылығы – Батыс, Шығыс, орыс, қазақ пәлсафасының квинтэссенциясы» [57, б. 7] – дейді.

Көсемсөзшінің бұл мысалындағы қазақтың рухани жағынан тазаруы, қазаққа тән мінездерді сақтай білуі мәңгілік ел болуға апарар жолдардың бірі деу көкейге қонады.

М. Қабанбай қазақтың ысырапшыл, даңғойлық сияқты жағымсыз мінезін: «Бізде жерінің құнары мен құйқалысын, өзен, көлін, желкілдеген құрағын басқаға беріп, өзі шөл мен шөлейтте күнсіп мал бағып жүрген көнбістік пен көнімпаздық» бар, өзгенің ұлын өзіміздікінен артық көрген кеңпейілділігіміз де жоқ емес. Сөйте тұра, үстелді арақ пен шарапқа сықыстыра толтырып қоюды байлық пен шайлық деп түсінетін дарақылығымызды қайда қоярсың, соңғы баспағына дейін сатып, қыран жапқандай той жасап, ертеңінде қара нан мен

қара шайға қарап қалатын шашпа-төкпелігімізді кімге мақтан еткендейміз?» [57, б.153], – деп дөп басады.

Көсемсөзші М. Қабанбай көтерген бұл мәселе Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында былай тұжырымдалады: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемі пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» [36].

Жазушының зиялылар туралы мақаласында«Егер бірлік, ежелгі түріктік, туысқандық қасиеттерімізді қайта тірілтпесек – күніміз қараң. «Бөлінгенді бөрі жейді» деп халық мұндай мисыздыққа баяғыда-ақ қысқа, қатал бағасын нақ берген» [57, б. 181].

Бұл мақалада автор қазіргі заманда өз беттерімен тәуелсіздік алып кеткен түркі халықтарының ынтымақтастықта болу керектігін баса айтады.

Қаламгер рушылдық мәселесін көтеріп,ауызбіршілікті, ынтымақты болуды қаузайды. Қазақтың рушылдығын, ру-руға жік-жік болып бөлінудің дұрыс еместігін алға тартады. Өйткені, «Қазақты ру, жүзге бөлу – Қазақстанды бөлу екенін ұғатын уақыт жетті» [57, б.303] – дейді.

М. Қабанбай көтерген рушылдық дерт «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруға кедергі жасайтын кеселдердің бірі.

Елбасы Жолдауында руға бөлінушілік мәселесі ұлтты құртатын дерт ретінде аталады: «Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі. Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарақтың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа барып тіреледі» [44, б. 67].

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ көсемсөзіне «Құстар – біздің досымыз» натуралистік очеркімен жаңа форма алып келген көсемсөзші Е. Раушанов құстар туралы әлемдік деңгейде айта отырып, түркілік мәселесін де қамти кеткен. Мысалы: «Ұлытау атауы түркі тектес елдердің қай-қайсысында да кездеседі. Түркия мемлекетінің алғашқы астаналарының бірі Бурса шаһарының маңындағы көгілдір таудың аты – Ұлытау. Осман түріктері бұл атауды «киелі, қасиетті» деген ұғымнан туған дейді. «Ұлы» – түркі сөзі. Ол бізден өзге халықтарда «улуғ» формасында кездеседі. Неге-дүр бүгінде қазақ тілінде бірлі-жарым ескі мақал-мәтелдерде болмаса («Ұлық болсаң – кішік бол», «Ұлық-төре ел қанап» т.б.) «ұлық» сөзі қолданылмайды. Түркі тілдес халықтар негізінен «улуғқа» қоса парсыдан сіңген «буюқ» деген сөзді де пайдаланады. Біз тек «ұлы» деген сөзді ұстап қалғанбыз. Кезінде пантүркизммен күресеміз деп күрмекпен бірге күрішті де отап салған тұстарымыз аз болмаған секілді» [58, б. 44]. Көсемсөзші мұнда құстар арқылы тау атауын сөз етіп, одан бұл атаудың түркі елдеріне ортақ екендігін көрсету арқылы түбі бір түркі ел екенімізді танытып кетеді.

Қорыта келгенде, заманалы қазақ көсемсөзі қайнар бастау бұлағын сонау «мәңгілік жазудан» түркі жазба ескерткіштерінен нәр алып, қазақ хандығы тұсындағы Қазақ Ордасы, Алаш Орда үкіметі және қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік ел» идеясына ұласатынын, осыдан келіп дәстүр тағылымы, дәстүр сабақтастығы мен жалғастығы келіп шығатынын жаңаша пайымдадық деп ойлаймыз.

Осы ретте «мәңгілік жазу» жайлы ой өрбітсек, бүгінде таңбатану ілімін зер сала зерттеп жүрген ғалым А. Мектеп-тегінің «Ұлттық ақпараттың тегі мен түрлері» зерттеуіндегі тұшымды ойлар жоғарыдағы тұжырымды қуаттай түседі. Мысалы: «Күлтегін қаған ескерткіштерінде сәулет өнерінің де, стилизацияға түскен мифтік, тотемдік сенімнің де элементтері мен фрагменттері симметриялық дәлдікпен сәйкестік тауып, көркемдік безендіру талғамының ұлттық нәзік иірімдері танылады. Сондай-ақ, тас бітіктің бүгінгі күні дербестеліп, өз алдына отау тіккен тіл білімі, жазу тарихы, әдебиет һәм кітаптану ғылымы, баспасөз тарихы, тасты өңдеудің декоративтік өнері, педагогика, психология, философия, т.т. сан алуан саланы тұтас қамтыған синкретті туынды» [59]. Сондай-ақ зерттеуші ескерткіштегі публицистік белгілерге де назар аударып, Күлтегін кіші жазуындағы «Айтар сөзім болса, мәңгі тасқа жаздым...», «Мәңгі тас тоқытдым, бітідім (жаздым)» деген нақты мысалдармен дәлелдейді [59, б. 6].

2 ЖАҢА ДӘУІР ӨРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

2.1 Жаңа дәуір өрісіндегі тіл және тәуелсіздік проблемасының авторлық философияға трансформациялану үдерісі

Әбіш Кекілбай – Қазақстанның Халық қаһарманы, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бұрынғы спикері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

«Ғасыр соңындағы елдегі түбегейлі өзгерісті талдап-таразылап, халық санасына қопарып жеткізу бақыты қаламгер Әбіш Кекілбайдың еншісіне бұйырды» [3, б. 436].

Қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісінде Ә. Кекілбай замансөзінен ғылыми-танымдық сипат аңғарылады.

Әбіш Кекілбайдың тәуелсіздік және тіл туралы жазған көсемсөзін тақырып ретінде алу себебіміз – оның көсемсөзінде қазақ елінің кешегісі (отар ел), бүгінгісі (тәуелсіз ел), келешегі (дамыған ел), ел мен жер философиясы жан-жақты талданып, жаңаша байламдармен тұжырымдалуында дер едік.

Көсемсөзшінің Қазақстанның тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін, әлемдік тарихпен сабақтастыра, шешендік тілмен жазғанын, жетпіс жыл бойы Қазақстанның қызыл империядан көрген зорлығын құр жалаң сөзбен емес, нақты фактілерді сөйлеткенін талдау.

Ғалым А. Сейдімбек «Біртуар» мақаласында: «Әбіштің бірегейлігі үш салада айрықша жарқырап, шапағаты мол өреде көрінеді деп ойлаймын. Бірінші, Әбіш – суреткер. Екінші, Әбіш – мемлекет және қоғам қайраткері. Үшінші, Әбіш – нағыз даңғыл көкірек, шешен публицист. Әбіштің шешендік-публицистік қасиеті болса, мұнысын шын мәнінде ерекше құбылыс деуге болады. Меніңше, мұның сыры Әбіштің қоғамдық ғылымдар саласындағы энциклопедиялық-академиялық білім өрісінің биіктігінен деп ойлаймын. Тәңір шебер Әбішке сол білгендерін еліміздің кешегі, бүгінгі және болашақтағы тағдыр талайымен шендестіре ала алатын сараптамалық (аналитикалық) зерде берген. Бәлкім, даналық дегеніміздің өзі осы болар» [60, б.175], – деп шабыттана толғайды.

Энциклопедиялық шалқар білімді игерген Әбіш Кекілбайдың «Тәуелсіздік және тіл» көсемсөзінің өзектілігі – қазақ елінің КСРО құрамына енген дәуірдегі ұлтсыздандыру саясатына қалай ұшырағанын нақты дәйекпен әшкерелеу және әлемге таныту. Тұтастай алғанда, бұрынғы тарихи қателіктерге ұрынбай, тиісті қорытынды шығарып, дамудың сара жолына түсу үшін Әбіш Кекілбай шығармашылығындағы көтерілген қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани мәселелерге қатысты ұсыныстарын зерделеу және оның шешендік өнері мен тілінің образдылығын, ойшылдық қыры мен саяси көрегендігін саралап, таныту. Біз талдап таразылаған мәселелер бізге дейінгі зерттеулерде қарастырылмағанын ескерткіміз келеді.

Тақырыптың мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздігі және тіл мәселесіне байланысты Әбіш Кекілбай көсемсөзінің ұлттық ерекшелік белгілерін ашу дер едік. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді алға қоюды жөн санадық:

- Әбіш Кекілбайдың тәуелсіздік және тіл туралы мақалаларының ұлттық аяда шектеліп қалмай, дүниежүзілік тарихи үдеріспен байланысты сыр-сипатын ашу;
- оның публицистикасында тарихи мәліметтер, цифрлық деректер мен ғылыми фактілердің көп келтірілетінін көрсету;
- Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінде ойды жеткізуде образды, шешен сөздердің ерекше роль атқаратынын талдау;
- кеңес өкіметі кезіндегі қазақ тіліне жасалған қиянатты көрсету;
- кеңес өкіметі кезіндегі қазақ ұлтын ұлтсыздандыру үшін жасалған амалдарды ашып көрсету;
- қаламгердің тәуелсіздіктен кейінгі ана тілімізді қалпына келтіріп, дамытудағы ұсыныстарын қарастыру;
- тәуелсіз қазақ елінің дамуы туралы публицистің ұсыныстарын қарастыру» [61, б. 84].

Біздің зерттеуімізге дейін Әбіш Кекілбай туралы Б. Жақыптың «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары (генезис, эволюция, поэтика)», М.К. Абдраевтың «Әбіш Кекілбайұлының публицистік шеберлігі», С. Ғұбайдуллиннің «Әбіш Кекілбаев прозасының тілі», Ж. Дүйсенбаеваның «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы» атты кандидаттық диссертациялар қорғалды. Осы зерттеулердің ішінде біздің тақырыпқа жақын келетіні М.К. Абдраевтың зерттеуі. Бұл зерттеуде Әбіш Кекілбайдың журналистік қызметіне толық тоқталады, оның кезеңдерін ашып көрсетеді. Жазушының көсемсөзіне тән стильдік ерекшеліктерді атап өтеді.

Ә. Кекілбайдың «Тәуелсіздік толғауы» деп аталатын мақалалар жинағына мынадай тақырыптар енген: «Медет етсек бір мезет», «Азаттық төркіні алыста», «Елдіктің ежелгі сүрлеуі», «Тәрік болған тәуелсіздік», «Қайта оянған үміт», «Күрмеуі мол күрес», «Тәуекелге мінер кезең», «Тізгін қолға тигенде».

Мақалалары бір-бірімен мағынасы жағынан байланысып, жалғасып жатады. Автордың «Тіл және тәуелсіздік» деп аталатын келесі бір жинағында мынадай тақырыптар қамтылған: «Әңгімені әлімсақтан бастасақ», «Өшпенділік өзгешелікті өгейсітуден басталады», «Әлімжеттік пен әділет», «Заманнан заман оралған», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Ұлт бостан болмайынша, адам бостан бола алмайды», «Тіл мерейі – ел мерейі».

С. Абдрахманов «Сардар. Ділмар. Елдар» мақаласында «Тіл және тәуелсіздік» толғауындағы этнология, ұлттық даму, демографияны тақырып ретінде жеке-жеке жіктеп көрсетеді [60, б. 180].

Жазушы тақырыптарды жүйелі түрде баяндайды. Көсемсөзші осы мақалаларында жалпы тәуелсіздіктің бүкіл адамзатқа қажет екенін айту үшін әңгімені тіршіліктің жаратылуынан бастайды. Қазақстанның тәуелсіздігін айту үшін әлемдік масштабтағы жалпы жаулап алушылық, отаршылдық, зорлық-зомбылық мәселелерін қозғайды, КСРО кезіндегі саяси идеологияға және

Қазақстанның сол кездегі тарихи оқиғаларына сараптама жасайды. Біздің зерттеуіміздің маңыздылығы көсемсөзшінің осы талдауларында ашылады.

Ә. Кекілбай көсемсөзінде Қазақстанның жетпіс жыл бойы отар ел болуына байланысты дүниежүзілік тарих, саясат туралы көптеген фактілер келтіріледі. Бұдан қаламгердің аналитик көсемсөзші екені анықталды. Ол Қазақстанның тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін айту үшін қызыл империяның саяси бет-бейнесін ашып береді. Қызыл империяны айту арқылы XX ғасырдағы «саяси ойында» кімдердің қандай қателіктер жібергенін қысқа да нұсқа түрде түсіндіріп береді. Әбіш Кекілбай бірнеше томға өзек болатын материалды бірнеше мақала көлеміне сыйғызып, сығымдап беретін ерекшелігі де бар.

Біз Әбіш Кекілбай көсемсөзін талдағанда мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- Әбіш Кекілбайдың кеңес өкіметінің деспотиялық кемшіліктерін көрсетуі;
- Әбіш Кекілбайдың XX ғасырдағы державалардың қателіктерін ашуы;
- Әбіш Кекілбайдың қазақ елінің бодан болу себептерін негіздеуі;
- Әбіш Кекілбайдың Ресей патшалық өкіметі мен кеңес одағының қазақ тілін жоюдағы саясаттарының іске асырылуын көрсетуі;
- Әбіш Кекілбайдың публицистикасындағы бейнелі сөздер мен шешендік өнері.

Әбіш Кекілбайдың кеңес өкіметінің деспотиялық кемшіліктерін көрсетуі

Біріншіден, «Тәуелсіздік толғауы» жинағында Қазақстанның қалай тәуелсіздікке жеткенін айту үшін, оның алдындағы жетпіс жыл өмір сүрген кеңес өкіметінің қалай ыдырағанына сипаттама береді. Кеңес өкіметінің саяси қателіктерін көреген саясаткер ретінде жан-жақты талқылап береді. Ә. Кекілбайдың мұндай сараптамалық мақалаларынан мынадай стильге бой алдырғанын аңғарамыз: бір тақырыпты айту үшін әлемдік деңгейдегі ұқсас тақырыптарды қамтиды, тарихи-салыстырмалы мәтін түзеді. Мысалы, жоғарыда аталған жинақтың ішіндегі «Елдіктің ежелгі сүрлеуі» мақаласында әлемдік тарихи тұлға Шыңғыс хан туралы «Жаулап алуға әскери тегеурін таба алғанмен, ұстап тұруға өркениеттік тегеурін таба алмады» [37, б. 14] – деуінен болжамдық сипатты бағамдауға болады.

Бұл жерде көсемсөзші Шыңғыс ханның жалпы стратегиялық қателігін ашып тұрғандығын айта кету керек. Шыңғыс хан – әлемдік, мәңгілік тақырып деңгейіндегі феномендық құбылыс. Мұндай тарихи тұлғаның қателігін ашып көрсету үшін де көсемсөзшіге тән қасиет батылдық, парасаттылық керек. Тарих беттерінен, жалпы деректер мағлұматтарынан мұсылмандардың басқа елдерді жаулап алғанда өздерінің білімі мен ғылымын, мәдениетін түгел алып барғандығын жақсы білеміз. Және сол жерге кең етек жайып, түркілік өркениетті дамытуға зор септігін тигізгені анық. Әбіш Кекілбайдың айтайын деген ойы да осы еді. Бұл жерде мынадай заңды сауал туатыны хақ: Ә. Кекілбай мақаласына Шыңғыс ханның қандай қатысы бар, не үшін Шыңғыс ханды мысалға келтіріп отыр? Себебі, тарихта ұқсас, қайталанатын оқиғалар болады. Яғни Шыңғыс хан жарты әлемді қарумен жауласа, бұрынғы кеңес өкіметі

идеологиямен жаулағанын айтады. Тоқ етеріне келгенде, екеуінің де ұмыры баянсыз болғанын көрсетеді [37, б. 23].

Ә. Кекілбай кеңес өкіметінің мынадай кемшіліктерін толығымен ашып береді:

Ә. Кекілбай алдымен, кеңес өкіметінің империядан бас тартпағанын, екіншіден, деспотияны сақтап қалуын үлкен саяси қателіктер ретінде былай көрсетеді: «Олар *монархияны құлатқанмен, империяны құлатпаған, патшалық деспотияның* орнына *коммунистік деспотияны* орнатқан» [37, б. 33]. Қаламгер олардың осындай қателіктерінен қорытынды шығара отырып, біз тәуелсіздікке қол жеткіздік деген ойды аңғартады.

Автор кеңес өкіметінің Қазақстанға істеген әділетсіздігінің астарын ашып: «...оған қарауындағы бодан елдердің басындағы эволюциялық сәйкессіздікті одан әрі асқындыра түсу тиімді еді. Сол бұрынғы *өгіз аяң күнелтіс* қалпынан асырмай ұстай тұру арқылы қалған адамзаттың даму қарқынына ілесуден қаралай күдерлерін үздіріп, әбден титықтатып, *өз беттерімен ел бола алмайтындай қылып, өз-өзінен аздырып-тоздырып жіберу көзделген-ді*» [37, б. 17]. Осы мысалдан Қазақстанның кезінде дамымай қалып, сол өтіп кеткен уақыттың есесін енді қайтарып жатқанын көруге болады.

Кеңес өкіметі кезінде қазақ ұлтының менталитетіне жасалған қысымды: «Соғыс біткен бойда ұлт-азаттық қозғалысының қайтадан әлемдік қарқын ала бастап, Азияда, Африкада, Латын Америкасында көптеген елдердің тәуелсіздікке ие бола бастағанын көріп, кеңес халықтарында да азаттықшыл көңіл-күй оянып кете ме деген қауіп күшейді. Елуінші жылдар басындағы идеологиялық шабуыл содан өрбіді. *Ұлттық тарих, ұлттық әдебиет, ұлттық мәдениет тарихының құйрық-жалы қайтадан күзеліп шыға келді»* [37, б. 20], – деп сипаттайды .

Қазақтар санының азаю себебі түсіндіріледі: «Ұлттық сананың жаңа дүмпуінен қорыққан тоталитаризм екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстарының жеңістерінен өзінше қорытындыны осылай жасады. Ұлттық республикаларды, әсіресе Қазақстан сияқты табиғи ресурстарға аса бай елдерді ондай дәмеден біржолата күдер үздірудің шаралары алдын ала және жан-жақты қарастырылды. Оның бірден-бір «тиімді жолы» – *байырғы халықты өз жерінде өзін азшылыққа ұшырату еді.* Бұны жүзеге асырудың кең ауқымды іс-қимыл бағдарламасы жасақталды. Тың игеру қарқындады» [37, б. 20].

Қазақтарды ұлт ретінде жоюды қалай жүргізгендігі жайында автор: «Байырғы халықтың үлес салмағы қырық пайызға да жетпейтін боп құлдырай бастады. Одан әрмен мүшкілдене түсуіне бағыт ұсталды. *Енді сол аз қазақтардың өзінің кім екендіктерін өздеріне ұмыттыру керек болды.* Мәдениет пен білімге кең жол ашу деген желеумен *өз мәдениетін өзіне өгейсітіп, өзге мәдениетке баурайтын – аккультурация саясаты ашық жүргізілді*» [37, б. 21], – дейді.

Көсемсөзші кеңес өкіметінің бет-бейнесін былай ашады: «Бүгін қайта құрудың *коммунистерге* тән құрғақ *қиялшылдық пен жалаң утопизмнің* кезекті бір шалығы болғанына көз жете түсті» [37, б. 24].

КСРО-ның ыдырау кезіндегі кеңес өкіметінің мүшкіл халін: «Мәжілістен қол бос кезде Женева көлінің жағасындағы Мэрия үйіне қабылдауға бардық. Қабырғаға ілулі тұрған бір плакатқа көзіміз түсті. Көктемгі сең жүріп жатқан аласапыран кезде, жан-жаққа жапа-тармағай қашып жатқан мұздарды бытыратпаймын деп, үстеріне етпеттей жығылып, *қол-аяғына ие бола алмай тырбаңдап жатқан Горбачев бейнеленіпті*» [37, б. 30]. Осы суреттен батыс елдерінің кеңес өкіметінің құлайтынын алдын ала болжағанын байқаймыз.

КСРО-ның құлауы туралы Ресей ғалымы В.П. Кирсановтың зерттеуінде мынадай мәлімет бар: «Н. Назарбаев сияқты байсалды саясаткердің бағалауы бойынша, егер де сол кездегі КСРО басшылары елді реформалауға жүйелі түрде көшсе, өздерінің алдына қалай да болса, оның тұтастығын сақтауды басты мақсат етіп қойғанда, мүмкін 1990 жылдың өзінде оқиғалар ағымын өзгертуге болушы еді, бірақ Горбачев және оның айналасы ат-экономиканың алдына арба-саясатын қойды. Нәтиже анық» [62, б. 158].

Ә. Кекілбай КСРО-ны ыдыратпаудағы кеңес өкіметінің айла-шарғыларын: «...бұрынғы көзбояушылық демагогия белден басылып, ашық кемсітушілік технологиялар қосылды. Халықтар достығының алдыңғы шебі саналып келген аймақтардың бірінен соң біріне әрқилы айыптар тағыла бастады. Біреулері – «жаппай ұры-қарлықтың елі» ретінде *шиге шаншылып*, екіншілері – көршілерімен жерге таластырылып, үшіншілері – жершілдік, топшылдық салғыласуға ұрындырылып, жаппай орнықсыздық кеңістіктеріне айнала бастады. «Халықтар достығының лабораториясы» саналып келген Қазақстан бір күннің ішінде қазақ ұлтшылдығының ұясы атанып шыға келді» [37, б. 25], – дейді.

Кеңес өкіметінің тағынан түскісі, үстемдіктен айырылғысы келмегендігі туралы: «Ол өле-өлгенше әлемдік қағидаға айналған *отаршылдық заңсыздық екенін*, сондықтан *тарихи әділет қалпына келуі керек екендігін мойындамауға* тырысып бақты» [37, б. 46], – деп сипаттайды.

Әбіш Кекілбайдың XX ғасырдағы державалардың қателіктерін ашуы

Біріншіден, көсемсөзші тек кеңес үкіметінің қателігімен шектелмейді. XX ғасырдағы бүкіләлемдік қателіктердің себептерін ашып көрсетеді. Мысалы, «Таза саяси-экономикалық қатынастарды біржақты әспеттеу үлкен әлеуметтік солақайлықтарға ұрындырды. Жер шарының алтыдан бірінде тапшылдық идеологияның, әлеуметтік нәсілшілдіктің үстем алуы – жиырмасыншы ғасырдағы *ең үлкен эволюциялық сәйкессіздік* еді» [37, б. 22].

Екіншіден, XX ғасырдағы «саяси ойында» державалардың текетіресі: «Кімнің техникасы күшті, кімнің әскері күшті, кімнің экономикасы күшті деген тайталас, айналып келгенде *қоршаған ортаны, адамгершілік табиғатын көзсіз талапайлау* болып шықты» [37, б. 23].

Үшіншіден, кеңес өкіметі мен басқа елдердің өштестігі және оның Қазақстанға тиген зардабы турасында былай дейді: «Мұның бәрі Қазақстанды дүниежүзілік текетірестің алдыңғы шебіне шығарды. Оның *табиғи ресурстары*

әлгіндей әлемдік бәсекенің жемтігі бола бастады. Оның аумағын әлемде бар ең қорқынышты қарулардың барлығы басты нысанаға алды» [37, б. 24].

Әбіш Кекілбайдың қазақ елінің бодан болу себептерін негіздеуі

Әбіш Кекілбай Шыңғыс ханнан басталған қателікті ой жүгірте отырып, өзіміздің ата-бабамыздың бодан болуға себепкер болған қателігін де пайымдайды. Мысалы, «Біздің бабаларымыздың дәурендеу тарихы мен дәрменсіздендіру тарихы өзімен өзі болып *тоқмейілсудің* де, не біреудің *мәңгілік панасына тығылып*, одақтастығына жүгінген кіріптарлықтың да ащы дәмін татудай-ақ татып болған» [37, б. 50].

Ә. Кекілбай көсемсөзіндегі отарлаушы елдердің қателіктері және қазақ ұлтының бодандыққа түсу себебін келесі сурет арқылы көрсетуге болады (сурет 2).



Сурет 2 - Отарлаушы елдердің қателіктері және қазақ ұлтының бодандыққа түсу себебі

Көсемсөзшінің жоғарыдағы «XX ғасырдағы державалардың қателіктерін ашуы», «Қазақ елінің бодан болу себептерін негіздеуі» бөлімдеріндегі ойларынан Ә. Кекілбайдың өзіндік байламдарын көреміз.

Ресей патшалық өкіметі мен кеңес одағыныңқазақ тілін жоюдағы саясаттарының іске асырылуын көрсетуі

«Тіл және тәуелсіздік» жинағында Әбіш Кекілбай тек қазақ тілі аумағында ғана сөз қозғамайды. Қазақ елі сияқты басқа да отар болған Африка, Үндістан сияқты елдердегі тіл мәселесін сараптайды. Мысалы, Африкадағы тіл туралы айтқанда: «Қай-қайсының құрамы да *көптайпалы, көптілді еді*. Олардың біреуін мемлекеттік тіл ретінде таңдап алу орасан зор қиындықтар туғызды.

Кейбір мемлекеттерде шағын этностар өте көп. *Бір-бірінің тілін түсінбейді.* Мәселен, Нигерияда 400 тіл бар. Содан ұлттық тіл ретінде үш тіл таңдалды» [37, б. 261].

Автордың «Индиядағы толыққанды тілдер 400-ден 700-ге дейінгі аралықта көрінеді» [37, б. 262] – деген пікірінен көшпенді халықтарға ежелгі сақ заманынан бері монолингвизмнің тән екенін дәлелдеу болса керек. Жазушы өз ойына дәлел ретінде XI-XII ғасырлардағы Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани еңбектерін келтіреді де «Еуразиядағы ең үлкен мемлекет болған Алтын Орда империясының басты түсінісу құралы қыпшақ тілі болғаны, ал оның қалыптасуы мен жан-жаққа таралуының қайнар көзі бұрынғы қыпшақ, қазіргі қазақ даласы болғаны әмбеге аян» [37, б. 267] екендігін дәйектейді.

Көсемсөзші Ресей патшалық өкіметі және кеңес одағы кезіндегі қазақ тілін құрту саясатын сипаттауы

Ресей патшалық өкіметі мен кеңес одағының қазақ тілін құртудағы мүдделерінің ортақтығы мынадан аңғарылады*:* «*Орыспен орыстай болып сіңісіп кету» – біздегі білімділіктің бірден-бір критерийі болды*. Бұл арқылы *жекелеген адамдар өскенімен, ұлт өспейтіні белгілі*» [37, б. 282].

Әбіш Кекілбайдың бұл пікірін кезінде америка ғалымы Л. Крадер «Орта Азияның адамдары» атты еңбегінде айтып кеткен болатын. Л. Крадер бұл еңбегінде кеңес өкіметі кезінде КСРО халқын бір тілде сөйлету, орыстандыру саясаты болған деген пікір білдірген [63].

Ә. Кекілбай қазақ тілінің қалалар мен аудандарда қолданыстан қалған ащы шындықты: «Ұлттық сезімнің ең соңғы қамалы болып есептелетін *ана тіліміздің* де басына шындап күн туды. Ол негізінен шалғай ауылдарға, *ошақ қасы, отбасына жер аударылды* деуге де болатындай еді. Астана, облыс орталықтары түгілі, аудан орталықтарында үй ішілік қатынас тілі болудан қала бастады» [37, б. 21], – дейді.

Әбіш Кекілбайдың осы пікірін АҚШ ғалымы У. Фиерман құптап: «Бұл мәселе, әсіресе тіл саласында қолданылды. Кеңес дәуірінде қазақ тілі республиканың аудан, ауыл аймақтарында бұрынғыдай басымырақ болып қалса да, қала этникалық қазақтары арасында қазақ тілінің орнын орыс тілі басты» [64, б. 398].

Көсемсөзші қазақ ұлтының санын азайту және тілін құрту жолындағы жасаған қасақана амалдары туралы: *«Кеңестендіруді* желеулетіп, орыс өкілдерін сіңіру, *индустрияландыруды* желеулетіп, *орыс тұрғындарын көбейту,* тың көтеруді желеулетіп, *орысшылдану, кемелденген социализмді* желеулетіп, *жаппай орыстану* саясаты кезек-кезегімен жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жергілікті халық 1939 жылы 46%-ға түсіп, соғыстан кейінгі миграциялық топан-селдер тұсында 34-35%-ға дейін құлдырады» [37, б. 271], – деп сандық статистикалық мөлшерін айқындайды.

Ә. Кекілбай келтірген қазақ ұлтының азаюы туралы мәлімет АҚШ ғалымы Уильям Фиерман келтірген мәліметпен бірдей [64, б. 404] екендігіне көз жеткіземіз.

Жоғарыда аталған У. Фиерман еңбегінде: «Бұл көбінесе патша және кеңес дәуіріндегі қазақ мәдениетін орыстандырумен байланысты болды. Қазақстан тәуелсіздігінен кейін этникалық қазақ халқының басым бөлігі, әсіресе білімді қала тұрғындары қазақ емес, орыс мәдениетін көбірек сезінді» [64, б. 398] – дейді.

Қаламгер кеңес өкіметінің қазақ даласында «африкаландыру» саясатының жүргізілу сырын: «*Ойлап таппайтыны жоқ орталық* қазақ даласының әр аймағын экономикалық жағынан көршілес республикалардың шектес аймақтарына еріксіз қосақтайтын аумақтық-өнеркәсіптік кешендер құрылып, *республиканың ішкі аумақтық-шаруашылық байланыстары мен тұтастығын әлсіреткен үстіне әлсірете түсуді қолға алды*» [37, б. 271], – деп сараптайды.

Кеңес өкіметі тұсындағы қазақ әдебиетіне жасалған идеологиялық қысымды: «...көркем *шығарманың кейіпкерлерінің қаншасы қазақ, қаншасы басқа екендігі «пайызға» шағылғандығын*» [37, б. 276], – айғақтайды. Кеңес дәуіріндегі көркем шығармаларда басқа ұлт өкілдері міндетті түрде «көсемдік» жасайтын басты образдар болғанын айта кеткен жөн.

Қазақ ұлтының санасын жуық арада түзелмейтіндей етіп құртуы және оның қазіргі зардаптары: «...тоталитаризм мен отаршылдық психологиясына әбден бауыр басып, ғасырлар бойы салпақтаған соқпақтан шыққысы келмейтін *ұлттық нигилизмнен* әлі арыла алмай жатқандығымыз» [37, б. 279], – соның нақты нәтижесі.

Автор кеңес дәуірі кезінде қазақтардың ұлттық намыстан айырылып қалғандығын суреттеген тұста: «Тәуелсіздік туын баяғыда көтерсек те, бүгінгі ұрпақтың талайының *азаматтық намысы* сол баяғы *бетегеден биік, жусаннан аласа* қалпында қалып отыр» [37, б. 279], – деп тұжырымдайды.

Қазіргі мемлекеттік тілімізге зиянын тигізіп отырған кешегі бодандық сананың зардаптары туралы: «Бүгінде мемлекеттік тіліміздің адымын аштырмай тұрған – *кешегі бодандық сана* бүгін әр нәрсеге бір құмартқан сипатқа ауысып, утилитарлық пайдакүнемдіктің тығырығына тіреліп, ұлттық сананы да сол тұйыққа қамап, шығарғысы келмейтін *салбөксе самарқаулықтан*... «Жаны ашымастың қасында басым ауырмас» дейтін *безбүйректікке мойынұсынушылықтан*» [37, б. 280] – дейді.

Ә. Кекілбай кеңес одағы кезіндегі құлдық психология кесірінің зардабын қазіргі күні қаншалықты тартып келе жатқанымызды: «...барлық пәле – өзіміздің. *Күні кешеге дейін құл болып тәрбиеленгендігіміздің.* Бодан кезіндегі мінезімізден бостан кезімізде де айырыла алмай отырғандығымыздан. Тіл намысы – ел намысы екендігін ұмытып, «қазақша оқығанда балаң ертең нан таба ала ма, жоқ па?!» деген кешегі *қоркөкірек* уайымның енді «орысша оқымаса, балам ертең бай бола алмай, бастықтыққа қолы жетпей шерменде болып қалып жүрмей ме?!» деген *көркөкірек* пысықайлықпен алмасып,

күлдікөмеш пиғылдан алысқа ұзап кете алмай жүргеніміздің» [37, б. 280], – екендігін айғақтайды.

Осы мысалдағы «қоркөкірек» – бейшара адам, «көркөкірек» – надандық сөздері автордың өзіне тән соны тіркестері креативті байламдарға жатады. Бұл мысалдағы *«қоркөкірек», «көркөкірек»* сөздері автордың «капиллярлық стилистикасын» көрсетеді.

Қаламгер қазақтардың өз тілін үйренуге талпыныстың жоқтығын, ұлттық намыстың жетіспеуін ашына жазады: *«Үкімет те өзгерді, заман да өзгерді. Өзгермеген тек өзіміз*» [37, б. 281].

Көсемсөзшінің космополитизмнің патриотизмге әсері туралы мынадай көзқарасы аңғарылады: «ағылшын, француз басқа да шет тілдерімен емін-еркін сөйлей білетіндігімен мақтана бастады. Әрқилы елдердің ақсүйектері шетелдіктермен тамаша сөйлесіп, ал өз елінің тілінде екі сөздің басын қоса алмаған. ...Бұрынғы бодан елдер тәуелсіздік алғаннан соң жастарын шетелге көптеп жіберді. Олар батыс университеттерінде *космополиттік* білім алуға құмартты» [37, б. 284].

Суреткердің «Бізде осы заманғы білімді құрайтын пәндердің бәрі дерлік *метрополия тілінде оқытылып келді. Көп уақытқа дейін халқымыздың басым көпшілігі ауылда болды. Ауылдан келгендердің көбі оқу-ағарту, ауыл шаруашылығы сынды дәстүрлі мамандықтарға түсті. Индустрияда білімді маман түгіл жұмысшы болмақтың мүмкіндігі ілуде біреуге ілікті. Сөйтіп, индустриялы елдегі аграрлы өркениет өкілдері болып күн кештік. Бұл – біздің басымыздағы ең басты сәйкессіздік еді.* Осы заманға тіршіліктің негізгі тінін құрайтын саладағы мұндай *бейтараптық пен бойкүйездік* барлық әлеуметтік кедейліктерімізге негізгі өзек болды» [37, б. 322] – деген тұжырымынан кеңес өкіметі тұсындағы белгілі бір мамандыққа байланысты қазақтарға білім беру саясатының сыр-сипатын ашық жазғанын бағамдаймыз.

Көсемсөзші мемлекеттік тілді көтеру үшін мынадай ұсыныстарын алға тартады:

1. Білімнің мемлекеттік тілде берілу шартына қатысты ескеретін мәселені алға қояды: *«Егер барлық пән бойынша барлық дәрежеде білім бере алсақ қана, ана тіліміз мемлекеттік тіл* бола алады. Онсыз биліктің тілі, ұлттық тіл, мемлекеттік тіл болмай, аудармашылар мен халықтың белгілі бір бөлігі ғана білетін *этнографиялық құбылыс* күйінде қала береді» [37, б. 285].

2. Қазақ тілін дамытудағы бұқаралық ақпарат құралдары рөлінің маңыздылығына тоқталады: «Тілдің бағын жандыратын тағы бір сала – *ақпарат* екені даусыз. Ол *қазақша сөйлемей, ел қазақша сөйлемейді*» [37, б. 285].

3. Дамыған батыс елдерінің тілдік тәжірибелерінен үлгі алу керектігі туралы: «Бір кезде еуропалық гимназиялар шәкірттеріне ең кемі үш тіл үйретіпті. Біріншісі – ана тілі. Екіншісі – ата-бабалар сөйлеген бағзы тіл. Грек, латын немесе көне славян тілдері. Үшіншісі – өздері мекендейтін кеңістіктегі оза дамып келе жатқан елдердің бірінің тілі. Кейін соның арқасында ұлттық

дамулары ойдағыдай қарқын ала бастаған соң, әлгіндей үшке жарылтатын ауыр бейнеттен арылған. *Адамзаттық интеллектуалдық ақпарат банкін өз тілінде қалыптастыруға күш салған.* Ғылыми аударманы жолға қойған. Тәуелсіз кемелденумізді қамтамасыз ету үшін біздің де осы тәжірибеге жүгінбегіміз шарт» [37, б. 283].

4. Білім беруді қазіргі заман талабына сай жүргізуді қолға алу керектігін түсіндіреді: «Біздер де білім беруді осы заманға лайықтап реформалауға мәжбүрміз. Бірақ, оны өз тілімізде жүзеге асырғанымыз жөн. Осы заманғы ғылыми-техникалық революция тілдік *монополизмге* емес, тілдік *плюрализмге* қызмет етеді деген сөз. Мұндай тиімді мүмкіндікпен пайдаланбау деген сөз – өз тілің мен өз мәдениетіне жаның ашымау деген сөз» [37, б. 284].

5. Қазақ ұлтының дамуы туралы: «Ұзақ жыл бодандық көрген халықты бостандыққа үйрететін *тәуелсіз мемлекет. Ұлт-мемлекеттің көсегесін көгертетін – ұлттық даму*» [37, б. 322].

6. Ә. Кекілбай ана тілінде білім алудың қажеттілігін бірінші кезекке қою керектігі жөнінде азаматтық ұстанымын білдіреді: «Білім берудің демократиялық жүйесін ойдағыдай жолға қою арқылы шешіледі. Оның тиімді жолдарының бірі – *азаматтарға ана тілінде білім беру*. Өйткені, элиталық білім кім-кімнің қолына түсе бермейді. Тек сондай білім ала алған әлеуметтік күштер ғана өз билік орындарының қызметін ойдағыдай бақылай алады. *Осы заманғы бәсекеге төтеп бере алу үшін* әлгіндей *салиқалы азаматтық қоғам орнатуымыз қажет*» [37, б. 325].

7. Қазақстанды озық білімді елге айналдыруды көздейді: Әбіш Кекілбайұлы Түркия елінің білім берудегі реформасының дұрыс екендігін мысал арқылы келтіреді: «Мұстафа Кемал Ататүрік Түркияны ұлт-республика, ұлттық мемлекет ретінде өркендеткісі келді. *Реформаны білім беруден, тіл саясатынан* бастады»[37, б. 319].

Бұл елде қазіргі күннің өзінде білім мәселесі өзекті болып есептеледі. Түрік ғалымы А. Гиргиннің пікірінше «Білімнің дамуы ұлт үшін және ұлтаралық байланыс үшін өте маңызды» [65, б. 2] болып табылады. Қазіргі уақытта Түркия елі кезінде дұрыс қабылданған шешімнің нәтижесін бүгін көріп жатыр десе болады. Олар түрік тілін түрлі мемлекеттерде «Төмер» тіл курстары арқылы оқытып жатқандығы белгілі.

8. Бізге ұлт-мемлекет құрудың тиімді жүйесі керек екендігін түсіндіреді: *«Ұлттық тілдің дүниетанушылық, білім берушілік, өмір зерделетушілік қызметтерін тұтасымен қайта құруды талап етеді*» [37, б. 320].

9. Қаламгер қазақ тілін сақтап қалудың қамы туралы толғанады: «Ең алдымен *туған тілімізді* жұмыла үйреніп, жабыла меңгеріп, жан аямай дамытып, нағыз осы заманғы *білім алу мен зейнет көрудің ең шешуші құралына айналдыруымыз қажет*» [37, б. 326].

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, Ә. Кекілбайдың мемлекеттік тілді дамытудағы ұсыныстарында да авторлық философиясының трансформациялану үдерісін байқауға болады. Өйткені, тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін қаламгерлер ой-санасында жаңаша көзқарас, байламдар орын

алып, әлемдік кеңістік өрісіне ойыса бастады. Мәселен, көсемсөзші білімнің алдымен мемлекеттік тілде берілу керектігін айта келіп, дамыған батыс елдерінің тілдік тәжірибесінен үлгі алуды, білім беруді қазіргі заман талабына сай жүргізуді дұрыс деп тұжырады. Ә. Кекілбайдың ұсыныстарынан кеңес өкіметі кезіндегі моноидеологиялық білімнің орнына әлемдік дамудың үрдістеріне негізделген демократиялық, бәсекелестік, адам капиталын дамыту сияқты жаңа білім беру жүйесіне көшу керек деген авторлық философиясының барлығына көз жеткіземіз.

Ә. Кекілбай шығармашылығында ел мен жер философиясы да елеулі орын алады. Мәселен, елдікті дәріптейтін «Дуадақ қонған боз төбе», жер туралы «Түркістан тағылымы» эсселері мен «Ұйқыдағы арудың оянуы» очеркінде ел бүтіндігі мен тұтастығын ең басты құндылық ретінде көрсетіп, қазіргі ұрпаққа ел, жер үшін жанын берген күрескер қазақтың биік рухын танытады.

Әбіш Кекілбай көсемсөзіндегі бейнелі сөздер мен шешендік өнері

«Жазушының көркем ойлауы – туған, өскен ортасымен егіз тамшыдай. Ешбір қаламгердің сөз саптасына ұқсамайды. Өзінше бөлек, қиыр көкжиегі кең, бірегей тыныcты құбылыс. Үстірті шешендерінің төгіп сөйлейтін суырып салмасын, тапқырлығын еске түсіреді. Салалас сабақтас, аралас құрмалас сөйлем жағаға жылжыған теңіз толқынына ұқсап, бірін-бірі асықтырып, ығыстырып, ентелеп, әдемі бір көрініс құрайды. Ішкі ырғағы басым. Үйқасқа бейім. Жазушының сөз саптау, сөйлем құрау стилін бірер сөйлемін оқып-ақ, «о, мынау пәленшенің сөйлемі ғой» деп түстеп танып алуға болар еді» [60, б.159].

Көсемсөзшінің шешендігі туралы С. Абдрахманов: «Жазушы мәдениеттанушылығының үлкен бір артықшылығы – афористика» [60, б. 182]6 – дейді.

Әбіш Кекілбайдың «Тіл және тәуелсіздік» эссесіндегі ойларын жеткізуде образды сөздер үлкен роль атқарады. Өйткені, «Мемлекеттік, халықтық маңызы бар шешімді жиындарда Әбіш арнайы сөз алып, алдағы келелі мәселелер, күрделі түйіндер төңірегінде шешіле сөйлеп, шешендік қырынан танылып та отырды, шешендік сөздің бір шарты – оның әлеуметтік үні болуы қажет» [66, б. 53].

Осы ретте С. Қирабаев «Әбіш шыңы» деген мақаласында көсемсөзшінің қаламына ғана тән шешендік өнерін сипаттайды: «Ол шешен еді, алғыр, ойға бай, толғап сөйлейтін ұстамды еді. Ұлы билердің үлгісін ұстаған Әбіштің тәуелсіздік жолындағы күрес пен әр қилы түсініспестікке жауап берген эссе, публицистикалық мақалалары бір әдебиет үшін ғана емес, ел рухын көтерген, рух туын берік ұстауға үндеген жан сыры еді» [67, б. 2].

Біздіңше, оның бейнелі сөздері қарапайым халықтан бастап зиялы қауымға бірдей түсінікті. Ә. Кекілбай көсемсөзіндегі бейнелі, көркем сөздер экспрессивтік-эмоционалдық қызмет атқарады. Мысалы: «Қазақстан, сондай әмбеге арман болған «хартлендтің» қақ ортасында жатты; сөйтіп болашақ соғыс қай тараптан шықса да, алдымен *садақаға шалынатын қоңыр тоқтының* күйіне түсті» [37, б. 23].

Бұл образды сөзде ұлттық нақыш бар. Қазақ халқы садақаға шалынатын малды жақсы біледі. Бұл жерде «құрбандық шалу» сөз тіркесінің тура мағынасы – Аллаға жақындау болса, контекстік мағынасында саяси астар бар. Ол – өз мақсаттарына жету үшін Қазақстанды сол жолда пайдалану дегенді білдірсе керек.

«*...тізесі тәлтіректеген қызыл империя* өз қолынан соққан Берлин қабырғасын өз қолымен күйретті» [37, б. 26]. Бұл мысалда кеңес үкіметінің құлар алдындағы жағдайын «тізесі тәлтіректеген» деген экспрессивтік бейнелі тіркеспен әсерлі берген. Кеңес үкіметінің күші қалмағандығының белгісін білдіреді.

«Жұмыста қалған атқарушы билік өкілдері қол қоюға бір күн қалғанда, 1990 жылғы 19 тамызда мемлекеттік бүлік ұйымдастырды. Бұл – қызыл империяның *өлім алдындағы ең соңғы тұяқ серіпкені* еді». [37, б. 36]. Бұл мысалдан автордың кеңес өкіметінің тарқар алдындағы дәрменсіз күйін мал сойғандағы әрбір қазақ дүниетанымына таныс суретпен егіздеп көрсеткенін бағамдаймыз.

«*Алтын екен деп жүргеніңде ар жағының мыс екендігін байқатып алатын бақыр ақшадай* болып шықты» [37, б. 45]. Автор бұл мысал арқылы интернационализмнің жалған болып келгендігін көрсетіп, кеңес өкіметінің саяси екіжүзділігін ашып береді.

«Сөйтіп, жетпіс жылдан астам жер-дүниені тітіреткен *қызыл империяның жаназасы* Алматы қаласының Құрманғазы көшесіндегі Достық үйінің дөңгелек залында он бір мемлекет басшыларының аталмыш құжатқа қол қойылуымен *шығарылды*» [37, б. 47].

Бұл мысалдан автордың осы процеске өзі қатысып, тарихи оқиғаға куә болғандығын және КСРО-ның құлауы ресми түрде Алматыда өткендігін көреміз. Автор «жаназа шығару» деген сөз тіркесін сарказм ретінде ұтымды қолданған.

Көсемсөзшінің «Тіпті оның өзін қанағат қылайын десең, Ресей мен Қытайдың өздері бас болып, баз кешіп, басқа үрдіске көшіп жатқанда, *социализмнің көк шолағына мініп*, көне жұртында қалғанда, жалғыз өзің не бітіре алмақсың?» [37, б. 49] – деуінен бұрынғы социализм жолымен өркениетке жете алмайтынымызды шешендікпен жеткізіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасаған.

Жалпы, кеңес өкіметі кезінде біздің дамымай қалғанымыз туралы шетел ғалымдары да айтып кеткен екен. Мысалы, ағылшын ғалымы Дж. Уилер: «мәдениет» және «өркениет» ұғымдары кеңес елдері мен батыс елдерінде біраз ерекшеленеді. Егер мәдениет Батыста өнерде, дінде, идеяларда, өмір сүру салтында адам ойының білдірілуі, ал өркениет өмір жағдайларын қадағалау үшін қолданылатын механизмдер мен аппарат болса, кеңес елдерінде өркениет толықтай ескерілмейді. Ал мәдениет материалды және рухани болып бөлінеді» [68, б. 179]. Бұл пікірде кеңес өкіметі тұсында өркениеттілік көшінен қалып қойғандығымыз ашық пайымдалады.

КСРО-ның жаһандану дәуірінен қалып қойғандығы туралы америка ғалымы П. Ратленд өзінің «Глобализация және посткоммунизм» деген мақаласында: «Постсоциалистік елдердің көбі жаһанданудан ұтылғандардың категориясына жататындай әсер қалыптастырады» [69, б. 17], – деп түйеді.

П. Ратлендтің бұл тұжырымын Ә. Кекілбай ұлттық нақыш арқылы шешендікпен әдемі жеткізеді: «...озып кеткен *замана көшін* қуып жетіп, сол кезден бергі кетіп келе жатқан қапыларымызды түгендеп, орнына келтіріп, ертең де, бүрсігүні де, алыс болашақта да ұлт ретінде, ел ретінде жер бетінде қала алуымыз үшін жан аямай күресуіміз керек» [37, б. 54]. Мұндағы замана көші – глобализация, дамыған елдердің моделін білдіруді аңғартады.

Қаламгердің көсемсөзінде Қазақстанның тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы жай-күйін аңғартатын ойлары да баршылық. Мысалы «Он жыл – адамдар үшін ғана баланың жасы. Ал тәуелсіз елдік үшін – *емізулі сәбидің жасы.* Ілгері тілеулі ата-ана сәбиінің тірі қалып, *ат жалынан тартып мінуі* жолында неге де болса шыдап бағады» [37, б. 54]. Ат жалынан тартып міну – тура мағынасында епті жігіттің ер-тоқымсыз атқа қарғып мінуін білдіретінін жақсы білеміз. Осы мысалдан қаламгердің ұлттық нақышты ойнатуы арқылы тағы да шешендігіне куә боламыз.

«Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, тер де төгілген. Бірақ *ар төгілмеуі* керек. *Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады*» [37, б. 54]. Автор бұл мысал арқылы қай заманда болмасын ар мәселесі алда тұратынын шешендік ой орамымен жеткізген.

«Ресей патшасы шетімізден *жетім лақтай сирағымыздан тартқылап, басқа көгенге көгендеп,* жәукемдей бастаған кейінгі XVII-XIX ғасырларда халқымызды әр тарапқа тартқылағанмен, тілімізді, руханиятымызды, тұрмыс-салтымыз бен әдет-ғұрпымызды өйтіп күлпаршалай алмады» [37, б. 267]. Бұл мысалдан, біріншіден, ұлттық өрнек байқалады. «Көген» – қозы-лақ байлайтын ұзын арқан мағынасында қолданылады. Екіншіден, қазақ ұлтын тілінен, мәдениетінен айырмақ болғандығын «көгенге көгендеп» деген бейнелі түрде жеткізген. Үшіншіден, қазақ елінің сол заманда жетім лақ секілді қауқарсыз болғандығын аңғартады.

«...бас хатшылар біреудің *қанжығасына* біреудің атамекенін *лақша өңгеріп* сыйлай салатынды көбейтті» [37, б. 272]. Бұл мысалдан алдымен, жерді үлестірудің соншалықты оңай болып кеткендігін байқаймыз. Екіншіден, көсемсөзші «қанжыға» сөзі арқылы ұлттық өрнекке жүгінеді. Бұл мысалда «қанжыға» сөзі біреуге олжа, жем болды, біреудің иелігінде кетті деген мағынада экспрессивтік бояуын қоюлатып қолданылған.

«*Мылқауға тіл, момынға тіс бітті*. Бұрынғыдай астарлап емес, айғайлап теңдік сұрайтын ашық таластар заманы туды» [37, б. 277] дегенінен қазақтың жуастықтан арыла бастағандығы көрінеді.

«Ақыр аяғында алғашқы тіл заңының республика Жоғарғы Кеңесінде қаралғаны есімізде. Ол *Рейхстагты* шабуылдағаннан да қиын болды» [37, б. 277]. Бұл мысалдан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тіл үшін күрестің оңай болмағанын аңғарамыз.

«Немене, кеше ел басына күн туғанда тар үйіміздің орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарханымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңызға ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгінгідей демократия орнатып, кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде өз тілімізде сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» [37, б. 278].

Әбіш Кекілбай бұл сөздерді қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе алатын кезде болған тартыс кезінде айтқан екен. Қаншама ұлтты қазақ жеріне зорлықпен қоныстандырғанда, оларға қамқорлық жасаған қазақ ұлтының тілі осыншалық мүшкіл халге түскендігі әділетсіздік еді. Әбіш Кекілбай бір кездегі тарихи шындықты шешен тілмен қазақ тілін менсінбей отырғандардың ар-ожданына тиетіндей етіп айтқан. Мінберден осындай сөз айту үшін де батылдық керек.

«Ондай жағдайда *аспаннан киіз жауса да, бізге ұлтарақ тимейді*» [37, б. 322]. Бұл мысалдан егер біз өз жеріміздегі байлықты игере алмай, өз үйімізде өзіміз мүсәпір болып отыратын болсақ, дамымай қаламыз деген ойды шешендікпен жеткізген.

Академик С. Қирабаев «Әбіш Кекілбаев – суреткер» мақаласында: «Әбіштің публицистік мақалалары мен жазбалары оның шығармашылығының көлемді бөлігін құрайды. Олар әр кезде жазылған, әр заманның сұранысынан туған. Әсіресе, тәуелсіздік алған тұста Әбіш көп жазды. Ол қоғамдық жүйенің ауысуы кезінде бұрынғы үйреншікті жолдан адасып, жаңанын түсінуге жете алмаған жерлестеріне тәуелсіздіктің сөзін айтты. Қоғамдық өзгерістердің заманында болатын психологияны терең талдап, бұған қатысты тарих сабағы жайында ойлы сөз қозғады. Өзінің қашанғы әдеті бойынша, қазбалап, ойын барынша жеткізуге ұмтылды» [60, б. 140].

Шынында да, Ә. Кекілбайдың замансөзі ұлт тарихында ғасырлар бойы жасайтын өміршең тақырыптарды қамтиды. Өйткені, оның көсемсөзінің дені зияткерлік модельге негізделген. Жоғарыда талданған көсемсөзшінің бейнелі сөздері мен шешендігі, өзіндік соны сөз қолданыстары папилляризм стилистикасына дәлел бола алады.

Әбіш Кекілбайұлы – жан-жақты білім иесі


Әбіш Кекілбай көсемсөзі жөнінде ғалым Б. Жақып: «Публицист заман тынысын аңғартқан бұл мақаласын жазу барысында бақылау, салыстыру, құжаттарды зерттеу, жіктеу, жинақтау, анализ, синтез, индукция, дедукция сияқты публицистикалық таным тәсілдерін кең пайдаланған» [70, б. 94]. Осы дөп баса айтылған пікірден Ә. Кекілбайдың ғылыми-танымдық білімпаздығы мен қаламгерлік суреткерлік шеберлігінің әбден кемеліне келгендігін аңғарамыз.

«Әбішті тану – әлемді тану, Әбішті оқу – рухани дүниеңді кеңейту, Әбішті зерттеу – зердеңді зияттандыру, Әбіштің әлеуметтік дүниесі – ел мүддесі» [66, б. 62]. Біздіңше, Әбіш Кекілбай көсемсөзін оқығанда әлемдік деңгейдегі тарих пен мәдениеттің сан-салалы түкпіріне, қойнауына бойлайсыз.

С. Абдрахманов «Өнегелі өмір» кітабында: «Телегей теңіз білім энциклопедизмі мен академиялық универсиализм Кекілбаевқа жылдар бойы жинақталған аса қуатты интеллектіні көркем сөзді алақанында ойнататын зергерлікпен астастыруға мүмкіндік береді» [60, б. 181], – деп тұжырымдайды.

Әбіш Кекілбайдың жан-жақты білім иесі екенін дәлелдеу үшін біз қарастырған мақалаларда ол тірек еткен атағынан ат үркетін әлемдік дана тұлғалар мен әйгілі ғұлама ғалымдарды атасақ та жеткілікті: М. Коэн, Л.Л. Тайван, А.М. Салмин, А.Б. Зубов, Платон, Л. Окенем, Ж. Ламарк, Жорж Кювье, Гегель, П. Кууси, Ж.Н. Бирабан, И. Хесле, Фома Аквинский, Роджерс Бэкон, Августин Аврелий, Фихте, Макиавелли, Кант, Эрнан Кортес, Октавиа Пас, Эдуарда Галеано, И. Валерстайн, Уильям Шекспир, Хуан Хинес де Сепульведа, Г.М. Прохоров, И. Мейендорф, Дж. Чемберлен, Р. Хюкер, Дж. Фокс, Л. Греенфельд, Н.И. Веселовский, М.К. Любавский, Редьярд Киплинг, Г. Логинов, Г. Витон, Д. Фильдхауз, Л. Костенко, А.Е. Снесарев, А.В. Петровский, С. Хантингтон, Освальдо Гуаясамин, Леопольдо Сеа, Франц Фанон, Джон Нейсбат, Э. Ренан, Локк, Гоббс, Ж.Ж. Руссо, Джон Стюарт Миль, И.Г. Гердер, Т. Масарик, М. Уолцер, Э. Хобсбаум, У. Баджот, Г.А. Белов, Л. Туроу, Х. Тофлер, Эндрю Хайвуд, Дж. Даймонд, А.Г. Франк, Д. Линь Ифу, К. Станкел, Н.Н. Ионов, А.П. Назаретян, В. Кавакацу, Ф. Арьес, Карл-Густав Юнг, Цукода, С. Лурье, Алексис де Токвиль, Лассуэл, Парето және т.б.

Ә. Кекілбайдың замансөзін талдай келе, төмендегідей көсемсөздік модельді ұсынамыз (сурет 3).



Сурет 3 – Ә. Кекілбай замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, Әбіш Кекілбай Қазақстанның КСРО құрамында болған дәуірдегі кіріптарлықты, тәуелсіздік алған тұстағы қиыншылықтарымызды және келешектегі елдің даму механизмдерін дәлдік есеппен, дәйекпен тап басып талдау жасайды. Ә. Кекілбай білімділікпен, шешендікпен, саяси көрегендікпен кеңес өкіметінің қазақ ұлтына жетпіс жыл бойы жүргізген тоталитарлық жүйесін жан-жақты екшеп, сараптап береді.

Әбіш Кекілбай өз көсемсөзінде кеңес өкіметінің саяси қателіктерін санамалап ашып түсіндіреді. Сонымен бірге XX ғасырдағы ірі державалардың саяси қателіктеріне талдау жасайды. Тіпті арғы замандағы әлемге танымал Шыңғыс ханның мықты жаулап алушылық тактикасы болғанымен, прогресстік эволюцияның болмау себебін көрсетеді.

Қазақтардың бодан ел болуға себеп болған әлсіз жақтарын да баян етеді. Көсемсөзші осы мәселелерді қарастырғанда әлемдік деңгейдегі ғалымдарға сүйенеді. Сондай-ақ, көптеген ғылыми фактілер мен тарихи деректер келтіреді. Бұдан көсемсөзшінің жан-жақты білім иесі, зиаткерлік мол мүмкіндігі танылып тұрады.

Әбіш Кекілбай көсемсөзінің ең басты ерекшелігі – тіліндегі шешендік және бейнелілік. Оның қазақ әдеби тіліне қосқан өзіндік жаңа сөздерінің де бар екендігінде талдау барысында аңғардық. Ол бір кітап көлемінде айтылатын мәліметтерді бір мақалаға сыйғызып, сығымдап бере біледі.

Ә. Кекілбай кеңес өкіметінің қол астында болған қазақ ұлтының біразының ұлттық намыстан айырылып, орыстанып кеткенін жасырмайды.

КСРО кезіндегі орыстандыру саясаты, КСРО халқын бір тілде сөйлету туралы америка ғалымы Крадер XX ғасырдың жетпісінші жылдары айтып кеткенін атап өттік. АҚШ ғалымы У. Фиерман кеңес өкіметі кезінде қазақ ұлтының басым көпшілігінің ауылды жерлерде тұрып, қалаларда аз бөлігінің ғана тұрғанын зерттеген. Әбіш Кекілбайдыңда пікірі осыған сәйкес келетінін аңғарттық. Америка ғалымы П. Ратленд және ағылшын ғалымы Г. Уиллер КСРО-ның өркениеттен қалып қойғандығын өз зерттеулерінде атап өткен. Әбіш Кекілбай бұл тұжырымды «социализмнің көк шолағы» деген бейнелі сөзбен шешен жеткізе білгенін анықтадық.

Ә. Кекілбай – әлемдік отаршылдыққа қарсы және соны болдырмаудың жолдарын дәлелдермен көрсетеді. Басқа дамыған батыс елдерін – Финляндия, Түркия елдерін үлгі етеді. Қазақстанның келешекте дамуы үшін білім реформасы қажет екендігін баса айтады.

Ә. Кекілбайдың бұл еңбегі Қазақстанның КСРО құрамында болған дәуірдегі саяси-әлеуметтік жағдайын танытуда құнды зерттеу болып табылады.

Ә. Кекілбайдың көсемсөзі қыруар ғылыми-зерттеу тақырыбына нысан бола алады. Жоғары оқу орындарында түрлі мамандықтар бойынша «Әбіш Кекілбай көсемсөзі» атты арнаулы курс өткізуге болады.

Ә. Кекілбайдың көсемсөз материалдарын талдап, сараптай келе интеграциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығы көбінесе тарих саласына қатысты болғандығы айқындалды. Интеграциялық байланысты

нығайту мақсатында көсемсөзшінің бұл еңбегін тек журналистика саласында ғана емес, сондай-ақ ЖОО-да тарих пәніне қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Әбіш Кекілбай көсемсөзі ұлттық көсемсөз кеңістігінде өз орнын ойып тұрып алған жаңа дәуірдің озық ойлы үлгісі деп бағалауымызға әбден болады. Ә. Кекілбай шығармашылығындағы ел мен жер философиясы, жалпы ұлттық құндылықтардың баспасөз беттерінде көтерілуі әлеуметтік, тарихи, саяси, мәдени олқылықтардың алдын алып, еліміздің еңсесін көтеруге, іргесін нығайтуға негізгі ұстын болды. Қарқынды даму бағытындағы тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көсемсөзіндегі жеке дара тұрған Ә. Кекілбайдың замансөзі зияткерлік парадигманы қалыптастырды, нағыз керек шағында қоғамға бірегей үн қосып, елдік мұраттардың іске асырылуына бірден-бір себепші болды. Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде жаңа дәуір өрісіндегі тіл және тәуелсіздік проблемасының авторлық философияға трансформациялану үдерісі жүзеге асты деп нық айта аламыз.

2.2 Заман сөздегі тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасы

Он сегіз жыл бойы «Жұлдыз» журналын басқарып, яғни 1988-2006 жылдар аралығында бас редакторлық қызмет атқарған М. Мағауиннің замансөзінде тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасы, бізге белгісіз болып келген қазақ тарихына қатысты тың мәліметтер, ұлтты сақтау үшін Конфуций ілімін басшылыққа алу, қазақ тілінің байлығы, орта ғасырдағы әдеби шығармаларымыздың әлем әдебиетінде теңдесі жоқ екендігі, қазақ әйелінің мықтылығы, кеңес өкіметі дәуіріндегі қазақ ұлтына жасалған зұлымдық, қазақ тілінің сөздік қорына қосқан үлесі сияқты өзекті мәселелер сөз етіледі.

Қаламгердің көркем шығармаларын айтпағанның өзінде, көсемсөз толғауларының өзі сан-салалы тақырыптарды қамтып, ұлттық көсемсөзге жаңаша көзқарас, ерекше бағдар әкелді.

Танымал прозашы, көсемсөзші, әдебиетші Г. Бельгер өзінің «Күнделік беттерінен немесе соңғы соқпақ» деп аталатын жазбасында: «Өз басым Мағауинді жоғары бағалаймын (қазіргі қазақтың көзі тірі екі классигінің бірі деп. Екіншісі – Әбіш Кекілбаев). Терең ойлы, тағылымды жазушы, сирек ұшырасатын суреткер, ғұлама, ғалым. Қазақтың дарабоз Мұхтар Мағауині!» [71, б.171], – деп шынайы ішіне бүккен сырын ақтарып салады.

Журналист Қ. Аманжол: «Тәуелсіздік жылдарында, өзінің байсал тамызында ағамыз арғы тарихты қопара қазып түгендегенін, бүгінгі күннің бар болмысын талмай талдап тексергенін айтсақ дейміз. Бұл орайдағы бір елеулі дүниесі – «Қазақ тарихының әліппесіне» қоғамдық сұраныстың керемет болғандығын көзімізбен көрдік. Ұлтын ұлықтаған жазушы қажет болса тарихшыға да айналады екен! Министр А. Сәрсенбаев сол кітапты 40 мың дана таралыммен екінші мәрте шығартқызғаны есімізде» [72, б. 6].

Бұл пікірден жазушының қазақ тарихын танытудағы еңбегінің мемлекет тарапынан дұрыс қолдау тапқанына көз жеткіземіз.

Зерттеу жұмысымызда М. Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» (1993), «Батырлар әулеті» (1998), «Құңфудзының даналық дәрістері» (1999), «Рухани езгі және отарлық сана», «Әлемдегі ең сұлу» (1999), «Зұлымдық шежіресі» (2001), «Анау-мынау мақалалар» (2005) және т.б. көсемсөзі қарастырылып, талданды.

М. Мағауин көсемсөзіндегі ерекше бір арна, ол – тарих. Тәуелсіз ел ең алдымен, тарихын танып, зерттеп, өткенін түгендеп, болашағын бажайласа керек. Кезінде отаршылдықтың кесірінен ұлы қазақ тарихын бұрмалап, теріс оқытып, сананы улап, бүкіл руханиятымызға қиянат жасалғаны белгілі. Енді тәуелсіздіктің арқасында мұндай бұрыс көзқарастан арылу үшін қазақ тарихы қайта қолға алынып, ақиқатын танытуға, ұлттық сана, ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша зерттеу қажеттілігіне ден қойылды. Осы орайда, тым күрделі, аса жауапкершілікті талап ететін тарих деген «алыпты» алғаш зерттеу нысанына алған М. Мағауин болды. Оған оның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, нақты айтсақ, 1993 жылы жарық көрген «Қазақ тарихының әліппесі» атты деректі толғамын жатқызамыз. Жетпіс жыл бойы қазақ тарихының бұрмаланып, дұрыс жазылмағанын тың деректермен алғашқылардың бірі болып дәлелдеп берген ол, бірнеше зерттеу нысанына айналатын тақырыптарды да алға тарты. Сондықтан да, бұны тілге тиек етіп, арнайы қарастырғанды жөн көрдік.

Мұхтар Мағауин қазақ тарихы туралы деректі толғамында 1943 жылдан 1980 жылға дейін жазылған тарих кітаптары – қазақтың тарихы емес дегенді дәлелдеумен болғандығын: «Әуелгі тарих, мәселен, 1945 жылғы «Қазақ ССР тарихы» күлдікөмеш болса да, жазылып қалды. Бірақ соғыс біткен соң, өкімет пен партия ес жиып, өз халқына қарсы күресті жаңа жігермен, қайта бастаған кезде бұл шалағай тарихтың өзі көп болып көрінді» [73, б. 84], – деп сипаттайды.

Кеңес идеологиясының ең бір сорақы тұстарының бірі ұлтсыздандыру саясаты еді. Қазақты шыққан тегінен, жерінен айырып, төл тарихын ұмыттыруға, тіпті түбегейлі жоюға бар күш-қуатын аямай салуға тырысып бақса да, қандай зор империя болса да, біздің тарихымызға қатысты шындық түптің түбінде ашылды.

М. Мағауиннің айтуына қарағанда, біріншіден, кеңес өкіметі кезінде қазақ ұлтының тарихы сияқты маңызды ғылым саласын жазуға редакция алқасына білімсіз, ұлтқа жаны ашымайтын адамдар тағайындалған Е. Бекмаханов сияқты ұлтжанды тарихшылардың орнын осындай шалағай тарихшылар басқан. Екіншіден, идеологияға байланысты тарихи шындықтың бұрмаланып, М. Мағауин пайымдағандай, «тарихқа қарсы тарих, халыққа қарсы қылмыс кітабы» болып жазылғандығы. Кеңес өкіметі тарихты қанша бұрмалағанымен, бұл бұрмалаудың ғұмыры жетпіс жылға ғана созылды. Демек, диалектикалық заңдылық бойынша «терістеуді терістеу» қағидасы жүзеге асырылып, кезінде бұрмаланған тарихты қазір қалпына келтірілді. Алайда, М. Мағауин қазақ тарихына қатысты шындықтың бір бөлігін ғана ашты деуге болады.

Көсемсөзші «Қазақ тарихының әліппесі» замансөзінде қазақта бұрын мемлекет болмаған, қазақ ұлтын бейшара, жабайы халық қып көрсетуге тырысқан кеңес өкіметінің идеологиясының қиянатын ашық жазады. Қазаққа қатысты мұндай кемсітушілік патшалық отаршылдық кезінде, Шоқан заманында басталған еді. Қазақты осындай отаршылдық үстемдік көзқарастан арылту үшін Ш. Уәлиханов кезінде қазақты танытатындай бірнеше мақалалар жазғаны белгілі.

М. Мағауин қазақтың тарихы сонау Орталық Азияны мекендеген көне тайпалар шежіресінің төрт мың, бес мың жыл тереңдікте жатқандығын айта келіп, бес ғасыр бұрын айбынды мемлекет болған қазақ ұлтының жетпіс жыл ішінде саны азайып, рухы жаншылып, жартылай мәңгүрт халге айналған шындығын ашық жазды: «Біз XV ғасырдың орта шенінде қазіргі ұлттық республикамыздың шегінде Қазақ Ордасы аталатын айбынды мемлекет құрдық. Большевиктік геноцид басталған 1932 жылғы қызыл қырғын қарсаңында қазақ халқы өзінің саны жағынан әлемдегі ең үлкен отыз халықтың бірі болып саналатын. Біздің қор болуымыз, ата-бабамыз кешпеген мүшкіл халге түсуіміз – соңғы алпыс жылда, советтік, коммунистік отаршылдық заманында ғана» [73, б. 85].

Деректі толғаныста Қазақ Ордасының құрылуынан бастап орыс отаршылдығына дейін құнды мәлімет беріледі. Толғамның өзі бірнеше бөлімдерден, жеке-жеке мақаладан тұрады.

Жетпіс бетке жуық бұл «сауат ашу сабағында» мынадай мәселелер байыпталған:

1. Толық мағыналы тарих оқулығы қажеттігі;

2. Бұл деректі мақала «Қазақ тарихының әліппесі» аталғанымен, «Қазақ Ордасы» деп аталатын төрт ғасырлық шежірені қамтитын кітап екендігі;

3. Көпшілік жұртқа көмескі жағдаяттардың ашылуы;

4. Советтік отаршылдық тұсында жаңсақ баяндалған, теріс түсіндірілген мәселелердің жаңаша көзқараспен пайымдалуы;

5. Тәуелсіздікке дейін қазақ тарихының дұрыс жазылмау мәселесі;

6. Қазақтың ежелден ұлы халық, мемлекет болғандығын дәлелдеуі;

7. Орыс отаршылдығының жалпы түрік жұртына жасаған қысымы мен зорлық-зомбылығы, әсіресе қазаққа жүргізген үстемдігі жайында тың мәліметтердің болуы. Рухани шөліркеген қазақ үшін осындай келелі мәселелердің қозғалуы қазақ көсемсөзінде өз уақытында зәрулік туғызғаны мәлім.

Бұл замансөзде Алтын Орда, Көк Орда, Қазақ Ордасының қалай, қашан құрылғандығы туралы деректер беріледі. Қазақ Ордасының негізін салған Керей мен Жәнібек хандар екендігін, жалпы қазақ хандары Шыңғыс ханның ұрпақтары екендігіне тоқталады. Осы Жәнібек ханнан қазақтың хандары, зиялылары, қоғам қайраткерлері шыққандығы туралы көсемсөзші: «Қазақ Ордасының құдыретті әміршілері, қазақ халқының ұлы перзенттері: Қасым хан, Хақ-Назар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Кенесары хан, ұлы

ғалымымыз Шоқан, алаштың көсемі Әлихан Бөкейхан – барлығы да осы әулие Әз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары» [73, б. 89], – екеніне тоқталып өтеді.

Көсемсөзшінің бұл еңбегінде Қасым хан, Хақ-Назар, Тәуекел, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай, Кенесары хандардың қазақ тарихында алатын орнын, қандай шешуші тарихи оқиғалары болғандығын, хан ретіндегі әрқайсысының билік жүргізу стратегиясын, әскери тактикасын егжей-тегжейлі байыптайды. Мысалы, *Қасым ханның* тұсында қазақ халқы бейбіт өмір кешкені, «Қасым ханның қасқа жолы» деген заңның қалғандығы, *Хақ-Назар* ханның кезінде Қазақ Ордасының бой көтеріп, күшейгені, Қазақ Ордасының батыс шекарасын Еділ мен Жайық аралығына жеткізіп, территорияны кеңейткені, оның атағы Иван Грозныйға әбден мәлім болғандығы, *Тәуекел-бахадұр-ханның* қазақ-қалмақ ханы деп аталғаны, Орта Азияны жаулап, қазақ тарихындағы ең ұлы жорық, теңдесі жоқ жеңіске жеткені сипатталады. Тәуекел ханның қырық жыл бойы жеңіліс көрмеген өзбек ханы Абдолланы жеңгені, Бұқарды ала алмаған деген мәліметтің қате екендігі, *Есім хан* билеген заманда қазақ Ордасының сыртқы шекарасын бекіткені, «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заң жарғысының Шыңғыс ханның «Жасақ» деген жарғысына жақын болғаны, Еңсегей бойлы Ер Есім хан Ойрат одағын екі жүз жылдық соғыс тарихындағы ең ауыр жеңіліске ұшыратқаны, *Салқам Жәңгірдің* ерлігін қалмақтармен болған Орбұлақ шайқасы арқылы көрсетеді. Жәңгірдің «Салқам» (айбатты) деген бүркеншек атқа ие болғандығын ғалым, мұрағаттанушы Б. Нәсенов алға тартады [74]. Жазушы Б. Нұржекеұлының да Орбұлақ шайқасы туралы зерттеуі бар [75].

Жәңгір ханның Орбұлақ шайқасындағы әскери тактикасы тарихымызға елеулі оқиға ретінде енді деп айта аламыз. Оған дәлел ретінде тарихшы М. Мағауиннің пікірі жеткілікті: «1643-1644 жылдарғы ойрат-халха басқыншылығына қарсы соғыстың бар ауыртпалығын соңғы он, жиырма, отыз жыл бойғы тынымсыз ұрыстарда әбден шыныққан қазақ аламандары көтерді, ал даңқты жеңіске ұйытқы болған – арғы тарихымызда Тәуекел-бахадұр-ханмен, Еңсегей бойлы Ер Есім ханмен, бергі тарихымызда Абылай ханмен ғана теңдесер сайыпқыран қолбасы Салқам Жәңгір» [73, б. 114].

Әз Тәуке хан заманында билік билердің қолына өткендігін, «Жеті жарғы» заң жүйесінің шыққанын, бұл кезде қазақ мылтық пен зеңбірекке қол жеткізгенін, Қазақ Ордасының тарихында тұңғыш рет ұлыс тағдыры ханға емес, сұлтанға емес, Бөкенбай батырға тапсырылғанын мәлімдейді.

Құлдық психология кеңес өкіметінен емес, «Ақтабан шұбырындыдан» басталғанын және Алты алаштан үш алашқа азайғанымызды айта келіп, осы кезеңнің қазақ ұлтына қалай әсер еткенін былай тұжырымдайды: «Өр тұлғалы алаш ұлының мінез-құлқы, дүние танымы өзгерді. Кемшін сана, қам көкірек ақыр түбінде тәуелсіздіктен айырды, құлдыққа жетеледі, болашақ ұрпақтың жолын кесті. Біз бұрынғы қазақ емес, басқа бір халық болып шықтық» [73, б. 131].

Ойшыл М. Мағауин өз алдына белгілі бір нақты сұрақ қоя отырып, сол сұраққа нақты, әрі жүйелі жауап беру тәсілін ұтымды қолдана біледі. Бұл

тәсілді оның барлық дерлік мақаларының өн бойынан кездестіреміз. Бұл қазіргі шетел ғалым-зерттеушілері кеңінен пайдаланатын әдістерінің бірі екені белгілі.

Абылай ханға келетін болсақ, көсемсөзші Абылайдың ұлт тарихындағы орнын ерекше былай белгілейді: «Абылай заманындағы Қазақ Ордасының шекарасы қазіргі Қазақстан территориясынан әлдеқайда кең еді. Абылай заманындағы қазақ рухы да қазіргіден биік болатын» [73, б. 140].

Бұл тарапта біз жеріміздің кеңес өкіметі жылдарында ғана айрылдық. Патша отаршылдығы, кеңес өкіметі кезінде жеріміздің біраз бөліктері Ресей аумағына өтіп кеткені белгілі. Абылай заманында қазақ ұлты ешкімге тәуелді болып көрмеген еді. Сағы сынбаған, жігері мұқалмаған азат ел еді. Абылай жүргізген саясатының арқасында қазақ рухы биік болды. Махамбет сөзімен келтірсек,

Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген
Тағы сынды ер едік.

Бұл өлеңдегі «тағы», «тарпаң» сөздері – еркіндіктің символы. Абылай заманында қазақ ұлты дәл осындай кейіпте еді.

Абылай бар қазаққа хан болмаған, елдің бір бөлігін, яғни орта жүзді ғана билеген деген кеңес заманында санаға сіңірілген жаңсақ пікірді көсемсөзші жоққа шығарып: «Абылай сонау Тәуекел хан, Есім хан заманындағы, Салқам Жәңгір, Әз-Тәуке заманындағы ежелгі Қазақ Ордасын қалпына келтіреді; сол кездегі тарихи құжаттардың айтуынша, 1771 жылы қазақтың үш жүзі – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары, барлық игі жақсысы Түркістан қаласында, мұсылман әулиесі Хожа Ахметтің қасиетті күмбезінде ата жұртының ежелгі дәстүрі бойынша, Абылайды ақ киізге көтеріп, үш алаштың ханы деп жариялайды» [73, 133 б], – деп баяндайды.

М. Мағауин Абылай ханға қатысты ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан бірсыпыра пікірлерге түзету жасайды:

1. Ханның туған жылына қатысты деректі;
2. Тек орта жүздің билеушісі болды деген пікірді;
3. Жоңғарларға тұтқынға түскенде орыс өкіметі босатып алды деген деректі;
4. Абылай хан Қытай императорын мойындап, боданында болды деген пікірді.

Көсемсөзші қазақ тарихының әлі де зерттелу керек тұстарына назар аударады. Мәселен, Абылай заманындағы 1756-1757 жылғы қазақ-қытай соғысының арнайы қарастырылмағанын сөз етеді. Осы ретте 2000 жылдары ұлт мұрасы мемлекеттік тарапынан қолдау тауып, арнайы қолға алынғанын айта кету орынды. Мұндай мемлекеттік бағдарламалар ұлт зиялылары көсемсөзшілердің себепші болуынан осындай дер кезінде қоғамға ой, билікке үн тастаудың негізінде дүниеге келді деп ойлаймыз.

Көсемсөзші Абылай туралы жазылған бұл мақаласын бүкіл қазақтың ұлт-азаттық көтерілісінің көсеміне айналған Кенесары ханның ақ киізге көтеріліп,

үш алаштың ханы етіп сайланғанын, Қазақ Ордасының ең соңғы ханы болғанын айта келе, арада жүз қырық үш жыл өткенде жаңа қазақ мемлекетінің тәуелсіздікке қол жеткізуімен аяқтайды.

Абылай хан найзаның ұшымен Қазақ Ордасын қалай қалпына келтіріп, жандандырса, М. Мағауин де қаламының күшімен ежелден тәуелсіз болған қазақ ұлтының тарихын қайта жаңғыртты.

Көсемсөзші М. Мағауиннің қазақ қазақ болып қалыптасқаннан бергі тарихты саралап, қазақ хандарын орны-орнымен жүйелеп қана қоймай, әр ханның тарихтағы ізін, рөлін баса көрсетуі мақаланың маңызын арттыра түскен.

Қазақ Ордасының, хандығының бұрыннан ұлт-мемлекет мәртебесіндегі күш-қуаты мықты ел болғандығын көсемсөзшінің мына деректері қуаттай түседі: «1560-жылдардың өзінде-ақ Ресей әлемдегі аса зор мемлекетке айналады. Келесі ғасырларда жарым Азияны жалмап жұтуға бет қоймақ. Және жер ыңғайына қарағанда, Жайықтан аттап өтіп, Қазақ Ордасына басып кіруге тиіс. Бірақ олай болмады. Қазақ халқы ет жақын туысы Қазан хандығы құлағаннан соң *екі жүз елу жыл бойы өзінің тәуелсіздігін сақтады*. Ресей, әрине, Қазандағы қырғын, Еділдегі ойраннан соң жаңа жер жаулауын да, ондаған халықты отарлауын да тоқтатқан жоқ. *Бірақ қаншама заман бойы Қазақстанды табанына түсіре алмады. Есіркегеннен емес. Орайын таппағаннан*» [73, б. 147].

2010 жылдары ел іші мен сыртында қазақ бұрын мемлекет болмаған деген қауесет, қаңқу сөздер болғаны бәрімізге аян. 2015 жылы ел болып, «Қазақ хандығының 550 жылдығын» тойлап, атап өтуіміз әбден орынды болды дер едік. Бұл негізінен, тәуелсіздігімізге жиырма жылдан астам уақыт қана емес, бес ғасырдан артып жығылатын тарихымыздың барлығын әспеттеу өзімізді де, өзгені де мойындату еді. Біздің тәуелсіздігімізді мойындағысы келмейтін, кезінде қуатты ел болғанымызды айтқысы келмейтіндер сабасына түсу үшін осы талдауға негіз болып отырған алпыс сегіз беттік көлемді мақала да жеткілікті.

Көсемсөзші М. Мағауиннің «Біздің *Қазақ Ордасы* деп аталатын ұлы мемлекетіміз, қазақ жұрты, алаш ұлы деп аталатын ер халқымыз *тура үш ғасыр бойы бүкіл Орта Азия қауымын Ресей басқыншылығынан қорғап тұрды*. Қаншама заман бойы өзінің тәуелсіздігінен айрылмады, туы жығылғаннан кейін де қарсылығын тоқтатпады, сөйтіп, үш жүз жыл бойы іргедегі өзбек пен қырғызға, тәжікке ғана емес, алыстағы ауған мен парсыға, пұштұн мен үндіге қатерлі жаудың қарымын жеткізбеді. Қазақ Ордасының, біздің туған жұртымыздың әлем халықтарының тарихынан лайықты бағасын алуға тиіс ұлы қасиеттерінің бірі, міне, осындай» [73, б. 151], – деп түйіндеуінен қазақ жұртының Ресей сияқты алып империяның жолында қалқан бола алғанын көреміз.

«Қазақ тарихының әліппесі» деректі-зерттемелік мақаласынан төмендегідей түйінді тұжырымдар жасаймыз:

1. Тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасы деген ұғым хандар заманына барып тіреледі.

2. Шыңғыс ханнан тараған қазақ хандарының шежіресі толық беріледі.

3. Әр ханды жеке-жеке тұлға ретінде сипаттайды.

4. Хронология нақты беріледі.

5. Тәуке хан заманында билердің алғаш рет билікке араласуы туралы мәлімет аламыз.

6. Қазіргі үш жүздің 18 ғасырда алты алаш болғандығын, жоңғар-қалмақ шапқыншылығы кесірінен үш алаш – үш жүздің қалғандығы туралы мәлімет беріледі.

7. Абылайдың үш жүзге хан болғандығы туралы уәжі және бұл тың мәлімет 2018 жылы «Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғғ.)» мектеп оқулығына енді [76, б.37].

8. Бұл мақала бізге тарихты қайта танытты. Біздіңше, осы аталмыш (басқа да тарихқа қатысы бар) мақаланы орыс, ағылшын тілдеріне аудару ісін қолға алудың уақыты жеткен сияқты.

Жазушының «Қазақ тарихының әліппесі» атты көсемсөзінің мынадай басты ерекшеліктерін атап өтуге болады: тарихымыздың бұрмаланған тұстарын нақты тарихи деректер мен айғақтармен дәлелдеп, қазақ тарихына қатысты жаңсақ пікірлерді жоққа шығарды. Қазақтың жоғын түгендеп, қоғамға дер кезінде үн қосты, сананы өзгертті. Қазақ тарихын жаңаша көзқараспен зерттеген алғашқы көсемсөзшілердің бірі болып табылады.

А. Қасабектің «Тарихи-философиялық тәжірибе және ұлттық діл» мақаласындағы ойы М. Мағауин пікірімен тікелей ұштасады: «Рухани тәуелсіздіктің философиялық мәнін адамның дүниеге көзқарас жүйесінен іздеу қажет. Біздің рухшылдығымыздың бастауы сонау ежелгі қытай философы Конфуцийден, орта ғасырдағы әл-Фарабиден, кейінгі Абай мен Шәкәрім идеяларынан нәр алды» [77, б. 139].

Конфуцийдің даналығына арналған көсемсөзінде ойшыл назар аударарлық жәйттер туралы толғанады:

1. Конфуцийдің даналық дәрістерінен мәліметтер келтіре отырып, ұлттық мүдде мәселесін үнемі алға шығарады.

2. Ұлт өзінің ұлттық дәстүрінен ажырамай, төл дәстүрін мықты ұстанса ғана ұлттық мемлекет діңгегінен айырылмайды деген болжамын ұғынамыз.

3. Конфуций ілімін Абайдың даналығымен үндесіп жатқандығын салыстыра сабақтайды: Конфуций «Ізгіліктің негізі – адамды сүю» десе, ал Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп және хақ жолы осы деп ғаділетті» [78, б. 173]. – дейді.

4. Кеңес өкіметі идеологиясының Конфуций іліміне қарама-қайшы екендігі сипатталады.

5. Көсемсөзшінің «Бүгінгі қазақтың қара шаңырағына ие болып отырған қауым өткен тарихты ғана емес, болашақ тағдырымызды да ой көзімен байыптап, мәңгілік көршіміз – ежелгі ханзу жұртын тереңінен танып-білуге тиіс» [78, б. 172] деген пікірінен екі нәрсені аңғаруға болады: біріншісі –

адамзаттың кісілік, яғни адамгершілік қағидасы туралы айтқан даналық сөздерін назарға алу болса, екіншісі – мықты, күш-қауқары кімге де болса жететін мықты алып елден «сауатты» түрде сақтану үшін олардың ұстанатын осы, Конфуций ілімін зерттеп, жіті барлауымыз керек деген ой туады.

Түйіндей келе, Конфуций ілімінің дені ұлттық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қаралып, Конфуцийше рәсім, біздіңше ұлттық дәстүрден қол үзіп қалмау, әсіресе қазіргі жаһандану үдерісіне төтеп берудің бірден-бір жолы деп қарауымыз керек.

М. Мағауин әр түрлі тақырыпқа қалам тартқан көсемсөзші. Тарихи, саяси, әлеуметтік, әдебиеттану салаларына біршама дүниелер әкелді. Соның бір жарқын көрінісі ретінде «Рухани езгі және отарлық сана» көсемсөзіне кезек берейік.

Қаламгер қазақ халқына ең ауыр соққы болып тиген, бүгінгі күнгі ұрпақ сол соққының зардабынан әлі толық айыға қоймаған екі үлкен мәселе – рухани езгі мен отарлық сана төңірегінде ой өрбітеді.

Қазақтардың, кеңес дәуірінде, әсіресе зиялы қауымның жаппай орыс тілін игеруге ұмтылғанын жазушының көсемсөзінен байқаймыз. Осы тұрғыда, М. Мағауин: «Балаларын орысша оқуға бере бастаған қазақ халқының болашақ тіршілік жолына жасаған пәрменді әрекет, амалы еді» [52, б. 80] деген орынды пікірі құптарлық. Өйткені, сол заманға ілесіп, бодандыққа төтеп беру үшін болашақтың бағдары орыс тілінде деп ұқты және азаттық үшін күресу басты мәселеге айналды. Ал енді қазіргі жағдайға зер салсақ, ағылшын тілін меңгеру заман талабы болып отыр. Жалпы «Үш тұғырлы тіл» саясаты кезінде қоғамда біршама дау туғызып, бұл идеяны дұрыс түсінбеушілік орын алды. Егер «үш тұғырлы тіл» ұғымына тереңнен бойлайтын болсақ, керісінше біздің ұтатын жақтарымыз көп, және ең алдымен жастар үшін жарқын болашаққа айқын бағыт-бағдар екенін байыппен қабылдаған жөн. Бұл идеяны тек біржақты қабылдамай, оның астарлы мәніне үңілуіміз тиіс. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды сақтап қана қоймай, жандандырып, жаңғырта отырып, әлемдік өркениетті де бірге алып жүруіміз абзал. Қазіргі күнге зер салсақ, ағылшын тілін меңгеру заман талабына айналды. Мұндай бағыт қазіргі дамушы Қазақстан үшін өте қажет деп санаймыз.

Жазушы Алаш көсемдерінің ұлт үшін жасаған ерен еңбегін: «1914 жылы дүние жүзілік соғыс басталған қарсаңда, қазақтың интеллигенциясы өте күшті болды. Үлкен, ұлы қайраткеркерлер бой көтерді. Әлихан Бөкейхан – ұлттың көсемі болды. Ахмет Байтұрсын – рухани ұраншы болды. Міржақыптың, Сұлтанмахмұттың жазған мақалаларына қарайтын болсаңыздар, ұлтшылдық сана, мемлекеттік сана дейтін өте ғажайып, Мағжанның отаншылдығы, түрікшілдігі сол кездегі бүкіл түрік әлемінің төбесінде тұрды. Жақып Ақбаевтың мемлекеттік құрылым, азаматтық құқық, тарабындағы ой, толғамдары еуропалық биік деңгейде. Смағұл Садуақасов, ол кезде жап-жас бала, жиырмасыншы жылдардың бас кезінде мемлекеттің дамуы, экономиканың алға басуы туралы осы қазіргі айтылып жүрген сөздердің бәрін айтып кеткен» [52, б. 82], – деп толғанады.

Жоғарыда аттары аталған Алаш қайраткерлері репрессияға ұшырамағанда, кеңес өкіметі құрамында болмағанымызда, қазақ елінің әлдеқашан дамыған елдердің қатарынан орын алуымыз әбден мүмкін еді.

«Жиырма тоғызыншы жылдан бастап, сексен тоғызыншы жылға дейінгі аралықты – тұтас жетпіс жылды – қазақ тарихындағы түнек кезеңі деп айтуға болады» [52, б.82] – деген тұжырымы кеңес заманындағы бодандық жайындағы ұлттың тарихын зерделеуге үлес қосты.

Қаламгердің көсемсөзінде негізінен тарих басым болғандығымен, тіл, әдебиет, мәдениет мәселелері де қалыс қалмайды. Аталмыш мақалада М. Мағауин қазақ тілінің философиялық, құнарлы, бай тіл екендігін жалаң ғана баяндап кете бермейді. Шын айғақ, дәлелдерге сүйенеді. Мәселен, «Орыс тілінен қазақтың тілі әлдеқайда бай. Мысалы, «қайран шешем» деген сөзді алайықшы. Құрманғазының күйі бар осындай. Ал, осы «қайран шешем» деген сөзді аударып беріңдерші. «О моя бедная мать», «О моя дорогая мать!» сол сияқты бірдеңе болып шығады. Осындай сөздер қазақта көп. Ал, «дариға». Дариға – анау Қасым Аманжоловта. Ал, «Дариға-ай, сол қызды» аударыңдаршы. Орысша шыға ма? Шықпайды. Жоқ. Иә, сол сияқты, мағынасы кең, дәлме-дәл басқа тілге жеткізу мүмкін емес оралымдар қазақта көп. Қазақ тілі – өте бай тіл. Өте күрделі тіл» [52, б. 84].

Бұған жазушының «Аласапыран» романын орыс тіліне аударуда болған қиындықтарды да келтіруге болады.

«Қазақ тілі – әлемдегі бай тілдердің бірі. Әлемдегі сөздік қоры ең бай араб тілінде 1 миллион 200 мың сөз, ал екінші орындағы ағылшын тілінде 750 мың сөздік қоры болса, үшінші орында 500 мыңнан аса сөздік қоры бар қазақтың тілі тұр» [45, б. 394].

Көсемсөзші ұлттық мәдениеттің озық үлгісі ретінде малды сою, мүшелеп бөлу, табақ тарту салтын басқа халық мәдениетінде аналогиясы жоқ әлемдік мәдениеттің үздік үлгісі ретінде көрсетеді. Қазақтың бұл дәстүрін Ә. Кекілбай «Бір шоқ жиде» повесінде суреттеген болатын.

Төл жазуымыздың тарихы сонау Орхон жазуынан бастау алатынын айтса, «Құтадғу білік Жүсіп Баласағұнның, ал, мұндай дастан, мұндай поэма, мұндай ақыл-ойдың көрінісі жалпы Еуропада жоқ, бұрынғы-соңғы Еуропа әдебиетінде теңдесі жоқ» [52, б. 85] – деп орта ғасырдағы әдебиетімізге орынды баға береді.

М. Мағауиннің көтерген руға, жүзге бөліну мәселесі Тұңғыш Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Жолдауына сай келеді: «Толғаудың «Қайда барсам үш шал» мақаласында алауыздыққа қарсылық білдіріледі. Автор ауызбіршіліккке шақырады. Сөзгердің пікірінше, қазақ ру-руға, жік-жікке бөлінбей, тұтас халық болып өмір сүруі керек. Ал жүзге бөліну алауыздыққа жол ашып, ел бірлігінің бұзылуына әкеледі. Рушылдыққа, жүзге бөліну ұлтсыздану ұранына әкеп соғатынын ескертеді. Баспасөзде мұндай арандатушылыққа, алауыздыққа жол бермеу керектігі көтеріледі» [79, б. 96]

Жазушы қазақ қазақ әйелінің сұлулығын: «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел

болатын. Сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды» [80, б .101] деп былайша сипаттайды.

90-жылдарда қандай қиындық көргеніміз әлемге әйгілі болмаса да, өзімізге аян. Сол қиындықтарға қазақ әйелі төтеп беріп қана қойған жоқ, қайсарлық танытты. Бұл жөнінде қаламгер: «Жабайы нарық қысып, жаппай жұмыссыздық жайлаған, ер-азаматтар сенделіп бос қалған, есеңгірегені – балаларының нандық ақшасын араққа салып, «еті тірілері» жаппай ұрлыққа бет қойған заманда әйелдеріміздің тұрмыстың барлық тауқыметін көтеріп, отбасын жалғыз өзі асырауға айналғаны. Жаугершілік, шапқын күндерінде де қазақ әйеліне мұншама ауыр салмақ түспеген еді» [80, б. 101], – деп ақиқатты ашына пайымдайды. Мақалада қазақ әйелінің қашанда сұлу, мықты болғаны дәріптеледі. Қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен ерекшелігін: «Әйел – ұлттың айнасы. Қазақ әйелінің ұлтымызға тән қайрат пен еңбек, қайсарлық пен шыдам, ізгілік пен жанашырлық сияқты абзал қасиеттерді көбірек сақтағанына көз жеткізіп отырмыз» [80, б. 102], – дейді автор тебірене.

Ел басқарған қазақ әйелдері Ұлпан, Шоқанның әжесі Айғаным, Алаш қайраткерлерінің әйелдері ел басқарушылық, қайраткерлік қабілеттерімен тұлға ретінде тарихта қалып, көркем шығармаларда бейнеленді. Мысалы, Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі Ұлпан бейнесі, С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романындағы Айғаным, Т. Кәкішевтің «Сәкен аялаған арулар» эссе кітабындағы Гүлбаһрам сынды үлгі боларлық әйелдерді атауға болады.

Қазақ әйелдері қай заманда болсын ұлттық ділімізге сай жақсы қырынан көріне білген. Автор айтып отырған 90 жылдардағы экономикалық тоқырау кезіндегі ауыртпалықты қазақ әйелдерінің мойымай көтере білгендігі – ұлттық кодымыздың бір дәлелі. Осы ретте, ұлттық код туралы тарихшы Б. Қойшыбаев: «Қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн шығар. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі боп шығуы ғажап емес» [81], – деген пікір білдіреді.

Көсемсөзшінің ойынша, қазақтың болашағы мыналарда:

1. Ұлттың болашағын таза қазақы отбасы шешеді.

2. Ұлттық мемлекеттің жаңғырып, қайта қалыптасуы кезеңінде: «Қатының болсын қазақтан!» деп ұрандауға тиіспіз.

3. Қазақ халқының болашағы бүгінгі қазақ әйелінің құрсағында шешіледі.

Қазақ әйеліне мынадай анықтама береді:

1. Қазақ әйелі – бар мұратын отбасының игілігіне байлаған, әлемдегі ең ізгі әйел.

2. Қазақ әйелі – бар тілегін перзентінің жолына арнаған, әлемдегі ең мейірбан әйел.

3. Қазақ әйелі – бар бақытын некелі ерінің талайынан күткен, әлемдегі ең адал әйел. Ұрпақтың ұйытқысы. Ұрпақтың анасы.

Ойшыл бұның барлығын не үшін айтып отыр?

1. Қазақ қазақты сақтап, өз-өзіне мықты болуы тиіс.
2. Қазақ пен қазақтың некесі қиылуы керек.
3. Қазақ әйелі өз бағасын білуі жөн.
4. Ер азаматтар қазақ әйелін қадірлеу тиіс.
5. Бесікті қазақ әйелі тербетуі керек.

Түйіндей келе, көсемсөзшінің бар діттегені – ұрпақты сақтап қалу қамы, дұрыс ұрпақ өсіру, отбасы бақыты.

Қаламгердің кеңес өкіметі кезіндегі зұлымдық туралы көлемді мақаласы «Билік», «Геноцид», «Бүлік» деп үш бөлімге бөлінеді. «Билікте» қаламгер «Зұлымдық шежіресін» жазғанда деректерге сүйенуді жөн санағандықтан жазушы Бекежан Тілегеновтің өзін сөйлетеді. М. Мағауин Б. Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» естелік жазбаларын, «Қара жел», «Сексен алтыншы жыл» атты екі романын талдайды. Аталған еңбектерді негізге ала отырып, кеңес өкіметінің небір сорақы жақтарын жан-жақты ашып береді. Қазақ әдебиетіне қалай, қаншалықты қысым жасалғаны «Тұйық өмірдің құпиясы» атты естелікте егжей-тегжейлі сипатталып жазылған. Естелікте: «Газетте істеген кездегі еркіндік жайына қалды. Номенклатураның өз тәртібі бар екен. Бұйрық беретін бастық бар да, оны орындайтын солдат бар. Бұлардың арасында ақылдасу, келісу, кеңесу деген болмайды. Төменнен айтылған ақыл-кеңес ескерілмек түгіл, қылмыс, айыптан бір кемі жоқ, бетіңе шіркеу боп жабысады. Төменнен айтылған ақыл-кеңес, сын атаулыны ешкім көтермейді. Ондай адам ертең-ақ басқа жақтан бір-ақ шығады» [82, б. 107], – деп шындықтың бет-бейнесін айқындап, жайып салады.

Осы мысалдан кеңес дәуіріндегі тұлға мен қоғам қарым-қатынасының бұйрық беруші бастық және орындаушы солдат түрінде пернелейді.

Бұдан біз жалғыз әдебиеттің емес, бүкіл қоғамдық жағдайдың осы кейіпте болғанын байқаймыз. Кеңес өкіметінің жақтастары енді «әдебиет майданына» ашық кіріскендігін: «Ілияс Есенберлиннің тарихи романдарының халық арасына тез тарап, сүйіп оқитын сүйікті жазушысы болғанын кешіре алмадық. Қазақ әдебиетінің кең бір арнасы, бұрын жұрт батыл бара алмай жүрген үлкен тақырыбы – тарихты игергенін ұнатпадық. Мұны ерлік деп қараған жоқпыз, қайта оның кемшілігі, өткенді әсірелеген ұлтшылдығы, жат идеологияны уағыздаушы таяздығы, саясаттан бейхабарлығы деп бетіне бастық. Әттең ол кезде сырттан арыз жазып, айдатып жіберетін заман емес еді, әйтпегенде «халық жауы» деп ұстатып, көзін құртып жіберетін едік» [82, б. 110], – деуі арқылы аңғартады.

Осы ретте, «Зұлымдық шежіресі» – әлеуметтік-әдеби сынға жатады. Б. Тілегенов, І. Есенберлин шығармалары деректі көсемсөзге, мемуарға ие туындылар. Жалпы, деректі көсемсөзге, мемуарға мынадай белгілер тән болып келеді: біріншіден, қаламгер болған оқиғаны көзімен көру керек. Екіншіден, қаламгердің аты ел танитын тұлға болуы тиіс. Үшіншіден, шығармадағы оқиға ірі, сүйекті болғаны абзал. Осы аталған белгілердің бәрі «Зұлымдық шежіресінде» бар деп айта аламыз.

І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алмас қылыш» тарихи романдарын жарыққа шығармай сылтау іздеп қудаласа да орайы табылып, жарыққа шыққан. Жазушы сол кезде бірінші басшы болған Д. Қонаевқа барып қана өзінің романын шығарған екен. Ендігі қудалаудың кезегі О. Сүлейменовке келген. Жазушының «Қыш кітабы» сынға алынған. Оған да араша түскен Д. Қонаев болған. Аталмыш естеліктен көсемсөзшінің өзінің «Алдаспаны» да ұшыраған.

Жоғарыдағы мысалдан кеңес дәуіріндегі тұлға деңгейіндегі көптеген қаламгерлеріміздің қуғындалып, еңбектерін жариялаудың қиын болғанын көреміз.

Осыларды бәрін түйіндей келе, көсемсөзші кеңес дәуіріндегі ой еркіндігі мен қоғамдық пікір туғызуға қарсы әкімшілік-билік тарапынан идеологиялық бақылаудың түрлі шектеу жасаған пәрмен күшін: «Тарихқа тиым салу – бірер жазушыға ғана қысас емес, мұраны жаныштау – бірер ғалымға ғана тұсау емес, мұның бәрі – *ұлттық рухқа қарсы күрес, халық алдындағы қылмыс*» [82, б. 114], – деп тұжырымдайды.

Бөлімнің соңында М. Мағауин Б. Тілегеновтің еңбегіне мынадай баға береді: «Тұйық өмірдің құпиясы» осы орайдағы деректі куәлігімен құнды. Кітап туралы бар әңгіменің онда айтылғанды қайталау, баяндау тұрғысында болуы да содан. Бұл тарапта ең алғаш Бекежан Тілегенов қалам тартқанын ешқашан да ұмытуға болмайды» [82, б. 116].

Біздіңше, жазушы Б. Тілегеновтің бұл естелік жазбалары өміршеңдігімен құнды. Мұндай сипаттағы туындылар өткеннен сабақ алып, болашақты болжау үшін қашанда қажет. Және орыс, ағылшын тілдеріне аудару ісін қолға алса екен деген ойымыз да бар. Бұны ұрпақ түйсінетін, рухани жігер, намысын қайрау үшін, ұлтымыздың ұлылығын ұлықтау үшін қажет дүние деп білеміз.

М. Мағауин өз мақаласында қызыл империяның әлімжеттік көрсетіп, әділетсіздік танытуын ашық айыптап, батыл сипаттайды: «Бүкіл жер әлемге өктемдік жүргізгісі келген орыс-совет империясы өзінің әуелгі және ең үлкен құрбандығы ретінде қазақ халқын таңдап алыпты» [82, б. 116] – десе, ендігі кезекте «Қазақ даласындағы атомдық апаттың ең үлкен күнәкары Сахаров емес. Курчатов та, басқалар да емес. Бұлардың бәрі қатардағы қылмыстылар. Ең үлкен айыпкер әрі жауапкер – Совет өкіметі, Коммунистік партия. Таптық күрес, идеялық тазалық ұранымен, ел ұстаған арасыңды түгел азапты өлімге кесіп, ақыл-ойыңнан айырды, құт-берекеңді кетірді, колхоздастыру сылтауымен халқыңның тең жарымынан астамын аштан өлтіріп, жұртыңның шаңырағын ортасына түсірді, империализмге қарсы қорғаныс желеуімен бүкіл даланды улап, ұрпағыңның болашағын кесті. Бұдан өткен қандай зұлмат болуы мүмкін!» [82, б. 117] – дейді.

Мұндай басынуға шыдамаған қазақ қарсылық танытып, халық көтерілгенін, О. Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысы түрткі болғанын жақсы білеміз. Осы ретте «Невада-Семей» туралы көсемсөзші: «Бұл – атомдық полигонға ғана емес, бүкіл советтік геноцид, адамзатқа жау коммунистік құрылымға қарсылық болатын» [82, б. 117], деген пікірін жасырмайды.

«Бүлік» бөлімінде жазушы Б. Тілегеновтің «Сексен алтыншы жыл» романын талдайды. Роман Желтоқсан оқиғасы туралы емес, партиялық қайраткерлер жайында жазылған.

«Сексен алтыншы жылды» тәуелсіз әдебиеттің бастау кезеңінде тұрған үздік шығарма дәрежесіне жеткізген – қазақ прозасында бұрын болмаған өзгеше бітімді кейіпкерлер. Бұрын болмауы – әдебиетіміздің әлсіздігінен емес, бас көтертпеген бодандық жағдайымызға байланысты» [82, б. 125] – деп бағалайды заңғар жазушы М. Мағауин.

М. Мағауин мұның бәрін не үшін жазып отыр? Неліктен дәл Б. Тілегеновтің шығармаларын негізге алып, талдау жасаған? Өйткені, кеңес өкіметі идеологиясының қып-қызыл өтірікке құрылған билік екендігін, кеңес өкіметіндегі жетпіс жылдың қара түнек болғанын,тәуелсіздіктің қалай келгенін қазіргі ұрпақтың білуі маңызды.

М. Мағауин тарих тақырыбында тегін қалам тербемесе керек, өйткені тарих рухтандырады, тарих өсіреді, еңсенді көтереді, намысынды қайрайды, өзінді-өзін танисың, жігерленесің, өйткені «Тарихи танымммен ұрпақ өседі, ұлттық сана қалыптасады. Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес. Ол – едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Тарих – кім-кімнен де жоғары тұрған ұғым. Тарихтан тағылым алмағандар өтемін өз қанымен төлейді» [83].

М. Мағауин «Зұлымдық шежіресінде» өзінің «Көк мұнар» романына да кеңес кезінде сын айтылғанын жазады. Сыншылар романның басты кейіпкері Едігені сол заман идеологиясына сай келмейтін кейіпкер деп сынаған. Олардың мұндай сыны негізсіз емес еді. «Көк мұнар» романындағы кейіпкерлердің сөзіне мән берсек, кеңес өкіметінің көптеген кемшіліктерін ашық айтатынына куә боламыз.

М. Мағауиннің «Көк мұнар» романынан тұлға мен қоғам қарым-қатынасы байқалады. Едіге – Мұхтар сол кездің өзінде-ақ кеңестік қоғам кемшіліктерін байқап, оны кейіпкерлері арқылы жеткізген. Ал тәуелсіздік тұсындағы көсемсөзшінің толғаныстарынан тұлға мен қоғам қарым-қатынасын басқа қырынан танимыз.

Мысалы, көсемсөзші қазаққа тән мынадай бір «жайсыз мінезге» тоқталып, бүгінгі ащы шындық туралы: «Қазіргі қазақ қауымының оқыды, ел басқарды деген тобының бар ойы, арманы – билік, кішкентай болса да төрелік құру. Бұл – қазақтың ескі әдеті, ескі ауруы. Бұл күнде бұл әдет шырқап биікке шыққан. Билікке келген қазақ халықтың қамын ойламайды, биліктің қызығына түседі. Ол енді халықты менсінбейді, оған жиреніп, шірене қарайды. Билігін тұрақты ету үшін коррупцияға барады – ауылдасын, руласын маңайына жинайды. Бұл – прогресс емес, нағыз кертартпа кері кетушілік» [82, б. 132], деп билік жүйесінің бағыт-бағдар, ұстанымына сыни көзқарасын білдіреді.

«Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан

Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басылымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады» [84].

Көсемсөзшінің бұл қоғамдағы кейбір қолында билігі барлардың өз міндетін ұмытып, жеке басының қамын күйттеп, жемқорлық, парақорлық, жікшілдікке баратындары туралы айтқандарын жоққа шығара алмаймыз. Оған күнделікті өмірде бұқаралық ақпарат құралдарынан көрсетіліп жүрген, парақорлықпен қылмыс үстінде ұсталып жатқан шенеуніктерді айта аламыз. Бұл дерт біздің қоғамымызда әлі жойылмай өршіп тұр.

Кезінде 500-дей фельетон жазған жазушы Б. Майлин кеңес дәуіріндегі ауылнайлардың, үкімет жұмысына араласқандардың жемқорлық, парақорлықтарын әшкерелеген болатын. Мысалы, үкімет мүлкін жымқырушыларды 1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Үш ауылнай» деген фельетондарында әшкерелейді. Бұл фельетонда үш ауылнай үш түрлі парақорлықпен көрінеді.

Жазушы-көсемсөзші Б. Майлин парақорларды арамқолдар деп атап, «Кеңес тонын жамылып, бет пердесін бүркеп отырғандар толып жатыр. Ондайлардың көздегені кеңес ісін өркендету, ел кедейіне шын ниетімен қызмет істеу емес, аз күнгі күйінен пайдаланып, құлқынын толтыру, кеңсе орнын еңбекшілер көзіне құбыжық қылып көрсету» [85, б. 234].

М. Мағауин көрсеткен бүкіл қоғамдық кеселдер XIX ғасырдағы патша отаршылдығы кезінен басталған. Патша заманындағы тілмаштық қызметтің өзі жоғары мансап боп саналды. Мұндай тілмаштарды М. Әуезов «Қилы заман» повесінде «өңі жылтыр, қарны томпақ» деп шеберлікпен суреттеген еді. Осындағы «өңі жылтыр, қарны томпақ» деген сипаттамадан тілмаштардың халықтың қамын ойламай, өз құлқындарын жоғары қойғандарын аңғарамыз.

Бұл дерттің осы күнге дейін қоғамымызда бар болуы – кейбір қазақтардың санасының әлі өзгермегендігі, өз мүддесін ұлттық мүддеден жоғары қоюы, қандай жолмен болса да мансапқа қол жеткізуі, сол мансап жолында қалу үшін түрлі айла-шарғыларды қолдануы. Абай айтқандай, «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады» [86, б. 79].

М. Мағауиннің жоғарыда сөз болған көсемсөзіндегі қоғам кемшіліктерін көрсетуінен оның тұлға ретінде қоғаммен қарым-қатынасы байқалады. Көсемсөзші ұлтқа жаны ашитын, қоғамдағы келеңсіз жайттарға бейтарап қарап отыра алмайтын қайраткер болғандықтан, көсемсөзінде шындықты бүкпесіз ашық айтады. Ол «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағиданы ұстанады.

М. Мағауин көсемсөзіндегі индивидуализм мен ұжымшылдық мәселелерін жеке бастық «замансөздегі эгоцентризм» деп атауды ұйғардық. Өйткені, М. Мағауин өз замансөзінде өзіне жеке тұлға ретінде сипаттама беріп отырады. Мысалы: «Мен өзімді өте үлкен жазушы деп есептеймін, үнемі биік деңгейде өте жақсы жазғым келеді» [87, б. 191].

Қазақ әдебиеттануында, поэзия жанрында «лирикалық мен» деген ұғымның бар екені белгілі. Әдебиетте Махамбет «Мен» қолданысын

қалыптастырса, ұлттық көсемсөзге «Мен» деген өзіндік тың қолданысты М. Мағауин әкелді деуге болады. Осы ретте М. Мағауиннің көсемсөздік мені – эгоцентризм ұғымын алға тартамыз. Қаламгердің қазаққа жазушы, көсемсөзші, тарихшы, зерттеуші ретінде еңбегін сіңіргендіктен «Мен» деп айтуына негіз бар.

Ойшылдың мақалаларында өзінің тұлғалық ерекшелігі, мінезі де ашылып отырады. Мәселен, «жалпы ұлтшыл деген жақсы сөз, мен өзім талай рет жаздым: ұлтшыл болдым, ұлтшыл болып қала беремін деп» [88, б. 80] – батылдықпен өз көзқарас ұстанымын білдіреді.

«Аласапыран» романын орыс тіліне аударған Курчаткин Мағауинге қазақты артық мақтап жіберіпсің деген сын айтады. Сонда қаламгер: «Мен айттым, бұрынғы қазақтың қандай екенін, қазіргі маған қарап бағалама, мен қазақтың тозған, шаршаған, азған кезіндегі көрінісі боламын. Бабаларым әлдеқайда тәуір болды дедім» [87, б. 185]. Орыстың жазушысы Курчаткинге берген бұл жауабынан көсемсөзшінің қазақ ұлтының мықтылығын басқаларға дәлелдей алатын білімді, ұлтжанды тұлға екендігі көрінеді. Жазушы қазақтың мәдениеті, жазуы, әдебиеті, соғыс құралдары жағынан орыс елінен бұрын дамығандығын дәлелдермен келтіреді.

Автор өзі тындырған елеулі еңбектерінен мәлімет беріп отырады. Мысалы, оның шығармаларында ескі түркі-шағатай нұсқаларынан, тарихи ескерткіштерден, академиялық қолжазба мұрасынан көптеген сөздер қолданып, тіліміздің сөздік қорын байытқанын «Анау-мынау мақалаларында»: «Мен ежелгі сөздерді жаңғырту тарабында бірталай жұмыс жасадым деп ойлаймын. Көбі бүгінгі тілге кірігіп кетті» [89, б. 142], – дейді.

Осы пікірге орай Қ. Аманжол М. Мағауин тілінің түсіндірме сөздігін жасаудың қажеттігі туралы өте орынды ұсыныс айтқан. Автор себебін: «Аласапыраннан» жазушы Нұрқасым Қазыбектің 600-дей соны сөз тіркегенін, ана тілін бір кісідей танитын Тұрсын Жұртбай өзіне беймәлім 800 сөз жазып алғанын, ал айтулы ғалым Ақселеу Сейдімбек 200 шамасында ескі сөз аңдағанын білген жоқ едім» [72, б. 6], – деп түсіндіреді.

«Мен – Мұхтар Мағауин, қазақта бар атақтың бәрін алған, шет мемлекеттер тарабынан да дәреже, сыйлыққа жеткен, пәленбай деген жазушымын. Жиырма бес пен алпыс бестің аралығында, өткен қырық жыл ішінде алпыстан астам кітап шығарыппын, он үш томдық «Шығармалар жинағын» айтпағанда» [72, б. 146]. М. Мағауин өзін сан қуып жазатын жазушы емес, ұлт тарихына, болмысына қатысты қазақ әдебиеті тарихында, көсемсөзінде маңызды орын алатын тұлға ретінде сенімді түрде атай алады. Автордың бұл сөздерін автомінездеме деуге болады.

Осы ретте журналист Қ. Аманжолдың: «Қасиетті қалам ұшында айнымас серт ұстанды. Әдебиетте ұстанар алтын қазығын дұрыс айқындап алды. Ол – Алаш мұраты еді. Әдебиетке тәңір бұйрығымен, тағдырдың пешенелі жазуымен осылайша саналы түрде келген екі жазушы болса, бірі, біреу болса дәл өзі Мұхтар Мағауин деп айтуға оның жарты ғасырлық қат-қабат қаламгерлік жолы, Абылай аспастай әдеби асулары кәміл сенімділік беретіндей.

Жетпісінші жылдардағы Мағауин қазақы болмыс-бітімді көркем кейіптеп таңбалауды саналы түрде мақсұт тұтқан ұлттық ділдің ұраншысына айнала бастайды. Өмірді табиғи нанымды түрде шынайы әрі шыншыл суреттеудің шеберлік машықтарын жан-жақты игереді. Жазушының суреткерлік дара қолтаңбасын айқындай түсер бір ерекшелік сол, тұтастай алғанда, оның туындылары кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының жалпы кескін-келбетін, ішкі иірім-ағыстарын, сондағы дала қазағының да, қала қазағының да заман ырқымен өзгеріп жатқан мінез-құлқы мен психологиясын көз алдымызға айнытпай келтіреді» [72, б. 5], – деген пікірі жоғарыда айтылғандарды дәлелдей түседі.

М. Мағауиннің ешкімге тәуелсіз, өзіне нық сенімді, ешкімге жағынбайтын, жалтақтамайтын, пайдакүнемдіктен тыс, батыл да өр, біреудің демеуін қажетсінбейтін, баяғы Ер Түріктің болмысын ұстанатын тектілігі, қандай қиындық болса да еңсесі биік жеке тұлға екендігі мына мысалдан аңғарылады: «Мен әуелден-ақ ешбір партияда жоқпын. Өкіметте де жоқпын. Өзіме ғана тән, айнымас өкіметім, берік билігім бар. Жазу деп аталады. Өз алдыма дербес партиямын. Мұхтар Мағауин деген» [89, б. 156].

Ж. Шәкен: «Қатал цензура заманында студенттік шағынан-ақ ұлт үшін ұлы идеялар көтеруден жасқанбаған Мағауия шалдың баласы ел тізгіні өз қолына тиген бейбіт заманда тіптен көсіле шапты. Әуезов жете алмай қалған «ақ аралдарды» бағындыруды ойлады. Тектілікті іздеді, «Түркінің қара шаңырағы – Қазақ» екенін ұрпақ санасына шегелегісі келді. Біздің ұлт болып қалыптасуымызға, тектілігімізге саятын, әдебиетіміздің ұлттық болмысын ту ететін бабалар ұлағаты Мағауин арқылы қайта бас көтерді» [90, б. 3], – деп тебірене толғанады.

Әр қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән психологиясымен қоса жазу мәнері, стилі болады. Олар саусақ папиллярлары сияқты бір-біріне ешқашан ұқсамайды. Бұл көсемсөздегі «папилляризм стилистикасы» деп аталады. Қаламгер көсемсөзінде жыраулар үлгісінің стилі анық байқалады. Мұны автордың өзі де мойындайды: «Бүкіл жазу мәнерім, сөйлем құрау, сөздік қор, барлығы қазақтың ескі әдебиетінен бастау алады» [91, б. 131]

Ж. Елшібектің «Құдіретті қазына» мақаласында жазушының тіл байлығы мен шешендігіне: «Өзінің бүкіл ғұмырын сөз өнеріне, тіл өнеріне бағыштаған Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты М. Мағауиннің әдебиет төріндегі орнын әйгілеп, атақ-даңқын тұлғаландыра сомдай түсер критерийлердің ең өзектісі – қаламгердің кенен кеніш тілі» [92, б. 9], – деп жоғары бағалайды.

Көсемсөзші – оптимист. Мақалаларында жігерлендіру, алдағы күнге деген сенімділік күшті. Сөздері қадау-қадау. Автордың прозалық шығармаларындағы сөз қолдану стилі көсемсөзінде де қолданылады. Атау сөйлемдер, қысқа сөйлемдер жиі кездеседі. Ашық, батыл айту басым. Мәселен, «Қазақ ең алдымен қазақты қолдасын. Қазақты көтерсін. Қазақ қазақты демесін. Қазақтың ұлттық мүддесіне, жеке тіршілігіне қайшы істерге қарсы тұрсын. Әр кісі өзінің отырған жерінде, әркім өзінің басқарған мекемесінде. Адамгершілікке жат іске


жол жоқ, бірақ қазақтың ұлттық мүддесіне қайшы іске де жол қалдырмау керек» [80, б. 93] – дейді ешбір жалтақтаусыз.

«Біздің болашағымыз өте күшті. Осыны білу керек, осыған сену керек. Осы жерге қазақ ие болуы керек. Қазақтың қолында болуы керек барлығы. Билік қазақта болуы керек. Бағдар, бағытты қазақ белгілеуі керек. Басқа халық та болсын, жүрсін, бірақ Қазақ елінде тұратынын білсін» [80, б. 93], – деуі соның нақты бір айғағы.

Бүгінгі күні пәнаралық байланыстың маңыздылығы күннен күнге артып келетіні белгілі. Жалпы, М. Мағауиннің замансөзін талдай келе, интеграциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығы тарих саласымен қабысып жатқандығын анықтадық. Көсемсөзшінің қазақ хандығы тақырыбына қатысты болып келетін «Қазақ тарихының әліппесі» еңбегі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқытуға тұрарлық құнды еңбек деп санаймыз.

Ж. Елшібектің М. Мағауинді Алаштың алмас қылышына теңеп: «Халық жазушысы М. Мағауинді ешқашан айналып өту мүмкін емес. Өйткені Мағауин шығармалары елімен бірге жасайтын, мәңгі өлмейтін ғұмырлы туындылар. Қазақ мемлекеті тұрғанда, қазақ халқы тұрғанда, қазақ даласы тұрғанда Алаштың біртуар ардағы – Мұхтар аға Мағауиннің ел шежіресін көркем кестелеп, керім мүсіндеген еңбектеріне келешек ұрпақ өкілдері әлсін-әлсін үңілері айдай ақиқат» [93, б. 3], екенін шабыттана сипаттайды.

М. Мағауиннің көсемсөзін талдай келе, мынадай көсемсөздік модельді алға тартамыз (сурет 4).



Сурет 4 – М. Мағауин замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, М.Мағауин көсемсөзіндегі ерекшеліктерді атап, төмендегідей авторлық концепцияны ұсынамыз:

1. Көсемсөзші шындықты айтуда батыл, өткір, қоғамға қажет зәру тақырыптарды көтереді. Бұдан біз тұлға мен қоғам қарым-қатынасын байқаймыз.

2. Оның замансөзінде индивидуализм мен ұжымшылдық мәселелері жеке бастық «замансөздегі эгоцентризм» түрінде танылады.

3. «Папилляризм стилистикасы» бойынша автордың көсемсөздегі өз стилі анықталады.

4. М. Мағауин көсемсөзінен руханият, ұлттық сана парадигмасы аңғарылады.

5. Көсемсөзінің басым бөлігінде өзінің жазушылық, редакторлық қызметі тұрғысында өзі туралы мәлімет қоса беріліп отырады.

6. Ұлтқа қатысты көкейтесті мәселені көтере отырып, зерттелуі тиіс деген тақырыптарды ұсынып отырады.

7. М. Мағауин көсемсөзінен халық күш алатын, алдағы күнге сенімділік танытатын ұран іспеттес сөздер кездеседі. Қаламгердің көсемсөзі адамға күшті рух, мотивация береді. Психологиялық әсері айқын сезіледі. Өз-өзіңді бағалап қана қоймайсың, алға қарай ұмтылушылық күшке ие боласың. Қалай ашық айтса да, батырып айтса да, оптимистік, позитивтік сарын басым. Ал күрделі, келелі тақырыптарды жаза отырып, мұндай тәсілді қолдану оңай емес. Бұл оның дарындылығы, даралығы, сөз құдіретіндегі қасиеті деп ұғынған жөн.

8. Көсемсөзші қай тақырыпты қозғамасын, оны ең алдымен ұлтыма не беремін, қандай қызмет қылсам екен деген сұрақ мазалайды. Осы арадан тұлға мен қоғам қарым-қатынасының халыққа қызмет ету ұстанымын айқындаймыз.

9. М. Мағауин өзін қазіргі заманның жырауы ретінде сезінеді. Яғни жыраулар секілді саяси-әлеуметтік, іргелі мәселелерді көтереді.

10. М. Мағауин көсемсөзі іштей түрлі тақырыпқа бөлініп кететін көлемді болып келеді, бір көсемсөзі бірнеше мақалалар топтамасынан тұрады.

2.3 Көсемсөз органикасындағы әлеуметтік мәселелер тоғысы

Танымал балалар жазушысы, Г.Х. Андерсен атындағы сыйлықтың лауреаты, қарымды журналист Марат Қабанбай ұлттық көсемсөзде өзіндік дара жол қалыптастырып, қазақ баспасөзіне жаңа леп, дербес стиль, еркіндікке ұмтылған өзгеше тыныс әкелді. Қаламгер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ қоғамды бірден елең еткізетін қомақты көсемсөзімен ерекшеленді. Қаламгер қазақ көсемсөзінің кемелденуіне санаткерлік үлес қосты. Оған 1994 жылдан 1998 жылға дейінгі «Ана тілі» газетінің әр нөмірінде үзілмей жарық көрген өткір мақалалары дәлел бола алады.

«Марат Қабанбай тәуелсіз қазақ публицистикасының көшбасшысы, алғашқы қарлығашы еді» [94, б. 30].

М. Қабанбай туралы мерзімді басылымдарда шыққан Ж. Ергешованың «М. Қабанбай публицистикасының тақырып алуандығы хақында», Б. Панзабектің «Марат Қабанбай – «әдеби сыншы», С. Сыбанбайдың «Марат мектебі», «Ұлт журналистикасының ұраны», Р. Төленқызының «Мен – Кентавр-Маратты көрдім» атты еңбектерін атауға болады. Ал, бұл зерттеуде М. Қабанбайдың көсемсөзі арнайы зерттеу нысаны ретінде алғаш қолға алынып отырғанын айта кеткен жөн.

«90-жылдардың басында сонша уақыт ақырын сөйлеп, абайлап айтып келген ұлт баспасөзінің тығыны атылды да кетті! Ел, жер тағдырына байланысты талай ащы ақиқат ашылды, ұлттың бойындағы ірілі-ұсақты кемшіліктер де кеңінен жазылды. Жауынгер жанр саналатын публицистикаға бет бұрғандардың бәрінің бірдей айдарынан жел есе қойған жоқ, дегенмен сол жылдардан бері қарай қазақ баспасөзінде жоғары деңгейдегі публицистикалық үрдіс қалыптасты деуге болады. Сол үрдістің үздік өкілдерінің бірі, әрі сол лектің көшбасшысы, жазушылығы мен жорналшылығы итжығыс түсіп жататын жан-жақты қаламгер Марат Қабанбай еді» [95, б. 55].

Марат Қабанбай көсемсөзінде: білімнің дұрыс, сапалы берілмеуі; маскүнемдік мәселесі; жемқорлық, білікті мамандардың жетіспеушілігі; мемлекеттік тіл мәселесі; заңды жете білмеушілік және т.б.

1994 жылы жарық көрген таланттарды қолдау туралы мақаласында М. Қабанбай талант, демократия ұғымдарын бір қатарға қойып қарайды. Ескерткіштер бой көтеруі керек деген мәселені сөз етеді. Көсемсөзші «Даналары мен бабаларына орнатқан ескерткіші қанша болса, оның даму дәрежесі де сол шамада» [57, б. 135] – екеніне көңіл бөліп, әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударады. Көсемсөзшінің ескерткіш мәселесін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни дер кезінде үн қатқандығы, мұндай келелі мәселені көтеруі, әрине көсемсөзшіге тән қасиетті аңғартады. Әрине, тәуелсіздік алған бастапқы жылдарда мемлекетімізде мәдени мұраны жаңғырту мәселесі, соның ішінде тарихи ескерткіштерді қолға алу жұмысы әлі атқарылмаған еді. Бүгінгі күні бұл мәселе шешімін тапты деп толық айта аламыз. Қазіргі межемен бағамдасақ, 2000 жылы «Мәдениетті қолдау жылы» аталып, еліміздің әр қаласында ескерткіштердің ашылуы бастама берді. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бірқатар тарихи-мәдени ескерткіштердің бой көтеруі жалғасын тапты. Қазіргі кезде Астанада Абайға, Ауған соғысында қаза болған жауынгерлердің құрметіне қойылған ескерткіш-монумент, Қаракерей Қабанбай батырға, Үш биге, Кенесары ханға, Солтүстік Қазақстанда М. Жұмабаевқа, Ш. Уәлихановқа, қоғам қайраткері Е. Әуелбековке, Павлодарда С. Торайғыровқа, Бұхар жырауға, Қ. Сәтбаевқа, Ж. Аймауытовқа, Баян батырға, Малайсары батырға, Қызылордада Қорқыт атаға, Қостанайда А. Байтұрсыновқа, Көкшетауда Абылай ханға, «Халық қаһарманы» С. Нұрмағамбетовке, Маңғыстау облысында Бекет ата әулиеге, Оңтүстік Қазақстанда «Алтын жауынгер» куранты, балуан Қ. Мұнайтпасовқа, М. Әуезовке кеуде мүсіні, Таразда батыр Б. Момышұлына, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған, Ақтөбеде Әбілқайыр ханға, Генерал Ж. Кереевке,

Н. Байғанинге, Алматыда Абайға, С. Мұқановқа, Абылай ханға, Қарағандыда Ж. Жабаевқа және т.б көптеген ескерткіштер орнатылды. Бұл мәселе өз шешімін тапты және әлі де жалғасын табуда деуге толық негіз бар.

М. Қабанбай талантгылардың қоғамдағы бағасы мен орны туралы: «Талантты төбеге көтерудің орнына, көбіне көпе-көрінеу төбеден түйеміз. Әсіресе қоғамдық ой-санасы дамымаған елдерде оған деген өштік, қысастық қатты» [57, б. 132], – дейді. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде ұлттық рухты көтеру мақсатында жазылған бұл мақала таланттарды бағалау, оларға қолдау көрсету керектігін алға тартады. Талант мемлекет үшін таптырмайтын дүние екендігін әлемдік тарихи оқиғаларды мысалға келтіріп, дәлелдеп отырады. Мысалы, Наполеонның кезінде Ватерлоо ұрысында жеңіліс тапқандығы туралы мысалға келтіріп, оның қателігін қайталамауға шақырады.

Көсемсөзші таланттарды қалай тәрбиелеу керек деген сауал тастап: «АҚШ миллионерінің жаз болса бензоколонканың қасынан табылатын баласындай, қазақ байының жазғы демалыста қолына сыпырғы ұстаған перзентін көрдіңіз бе? АҚШ азаматы, бай болсын, кедей болсын, Америка туына адал баланы тәрбиелеуге тырысады. Ондай адалдық банкет үстелінде емес, бензоколонканың түбінен басталатынын жақсы біледі. Патриот емес балаға жұмсалған еңбектің бәрі рәсуа, оларша» [57, б. 138], – деген пікір білдіреді. Осы ретте айта кету керек, мемлекет тарапынан жастарды қолдау мақсатында дер кезінде осы күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан «Болашақ» бағдарламасы қолға алынды. «Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылы 5 қарашадағы № 1394 қаулысымен құрылған болатын. Тұңғыш рет ТМД мемлекеттер тарихында дарынды жастарға толықтай мемлекет есебінен шетелде білім алуға мүмкіндік туды.

Осы ретте М. Қабанбай Елбасының әлемде аналогиясы жоқ «Болашақ» бағдарламасы туралы байыпты ой қозғайды. Көсемсөзшіні жастардың ұлтжандылығы қатты алаңдатады. Мысалы: «Қазір Президент стипендиясына шет елде мыңдаған жастар оқып жатыр, солар болашақта ұшпаққа шығарады деп отырмыз. Олардың арасында үкілеген таланттар да аз емес шығар. Бірақ соның бәрі «елім» деп еңіреген патриотттар ма? Әлде тек білім-ілімге ғана жүйрік, қара қазақ десе жиырыла қалатын астаналық әлпештер ме? Көбі сорпа бетіне шығарлардың отбасынан қалқып алған кілегейлер емес пе?» [57, б . 138].

Бүгінде жоғарыда сөз болған мәселелер біршама түзеліп, шешімін тапты десек артық айтқандық емес. Әрине, тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында бірден бәрін қамту, түгендеу мүмкін емес болатын. Қазіргі көзқараспен бағамдасақ, «Болашақ» стипендиясы бойынша әрбір үміткер білім алуға құқылы. Тек оған ниеті болып, күш-қуаты мен қажырлығы жетсе болғаны. Елжандылығы жағынан келетін болсақ, әрине бұл – әрбір жеке тұлғаның түйсік танымына, ар-ожданы мен отбасындағы тәрбиесіне байланысты. Бұл мәселені көсемсөзші дәл уақытында көтеріп, қоғамға ой салғандығы кезінде сананы оятып, дұрыс бағыт-бағдар алуға септігін тигізіп қана қоймай, әлеуметтік мәнге ие болғандығын бажайлаймыз. Кезінде «Болашақ» стипендиясы бойынша

оқыған кейбір жастардың елге оралмай қалғандары да болғандығын білеміз. Ал, енді осы мәселелер қаншалықты шешімін тапты, нақты деректерге сүйенген орынды: 2015 жылғы мәліметке бойынша, бұл жөнінде «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Ғани Нығыметов: «Шетелде қалып қойған «болашақтықтар» алғашқы жылдарда болды. Біздің орталық құрылғаннан кейін мұндай жағдай мен мәлімет бізде болған жоқ. Атап айтқанда, барша стипендиаттар қайда оқып жатқандығын білеміз және олар елге қайта оралып жатыр. Шарт бойынша олар Қазақстанда бес жыл жұмыс істеуі керек. Стипендиаттың объективті себептермен бес жылдық міндетін орындай алмау фактілері өте аз. Шамамен екі адам. Міндетті орындай алмағандар барша шыққан шығын қаражатты мемлекетке қайтарып беруі тиіс» [96], – екендігін мәлімдейді.

«Болашақ» стипендиясы бойынша алғашқы онжылдықта (1994-2004 жылдары) әлемнің 13 елінде 785 стипендиат білім алған. 2004-2010 жылдараралығында «Болашақ» стипендиаттарымен қатар түлектерінің де саны жылдан жылға артуы байқалуда. 2016 жылғы мәліметке жүгінсек: «Бүгінгі күні «Болашақ» бағдарламасы бойынша 9000 астам жоғары білікті маман даярланды. Атап айтқанда, 2 500-ге жуық түлек – инновациялық жобалар мен технологиялар, мұнайгаз секторы, металлургия, энергетика салалары үшін даярланса, 98 PhD докторы елдің ғылыми әлеуетінің қатарын толықтырды. 600-ге жуық жоғары білікті дәрігер ел өңірлеріне жұмысқа орналастырылды. Назарбаев университетінде бағдарламаның 300 түлегі табысты еңбек етуде. 200 адам өз шеберліктерін мәдениет және өнер мекемелерінде іске асыруда» [97, б. 2]. Осы ретте 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Болашақ» атты ақпараттық-сараптамалық журналдың шығатынын да айта кеткен жөн.

Мақаланың соңында көсемсөзші қазақстандық таланттарға қамқорлық жасауға үгіттейді. Қазіргі кезде таланттарға мемлекет тарапынан көмек, ынталандыру жасалуда. Дарынды балаларға арналған мектеп, гимназия, лицейлердің көрсеткіші, мемлекет тарапынан ғылыми жобаларға бөлінетін гранттар, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атты республикалық байқаулар дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Бұл ретте біз дамушы ел екендігімізді де ескергеніміз жөн, әйтсе де қолымыздан тартып жатқандар да жоқ. Әлемдік аренада еліміздің атын асқақтатып жүрген дарындылар да бар. Мәселен, өнер саласынан Димаш Құдайбергенді, спорттан Генадий Головкинді, мәнерлеп сырғанаудан Денис Тенді және т.б. айтуға болады. Аталмыш мақалада дарындыларды қолдау, бағалау, қамқорлық жасау, жемқорлық, елжандылық, жастарды тарту сияқты әлеуметтік мәселелердің дер кезінде, өз уақытында көтерілгендігін көреміз. Қаламгердің замансөзі сонысымен де құнды болмақ.

М. Қабанбайдың бұл көкейтесті мақалалары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы елдегі ауыртпалық жағдай, «бұғанасы бекімеген» жас тәуелсіз елдің ащы болса да шындығы, заман тынысы дәл сол қалпында ешбір артық бояусыз, қаз қалпында жазылған. Жалпы, көсемсөзшінің кезінде айтқан ой-

мұраттарының бүгінде жүзеге асырылуынан оның алдын ала болжағыштығы мен есептеуге жүйрік өре деңгейін де айтпасқа болмас.

Жазушының 1994 жылы жазылған ана тілі жайлы мақаласында орыс тілінің мемлекеттік мәртебе алуына қарсылық танытқанын көреміз. Мысалы, «Жоғары Кеңестің 57%-і өз қандастарымыз болғанымен, орыс тілінің жолында пышаққа түсуге әзір қазақ депутаттары жетерлік» [98, б. 3]. Қазақстанның жерге қарап отыруының басты себептеріне сыртқы және ішкі факторларды келтіреді. Сыртқы факторларға: ТМД, Ресей елдерімен экономикалық байланыстың үзілуін, энергетикалық жүйенің жоқтығын (газ, мұнай), газдан Өзбекстанға, мұнайдан Ресейге қарап отырғанымызды, шетелдік инвестициялардан пайда көрмей, теңіздер мен мұхиттарға шығатын жолдың жоқтығын алға тартса, ішкі факторларға: банк жүйесінің жетілмегендігін, тауардың аз өндірілуін, салық жүйесінің нашарлығын, сауда жүйесін реттеуді, жемқорлықпен күрестің дұрыс жүргізілмейтінін, ауылдың «натуралды шаруашылық деңгейіне түсе бастауы» [98, б. 4] сияқты келелі мәселелерге сарапшы журналист ретінде дәл кезінде үн қосқандығын бағамдаймыз.

Бұл кез тәуелсіздіктің тізгінін жаңа қолға алып, тоқыраудың тауқыметін тартып жатқан шақ екендігін тарихтан жақсы білеміз. Сол шақтағы адамдарды таным-түйсігі, дүниетанымы тұрғысынан салыстыру бүгінде жер мен көктің арасындай айырмашылық жатқандығы мәлім. Қайтқенде де ілгері басушылық бар.

Көсемсөзші Ресейдің бізге деген көзқарасын еш бүкпесіз білдіре отырып, ойларын шешендікпен әрі қарай өрбітеді: «Экономикадағы кемшілігіміз бен қалыстығымыз бізді Ресей қолтығына кіре түсуге итермелеп отыр. Ал ол кісінің құшағы кісі тұншығатындай қатты да қарымды. Құшақтағансып тұрып, қылғындыра салатыны бар. Оған 250 жылдық соңғы тарихымыз дәлел» [98, б. 4]. Қаламгер бұл мысал арқылы ел экономикасын қолға алу керектігін тілге тиек етіп, ұлттардың басқа жаққа көші-қонын тілдің «кесірінен» емес, ел экономикасының төмендігінен деген тұжырымды алға шығарады.

Көсемсөзші тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанға ұстанған Ресей саясатының көздеген мақсатын: «Қазақстандық иммиграцияны тоқтату үшін: «орыстарды екінші сортты ұлтқа айналдырып отырсыңдар» деп, біздің елге экономикалық қысым жасап, біздің қолымызбен қандастарына жақсылық жасау, сөйтіп, есін жинап, етек жапқанша «қазақстандық орыс» деген уайым-қайғыдан басын арашалай тұру – міне, олардың ойлаған түпкі саясаты осы. Оның үстіне қалың орыс диаспорасы Қазақстан келешекте икемге көнбей бара жатса, қорқытып-үркітіп отыруға да қолайлы» [98, б. 4], – деп ашып береді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттік тілдің мүшкіл хал-ахуалына қынжыла: «Бүгінгі күні қарайған халықтың 70%-і сөйлеп отырған орыс тілі – шын мәнінде онсыз да мемлекеттік тіл. Себебі, шаш ал десе бас алатын, қазаққа шабан, орыс тіліне жүйрік шенеуніктердің орыс тілі қалай мемлекеттік тіл мәртебе алады, солай *қазақ тілін есігінен қаратпайды*» [98, б. 4].

Осы орайда М. Қабанбай туралы ақын А. Әлімұлы: «Ол «Ана тілі» газетінде қызмет істеп жүрген кезінде ана тіліміздің тазалығы үшін күрескен бірден-бір қаламгер болатын» [99], – деп әділ бағасын берді.

М. Қабанбай мемлекеттік тіл мәселесін жиі көтерген күрескер көсемсөзші. Атап айтқанда, «Ханнан да, қарадан да биік Ана тіліміздің күні не болады?», «Тайқазан, яки ошақтың үш тағаны», «Еуразия одағы: кім мысық, кім тышқан?» сынды замансөзінде жас тәуелсіз мемлекетте орыс тілінің үстемдік алып тұрғандығын, егер орыс тілі мемлекеттік мәртебеге ие болса, ел іргесі шайқалатынын ашына жазады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттік тіл мәселесін басқа да көсемсөзшілер дүркін-дүркін, әрі аса батылдықпен көтерді. Мәселен, Ә. Кекілбай, М. Мағауин және т.б. Ақын-жазушылардың дер кезінде әлеуметке үн қатулары сол кездегі бір дүрбелең де қиын қыстау кезеңге медеу, демеу болғандығы анық. Қоғам жанашырлары көсемсөзшілердің қазіргі кездегі айтылған қадау-қадау ойлары, ұсыныстары Ә. Кекілбайдың сөзімен айтсақ, «емізулі сәбидің жасында» болған Қазақстан халқы үшін бұл оңай болмағандығы анық.

Сарабдал журналист М. Қабанбай 90-жылдардағы қазақ баспасөзінің құлдырап, бұқаралық ақпарат құралдарының орыс тілінде үстемдік алған бишара күйіне: «Қазақтелерадио» корпорациясы каналдарының 10-нан 9-ы күні-түні орысша қақсайды. Екінші жарты жылдыққа баспасөзге жазылу науқаны қазақ баспасөзінің өз оқушысының үштен екісінен айрылып қалғанын көрсетті, оның негізгі оқушысы болып табылатын ауылда ақша жоқ. Екіншіден, баспасөзге жазылу биыл иесіз қалды. Дәп осының кесірінен біраз қазақ газет, журналдары шығуын тоқтатты, енді біразы «әне, міне жабыламын» деп көмек күтіп тұр. Тек қана «Караван» апталығының 300-500 мың тиражбен тарайтынын еске алсақ, қазақ баспасөзі өз елінде, өз жерінде сан, сапа жағынан орыс баспасөзінің алдында тізе бүкті. Информация кеңістігінен айрылу – бәрінен айрылу» [57, б. 4], – екенін қаралы хабардай естіртті.

Көсемсөзшінің шешендігі, жер жебіріне жеткізетін шаншу сөздері барлық мақалаларынан айқын сезіліп тұрады. Мәселен, «Тоқсан тарау шаруашылық, геосаяси, этносаяси жұмбақтардың қан базарының қақ ортасында қазақ ұлты бүгінде шақшадай болып, «титулды ұлт» деген жез медальды мойнына іліп, жалаңаш отыр. Қазақ тілі, ділі, діні жүретін аумақтар *Арал теңізіндей тартылып барады*» [98, б. 4], – деуі ішіне сыймаған ұлт тағдырының болашағынан үміттен гөрі күмән басым екенін жасырмады.

Жазушы сол кездегі телеарналар, кино төңірегінде де ой қозғайды. Қазақ көрермендері өз отандық өнімдермен рухани толысудың орнына американдық «қоқыстармен» азықтанып, тозып жатқанын бейнелі тілмен: «Қалыңдық біз боламыз, күйеу қайда? – деп, бес қаруы сай қарақшы «өнерге» құшақ жайып, етектің ашылып-жабылғанын білмей, қарсы далбаңдап жүгіріп бара жатырмыз» [98, б. 6], – деп суреттейді. Бүгінде отандық кино өнімдерінің сапасы соншалықты жоғары деңгейде болмаса да, әйтеуір алға ілгерілеушілік жоқ емес, бар. Қазақ тілінде жүргізілетін телебағдарламалар да көбейді. Әр арнаның өз

сайты да бар. Журналист қазақ жазушыларының кітаптары қағаздың жоқтығынан басылып шықпай жатқандығын, балаларға арналған кітаптардың тоқтап қалғандығын, сахна өнерінің қаржы тапшылығынан шетел асып кеткендігін сөз етеді. Көсемсөзші 90-жылдардағы өнерді «көшедегі карнавалдық-декорациялық жабайы үрдіске» теңейді [98, б. 7].

Кезінде мұндай мәселенің болғаны рас. Ал, енді қазіргінің көзімен бажайласақ, «Кино өнерінде, ескерткіш бейнелеу өнерінде «жаңа толқын» пайда болды. Қазақ режиссерлерінің көптеген фильмдері әлемнің ірі фестивальдерінде лауреат атанды. 2000 жылы 2 желтоқсанда Канныда қазақстандық режиссер Серік Апырымовтың «Үш ағайынды» фильмі қазылар алқасы мен көрермен қауымның арнайы сыйлығына ие болды. Анапада ТМД және Балтық елдерінің кинофестивалі қазылар алқасының сыйлығын алды. Токиода картина Гранприді иеленді. Ал «Аңшы» толықметражды фильмі 2005 жылы наурызда Миланда өткен Африка, Азия және Латын Америкасы елдерінің XV Халықаралық кинофестивалінде бірінші жүлдені жеңіп алды. 2003-2005 жылдары қазақ-американдық киноматографтардың бірлесуімен (Голливуд, «Қазақфильм») «Көшпенділер» кинофильмі түсірілді. Бұл фильмдер – қазақ кино өнерінің дамуының көрсеткіші» [100, б. 135].

«Марат Қабанбай – өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары қазақ көсемсөзін жаңа бір кезеңге көтерген дарынды қаламгер. Өліара кезеңде қарымды қаламынан туған мақалаларын жұрт іздеп жүріп, тұшына оқыды, мейірі қанды, риза болды» [94, б. 32].

Қаламгердің баспасөз күніне орай жазылған мақаласында журналистерге сын айтылады, сол кездегі баспасөзге, теле, радиодағы кемшіліктерге, балама басылымдардың міндеттеріне де тоқталады. 90 жылдардағы баспасөздің хал-ахуалын, кемшілігін: «Біз, қазақ баспасөзі, басқадай да толып қатқан жоқ-жітігімізді былай қойғанда, коррупцияға белшесінен батқан бастықтарды, шенеуніктерді іздеп жүріп, әшкерелемек түгілі, прокуратура тексеріп, сот үкімін шығарып қойған істерді қинала-қинала жариялаймыз – ылғи да оқиға соңында итпектеп жүреміз. Болашақты болжап, науқас экономикаға шолу жасап, оның диагнозын дәл қою ма, қазіргі хал-қадіріміз сықпыт бейнеміздің силуэтін де сыза алмай отырмыз[57, б. 185]. Әйтпесе, газет, журнал бетінде қисық-қыңыр суретін салып, оқырманымызды алдымен, соңынан өз-өзімізді көпе-көрнеу алдаймыз» [57, б. 186], – деп қара қылды қақ жарғандай турасын айтты.

Жазушы-көсемсөзші қазақ баспасөзінде ұлт мүддесіне аудай қажетті іске назар аударылмайтынын, қоғам өмірінің тыныс-тіршілігіндегі көкейтесті мәселелердің өз деңгейінде көтерілмейтіндігін, мәселен, атамекенім деп көшіп келген қандастардың қайта кері көшуі, олардың қиналуына биліктің толғанбайтынына, көмек қолын созбайтынына қынжылады. Газет бетінде «сылдыр сөз, сала құлаш су мақала көп», – дейді. Онымен қоса жарнама, құттықтау сөздер топан судай қосылды. Оның үстіне қазақ баспасөзінің тікелей өз міндетін орындай алмайтынын: «Баспасөз бен телерадио ұлт өмірінің көрсеткіш шкаласы десек, біздің қазақи шкала, көк базардағы алдамшы

саудагердің теріс таразысы сияқты, дұрыс көрсетпейді» [57, б. 191], – деп көңіл құлазытқан ащы шындықты әжуа, мысқыл тілмен бейнелейді.

Көсемсөзші әкімшілік билік пен қоғамға көңілі толмаған ішкі датын: «Біздің қоғам бүгінгі күні сау мен аурудың арасында есі кіресілі-шығасылы төсек тартып жатыр» [57, б. 186], – деп білікті дәрігерше әбден дерт меңдеген сырқат кейпіне балайды. Қазақ қоғамындағы кемшіліктерді, олқылықтарды өз атымен мәселеге орайластырып дәл сипаттап, дөп баса баяндайды. Өзекті бір тақырып төңірегіндегі кемшілікті мәселе ғып көтере отырып, басқа бір маңызды мәселеден де мағлұмат беру – көсемсөзшінің жазу шеберлігіндегі өзіне ғана тән шығармашылық қолтаңбасы. М. Қабанбайда мұндай мысалдар көп.

Қаламгердің жоғарыда айтылған сыни замансөзін қазіргі көзқараспен бағамдасақ, мынадай дерекке тап боламыз: «Бүгінде қазақстандық масс-медиа идеялық тұрғыдан қазақтілді және орыстілді БАҚ болып екі топқа жіктелген. Осы қос ақпарат өзара бәсекелес, тұғырнамасы бір-бірінен алшақ болғандықтан, кейде қайшылыққа түсіп жатады. Бұл – қазіргі қазақ масс-медиа алаңындағы көп сұраққа толы өзекті жайт. Масс-медиа кеңістігінде қазақтілді және орыстілді БАҚ саны біркелкі емес. Қазір елімізде 2514 газет пен журнал, 238 электронды БАҚ, оның ішінде 100 телеарна мен радиостансы бар екен. Жалпы, 2011 жылғы дерек бойынша, отандық масс-медиа кеңістігіндегі қазақтілді БАҚ үлесі 19,1%-ды құраған болса, орыстілді БАҚ – 33,4%, ал қазақ және орыс тілдерінде БАҚ үлесі 35%-ды құрады. Бұдан қазақтілді БАҚ-тың пайыздық үлес салмағы әлі де олқы түсіп жатқанын байқаймыз» [101, б. 74].

Бүгінгі күні қазақ тілді контенттің даму үрдісі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстыруға келмейді. Қазіргі қазақ масс-медиалық кеңістік заман көшінен қалмай сапалық көрсеткіштері бұрынғыдан артып, конвергенттік сипаты жағынан даму үстінде, және түрлі авторлық-идеялық жобалар жүзеге асырылып жатыр деуге болады.

М. Қабанбай көсемсөздерінің идеялық дені бірлікке, татулыққа, ауызбіршілікке меңзейді. Соның бір дәлелі ретінде бірлігі жарасқан елдің ғана болашағы бар екендігін: «Құдай басқа бермесін, бір-бірімізбен шоқысып-тебісіп кеп кетсек, «Қазақстан» атты ұя әлем бәйтерегінен жерге құлап түсуі әбден ықтимал. Басқалардың бұдан ештеңесі кетпейді, негізгі ұяларына самғап кете барады. Құритыны – тағы қазақ. Ендеше, барлық балапандардың ынтымағы керек» [102, б. 6], – деп әдемі астарлы сипаттайды.

Қазақстан халқы ассамблеясын қолдау туралы жарық көрген бұл мақаласында көсемсөзшінің ауызбіршілікке, татулыққа жетелейтіні мына ойларынан айқындалады: «Әр ұлттың, әр тілдің өз мүддесі бар. Жүз мүддені бір ұяға сыйыстыра білу керек – біз таңдайтын басқа жол жоқ. Бүлік шыққан елді ешкім сыйламайды. Сыйыстыруға да болады! Қытай, Үнді, Швейцария, АҚШ, Бельгия секілді ондаған елдер халқы түрлі-түрлі тілде сөйлегенмен, бір қазан-ошақтың отын жағып отыр. Ошақтағы отты шашып, үйін өртеп жатқандар да бар. Біз тату-тәттілікті қалаймыз» [57, б. 277].

М. Қабанбайдың жоғарыда сөз болған көсемсөзін түйіндей келе, елдегі кез келген мәселеге деген жеке азаматтық позициясы болғанын және оның әрқашан қазақ ұлтының мүддесінен бастау алып жататындығын аңғару қиын емес. Ұлттың мүддесіне қайшы келетін әрекеттердің барлығын ол баспасөз бетінде, баяғы тарих оқулығының тілімен айтқанда «аяусыз әшкерелеп отырды» дегенінен-ақ аңғаруға болады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдің мүддесін ойлайтын М. Қабанбай сияқты ұлт жанашырлары үшін ауыр болғандығы рас, сол тұстағы аз да болса қазақы рухты күрескерлердің өлмей беріспегендіктерін аңғарамыз. Көсемсөзшілер Ресей империясының жасаған қиянаты мен озбырлығының арқасында осындай күй кешуімізді ашық жазады.

М. Қабанбай қазақ ұлтының бойындағы мінін, ең жақсысы мен ең жаманын көрсетіп: «Осы Қазақстанда Қожанасырдың бейітіндей қисайған жаман лашықта: «Е, Алла, осы бергеніңе де шүкір!» – деп күн кешіп жатырмыз». Бізде бәрі де жоқ – жер шұқып, көкөніс еккеннің орнына дастарқан басына тіс шұқып, бұ дүниедегі бар ісі бітіп кеткендей, ән айтып, күй күйлеп, дүрілдейтінімізді айтпаңыз, ал жер шұқығанды қазақтың көрін шұқып қазып жатқандай көріп тіксінетініміз бар [57, б. 158], – деп шынын да, сырын да жайып салады.

Көсемсөзшінің шеберлігі мен шешендігіне сарказм қосылғанда сөздің түбін түсірерліктей әсер береді. Бұған көптеген мысалдар дәлел бола алады. Мәселен: «Бізде Асан Қайғыдан бастап, ұлы Абайдың айтқандарына дейін түгел бар, түгел жоқ, біз бармыз, біз кедейміз. Барымызды базарға жайып салып жатырмыз, сол базар енді барымызды басқаға өткізіп, жоғымызды тауып әкеп береді деп малдасымызды құрып, «әкри, феодализм, социализм, коммунизмнің саудасын 70 жылда бітіріп, енді капитализмнің қызығын көреміз деп» мұрт сылап, ХХ ғасырдың сан алуан дастарқанының ең шетінде құлақтан дәметіп отырған жетім баладай күйіміз бар. Мұның артын не боларын ең алдымен аспандағы Алладан, соңынан Рәтбек қажыдан сұрап білмесек жарады» [57, б. 159].

Енді бір мысалында: «Екі қазақтың майдан ашуы үшін жер тар болып қалды. Бұл жанжалдан ешқашан да үшінші сапалы қазақ тумайды. Әлде орыс тілді қазақ пен төл тілді қазақтың татуласуы үшін жеке БҰҰ ашамыз ба?» [57, б. 161].

«Барымыздың ең жақсысы – өзге ұлтты өзекке теппейтініміз, жоғымыздың ең жаманы – жерде алтын жатса еңкейіп алуға ерінетін кержалқаулығымыз, аңғалдығымыз бен тоқмейілдігіміз» [57, б. 159].

Көсемсөзшінің мынадай өз ұсынысы да бар: «Балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына шейін, әсіресе гуманитария бағытында түпкілікті реформалар қажет» [57, б. 159] – дейді. Бұл ретте М. Қабанбайдың Ә. Кекілбай көсемсөзіндегі білім реформасы керек деген ойымен ұштасады.

Мақалаларында ұлттық өрнекті, бейнелілікті түрлендіріп қолдануда көсемсөзшінің қарымы қуатты. Мәселен, «Бұрын сай түбінде жылап қана ағып, суалуға айналған қазақ тілі көпе-көрінеу бұлқан-талқан тасқынға айналып бара

жатқасын шошып кеткен шығар, «қара орыссың» деп құйрықтарына шала қоңырау іле бермей, «тентек баламызсың» деп бауырымызға тарталық, сәл-пәл мығым оқу мен ойда жоқта үйірілген аз-мұз байлық көтеріп жүрген шығар, өз үйірін айналып кеп ақыры табар да, не бопты. Замана дауылы ұшырып әкете жаздаған ақ ордамыздың шаңырағын биік көтеріп, уық, керегелерін тігіп, үзігін тағып, бауларын бекем байласақ, ақ киізді сонсын айқара жабайық, жабайық та алдын мыңғырған малға, артын жайқалған егінге толтырып тастайық, ағайын!» [57, б. 161].

Егер ел ішінде ауызбіршілік болмай, әркім сан тарапқа бет-бетімен қарайтын болса, көсемсөзші бұның арты жақсылыққа апармайтынын ескертеді.

Көсемсөзші Ресейдің бізді қыспаққа алмақ болған, соның негізінде жасалған іс-әрекеттер ашық айтылып, мемлекеттік тілдің сол кездегі хал-ахуалына тоқталады. Осы ретте ғалым А. Рамазанның мына бір пікірі ойымызды діттей түседі: «Қазақ аналитикалық журналистикасын өркендетуші, дамытушы М. Қабанбай бұл мақаласында ел экономикасын бұтарлап шығады. Қазақстан экономикасының кері кету себеп-салдарларын еш бұлтақсыз ашып көрсетеді. Билік ұсынып отырған Еуразия одағының зиянды тұсын да дөп басып көрсете білді. Бұлтаққа мойын бұрғызбайтын айғақ ұсынады» [103, б. 243].

Көсемсөзші Еуразия одағын құру туралы Ресей көзқарасының дұрыс еместігін сынайды. Көсемсөзші біздегі ақсап тұрған экономика үшін Еуразиялық Одаққа кіргеніміз тиімді екендігін айтады, алайда одаққа кіреміз екен деп Ресейдің мүддесіндегі «бәрін ортақ» қылуға қарсылығын білдіреді, ана тіліміздің айырылып қалмау амалын іздестіріп, уайымдайды, орыс тілі мемлекеттік мәртебеге ие болмаса екен деп шырылдайды.

Қазақ зиялылары туралы көкейтесті мақаласында зиялы ұғымына түсініктеме бере отырып, кеңес кезіндегі қысымды, құлдық психологиялық «індет», яғни өз ұлтын өзі менсінбеушілік сияқты кемшіліктерге тоқталады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында зиялы қауымсыз, ұлттың иесіз қалғандығын еске салады. Қазақ ғылымының осал тұстарын, ЖОО-ғы парақорлықтың дендеп тұрғандығын ашық жазады. Қазақ әдебиеттану ғылымын дамыту үшін зиялылылар партиясын немесе кеңесін құру керектігін алға тартады [57, б. 243].

М. Қабанбайдың көсемсөз органикасының дені әлеуметтік мәселелерге арналған. Жазушының көсемсөзінде нақты мысалдар, реалистік оқиғалар жетерлік. «Қазақта бір ру бар алқаш деген», «Емдел, қазақ!», «Мақатаев көшесіндегі мұңдықтар» және т.б мақалаларында тоқырау кезеңіндегі қоғамда белең алған маскүнемдік кеселдің түп-тамырын қозғап, бұл мәселені баспасөз бетінде бірнеше мәрте көтереді. Бұл көсемсөзшінің өз заманындағы аса бір өзекті, келелі, әрі небір жайсаңды аздырған, талай шаңырақтың шырқын бұзған індетпен күрес тақырыбы еді.

Көсемсөзші бала, жастар тәрбиесіне де қалам тартқан. Ол отбасында балаға дұрыс тәрбие беруді өзге ұлт өрендерімен салыстырады. Жетпіс жыл бойы кеңестік идеологияның құрбаны болған бүгінгі қазақ отбасындағы

«орыстық» тәрбие алаңдатушылық туғызатыны шүбәсіз. Ана тіліне дақ түскеннен кейін басқада не қадір қалады?! Көсемсөзшінің «тек, тәрбие дегеніміз ана тілі арқылы дариды, бойға балбырап сіңеді» [57, б. 226] деген пікіріне қосыла отырып, ұлттың ұйытқысы – сол ұлттың ана тілі екендігін, өкінішке қарай, бүгінгі күні осыны әлі де жете түсінбей келетініміз шындық.

Шенеуніктерге арналған көсемсөзінде әрбір азамат заңды білу, жемқорлықпен аянбай күресу керектігіне баса көңіл аударады. М. Қабанбай бұл мақаласында қоғамды жаңаша ойлауға, алға ұмтылуға, жаңаша өмір сүруге, сананы сілкіндіруге жол ашады. Осы орайда көсемсөзшіге тән бағыт-бағдар беру, алға бастаушылық сияқты ерекшелік те ашылатынын аңғарамыз.

Осы орайда мына бір пікірге ден қойсақ: «Публицистика сөзімен назар аудартып, адамдардың әлеуметтік елеулі қиындықтарын шешетін қоғамдағы адамдар бастамасын біріктіруші ретінде көрініс табады. Публицистиканың функционалды ерекшеліктері алдына қойылған мақсаттарымен сәйкес келіп, қоғамдағы адам өмірін қазіргі заманғы көпполюсті жұртшылыққа әлеуметтік сана және өмір стилін құру арқылы үйлестіреді. Осылайша публицистиканың басты қызметтеріне әлеуметтік-жаңғырту қызметі де жатады» [104, б. 76]. Демек, М. Қабанбайдың аталмыш мақаласы көсемсөздің әлеуметтік-жаңғырту қызметін де атқарады.

Еңбек ету мәселесі туралы мақаласында үкіметке ауыз ашып қарап отыра бермей, өз бетімен еңбектенуге үндейді. Қазақ ұлтының бейқамдығын, қамсыздығы мен жайбасар, енжарлығын сынайды. Көсемсөзші ауыл адамдарымен тілдесіп, бар жайтты өз көзімен көреді. Ауыл адамдары, қазақтан басқасының бәрі тырбанып, өз бетімен еңбектеніп, ақша тауып, барды ұқсатып «көк базарға» апарып сатып, өз қамдарын өздері жасап жатқандығын сөз қылады. Ауылдағы қазақтардың бейқамдығына қынжылады. Алайда, көсемсөзші бұл сапардан жергілікті халыққа жаны ашып та, ашынып та оралғанын айтады [57].

Жазушы қоғамдағы қылмыс, ұрлық-қарлық сияқты мәселенің де жас тәуелсіз мемлекеттің гүлденуі үшін аса қауіпті екендігіне назар аударады. Қарақшылық, маскүнемдік, жезөкшелік сияқты қылмыстың үдеп кеткені соншалық, «көрші үйдің қаз-тауығын ұрлау, мас болып, бірін-бірі бауыздап салу сияқты қанішерлікті халқымыздың бойына ашқарақ колонализм, обыр отарлау дәуірі, арақ жұқтырды» [57, б. 238], – деп кеңес өкіметі сіңірген жаман әдеттен жиіркентіп, арылуға үндейді. Қазақ қоғамында 90 жылдары әлеуметтік -тәрбиелік мәні бар бұл мәселелердің белең алғаны рас.

Замансөздегі көтерілген өзекті мәселелерді қазіргі ұлттық мүдде тұрғысынан бағамдасақ, жаңа базар экономикасына бетбұрыс пен бейімделу елімізде біршама жақсарып, дамыған деп айта аламыз. Қазір мемлекет тарапынан да орта және шағын бизнесті, кәсіпкерлікті дамытуға көмек көрсетілетін бағдарламалардың бар екендігі белгілі. Көсемсөзшінің көтерген бұл мәселесі өз кезегінде өзекті болғаны мәлім. Ол тоқырау кезеңде сауда-саттық деген алып-сатар, алдау, арбау, былық-шылық көп болып, шала сауаттылықпен жүргізілсе, ал қазір іскерілік қарым-қатынас жасай отырып,

мәдениетті сауда-саттыққа қазақ үйренді деп айтуға толық негіз бар. Әсіресе шетелден оқып, сол жақтан тәжірибе жинап, еліне пайда әкеліп жатқан жастар баршылық. Мәселен, 2011 жылы Астанада Қазақстан жас кәсіпкерлерінің ассоциациясы құрылды. Ассоциацияның мақсаты – жас кәсіпкерлер қызметінің координациясы, сондай-ақ жастарды кәсіпкерлікке үйрету, олардың қызметін дамытып, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту. Әрине, біз дамушы ел болғандықтан әлі де дами түсуіміз керек. Қазіргі заманға ілесіп, әлемдік аренадан қалмай бағындырар асуларымыз шаш етектен екендігін де жасырмаймыз.

Қазақ жұртын Ақмолаға көшуге шақыратын мақаласында «Ұлтымыздың ендігі тағдыры Арқада шешіледі» деп зор сенімін білдіреді. Бұл мақаланың талдамалы сипаты да бар. Мәселен, «Болашақта Арқада егін азайып, мал көбейеді. Экология да, экономика да, ұлтымыздың мамандық бейімі де солай дейді. Ендеше, қазақтың дәл Арқа дегенде іркілетін еш реті жоқ. Әлгі аса қадірменді қарт абыз Әлекең – Александр Солженицын мойнын созып, дәметіп отырған бес облысыңыз – Арқада! Ресейдің рухани да, әскери де экспансиясына өте-мөте қатты ұшырап, әбден қалжырап, тәлтіректеп тұрған жеріңіз де – осы Сарыарқа» [57, б. 258].

«Елбасы бастаған ұлы көшке томағаны сыпырып, аяқтағы тұсауды шешіп, батыл-батыл басып, керуен болып ерейік, түстік, батыс, шығыстағы қаракөз кәрі, жас ағайын! Түтін шыққан, оқ зулаған басқа елдерден қашып-пысқан өзге ұлттар біздің жерге қотарыла көшіп кеп жатқанда өз туған топырағымызға ірге тебуден, кәсіп істеп, өз жерімізге өзіміз ие болудан ұялмайық!» [57, б. 260] – деуінен көсемсөзшінің халыққа үн тастап қана қоймай, көтеріңкі бір леппен, әсерлі де нанымды нық сеніммен жұртты алға жетелейтінін де көреміз.

М. Қабанбайдың тәуелсіздікті енді алып, егемендікке аяқ басқан кездегі жазылған «Тайбурылдың тынысы немесе жаяу жарыс» (1992 ж.) деп аталатын мақаласында бірнеше мәселе қозғалған. Мысалы: қазаққа намысшылдықтың керектігі, заманға сай пысық болу, «өтірік» дипломның берілуі, кәсіпқой өнердің орнын теледидардағы қылжақбас «шоу-бизнестің» басуы, өнер адамдарына жағдайдың жасалмауы, қазақ баспасөзінің хронология мен жайдақтық, қарадүрсініліктен арыла алмай келе жатқандығы, ақын-жазушылардың қадірі кеткендігі сияқты әлеуметтік маңызы зор, өз заманының көкейтесті мәселелері қозғалған.

Қазақстанның даму жолы тек бірлікте, бейбітшілікте екендігін жақсы түсінген көсемсөзші «Қазақстанның табысы – бейбіт өмір сүру, бұл болса, болашақта бәрі де болады. Ендеше қазақтың өз-өзін жөндеуі қалды. Жөнделудің басты шарты – өз-өзіне сын көзбен қарау» десе, енді қалай жөнделеміз дегенде «Қоғамдағы өз орныңды анықтап, рухани моншаға түгел кіріп, тазарып шығу керек. Рухани моншаңыз ысып тұр – ол арысы халқымыздың бейбіт, қиындыққа төзгіш, кек ұстағыштан алыс, кешірімге қашан да жақын төл мінезі. Одан бері ұлы Абай салып беріп кеткен тағы бір үлкен монша бар. Өлеңдерін, қарасөздерін оқысаңыз, қазақты бас ұлт жасайтын басты қағидалар сонда жатыр. Оның бәрін ұлы атамыз жанынан

шығара берген жоқ, оның шығармашылығы – Батыс, Шығыс, орыс, қазақ пәлсафасының квинтэссенциясы» [57, б. 282] – дейді.

Абай туралы ойы басқа мақалаларында да ұштасып жатады. Мәселен, Қытай мемлекеті Конфуцийді басты идеология етіп алған сияқты біз де Абайды басты идеология ретінде ұстансақ деген ойын «Алда – Абай шыңы. Тырбаңда, қазақ, тырбаңда!» [105, б. 4] деген мақаласында өрбітеді.

Көсемсөзші заман тынысын дәл бере білген, заманға қарай бейімделу үшін тіпті кейбір алғышарттарды да көрсетіп, жол нұсқайды. Қазақ елі дамуының негізгі тетіктеріне өндіріс саласын дамытуды, зиялылардың ағартушылық жұмыспен айналысуын, өзге елдерден қалмай, бәсекеге қабілетті болуымызды, нақты іске көшіп, барлық салалар бойынша жаңа генерация жасау қажеттігін жатқызады.

Қаламгердің бұл мақаласынан өзі талдап отырған құбылыстарына орай іске асырылуы қажет әрекет, шаралардың бағдарламалық нұсқаулығын жасағандығын аңғарамыз. Мұндай тәсіл сарапшы, зерттеуші журналистке тән.

М. Қабанбайдың мұндай замансөзінен оқиғалардың, құбылыстардың, қоғам, әлеуметтік топтардың маңыздылығын ашып көрсете білгендігі байқалады.

М. Қабанбай мақаларында көлденең көк аттыға басындырмау, оларға қаратыла айтылған ескертулер бар. Сондай-ақ, ұлтжанды намысшылдық та байқалып отырады. Мәселен, аталмыш мақаладағы: «Қазақстан, кейбіреулер ойлап жүргендей, жұтаң сахна, біз жансыз қуыршақ емеспіз. Қазақстан – Отан, біз – халықпыз! Бұлай болуы өзімізге байланысты» [57, б. 289], – деген өктем үн, отаншылдық сезімін білдіреді.

Қаламгер қазақтың рушылдығын сынап, ру-руға жік-жік болып бөлінудің дұрыс еместігін алға тартады. Ру, жүзге бөліну, сол үшін текетіресу қазақ үшін қауіпті, яғни өзіне өзін жаулық жасау екендігін айтып, ойын былайша түйіндейді: «Шама-шарқымыз келіп жатса, әлгі құйрығымыздан қоңырауларды шешіп, лақтырып тастап, нағыз қазақ болайық. «Қоңыраусыз өмір сүру қиын десек», үшеуінің бірін ғана қалдырайық. Және ол: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деген Абай қоңырауы болып, сахарада, сайын дала төсінде күні-түні сылдырлап тұрсын» [106, б. 4]. Бұл мысалдан М. Қабанбайдың шешендігін де аңғарамыз. Көсемсөзші өз көсемсөзі арқылы халықты жамандықтан жирендіріп, сақтандырып отырады.

М. Қабанбай көсемсөзінде жеке тұлғаларға да орын берілген. Мәселен, Бейімбет Майлиннің туғанына 100 жыл толуына орай «Бейімбет!» [107], Саттар Ерубаев туралы «Саттар» [108], Оралхан Бөкей туралы «Бөкейдің үш көтерілісі» [109], Өтежан Нұрғалиев туралы «Таңсәріде туған баллада» [110], Мұқағали Мақатаев туралы «Қазақтың коды жазылған ақын» [111], Кенесары Қасымұлы туралы «Үш рет өлген Ер Кенекем» [112] атты мақала, эсселерін атауға болады.

Сөзгер М. Қабанбай «Үш рет өлген Ер Кенекем» [112, б. 55] деген көсемсөзінде Кенесары ханның үш рет өлгендігін былайша түсіндіреді: біріншісі – Кенесарының орыс империясымен он жыл бойы алысып, жау

қолынан қаза табуы, екіншісі – Кенесары ханды зерттегені үшін Ермахан Бекмахановтың түрмеге отырғызылуы, енді, міне, «егемендік тұсында үшінші рет өлтіруге шақ қап тұрмыз» деп Кенесарының жоқтаушысы бола білді.

1997 жылы жазылған мақалада Кенесарыға арнап ескерткіш орнатып, хан атына көше беру керектігіне қоғамдық пікір туғызады. Бас сүйегін елге жеткізуді де ортаға салады. Арада өткен жиырма жылға зер салсақ, 2002 жылы Кенесарының туғанына 200 жыл толуына орай халықаралық ғылыми конференция өтіпті. Астана қаласында ескерткіш қойылыпты, осы қалаға көше атауы да беріліпті, бірақ бір мәселе қалыпты. Ол – оның осы күнге дейін табылмай келе жатқан бас сүйегі. Осы «бас сүйекке» қатысты Қазақстан тарапынын біршама іс-шаралар ұйымдастырылғанын атап өткен абзал.

Мәселен, Серғали Балажанның «Кенесары ханның басы қайда?» [113] сұхбаты, Сұлтан Хан Аққұлының «Хан Кененің бас сүйегі Омбы, Мәскеу, Санкт-Петербургтың бірінде» [114], «Алматыда белсенді топ Кенесары ханның бас сүйегін елге қайтармақшы» [115] атты проблемалық мақалаларында түрлі іс-шаралардың жүргізілуде екенін, бұл бағыттағы ізденіс тоқтамағанын байқаймыз. Мысалы, Нұрлан Әмірекұловтың бастамасымен «Хан Кенені қайтарамыз» деген қозғалыс ұйымдастырылған екен. Бұл қозғалыс «Хан Кененің басы – Ресейдің добы емес» атты тақырыппен Ресей президенті В. Путинге үндеу хат жолдамақ болған екен. Бұл қозғалыс 100 мың қол ғана жинап үлгерген, бірақ Ресей бір миллион қол жиналса ғана бұл хаттың қаралатынын айтқан. Қорыта келгенде, бұл атқарылған игі іс-шаралар тәуелсіздігіміздің арқасы екендігіне дау жоқ. Биыл қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен, он жыл ішінде орыс империясына қарсы үш жүз рет көтерілген Кенесарының туғанына 215 жыл. Бізді қынжылтатыны, осы күнге дейін шешімін таппай келе жатқан хан сүйегінің туған жері Көкшетауға жерленбей жатқандығы.

М. Қабанбай Жапония еліне барған сапарынан көрген, білгендерін қырағылықпен түйіп, талдау жасайды. Бұл сапардан соң екі түрлі мәселе, екі үлкен тақырып туындады. Біріншісі – Жапонияның «оң көзімен» берілген бағасынан кейін Қазақстанның әлемге танылa бастауынан көрініс береді. Тақырып жағынан келгенде, саяси-экономикалық бағыттарды қаузаса, екіншісі – мәдени тақырыпты қозғаған. Алдымен «Заман бізге «қайқай, қазақ!» деп еді...яки жапон жаңғырықтары» [116, б. 6], – деп аталатын біріншісіне тоқталайық. Мұнда Қазақстан инвестицияға баса назар аударуды тақырыбына тиек еткен. Алдымен, экономикамызға көңіл бөліп, сол бағытта дамытуды алға мақсат етіп қоюды ұсынады. Көсемсөзші күрмеуі қиын тоқырау кезіндегі халықты қалай тығырықтан аман сақтап, алып шығу міндеті туралы толғанады.

1996 жылы жазылған бұл мақаладағы тұшымды ойлар Елбасының жолдауында айтылған, жасалған нақты қадамдармен үндесіп жатқандығын аңғару қиын емес. Жапондықтардың Қазақстандағы саяси, экономикалық реформаларға оң баға бергендігі турасында сөз қозғалып, нақты мысалдармен дәлелденген. Жапония мемлекетінің беделі айқын көрсетілген. 90-жылдардың басында болған кесапаттарды жалғыз Қазақстан емес, бүкіл ТМД елдері

жаппай бастан өткергені белгілі. Қазақтар «кеңестік менталитпен» ойлайтынын, яғни тек ұрлауды білетін санадан арыла алмай келе жатқандығын сынға алады. Сол кездегі оппозицияның рөліне тоқталып, олардың кемшін әрекеттеріне сын көзімен қарайды. Ел тарапынан үкіметке көмек, қолдау қажеттігін айтып, мемлекетті өркендету жолында адал еңбек етуіміз тиіс деп халыққа үндеу тастайды. Шетел компанияларының саяси-әлеуметтік маңызын дәл тани білгендігі, бұл салада көп ізденіп, терең зерделеген көсемсөзші екенін көреміз.

Осы ретте М. Қабанбайдың өзі зерттеп, талдап отырған әлеуметтік, саяси, экономикалық құбылыстардың болашақтағы сипатын модельдеп, оның себеп-салдарына болжам жасайтын басты ерекшелігін аңғарамыз.

Көсемсөзшінің «Камикадзеден мицибусиге дейін» деп аталатын екінші мақаласында жапон халқының мәдениетімен таныстырады. Жапондар тәрбиеге аса ерекше ыждаһаттылықпен қарайтынын сөз етеді. Токиодағы тазалықты, көшелеріндегі тәртіпке қайран қалады. Оларда жұмыс, сыпайылық, ізеттілік бірінші орында тұрады. Көшелерінде тәртіптің сақталатыны сондай, бір полицей, автоинспектор көрінбейді: «Әр адам өз-өзіне полицей, өз мәшинесіне өзі автоинспектор» [117, б. 5]. Бала тәрбиесіне жіті мән беретіндігі, мәселен, егер бала ауырып, мектепке бара алмаған жағдайда анасы баласының орнына барып, үйге келіп үйренгенін баласына оқытады екен. Халыққа қызмет көрсету қызметінің жоғары деңгейде екендігін оқырманмен бөліседі. Жапон еліндегі жауапкершілікті қазақтар да үйренетін кез жеткеніне көңіл аудартады.

Неге бұлай, жапондықтар даму жағынан алдыңғы қатарға қалай шығып кетті дегенде, олар «ата-бабаларының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін тәрк еткен емес, қайта көздің қарашығындай сақтап, оны жаңа идеялармен байытып, жерде жатқан жапырақ, егер пайдалы деп тапса, «Жапония» деп аталатын бәйтеректің бұтақтарына апарып жапсыра береді, жапсыра береді» [117, б. 5]. Жапония елі мұндай жетістіктерге қалай жетті дегенде мыналарды алға тартуға болады: жапондықтар өз дінін (синто, синтоизм) берік ұстану, «өз-өзін таза ұстау», «ғұмыр бойы жетілу», қытайлық Конфуцийдің он жеті өсиетін жапонның Сетоку ханзадасы жетінші ғасырда Ата заңына енгізгу арқылы жүзеге асырылса керек. Бұл қандай Ата заңдар дегенде, ойшыл М. Қабанбай былайша тізбектейді: «этникалық жағынан: еңбекқорлық, аса дамыған эстетикалық сезім, табиғатты есепсіз сүю, ата-баба дәстүрін тік тұрып мойындау, этноцентризм, практицизм; тобыр-топтық мінезі: тәртіптілік, беделге жүгіну, қарыз бен парызды терең түсіну; тұрмыстық әдеттері: сыпайылық, тазалық, салмақтылық, үнемшілдік, ізденімпаздық» [117, б. 6]. Демек, жапондықтар «Өз-өздерін жаттай сыйлайды, соны көріп жат жанынан түңіледі» дегенге саяды.

Журналист жапонның салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы қазаққа өте ұқсас екендігіне мән беріп, салыстыру жасайды. Қазақ бұрынғы «дала демократиясынан» ұзақ алшақтап кеткендігін, яғни жапондықтарда секілді қазақтарда да үйдің есігі әрқашан айқара ашық, ұрлықтың болмағандығына баса назар аударады. Жазушының бұл ойы басқа мақалаларымен де үндесіп жатады. Көсемсөзші бодан болғанымыздың салдарынан барымыздан жұрдай

болып қала жаздағанымызды, ұлтымыздың жойылуға шақ қалғандығын тұжырымдайды.

М. Қабанбайдың мұндай көсемсөзінен әлеуметтік шындық пен журналистің шығармашылық «менінің» әлемдік ақпараттық кеңістікпен үйлесім тапқандығына куә боламыз.


Бұрынғы ойлауды қойып, өзгеру керектігін, әсіресе ұлттық санаға қарай ойысу қажеттігін Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [36, б. 4]. Елбасымыздың осы мақаласына орай қазір көшелерде қазақ ұлтының мәдениетін танытатын суреттер ілініп қойылды. Мұны біз сөздің іске асырылуы деп білеміз. Түйіндей келе, жоғарыда аталғандармен әлі де күресіп, әлі де рухани жетілу керек-ақ. Ол үшін қазіргі жаһандану дәуірі дүрілдеп тұрған шақта, біз тек ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып қана, өз-өзімізді қорғай алатынымыз анық.

А. Кеңшілікұлының «Кентаврдың қазасы немесе Марат Қабанбайды еске алу» атты мақаласында қаламгер көсемсөзінің еркешелігіне мейлінше әділ баға берілген еді: «Бүгінгі күннің биігінен қарап, бағаласақ, Марат айтпаған ащы шындық қалмапты. Және жазушы ол ащы шындықтың бәрін де ұлтының қамы үшін қабырғасы қайысып отырып, жүрегінің сүзгісінен өткізгенін көреміз. Әсіресе, жазушы қазақтың рухының күн өткен сайын жеңіліп бара жатқанына қапаланып, оны тірілткісі келіп өзі басшылық еткен басылымның бетінде сол ақиқатты жаны шыңғырып отырып, қаламмен емес, жүрегінің тазалығымен жазды. Ұлтқа мұрнын шүйіріп қарайтын дандайсыған шенеуніктерді сабасына түсіру үшін пікір еркіндігі мен сөз бостандығының ең алдымен қазаққа ауадай қажет екенін жазушы жақсы түсінді» [118].

М. Қабанбайдың көсемсөз мақалаларында шындық, әділ баға, ұлтына адалдық бар. Оған «Азаттық радиосына» берген жазушының жары Сәуле Хамзинаның берген сұхбатындағы көсемсөзшінің өзі айтқан сөзі дәлел бола алады: «Мына журналистерді төртінші билік дейді. Сондықтан кез-келген нәрсенің анық-қанығын дұрыс дерегімен, дәлелімен дұрыс жазып беру біздің міндетіміз. Ал оны халық немесе билік қалай қабылдайды, ол біз үшін маңызды емес. Өйткені қай мәселеде де бірінші кезекте ақиқат үстемдік құруы тиіс. Қалам ұстаған адам болғандықтан шындықты айту – менің міндетім» [119].

Жалпы М. Қабанбай көсемсөзі сараптамаға, дәлелге, реалды оқиғаларға құрылуымен бірден көзге түседі. Жазушының өзіне тән стилімен оқырманды бірден баурап алатын тылсым бір күш бар. Журналистің оқырманмен тілдесіп, талап-тілегін ескеріп отырғандай жазатын өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Көсемсөзші батылдығымен қадау-қадау ойларын бүкпесіз жайып салуға шебер. Демек, көсемсөзшінің кәсіби борышы болып саналатын шынайылық, әділдік пен батылдық М. Қабанбай қаламына тән ерекшелік дегіміз келеді.

М. Қабанбай көсемсөзін талдағанда мынадай көсемсөздік модель қалыптасты (сурет 5).



Сурет 5 – М. Қабанбай замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, «М. Қабанбай көсемсөзінің тақырыптары, тақырып атаулары да ерекше. Өзіндік жазу стилі қалыптасқан көсемсөзшінің ешкімге ұқсамайтын, ешбіреуді қайталамайтын жеке дербес стилі мақалаларынан айқын көрінеді. 1994-1998 жылдар аралығында «Ана тілінде» жарық көрген мақалаларынан өз кезіндегі өткір әлеуметтік мәселелерді батыл түрде жазғандығы бүкіл мақалаларынан танылып отырады. М. Қабанбайдың көсемсөзіне мықты рух, әділ сөз, батыл мінез бен таза жүрек, сарказм тән» [120, б. 103].

Қара басының қамын ойламай, ұлты үшін қолынан келгенше күрескен М. Қабанбай өзінің аз ғұмырында артына өлмес мұра қалдырды. Ұлттық көсемсөзге заманында өзінше дара жол салып, жаңа леп әкелді. Өзі қызмет атқарған «Ана тілі» газетінің абыройлы бет-бейнесіне айналып қана қоймай, тұтқасын берік ұстады.

Жазушы Т. Сәукетаев Марат Қабанбайды «Қарасөздің Қабанбайына» теңеп: «Марат шығармашылығының ендігі бір сүбелі саласы – журналистика. Үнемі баспасөз саласында жұмыс істеген болар, ешқашан қол үзген емес. Күнкөрістік қарабайыр кәсіп деп қарамай оны өнер дәрежесіне көтерді, не жазса да буын бұрқыратып, бояуын ашып, түрлентіп, төгілтіп жазды. Қай мақаласын оқысаңыз да өмірдің қантамыры дүрсілдеп соғып тұрады. Еліміз азаттық алған алғашқы аумалы-төкпелі жылдарда қоғам өміріне белсене араласатын ұшқыр да жауынгер жанр – публицистика суырылып алға шықты. Оның «Қазақ, қайда барасың?» атты жинағындағы үздік публицистикалық туындыларын қазақ журналистикасының інжу-маржаны десек, асыра айтқандық бола қоймас. Марат бұл шығармаларымен ұлттық журналистикамызды жаңа сатыға көтерді, шеберліктің ұтымды үлгілерін көрсетті» [121, б. 10], – шын жүректегі пікір пайымын білдірді.

Қаламгердің тақырып атаулары да ерекше, оның ешкімге ұқсамайтын дербес стилі, қолтаңбасы, папилляризм стилистикасы бірден танылады. Мысалы: «Ресей қолтығына кіре түсуге итермелеп отыр», «құшақтағансып тұрып, қылғындыра салатыны бар», «қазақ тілін есігінен қаратпайды», «бес қаруы сай қарақшы «өнерге» құшақ жайып, етектің ашылып-жабылғанын білмей, қарсы далбаңдап жүгіріп бара жатырмыз», «біздің қазақи шкала көк базардағы алдамшы саудагердің теріс таразысы сияқты дұрыс көрсетпейді», «қоғам бүгінгі күні сау мен аурудың арасында есі кіресілі-шығасылы төсек тартып жатыр», «Ресейдің мәлике жүзін көріп, мүбәрак қолын алуға құштар», «рухани моншаға кіріп, тазарып шығу керек», «Абай қоңырауы болып, сахарада, сайын дала төсінде күні-түні сылдырап тұрсын» сияқты жазу мәнерінің ерекшелігін айқындадық.

М. Қабанбайдың ескерткіштердің бой көтерілуін, ел ішіндегі ынтымақ, бірлік, ауызбіршіліктің болуын, Ресейдің пиғылына мойынсұнбауды, жемқорлықпен, маскүнемдікпен, қарақшылықпен, жезөкшелікпен күресуді, зиялыларды, таланттыларды қолдауды, бала, жастар тәрбиесін қолға алуды, еңбек етуді үйрену, Абайды оқып рухани тазаруды, ата-баба дәстүрін ұстанып, дамыған, озық елдердің мәдениетінен үлгі алуды көксеген замансөзінен мәдени, саяси-әлеуметтік парадигмалар айқындалып, қазақ көсемсөзінің жаңа дәуір өрісіндегі эволюциясына жүйелі талдау барысында көз жеткіздік.

Журналист көсемсөз материалдарының негізінде интегарциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығы әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану пәндерімен ұштасатыны сарапталды.

М. Қабанбай замансөзі арқылы сапалы әлеуметтік сөздің нағыз өзін жеткізе білген білікті, батыл журналист болғандығына көз жеткіздік.

2.4 Журналист шығармашылығындағы ұлттық психологизм

Белгілі жазушы, аудармашы, көсемсөзші Дидахмет Әшімхан тәуелсіздік жылдары қазақ публицистикасына өз үлесін қосты. «Қазақ әдебиеті», «Түркістан» газеттерінде қазақ мінезіндегі кемшін тұстарын сынайтын, басқа да көкейтесті тақырыптарды кең көтерген мақалалары жарық көрді: «Әттең, сайлау», «Елдос елге оралды», «Қырық шындық», «Киелі өнер иелері», «Санадағы шырмауық», «Жерің – жүрегің», «Тәуелсіздікке тәуба!», «Голощекинге ескерткіш керек пе?» және т.б.

«Көсемсөзші Д. Әшімханның «Әттең, сайлау» атты мақаласында сайлау десе ішкен асын жерге қоятын бұрынғы қазақы мінез бен қазіргі күндегі сайлаудың өту барысын сөз етеді. Бұл мінез қоғамдық мәселеге деген құлшынудан туындап отырған жоқ. Баяғының Шағыр деген шалы секілді өліп бара жатып сайлауды уайымдағанындай әдетке айналып кетпесе еді деген алаңдаушылығын тудырады. «Сайлау десе, барын салатын, арын сататын мінез. Шағырлардан қалған мұра. Жоқ, Шағырлардан емес, тереңнен пайымдасақ, бұл – патшалық Ресейдің отарлау саясатынан қалған мирас» [122, б. 113]. Автор жүз жылдан бері қазақтың бойынан кетпей жүрген рушылдық, жікшілдіктің

сайлау кезінде тіпті асқына түсетініне қынжылады. Бұрын Абайдың заманындағы «болыс болдым, мінеки, бар малымды шығындап» дейтін әдеттің әлі қалмағанын көреміз. «Әр сайлау кезінде қазақ электоратының көбі «алтын көрсе періште жолдан таяды» мен «қанына тартпағанның қары сынсынның» шырмауынан шыға алмай қалады. Осы қағидамен *қалталының түйесін, ағайынның биесін көпірден өткізіп* жібереді де, артынан «осы халықтың қамын кім ойлайды, елдің сөзін кім сөйлейді» деп, *аузын қисайтады да отырады*» [34, б. 286]. Осы мысалдағы «аузын қисайтады да отырады» деуінен Д. Әшімхан қаламына ғана тән ащы мысқылды, психологиясымен қоса жазу мәнерін, яғни «папилляризм стилистикасын» аңғарамыз.

«Бірлік! Таңсық сөз емес. Тәуелсіздікке жеткелі ең көп айтатын сөзіміз де осы» [34, б. 287]. Абайдың «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деп айтқаны тағы бар. Ал Ә. Кекілбай «Үркер» романында осы ойды былай өрбітеді: «Дүние жаратылып, су аққалы жер бетінде ел бірлігін, ағайын татулығын қазақтан көп айтқан халық бар ма екен. «Тату болайық» айтылмаған сөз қазақтың құлағына тұзы татымай тұрған бәдік әңгімедей естіледі. Бірақ олар дүниедегі ең бір пәтуалы сөзді орынды-орынсыз көп айтып, бәдік әңгімеге айналдырып алғандарын өздері сезбейді. «Алауыздықты құртайық», «біздің осы алакөздігіміз жаман» деп қақсап айта берсек, қақырап тұрған халық бірлігі өзінен-өзі қалпына түсе қалатындай көреді» [123, б. 79].

«Сосын ынтымақ...береке...ұлтаралық татулық...халықтар достығы. Бұлардың арасында, шүкіршілік, ұлтаралық татулыққа өкпеміз жоқ. Мүмкін бұл шындығында да «сындарлы саясаттың жемісі» болар, мүмкін сан жағынан өзгелерден арасы көп қазақ пен орыстың қадымнан келе жатқан тарихи «тамырлығы» мен дәстүрлі дәмдестігінен шығар, мүмкін бұл қазақтың шын мәніндегі кеңқолтық қонақжайлығы мен өзгеге дегенде өзегін бөліп беретін *сахилығының* салдары болар – әйтеуір, қалай да *тілі бөлектермен тілек қосып, жүзі бөлектермен жүрек қосып* отырған қазіргі тірлігімізге ризамыз. Тіпті, төрімізге шығып алып төбемізден қарап отырғандарға да қыңқ демейміз. Тіпті, сырттан келіп, сыбаға дәметететіндердің де *аузын майлап, атын сайлап* қалуға тырысамыз. *Неткен дархандық! Неткен даңғойлық!* Ойбай, құрысын, бұны байқамай айтып қалдық – бізге тыныштық керек, бізге татулық керек, өзіміз туралы не десек о дейік, өзгелер жөнінде аузымызды ашпауымыз керек (Идеология жоқ дейсіңдер, бұдан артық қандай идеология керек!) [34, б. 288].

Қаламгер мұндағы мысалдар арқылы қазаққа тән болып келетін орынсыз дархандық, даңғойлық сияқты ұлттық психологизм иірімін көрсеткен.

Автордың кекесінмен, мысқылмен айтып отырған сөздерінде шындық бар. Қазақ басқаларға соншалықты кеңпейіл, кішіпейіл, мейірімді болып, басын игенмен, басқа ұлттар сол жақсы қасиеттерімізді түсініп, бағаласа жақсы. «Сендер осылай болуға тиіссіңдер» деген өктемдік, менмендікпен қараса ше? Қазақ ұлтының жақсы мінезі өзіне таяқ боп тимесе игі еді.

М. Әуезовтің «Абай жолындағы» Құнанбайдың: «Адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады» деген сөзі қазақ ұлтына қарата айтылған сөз шығар? Бұл мінезімізді кеңес өкіметінен көрейік десек, біз сияқты

күйде болған басқа ұлттар өз-өздерін жаттай сыйлағаны сонша, жат жанынан түңіледі («өз-өзіңді жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген нақыл сөз бәрімізге таныс – Г.Ж.).

Мұнда да автордың ашынғаны соншалық, сөздері уытты боп шыққан. «Тілі бөлектермен тілек қосып, жүзі бөлектермен жүрек қосып» дегені – әрі шешендік, әрі мысқыл. Абайдың заманында тілі мен жүзі бөлектер ұлық бейнесінде ғана көрінетін. Екінші қара сөзінде айтқандай: «ауылды көрсе шапқан, ұзынқұлақты тауып бер депті», – деп күліп отыратынбыз.

Жалпы, Д. Әшімханның қазақтың кейбір мінездерін сынауы М. Қабанбайдың осы сарындас көсемсөзінмен өзектес екенін айта кеткен жөн. Осы ретте ғалым Н. Ақыштың мына бір пікірі көсемсөзші Д. Әшімханның қаламына тән айтылғандай әсер қалдырады: «Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы өтпелі кезеңде қоғамдағы түрлі дерттердің қабыздап, қалыңдай түскені бүгінгі таңда тарихқа айналып та үлгірді. Сол бір жылдардағы көсемсөзшілердің бір бөлігінің қалам ұшына өзек етіп, үңіле зерттегендері де – осынау әлеуметтік-қоғамдық түйткілдер. Бұндай бағыттың алдыңғы қатарында жүрген тегеурінді журналистеріміз аз болған жоқ. Олардың жазғандарынан әсіресе қарапайым халықтың жан айқайы, наласы мен күйзелісі айқын сезіліп тұрғанын қысылмай айтуға болады» [16, б. 161].

Қазақ ақындарының публицистикасын зерттеген С. Оспановтың жазушы-публицистерге қатысты мынадай тұжырымы да орынды: «Шикізат қана өндіретін ел болып қалмау, қоршаған ортаның тазалығы, денсаулық сақтау, жемқорлықпен күрес, ұлттық сана, ұлттық патриотизмді қалыптастыру ақын-публицистер шығармашылығының арқауына айналды» [125, б. 288]. Зерттеуші С. Оспановтың ақындар публицистикасына тән дейтін ой, сөз образдылығы, шынайылық, турасын айту, батылдық Дидахмет Әшімхан көсемсөзінде де кездеседі.

Қаламгер жоғарыдағы мақаласында тағы бір маңызды мәселені қаузайды. Мәселен, ұлт ішіндегі қырық пышақты, алауыздықты білдіретін халықаралық «трайболизм» терминін қазақ өміріне қолданбауды ұсынады: «Ағайын арасында азды-көпті араздық болар, ру мен жүз ішінде күңкіл-сүңкіл сөз жүрер, олар бір-бірін аяқтан тартып, етектен шалар кез болар, бірақ арғы-бергі тарихта қазақ тайпалары, қазақ рулары қолына жаппай қару алып, қақтығысып, соғысып жатқанын кім көріпті?» [34, б. 288]. Демек, автор «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деген қағиданы ұстануды жөн көреді.

Қаламгердің фельетон түрінде жазылған әжуа, әзіл аралас сыни мақаласында мемлекеттік тілдің қазіргі күйін аңғартады. Жалпы, ХХ ғасырдың басында Б. Майлиннің фельетон жанрын қалыптастырып, түрлік жағынан байытқанын, фельетон жазудың шебері болғанын Б. Жақып зерттеуінен білеміз [3, б. 310].

Бұл мақаланың басты ерекшелігі деп көсемсөзшінің баяғы «Қырық өтіріктегі» Тазша баланы басқаша сөйлеткені дер едік. Мұндағы шындықтар әлі іске аспаған, бірақ жүзеге асыруға болатын шындықтар деп бағамдасақ, автор көкейінде жүрген қазақтың елдігіне қатысты армандарының барлығы іске

асқан сияқты етіп көрсетеді. Шартты түрде Тазша бала мен автор арасындағы диалог арқылы жазушының көкейінде жүрген бірнеше мәселе былайша көрініс табады: «Тобыр емес, ел бопты. Перісі – періште, әумесері – әулие, түрі қазақтың – тілі қазақ болыпты. Бұл да ештеңе емес, бүгінде Астананың бар адамы «Алла» деп өріп, «иман» деп жусайтын көрінеді» [34, б. 373]. Бұл үзіндіден қазақ ұлтының көкейтесті боп тұрған екі мәселесі, яғни *тіл мен дін* көрінеді. Енді мына бір мысалға назар аударайық: «Таң сәріде Республика даңғылымен келе жатсам... оң жағымдағы бір киоскінің алдында, саған өтірік, маған шын, жүздей адам қаздай тізіліп кезекте тұр! *Кезек көрсе, тезек сатып жатса да, қатарға тұра қалатын қазақ емеспін бе,* өңменңдеп жетіп келдім де:

– Что за очередь? – дедім, ең шеткі шегіркөз орыстан. Ол бетіме бажырая қарады да:

– Біріншіден, қазақша сөйлеңіз. Мемлекеттік тілді менсінбейтіндер бұл жерде қоңыз теріп кетеді» [34, б. 374]. Біріншіден, бұл үзіндіде керек болсын, керек болмасын кезекке тұра қалатын қазақтың мінезі шебер берілген. Екіншіден, «Керек болып қалады, артық болмайды» деген пиғыл аңғарылса керек. Үшіншіден, басқа ұлтқа орысша сөйлейтін әдетімізді нақты көрсеткен. *Орысша сөйлеген қазаққа қазақша жауап берген шегіркөзіміздің әрекеті* – автордың көкейінде жүрген келесі мәселе.

– Жоқ дедім ғой, жо-оқ! Қазақ газеттері бітті! Мені сойып жесеңдер де, жоқ енді қазақ газеттері.

– Әдірем қал! – деп, бір жирен шашты әйел теріс бұрылып кетті [34, б. 374]. Мұндай нақты оқиға арқылы автор қазақ газеттерінің аз оқылатынына назар аудартады. Сондай-ақ, ол қазақтың «Дүние – кезек» деген философиялық ұғымын осы мақаласында ұтымды қолданған. Бүгінде қазақ жерінде болып жатқан оқиғаның барлығын кері бұра қойса, осы мақалада айтып отырғандай болып шығады. Мысалдағы «Әдірем қал» деген сөз – қала адамдарына таныс емес сөз екені мәлім. Оны көбіне ауылдың қариялары айтады. Сонда қазақша сайрап тұрған жирен шашты әйеліміз қаладағы тілден асып, ауылдағы ауызекі тілді де меңгеріп алған боп шығады.

Келесі айтылатын мәселе шенеуніктер мінетін көлікке қатысты. Олардың ешқайсысы «Мерседес», «Джип» мінбейді екен. Барлығының мініп жүргені – баяғы кеңес өкіметінен бері келе жатқан «Волга». Өйткені: «Бір жаман «Джип» – *бір ауылдың азығы*. Бір «Мерседес» – *бір қазақ газетінің жыл бойғы шығыны»* [34, б. 375]. Бұл мысалдан автордың елін сүйетін, елім өркендесе екен дейтін азаматтар осындай болса екен деген ойы байқалады.

– Ойбо-ой, біздің Астанадағы әрбір қазақ әйелі он баладан кем таппайды ғой. Соларға арнап салынған коттеджде ғой ол. Және онда әр отбасыға бір-бір «Рафик» берілген [34, б. 376]. Баяғы кеңес өкіметі кезіндегідей әрбір әйел он баланы дүниеге әкелсе деген келесі арманы айтылады. Көп балалы отбасыларға қомақты түрде материалдық қолдау жасалса деген ойы да байқалады.

– Ендеше, базар жағына апар. Қайыр-садақамызды кедей-кепшік, жетім-жесірге беріп кетейік.

– Ондай адамдар Астанада жоқ. Қала шетінен қалдықтарды қайта өңдеу комбинаты салынған да, қайыршы, бомж дегендердің барлығын сонда жұмысқа орналастырып, комбинат жанынан оларға үй тұрғызып берген үкімет.

– Ойпырмай, сендердің мына Астаналарың – Томас Компанелланың қиялындағы «Күн қаладай» керемет болды ғой [34, б. 376]. Қаламгер қазіргі дамыған шет елдердегі «Экоқала», «Ақылды қала» сияқты идея ұсынғанын аңғарамыз. «Қырық шындықтағы» тәсіл арқылы демография, тіл, дін, ұлтжандылық, әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтар, ауылды көтеру сияқты мәселелердің барлығын қалам тербеген.

Мақала бастан-аяқ диалогқа құрылған және Б. Майлинге тән диалог құру шеберлігі де байқалады. Бұл пікірімізді Б. Жақып зерттеуі таяныш етеді: «Профессор Ф. Оразаев «Бейімбеттің 20 жылдардағы творчестволық жемістерін стильдік тұрғыдан ауызға алғанда, ең алдымен, жазушының диалог құру шеберлігі бірінші кезекке шықпақ», – деген тұжырымы осы тұрғыдан айтылса керек. Диалог Бейімбеттің басқа фельетондарында да көп кездеседі» [3, б. 311]. Демек, Б. Майлинге тән сыншылдық көзқарас, юмор мен сатира Д. Әшімханда да дәстүр жалғастығын тапқан деуге болады.

Кеңес өкіметі кезінде сананың шырмалғандығы туралы мақаласында еліміздегі маңызды бес идеологияға тоқталады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі он екі жылдың ішіндегі идеология жағынан атқарылған жұмыстарға баға береді. Кейбір істерімізге байыпты пікірін білдіреді: «Тәуелсіздігімізді ала салып біз негізгі жұмысымыздың басын өткенге тас лақтырып, топырақ шашудан бастаған сияқтымыз. ...әрқайсысы «келмеске кеткен» КСРО-ның ұзақ жылғы *кір-қоқысын қопаруға* кірісті. Тарихқа сын көзбен қарауға болады, бірақ оны тұтастай сылып тастауға, тұтастай жоққа шығаруға болмас» [34, б. 392].

Д. Әшімхан кеңес өкіметіне қатысты мәселеде салқынқанды болуымызды, қызбалыққа ұрынбауымызды ұсынады. Өткен дәуірге тарихи тұрғыда әділ бағасын беруді жөн көреді. Тәуелсіздік алдық екен деп, асыра сілтеп жібермеуімізді ескертеді. КСРО-ның кір-қоқысын қопарып, былғанғанша, қазіргімізді жөндеуге кірісейік деген ой тастайды.

Қаламгердің «Яки, коммунистер өмірді өзгертуден бұрын, ең алдымен сананы өзгертуді қолға алған. Ол жылдары коммунистік идеологияның кереметтей нәтиже бергені сондай, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ел мұраты, отан мүддесі үшін жұмыс істеді» [34, б. 393] – деуінен кеңес өкіметінің саясат жүргізудегі кейбір әдіс-тәсілдерін бүгінгі күні де оңтайлы пайдалануға болатынына ой салады.

Автордың келесі көтерген мәселесі – ұлттық идеология. Ұлттық құндылықтарымызды жойып алмай, оған жанашыр болуымызды, ұлттық мәдениет, әдебиет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихи-рухани мұраларымызды сақтап, ары қарай өмір сүруіне жағдай жасалу керектігін алға тартады. Қазақстандағы басқа ұлттардың да ұлттық мүдделерінің қорғалуын дұрыс деп санайды. Осы мақсатта Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғандығын жақсы білеміз.

«Мемлекеттік, ұлттық идеологиямен қатар қазір Республикамызда жүріп жатқан үшінші идеология бар. Біз оны шартты түрде *келімсектік идеология* дейміз. Еліміздің болашағы үшін бұл өте *қауіпті идеология*. Оның қауіптілігі сонда, оны ешкім көріп жатқан жоқ. Ол сонда қандай идеология? Шеттен ағылып келіп жатқан неше түрлі ағымдағы, неше түрлі ойдағы, неше түрлі идея әкеп жатқан кітаптар мен өнер туындылары, көп сериялы телефильмдер, қарақшылық жолмен тарап жатқан әртүрлі аудио, видео таспалар. Оның бетінде қалың бетпердесі бар. Ал бетперденің ар жағында арам пиғыл бар. Ол пиғыл – қалайда біздің тәуелсіздігімізді әлсірету. Бізді ұлттық тамырымыздан, ата дінімізден, ана тілімізден айыру» [34, б. 400]. Жазушының осы сөздерінен көп мәселе туындайды. Мысалы, теледидардың көптеген арналарын ешқандай тәрбиелік мәні жоқ, діні, салты басқа үнді елінің сериалдары жаулап алған. Олардың кейбіреулерін бірнеше жылдап көріп жатқан көрермендер бар. Жастардың тәрбиесін бұзатын сериалдар қаншама. Қазіргі күнде еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейінгі адамдардың қарайтыны – теледидар. Осы теледидардағы сериалдар көрермендерді өрмекшінің торындай тұтып алған. Көрермендеріміз бейне бір гипноздалып қалғандай сол телехикаяларды көріп болғанша экранға байланумен болады. Басқа арналарда қазақша дүние көрсетіліп жатса, телехикаялар тұрғанда оған жұрттың қарамайтыны шындық. Осы қауіпті идеология тәуелсіздік алғалы бері өмір сүріп келеді. Қайта қазір экрандардағы бейбастақ фильмдерден құтылғанымыз рас. Сондықтан да жазушының көтерген бұл мәселесі өте маңызды болып табылады.

Автор төртінші идеология деп дінді атаған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде басқа діндердің секталары қаптап кеткені рас еді. Көсемсөзші бұл қауіпті мәселені дер кезінде көтерген. Қазір бұл мәселе біршама шешілді деп айтуға болады.

Келесі сөз болатын идеология – тұрмыстық идеология. Тәуелсіздік алғалы бері қаптап кеткен шетелдік көліктер мен әдемі үйлерді автор ұрпақ санасын улайтын нәрселер деп есептейді. Материалдық байлықтың үстемдік жасап тұрғаны рас. Онсыз да адамзат дүние деген нәрсенің алдында әлсіздік танытуға бейім болып жаратылған. Сөз соңын автор былай аяқтайды: «Халыққа, мемлекетке аса қажетті идеологияның басында қай уақытта да ұлттың зиялы қауымы, өнер-мәдениет қайраткерлері болуға тиіс. Меніңше, біз әрқашанда мемлекеттік идеологияны сүйемелдей отырып, ұлттық идеологияны дамыта беруіміз керек. Бізден осыны ұрпақ күтеді, ертеңгі болашақ күтеді» [34, б. 401].

Тәуелсіздікке тәуба ете білу керек деген оймен жазылған мақаласында бодан болмай тұрғандағы қазақтың мінезі мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ рухын салыстырады. Автор жоғалтқанымыз көп, соның орнын қалай толтырамыз деген сұрақ қояды. *«Қойдан қоңыр, жылқыдан торы мінезбен* көрші елге көз алартпай, қоңсыға қол жібермей, шошайған мылтық көрмесе шоқпарын бұрын көтермей, берекелі, бейбіт күн кештік. Зындан қазбадық, түрме салмадық. Елдің тентегі мен телісін темір бұрау, қылбұраусыз-ақ түзедік. Күш-қарудың үлкені сөз еді. Сөз білген жан көсем болды. Көсемі – шешен, шешені би болды. Би сөзіне қараны қойып, хан да жығылған халық едік»

[34, б. 409]. Көсемсөзші «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы» деп ұлттық мінезімізді дәл сипаттаған.

Батыста күнәһарларды жазалайтын гильотина болды, Ресейдегі патша өкіметі кезінде арасында қылмыскердің басын көпшіліктің алдында шапты. Қазақ жерінде ондай жан түршіктірерлік жазалау болмаған екен. Тоқсан ауыз сөзді тобықтай қылып түйіндеп берген ел болдық. Бірақ тәуелсіздігімізге қандай күйде жеткенімізді Д. Әшімхан: «Тәубе дейміз Тәуелсіздікке! Бірақ шүкіршілікке тағы ерте. Мысқалдап кіріп, батпандап сіңген кесел бізде аз ба екен. *Тіл десе, тіл тістейміз. Дін десе, бас шайқаймыз*. Жасқаншақ, жасық, жағымпаз қылық және бар. Айта берсек, мінің көп. Мұндай күйге қалай түстік, япыр-ау?» [34, б. 410], – деп сипаттайды. «Тіл десе, тіл тістейміз. Дін десе, бас шайқаймыз» деген сөздерінен көсемсөзшінің шешендігіне тағы куә боламыз. «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы» деген сөздер де қазақ менталитетін образды түрде ашып тұрған бейнелі сөздер. Ал «Жасқаншақ, жасық, жағымпаз қылық» – өзгеге саяси кіріптарлықтың салдарынан болған кейінгі мінезімізді сипаттайды.

Мақаладағы сөздерге ары қарай барласақ: «Үнді елі ағылшындардан азат болған кезде Джавахарлал Неру: «біздің халық ұзақ жылғы отарлық езгіде талай асылын жоғалтты. Солардың арасынан таяу арада таба алмайтын бір асыл қасиетіміз бар. Ол – халықтың рухы», депті.

Біздің хал де осындай. Жо-жоқ, қазақтың соры бұдан да қалың тегінде, Үнділер қорлықты – қорлық, зорлықты – зорлық деп білді. Отаршылдың он сан озбыр қылығын олар бетіне айтқан бедірейіп тұрып. Ал біз жерімізге қаптатып қамал салып жатса да Ақ патшаны «пана» көрдік, қалың жұртын «аға» дедік, кейін «ұлы» деп бір-ақ тындық. Дегізбеске қоймады. Саясаты сайқал, бет пердесі қалың, күші мығым еді. 1731 жылы Әбілхайырға да «пана» болып көрініп, бодан қылып алған соң ақырын-ақырын *мысықтабан жүріспен,* білінбес улы тыныспен батыстан жайлап сұғынып, терістіктен келіп тор құрды. Амалын салды, қамалын салды. Жүз жылға жуық өстіп жылжи-жылжи жақындап алып, 1822 жылы ақыры жалғыз ғана құжатпен елдігіңнен айырып, *қанатыңды қайырды*. Ол құжат – «Сібір қазақтары туралы Устав» еді. Ал мына Уставтан соң ... Қаймана қазақтың басын қайтадан қосу арманға ғана айналды. *Бұрын жау қуатын дәстүр енді дау қууға бет алды:* Аға сұлтан сайлау...Болыс сайлау... шырға тастау – Арыз айдау... Рулық қырқыс.. Аталық тартыс... Міне, «Сібір қазақтары туралы Уставтың» қазаққа тартқан «тамаша сыйы» нақ осы («Жемісін» әлі жеп жүрміз?!).

Бұдан соң 1864 жылы «Жаңа низам» жарық көрді де, ел аға сұлтандығынан да айрылып, орыс ояздардың қармағына ілікті. Оның жеріңе егіп кеткені: *парақорлық, жемқорлық, жағымпаздық секілді қара сора тамыры.*

Бәрінен бұрын жасыған жігерді жанып, мұқалған қайратты қайрап, өзгенің көзіне тік қарап, езілген еңсені көтере бергеніміз үшін де тәуелсіздікке тәуба дейміз!» [34, б. 413].

Журналист бұла боп жүрген дәуірімізден бастап, бодандыққа қалай түскенімізді, қандай жаман мінездерді үстімізге жамап алғанымызды шеберлікпен суреттеп береді. Неге «қара сора» тамыры дейді? Өйткені

тамыры тереңге кететін қара сораны құрту мүмкін емес екен. «Қарасораның тамыр жүйесі жеті метрге дейін жетеді екен. Оны орған кезде тамыры жерде қалып қояды да, жоғары жағында қосымша тозаңдану болады, бұл оның ары қарай өсуіне қолайлы әсер етеді екен. Сондықтан қырсық атқан шөп ары қарай өсіп, көктей береді» [126].

Сол сияқты тамыры тереңдеп кеткен парақорлық пен жемқорлықты да құрта алмай отырмыз. «Мысықтабан жүріс» сөзі де патша өкіметінің отарлау саясатының біртіндеп, жымысқылықпен жүзеге асқанын дәл сипаттайды.

Ғалым Б. Жақып 90 жылдардағы қазақ зиялыларының көсемсөзге қосқан үлесі туралы: «Публицистер халықтың тарихта кеткен есесін қайтарып беру жолында қалам қайратын жұмсады, ел намысын оятуға, жұрт санасын сілкіндіруге бағытталған рухани серпіліс жасауға көшті» [3, б. 402], – дейді. Сол көсемсөзшілер қатарында Дидахмет Әшімханның да бар екені даусыз.

Голощёкин билік құрған кездегі аштан қырылған үш миллион қазаққа тағзым, қаралы белгі ретінде және Голощёкиннің жауыздығын әшкерелеп тұратын бір ескерткіш тұрғызылса деген ұсыныс жасайды. Ескерткіштің қандай болу керектігіне де өз ойын білдіреді: «Алаң ортасында – зәулім биік ескерткіш. Көзіңіз алдымен оның бұжыр-бұжыр тұғырына түседі. Тұғыр деп тұрғаныңыз – тау-төбе етіп үйілген өліктер. Ең астында: неше түрлі малдың сүйектері...жал-құйрықтар, тұяқтар, мүйіздер. Одан кейін адамның: қарттардың... әйелдердің... балалардың өліктері. Сидиған сирақтар...шілбиген қолдар...үңірейген көздер...ырсиған қабырғалар...Ал осы өліктерден ғана бой көтерген алып тұғырдың үстінде – міз бақпай, селт етпей, оң қолын алысқа соза нұсқап, тістеніп тұрған бір адамның қатыгез де жексұрын сұлбасы...

Бұл – миллиондаған бейкүнә құрбандардың аруағына *Тағзым-ескерткіш.*

Бұл және сол миллиондардың қанын мойнына жүктеген зұлымдардың атына *нәлет-ескерткіш*» [34, б. 414]. Осындай бір оғаш көріністі білдіретін идея ақын Маралтай Райымбекұлының «Махамбеттің мүсіні» өлеңінде де ұшырасады. Онда басы жоқ Махамбет мүсінінің қасында Махамбеттің басын ұстап Ықылас тұрса деген ой берілген. Дидахмет Әшімхан бұл мәселені көтергенде елімізде ескерткіш, монументтер жоқтың қасы еді. Қазір Астана, Алматы және басқа қалаларда тарихи оқиғаларға, кеңестік дәуірдегі зұлматтарға байланысты монумент, ескерткіштер қойыла бастады. Дәл Голощёкинді мүсіндемесе де, 2017 жылдың 31 мамырында Алматы қаласында ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш қойылды. Онда қабырғасы ырсиған, аяқтары шидиген баласын құшақтаған ана, талқандалған қазан-ошақ бейнеленген. Ұлт басына түскен қасіретті, аштық құрбандарын ұдайы еске салып тұратын мұндай ескерткіш жас ұрпақтың тәу ететін қасиетті орыны, тарихты ұмытпауға септігін тигізетін тәрбиелік маңызы орасан зор.

Бұл мақалада қазақ халқының қазаны өте қасиеттеген ел екенін айту арқылы ұлттық мінезіміздің тағы бір қырын аша кетеді: «қазақ – қадымнан бері қазаны өте қасиеттеген халық. Ол көп күнәға кешіріммен қараған, бірақ қазаны сыйламаған адамға қара тастай жібімеген» [34, б. 415].

Д. Әшімхан әдеби эссесінде қаламдас інісі Дидар Амантайдың 2002 жылы «Мегаполис» газетінде шыққан «Беда казахской литературы в иерархии!» деген сұхбат материалына орай әдебиет, мәдениет, руханият жөнінде ой бөліседі. Авторды толғандыратын мәселенің біріншісі – қазіргі әдебиетте кімнің қалай танылып жүргендігі. Бұл жағынан да қазекемнің «қолынан келсе, қоныштан басатын» мінезі бар екен. Тек талантпен танылатын, Қабдолов пайымдаған «әдебиет – ардың ісі» дейтін қағиданы белден басқан қазіргі заманда пысықтардың, дарынсыздардың атақ-абыройына айналып кеткенін көреміз. Бұрынғыдай көркемдік-идеялық кеңестің сынынан өту, әдеби бақылау болмаған соң «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген сияқты «жазғыштар» көбейіп кеткен. Көсемсөзші талғамсыз оқырманға арналған татымсыз шығармалардың қаптап кеткеніне қынжылады. Ондай жазушысымақтарды «алдына жан салмайтын сұңғыла, *жыланның жусағанын* білетін тым сезімтал» деп сипаттайды [34, б. 272]. Жыланның жусағанын білу мүмкін емес нәрсе болса, әдебиеттегі кейбір мәселелердің орайын келтіріп жіберу жағынан кейбір пысықтардың өте епті екенін осы тіркес дәл танытып тұр. Дидахмет меңзеп отырған жазушысымақтар, сірә, М. Әуезовтің әдебиеттегі «Шала Шекспирлер мен толыспаған Толстойлардың» деңгейіне де жетпейтіндер болуы керек [10, б. 8].

Әдебиеттегі келесі бір дарынсыздардың әрекетін: «Енді біреу асқан пысықтығымен, өнерді өмір күресіне айналдырып жіберетін керемет өлермендігімен. Оның басымен қоса аузы, қолымен қоса аяғы, бәрі-бәрі де күндіз-түні тынымсыз, мүлтіксіз жұмыс істеп тұрады. Ол үшін *ар дегенің Армантаудың, ұят дегенің Қиялтаудың арғы жағында.* Қызығы сол – радио, телевидение, газет, журнал, концерт-зал, конгресс-хол...түп-түгел соған қызмет етеді. Бітпейтін «презентация». Таусылмайтын шығармашылық кеш. *Алатауда кездесу... Қаратауда жүздесу*. Ол ана сыйлыйлықтың лауреаты, мына атақтың иесі... Таңқаларлығы сол – тобыр мен топты, қарасы мол көпті былай қойғанда, дардай аты, дүмдей қызметі барлар да оның бірі шашбауын көтеріп, бірі шапанын арқалап жүреді» [34, б. 272], – деп суреттейді.


– Жазушы өзін-өзі жарнамаламау керек, – дейді бұрынғы классик қаламгерлеріміз. Тағы да Д. Әшімханға тән тілмен түйреуді көреміз. Автор «арсыздық, ұятсыздық» дегенді «*ар дегенің Армантаудың, ұят дегенің Қиялтаудың арғы жағында»* деп өзгеше ұйқастырады. Бұл жазу мәнерінен жазушының «капиллярлық стилистикасын» байқаймыз.

Бұл мәселе басқа ұлттарда бар ма екен? Әлде автордың бұл айтып отырғандары тек қазаққа ғана тән мінез бе екен? Қалай десек те бұл айтылып отырған мәселе – қазақ әдебиетінің кеселі, дерті. Мұхтар Мағауин «Жармақ» романында жұмысын ақшаға жаздырып алатын жалған ғалымдар туралы айтатын тұстары бар. Ал Д. Әшімхан көсемсөзінен әдебиеттің де, өзінің де қадірін кетіріп жүргендерді көреміз. Екі жазушының да көздеп отырғаны – қоғамымыздағы рухани дерт. Қазақта «Ауруын жасырған – өледі» деген мақал бар. Д. Әшімхан секілді көсемсөзшілер мұндай даңғазалыққа бейжай қарап қалмасы анық. А.П. Чехов бір әңгімесінде музыкаға қабілеті жоқ қыздың

пианино тартқанын таудан көшкен тастардың дыбысына ұқсайтынын сипаттаған. Жалпы, бұл тақырыпқа қалам тартқандар аз емес, қазіргі әдебиетіміздегі дарын мен дарынсыздық қақында Дандай Ысқақұлы бірсыпыра мысалдар келтірген болатын.

«Әдебиетте танылудың бұдан басқа да түрі көп, жолы мол. «Атың шықпаса – жер өрте»; алқалы жиын, ордалы ортада аузыңа келгенді сөйле; көре тұра ақты қара де; ардақтыға тіл тигіз, аруақтыны ғайбатта; тіпті болмаса өз ұлтыңа, өз тіліңе қарсы бірдеңе деп қал» [34, б. 272]. Автор бұл сөздерді жайдан - жай айтып отырған жоқ екенін аңғарамыз. Мысалы, газет беттерінде Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен терін» сынаған, оны түкке жарамсыз етіп тастаған мақала да шыққан еді. Сонда, кезінде «Қан мен терге» жоғары баға берген ғалым Зейнелла Қабдолов және басқа ғалымдардың пікірлері қайда қалды? Рымғали Нұрғалидің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты еңбегі XX ғасырдағы қазақ әдебиетін талдайтын. Ал XXI ғасырды қандай ғасыр деп айтар екенбіз? Алтыны да бар, күмісі, қоласы, жай жылтырайтындары бар, аумалы-төкпелі дәуірді бастан кешкен әдебиет. Әдебиет деген дүрмектің ішінде көппен бірге шауып жүргендері де барлығы мәлім.

Д. Әшімхан замансөзін талдағанда мынадай көсемсөздік модель қалыптасты (сурет 6).



Сурет 6 – Д. Әшімхан замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, Д. Әшімхан көсемсөзіндегі ұлттық психологизм реалды дерек, нақты оқиға арқылы көрінсе, ал көркемдік әлемі шешендікпен өрілген. Қаламгер көсемсөзінің дені ұлттық мінез-құлық парадигмасына құрылған. Аз жазса да саз жазған қаламгер Д. Әшімхан жаңа дәуір өрісіндегі қазақ көсемсөзінің эволюциясын ұлттық психологизм ұғымымен кеңейтті.

Журналист Д. Әшімхан шығармашылығындағы интеграциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығы – әлеуметтану саласымен астасатындығын пайымдаймыз. Жазушы көсемсөзінде қоғамға сіңіп кеткен қазақы мінез кемшіліктеріміздің себеп-салдарын саралап, одан арылудың жолдарын айқындайды.

Д. Әшімхан көсемсөз материалдарын талдап, сараптай келе, өзге жұрттық ықпал-әсердің салдарынан әлеуметтік салада болып жатқан психологиялық трансформация құбылысын айқындаудың публицистік тәсілдеріне біз қазіргі «замансөздегі психологизм» деген атау бердік. Демек, қазақ көсемсөзі кеңістігі жаңа ұғыммен толықты деп нық айта аламыз.

3 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨСЕМСӨЗ: ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ ФОРМАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

3.1 Тәуелсіздік жылдарындағы ізденіс бағыттар, жанрлық пішіндер синтезі

Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөздегі ізденіс бағыттар, жанрлық пішіндер синтезі рисала деген жаңа жанр түрімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік жылдарында жалпы, бұл жанрда жазған қаламгерлеріміз баршылық. Мысалы, С. Қирабаевтың «Ғабит Мүсіреповті еске алу», М. Жолдасбековтің «Ұшқан ұя», Ә. Меңдекенің «Сайтанның тілеуі» және т.б. рисалаларын атауға болады.

«Қазіргі қазақ рисаласы дүниепайымдық көсемсөз эстетикасының, ұлттық публицистика мәдениетінің, интеллектуалдық жанрдың көтерілген биігін, руханилық пен материалдықтың синтезін анық аңғартады» [4, б. 318].

Рисала сияқты жаңа формалық ізденіспен ерекше көзге түскен қаламгерлердің бірі – Оразбек Сәрсенбаев. Бұл көсемсөзшінің рисаларындағы қазақ руханиятының болмыс-бітімі ерекше. Көсемсөз жанрына рисала атауын берген де, осы – қаламгер.

«Формалық ізденіс – жазу шеберлігін толықтырып, жетілдіре түсетін шығармашылық фактор. Базбір авторлар пішіндік ізденістермен бастарын қатырмай-ақ, өз ойларын қалыптасқан үрдіс шеңберінде жекізуді ниет етсе, енді бір қалам иелері түрлі форма түрлендіруді көркемдік ізденістің бір қыры ретінде бағалайды. Тәуелсіздік кезеңіндегі көркем публицистикадағы сыртқы айшықтардың бір көрінісі осылардан аңғарылады» [16, б. 466].

Бұл зерттеуімізде М.М. Бахтиннің жанрлар болмыс бітімі туралы теориясын ілгерілете келе, біз рисала пішінінің қазақ топырағына сіңісу үдерісінің өзгешеліктерін алға тартамыз.

Жалпы, рисала деген жанр бұрын ұлттық көсемсөзде кездеспеген жанр деп айтуға болады. «Рисала» деген сөз түрік ғалымы, дінтанушы Бадиуззаман Саид Нурсидің (1877-1960) «Рисале-и-Нур» деген Құранға жасаған тәпсірінде кездеседі [127]. Бұл жанр туралы О. Сәрсенбаев былай дейді: «Рисала» – Шығыс әдебиетінде ежелден бар жанр. Қазақта бірінші рисала жазған адам – Абай. Абай «қара сөздер» деп емес, «сенім-наным кітабы» деп жазған екен. Кейінгілер оны «бірінші сөз», «қырық бесінші сөз» деп нөмірлеп шыққан. Абайдыкі ғақылия түрінде келсе, менікі Ислам дініне негізделген дүниелік философияның прозалық түрі деуге болар» [128].

Рисала жанры туралы белгілі ғалым, журналист К. Қамзин өз зерттеулерінде: «Қазіргі қазақ рисаласы дүниепайымдық көсемсөз эстетикасының, ұлттық публицистика мәдениетінің, интеллектуалдық жанрдың көтерілген биігін, руханилық пен материалдық синтезін анық аңғартады» [4, б. 318], – деген пікірде. Зерттеуші рисаланы эссемен бірге қарастырады. «Эссе-рисала» деген атау қолданады.

О. Сәрсенбаев рисаласы туралы: «Бертіндері, біздің заманда белгілі қаламгер Оразбек Сәрсенбаев деректі-философиялық ой-толғаныстарына

рисала деген ат қоя бастады. Осы рисала (тун) деген араб сөзі, трактат, зерттеу, жолдау, хат деген мағынаны білдіреді» [4, б. 315], – екен дейді Кәкен Қамзин.

Зерттеуші Г. Абиханова рисала жанрын әлі зерттелмеген, өзекті тақырыптардың бірі ретінде атайды. О. Сәрсенбаевтың «Адамның құны қанша?» еңбегін талдаған ол: «Қаламгер өз рисалаларында адамның құнын былайша санамалап көрсетеді: 1) Құндылық. 2) Құрдым қылық. 3) Табыну. 4) Тағут. 5) Ақыл (адамның саналы әрекеттері). 6) Уахи (Құдайға құлшылық ету). 7) Махаббат пен ғадауат. 8) Бақыт пен бақытсыздық. 9) Шайтан ұғымы. 10) Қанағатшылдық (тән мен жан азығы) 11) Билік иелері. 12) Пассионар (жанды жаратылыс). 13) Баракат ұғымы (Алланың назары). 14) Сопы-тақуалық әлем. 15) Адамгершілік» [129, б. 60].

Зерттеуші рисала жазу кез келген қаламгердің қолынан келе бермейтінін тұжырымдайды. Біз де автор пікірін құптай отырып, рисала жазуға діни білім қажеттігін еске саламыз. Г. Абиханова бұл ізденісінде О. Сәрсенбаев рисалаларының өзіне тән ерекшеліктерін ашады. Рисалалардың адамтану, Құдайтануға арналған ойлар екенін, қаламгердің үлкен психолог екеніне көз жеткізеді.

О. Сәрсенбаевтың рисалаларының маңыздылығы жөнінде: «Аға жазушымыз О. Сәрсенбаев та Абай мұрасын әрі қарай жалғастыра отырып, жаңа мазмұндарды қамтитын, жаңа бітімді шығармаларды дүниеге әкелген. Әдеби-көркемдік тәсілдері мүлде тосын, бірақ оқырманға ұғымды, ой-зердеге жұғымды кітап жазған. Бұл рисалаларда есте қаларлық аңыз-әңгімелер (рауаяттар), адамзат ғылымының әр саласында ашылып жатқан ықылымдар, адам тану іліміндегі, психологиядағы иірім-құбылыстар, т.б. қамтылады. Әрі осының бәрі автор таңдап алған тақырыптарды ашуға, болжауға қызмет етеді» [55, б. 2], – дейді зерттеуші.

Осы пікірге жазушының «Адамның құны қанша?» деп аталатын рисалалар жинағынан көз жеткізуге болады [55, б. 6].

Біздіңше, жазушының рисалаларында төмендегідей ерекшеліктер байқалады:

1. Әр рисаласындағы көтерген тақырыптың жауабын жазушының тақуа әкесі беріп отырады. Бұл әке мен бала арасындағы сұрақ, жауап түрінде баяндалады.

2. Жазушы сөз етейін деп отырған тақырыбына қатысты әлемге танымал философ, ғалымдардың және ислам діні бойынша ғұламалардың пікірлеріне сүйеніп отырады.

3. Ислам дініне қатысты ұғымдарды сөз еткенде кешегі кеңес үкіметі мен бүгінгі тәуелсіздік кезеңіндегі өмірмен сабақтастыра отырып талқылайды.

4. Тақырыпқа қатысты өзі өмірде кездестірген адамдарды үлгі ретінде тұтып отырады.

5. Тақырыпқа қатысты рауаяттар, хадистер, Құран аяттары келтіріліп отырады. Әр тақырыпты ислам діні тұрғысынан түйіндейді.

6. Жазушы қандай тақырыпты сөз етсе де, сөз еткен мәселенің қоғамға келтірер пайдасы мен зияны тұрғысында қорытынды жасап отырады.

«Адамның құны қанша» рисаласында адамның құны оның жасаған жақсы, жаман амалдарымен өлшенетіні туралы айтылады. Мысалы, кісі ақысын жеу туралы сөз қозғай отырып, қазіргі қоғамдағы кісі ақысын жеудің жолдары қисапсыз көбейіп кеткендігіне, маңдай термен, еңбекпен жиналмаған байлықтың дені кісі ақысы, ел меншігі екенін ескергісі келмейтіндердің көбейіп бара жатқанына күйзеледі. Автордың айтайын дегені: «Жанның азығын аяқасты етіп, тәннің қорегін бірінші кезекке шығарған қоғам қайда бармақшы? Мұндай қоғамның құндылықтарын қандай үлгілермен өлшесек керек? Қоғамның ежелгі құндылықтары арзандап, Абай айтқандай, тағы да «Жанды тәнге бас ұрғыза берсек», баяғы ата-баба дәстүрлері арқылы, діни танымдар жолымен қалыптасқан рухани игіліктерден тағы да көз жазып қалмаспыз ба?» [55, 14 б]. Жалпы, жазушының әкесінен естіген хадисі бойынша қоғамдағы адамдар төрт топқа бөлінеді:

1. Байлық пен білім қоса берілген қайырымды адамдар
2. Байлығы жоқ, ниеті таза білімді адамдар
3. Білімі жоқ, дәулетіне мастанған, қайырымдылық жасамайтын байлар
4. Білімі де, байлығы да жоқ, бірақ бай болып, асып-тасуды армандайтын адамдар.

Бұл мақаланың біздің қоғамымыз үшін маңыздылығы – шынында қазіргі кезде қоғам мүлкін жымқырып, пайда тапқысы келетін шенеуніктердің қолға түсіп, жазаланып жатқандары бар. Мұндай адамдар үшін көсемсөзшінің рисалалары өмір сүру қағидаларын үйретететін сабақ секілді. О. Сәрсенбаев бұл қағидаларды өз ойынан шығарып отырған жоқ, он төрт ғасыр бойы қолданылып келе жатқан ислам діні негіздерінен алып отыр. Бірақ, қылмыстық жолмен байлыққа кенеліп жатқандар діннен хабарсыз. Оларға ертеңгі күні әр нәрсенің сұрауы болатынын қалай жеткізуге болады? Жазушының айтары да осы – «Бұл жалғандікі ол жалғанға кетпейді» [55, б. 20].

Рисаладағы тақуа әке былай дейді: «Қиямет күні әркімге бес түрлі сұрақ қойылады. Қалай өмір сүрдің? Жасыңда қандай болдың, қалай қартайдың? Байлықты қандай жолмен жинап, қайда жұмсадың? Біліміңді қандай ізгілікті істерге арнадың?» [55, б. 17]. Бұл сауалдар ел билеп жүрген басшы мен қаламгердің сөзімен пайымдағанда «бәтіңкесінің бауын байлай алмай жүрген болымсыздардың бәріне» де қатысты. Осы сұрақтарға жауап бергенде әркімнің құны анықталары кәміл.

Қаламгердің кезекті бір рисаласында қазіргі қоғамымызда кездесетін табыну мен оның тағутқа айналу қаупі мәселесі көтерілген. Табыну туралы әңгіменің шығуына түрткі болған нәрсе – кеңес өкіметі кезінде түсірілген «Қыз Жібек» фильміндегі Жібектің өзіне қол жұмсауы. Жырда Жібектің өзіне қол жұмсамай, қайнысына қосылатынын бәрі біледі. Фильм сценарийі басқаша өзгертілген. Автор осындағы Жібекке табынып, әспеттеуге қарсы. Өйткені, Ислам дінінде өз-өзіне қол жұмсау үлкен күнә боп есептеледі. «Біздің тақуа әкеміздің пікірінше, табынудың түпкі тереңінде әлсіз, әйтпесе табынған нәрсесін зор тұту ниеті ғана емес, сол зорды мүлдем еселеп зорайтып, қарапайым пенденің қолы жетпес заңғар биікке, құдіретке, киеге айналдыру

талабы жатады. Мұндайда қарапайым пендені ең оңай жолмен адастыратыны – сырттай жақсы көрінетін құбылыстарға құлдық ұрғызып қою. Өзін-өзі өлтірген бақытсыз ғашықтарға табындыру – соның бір көрінісі. Атақты әулиелердің аруақтарына табыну да – соның ең қарапайым мысалына жатпақшы екен» [55, б. 26].

Демек, біздің қоғамымызда діни сауатсыздықтың салдарынан әспеттеуге болмайтын адамдар әспеттеліп, сиынуға болмайтын адамдарға табыну жиі кездесіп жатады. Автордың пікірінше, біздегі әркімді бір ұлықтап, табыну – кеңес өкіметі дәуірінен қалған дерт.

Тағдырға байланысты әртүрлі пікірлердің басын қосып, соның ішінен өз ойын екшеп алып шығады. «Жазмышта жазық жоқ» деген сөз – қазақтың «жазмыштан озмыш жоқ» дейтін мәтелдің сыңары. Бұл еңбекте Ислам дініндегі тағдыр туралы сөз қозғалады. Тағдыр туралы ислам ғалымдарының пікірлері екі түрлі екенін пайымдайды. Осы сұрақты тарқату үшін Муслим, Әбу Дауд жеткізген хадистерге сүйенеді. Әл-Фараби мен әл-Ғазалидің, Ибн Қайым сияқты мұсылман ғалымдарының еңбектеріне сілтеме жасайды.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.): «Әрбір нәрсе тағдырымен қоса жаратылған» деген хадисін (Муслим) [130, б. 6] келтіре отыра, тағдыр туралы идеалистік және материалистік көзқарастың бар екеніне тоқталады. Материалистік көзқарастағылардың ойынша, адамның өміріне Алланың қатысы жоқ. Ал Ислам діні бойынша сенуіміз керек шарттың алтыншысы – жазмыш пен қаза. Мұхтасар кітабы бойынша: «Алла тағала пенделердің өмір бойында басынан өткеретін жақсы-жаман істерін, қуанышты да, қайғылы кезеңдерін өзі белгілеп және өзі біліп отырады» [130, б. 7]. Қазақ халқы бұл сөздерге әуелден мойынсұнып қойған. Адам өмірінде қандай оқиға болса да, «маңдайына жазылғаны сол» деп келіседі. Бірақ мына хадис мұсылмандарды бейжай қалдырмайды: «Сендердің әрқайсыңа, әрбір жан иесіне Алла тағала әлдеқашан жаннат бағына немесе тамұққа баратындарыңды бұйырып қойған. Яки бақытсыз немесе бақытты болуларың сол кезде-ақ жазылған». Мұны естіген бір кісі: «Алланың елшісі, онда біз ешбір әрекет жасамай-ақ, ең тәуірі – жазмышта жазылған бұйрықты күтіп, тыныш отыра берсек қайтеді?» – деп сұрады. Сонда ол былайша жауап берді: «Бақытты болатындардың амал жасауына қарай, сондай-ақ бақытсыз болатындардың амалдар жасауына жеңілдіктер беріледі» (Муслим) [130, б. 8].

Автор осы мәселеге байланысты талай заманнан бері дін ғұламаларының айтысып-тартысып келе жатқандығын баян етеді. Қаламгердің де көкейін тескен мәселе – адамның маңдайына жамандық істейтіні немесе жақсылық істейтіні, жаман адам болатыны, жақсы адам болатыны – бәрі жазылып қойған ба деген сұрақ. Құранды терең оқып білмеген, хадистердің де түсініктемесін білмейтін адам жоғарыдағы тағдырға қатысты хадисті оқып, қанша жақсылық істеп, талпынсам да, маңдайыма тозаққа бару жазылып қойған шығар деген күдікте болатыны рас.

О. Сәрсенбаев тағдыр туралы сұрақтың жауабын Ибн Қайымның еңбектерінен табады. Ибн Қайым тағдыр туралы Құраннан мысалдар

келтірген екен. Ибн Қайымның жасаған қорытындысы: «Тағдырды қатып қалған ұғым ретінде қабылдау оның надандығын, қабілетсіздігін, немқұрайдылығын көрсетсе, оның айтқандары дәлел емес, долбар болып шығады. Ешбір әрекет-амал өз-өзінен тумайды, оларды жасаушы – пенделердің өздері. Қайырлы істер істемесең, жәннатқа кірмейсің, қайырсыз істер істесең, тамұққа кіресің» [130, б. 22]. Тағдырға байланысты Құраннан мысал келтірсек, адамдар нені ниет етсе, жаман нәрсе болсын, жақсы нәрсе болсын, соны жүзеге асыра қоямыз деген сөздер бар. Демек, адамның өміріндегі негізгі нәрселер маңдайына жазылғанымен, кейбір амалдар адамның өзінің ниетіне байланысты болады. Автордың қалайтыны да осы: «Тағдырымыз – Алланың қалауында, себептері де – Алланың қалауында, ал Шарттары өзіміздің қолымызда екен. Ендеше, адаспайтын тура жолды тауып жүру де өзіміздің қолымызда емес пе?» [130, б. 23].

Қаламгердің исламды танытудағы еңбегіне келер болсақ, мына пікірге ден қоярлық: «Сондай-ақ ол баспагер және аудармашы ретінде Ислам әдебиетін қалың оқырмандар арасында тарату ісінде елеулі еңбек етіп келеді. «Құран Кәрім», «Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері», «Шайтаннан сақтану жолдары», «Сыйқырдан сақтану және емделу жолдары», «Адал мен арам», «Мұсылмандық әдеп сабағы», т.б. ондаған кітаптарды қазақшаға аудару ісіне тікелей қатысты» [131]. Ислам дініне қатысты негізгі еңбектерді қазақшаға аударуға атсалысуы – дінді насихаттаудағы ерен еңбегі.

Замандасы С. Балғабаев: «Ал, рисала жанрына келгенде Оразбек Сәрсенбай алдына жан салмайтын тұлға. Қаламгердің мұндай шығармалары өмірдің танымдық, тәрбиелік, білім берушілік тұрғыларын сөз етеді» [132], – деп дәйектейді.

О. Сәрсенбаев рисала жанрына қалам тартуы оның Ислам дініне біршама жетік екендігін білдіреді. Көп жылдар бойы діннен қол үзіп қалған ел үшін рисала жанрындағы еңбектер аса қажет деп ойлаймыз.

Рисаладағы тағы бір көңіл аударатын нәрсе – автордың әкесінің кеңес өкіметі кезінде-ақ діндар, тақуа, көркем мінезді адам болғандығы. «Менің 18 рисалаларымдағы басты кейіпкер ретінде көбіне өз әкемді суреттеймін» [128] – дейді автор.

Атеистік қоғам орын алды дегеннің өзінде ұлт қазынасы қариялар арқылы Ислам діні өшіп қалмай, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған. «Біздің әкеміз діндар, тақуа кісі болғандықтан, үйімізге бейсеубет, бейпіл ауызды әлдекімдер келе бермейтін» [130, б. 3]. О. Сәрсенбаевтың әкесіне берген мінездемесінен ол адамның бос сөз, қысыр әңгімеге, өсек-аяңға жоқ екенін аңғарамыз. Діннен хабары бар болғандықтан, ғайбат, өсек айтудың күнә екенін білгендігін байқаймыз. Жазушы бала күнінен дін туралы әңгімені әкесінен естіп, құлағына құйып өскен. Сәрсенбайдың өзі баласы үшін бір мектеп болған. Жазушы көтеріп отырған тағдыр туралы әңгімені кезінде әкесінен көп естіген. Сәрсенбай ақсақал айтқан әңгімелер – ауру жамандық емес, Алланың сынағы; жамандық адамның пейілінен шығатыны; адамның маңдайына бүкіл тағдырының жазылып қоятындығы; зорлықшының қиянатына сабырлылық

танытудың сынақ екені; бұ дүниедегі жамандықтың о дүниеге кетпейтіндігі. Сәрсенбай ақсақал сияқты иманды әкелер барда ұрпақ жақсы тәлім-тәрбие, тағылым алып өсері сөзсіз.

Көсемсөзші ислам діні орнап жатқан кездегі мүнәфықтар мен қазіргі қоғамымыздағы мүнәфықтарды сөз етеді. Құранда мүнәфықтар туралы «Мунафиқун» деген сүре бар екеніне назар аударып өтеді. «Мүнәфық» деген сөз қазақшаға «екі жүзді сұрқиялар» деп, орысша «лицемеры», «двуличные» деп аударылғандығына тоқталады. Осы екіжүзділер жайында: «Бұл дүниедегі мүнәфықтардың о дүниеге барғанда отқа оранған екі басы немесе екі тілі болады» (Ат-Табарани, Абу Дауд) [130, б. 32], – дейтін хадисті еске салады.

Бұл адамдар қалай екі жүзді болды? Жұрт көзінше мұсылман болып, намаз оқып, ораза ұстап, астыртын түрде ислам дінінің жауларымен байланыс жасайтындар. Өздері исламның жаулары, бірақ сырттай исламдағы адамдармен бірге жүреді. Бұл адамдардың зияны көп тиген. О дүниеде ең ауыр жазаны да осы мүнәфықтар тартады екен.

Автор қазіргі замандағы мүнәфықтарға тоқталады. Басқа күнә істегендердің күнәларын дәлелдеуге болатын болса, екіжүзділердің екіжүзділігін дәлелдеу мүмкін еместігін сипаттайды. Демек, бұндай адамдар қоғамға қауіпті. Екіжүзділіктерімен қаржылай және моральдық тұрғыда қоғамға зиян келтіреді. «Дүние жүзіндегі ешбір әділ сот мүнәфықтың мүнәфық екенін дәлелдеп шығуға дәрменсіз. Неге? Негесі сол – әрбір толыққанды мүнәфық әдетте ең жоғарғы дәрежелі, сегіз қырлы маманның өзі (профессионал). Айла-амалы бір басына жетіп артылатын жүйрік. Білімді деуге келмейді – бірақ талантты көрінуге тырысады. Мүнәфықты сірә, саясаткер қатарына (әртүрлі мағынадағы) қосуға болады. Ол өзін ағымдағы кез келген биліктің, кез келген идеологияның өте белсенді қолдаушысы етіп танытады» [130, б. 35].

Бұл – қазіргі заман мүнәфығының сипаттамасы. Оларға өз ұпайлары түгел болса болды. Қоғамдағы екіжүзділерге мүнәфық деп атау беріп, сипаттамасын жасап берген автор жоқ шығар. Кеңес дәуіріндегі саяси екіжүзділікті де мүнәфықтық деп атайды. «Кешегі социалистік империяның тағдырын талапайға салған да осы мүнәфық билеушілер еді. Бірақ осы мұратты жүзеге асырудың тізгіні құдайсыздар мен диктаторлардың қолына тигенде, бәрі бүлініп шыға келді. ...бірте-бірте бәрін ұмыт қалдырып, мүнәфықизмнің батпағына батты: интернационализмнің орнын – *шовинизм*, экономикалық теңдіктің орнын *жемқорлық* басты. Сөйтіп, Кеңес Одағы көлеміндегі ең жойқын күш – Коммунистік партияны сол партияның қатарына кіріп алған *мүнәфықтар партиясы* жеңіп шықты» [130, б. 36].

Қаламгер О. Сәрсенбаев бұл рисаласында мүнәфықтардың кешегі кеңес өкіметі кезінде пайда болғанын дәлелдейді. Қазіргі қоғамымызда осындай екіжүзділердің болмағанын қалайды. Жазушы бұрынғы тұғыр, қондырғы деген терминдерге сын көзбен қарайды. Экономикалық тұғырға қондырғының жапсырылуын нағыз зиянкес философия деп есептейді. Кеңес өкіметі кезіндегі тәркіленген дүниеқоңыздықтың қайтып оралғанына күйінеді. «Адамдарымыз

дүниеқызықтың құлына айналып барады (бізде ғана емес). Адамгершілік ұстанымдар «модадан» қалып барады (бізде ғана емес). Ұрлық-қарлық, жемқорлық әдетке айналып барады» (бізде ғана емес). О. Сәрсенбаев толғанған бұл мәселелердің бүгінгі қоғамымызда белең алып отырғаны рас. Кешегі кеңес өкіметінің санамызда қалған сарқыншағы ма, әлде діни білімсіздік пе, қалай болғанда да ұрлық-қарлық, жемқорлықтың тыйылмай отырғаны рас. Бүгінгі күнде материалдық байлыққа ұмтылушылық, сол жолда неше түрлі қылмыстарға бару – құлақ үйренген тақырып болып қалды.

О. Сәрсенбаевтың сопылар жайлы рисаласында автор өзі ескерткендей, мұнда да Сәрсенбай ақсақал негізгі кейіпкер ретінде көрсетіледі. Кеңес өкіметінің тұсында-ақ өмір бойы мұсылмандық парызын орындап өткендігі, елуге жетпей сопылық жолына түсе бастағаны, оның ұстазы Әбдіқайым ишан туралы әңгімелейді. Әбдіқайым ишанның оқулықтары Шығыстың ақын-ойшылдары Руми мен Сағди, Хафиз бен Жәми болғанынан дерек береді. «Жалпы сопылық идеяны жырлаған ақындардың ішінде есімдері әлемге мәшһүр аса дарындылары да болды. Солардың бірі – парсы ақыны Жалалиддин Руми (1207-1273). Румидің есімін әдебиет әлеміне мәшһүр еткен шығармасы «Месневи» атты алты дәптерден (бөлімнен) тұратын дастаны. Мұнда ақын *суфизмнің* аса күрделі қағида-ережелерін оқырманға тартымды да түсінікті болып келетін жыр жолдарымен жеткізген» [133, б. 228].

«Шығыс ақындарының шығармалары ең алдымен сопылық ілімнің негіздерін насихаттайтын жеке-жеке трактаттар (рисала) екенін, сол трактаттарды тек арнайы дайындығы бар кісілер ғана түсінетін шартты, *құпия тілі* болатынынан мүлдем хабарсыз едік» [56, б. 482]. Өзімізге белгілі Ахмет Йассауидің «Диуани хикметін» көпшілік түсіне бермейді. Ал кейбір ақындардың өлеңдерін, мысалы, Омар Хайам шығармаларын түсіну оңай емес. Автор Омар Хайам өлеңдеріндегі шараптың тура мағынасындағы ішімдік емес, сопылық символ, шартты ұғым екенін сопылық тілдің құпиясымен түсіндіреді. Бұл – аса маңызды мәлімет. Өйткені, жұрт Омар Хайамның өзі шарапты дәріптепті деп түсініп қалуы мүмкін. Автордың пайымдауынша, ақындар өлеңдеріндегі жүзімдік – жарық дүние, шарап – сол дүниенің субстанциясы. Логикалық жағынан ойлап қарағанда, Аллаға жақындау үшін тақуа болып жүргендердің шарапты әспеттеуі мүмкін емес нәрсе. Осы ретте ежелден қалыптасып қалған сопы ұғымына осындай түзету енгізілгенді жөн деп санаймыз.

«Автор сопыларды жан-жақты көрсетеді. Сопылықты ұстанған мұсылман ғалымдардың Дарвин, Эйнштейн, Ньютон ашқан жаңалықтарды олардан бұрын ашқанын айту арқылы ғылымның исламнан бастау алатынын дәлелдейді» [134, б. 28].

Сопылық ілімге байланысты автор мынадай түйін жасайды: «...бұл ілім адамзат тарихын, жеке адамдарды үнемі өзгеріс, өсу үстінде қарастырады» [56, б. 483]. Қазіргі ғылыми тілмен айтқанда, эволюция заңдылығын ұстанған.

Қазақстандағы сопылық мектеп Бahауаддин Нақшбанди (1318-1389) есімімен байланысты екенін атап өтеді. Автордың әкесі Сәрсенбай ақсақал да өзін Нақшбанди мектебінің өкілі санаған екен.

«Бahауаддин Нақшбанди жолын қуушылар ғасырлар бойы *мұсылмандық мораль мен этиканың* бұлжымас жүйесін жасаған. Алладан қорқу, *ар-ұяттың тазалығы,* жүріс-тұрыстағы *тазалық пен әдептілік, қайырымдылық пен қанағаттшылдық* секілді ұғымдардың о дүниелік, бұл дүниелік философиялық қазықтарын қадаған. Сопылық – бұл дүниеден безу емес, бұл дүние қызығына алаңдамау» [56, б. 484]. Бұл – сопыларға берілген анықтама. Көпшілік білуі қажет мәлімет. Әйтпесе жұрт сопылықты тақуалық емес, тәркі дүние деп түсінулері мүмкін. Исламдағы ең үлкен жиһад өз нәпсісін жеңу десек, сопылар – өз нәпсілерін жеңе білген, сөйтіп Аллаға жақын болған адамдар болғандығын алға тартамыз.

Автор сопылықты танып-білу үшін терең білім керек екенін ескертеді. Сонда да, автор әкесінен естігені бойынша, сопылыққа жетудің төрт сатысын атайды: «Шариғат – Ислам заңдарын игеру. Мағрифат – ғылым үйрену. Тарихат – тура жолға түсу. Хақиқат – абсолютті шындыққа жақындау» [56, б. 484].

Демек, әрі ғалым, әрі тақуа болу керек. Білім-ғылымсыз тақуалық, сопылық болмайды. «Ғалым болу оңай, адам болу қиын» деген нақыл сөз сопыларға қатысты емес. Абайдың 38-сөзіндегі «толық адам» деуге мүкіндік бар. Автордың сопылыққа жетудің төрт сатысын Н. Келімбетов: «Ахмет Йассауи «Ақыл кітабында» Аллаға жақындай түсу үшін әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі – шариғат. «Шариғат» – ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі Құдайға құлшылық жасауды талап етеді. Екіншісі – тариқат. «Тариқат» – дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады[133, б. 227]. Бұл басқыш суфизмнің негізгі идеясын, мұрат-мақсатын аңғартып тұр. Үшіншісі – маърифат. «Маърифат» – негізінен дін жолын танып-білу сатысы деуге болады. Бұл басқыштың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі бір Алла екенін танып-білу, түсіну. Төртіншісі – хақиқат. «Хақиқат» (фано) – Аллаға жақындап, оны танып-білудің ең жоғарғы басқышы» [133, б. 229], – деп түйіндейді.

Демек, XII ғасырда Ахмет Йассауидің «Ақыл кітабында» айтылған сопылық шарттары бұлжымай XX ғасырға жеткенін, атеизм орнаған кеңес өкіметі кезінде де өмір сүруін тоқтатпағанын байқаймыз.

Көсемсөзші О. Сәрсенбаев сопылық тарихына үңіліп, оның Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) заманында Әбу Дарда, Әбу Зар, Хузайфалардан басталғанын, қазір жер бетінде 50 миллионға жуық сопылар бар екені туралы дерек келтіреді. Әулие-әнбиелердің сопылардан шыққанын, олардың кереметтер жасай алатынына тоқталады. Мысалы, ұшып кету, үлкен суларды кешіп өту, ғайып болып кету, жырткыштардан құтылып кету, ашыққанға сусын, тамақ тауып беру, сәуегейлік айту, т.б.

Керемет көрсету екі түрлі жолмен жүзеге асады екен: Алланың көмегімен, жын-шайтанның көмегімен. Сопылар Алланың көмегіне жүгінген. Олар жын-шайтанмен жұмыс істеуге қарсы. Бақсылар жын-шайтандар көмегіне жүгінеді. Бұл исламда тыйым салынғандықтан, бақсының моласы бөлек қойылады. Рисаладағы осы мәліметтердің көпшілік үшін танымдық-тәрбиелік жағынан пайдасы бар. Өйткені, қазіргі кезде діни сауатсыз адамдар не нәрсеге сеніп, нені керемет деп есептеу керектігін білмейді. Олар үшін жын-шайтанмен жұмыс істеп, керек мәліметті айтып берген адам әулие болып көрінуі мүмкін. Сопылар кереметтерін жарияламайды, бақсылар көпшілікке көрсетіп істейді екен. Рисалада шығыс ғалымы Әбу Әли ибн Синаның Аллаға адал, қалтқысыз қызмет еткен, тақуалық жолына түскен, шын таза ниетпен өмір сүрген жандарға ғана әулиелік қонып, кереметтер көрсету қабілетіне ие болады деген пікірі келтірілген. Сопылардың кереметті біреуге көмек көрсету және қорғану мақсатында жасайды екен.

Алты тармаққа бөлінетін сопылардың моральдық-этикалық қағидаларын бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынылады:

1. Жасөспірімдерге мейіріммен қарау
2. Кедейлерге қайырым жасау
3. Достарға әділ кеңес беру
4. Дұшпандарға кешірім жасау
5. Ақымақтарды елемеу
6. Білімпаздарға құрмет көрсету [56, б. 491].

Бұл қағидада қайырымдылық, дос-дұшпанмен қарым-қатынас мәселесі көрсетілген. Қоғамда адамдардың мінез-құлқы, мәдениеті әр түрлі болып келеді. Өзіңе жамандық істегендерге кешіріммен қарауың тиіссің. Дөрекі, шайпау тілділерді елемеу керексің. Жоғарыдағы қағиданы ұстану үшін ерекше сабыр, ұстамдылық болуы шарт. Сонда ғана Құранда айтылатын көркем мінезге ие боласың.

Сопылардың «нәпсі» ілімін зерттеуі қазіргі психоанализ ғылымының бастауы болды деген зерттеушілердің пікірін таяныш етеді. Бүгінгі европалық психоанализ ғылымы сопылардың психоанализімен салыстырғанда бастауыш мектеп деңгейінде екен. Әсіресе, әдебиеттанушылар үшін бұл аса қажет мәлімет. Өйткені, көркем шығармалардағы кейіпкерлер психологиясы психоанализ тәсілімен талданады. Ислам тілімен дәйектегенде, адам нәпсісі әр түрлі деңгейде бірде жақсы, бірде жаман болып құбылып тұрады. «Ахмет Йассауидің «Даналық кітабында» қанағат сезімін үлкен философиялық категория ретінде қарастырады. Ақын қанағатсыз жандарды, яғни нәпсісін тыя алмаған адамдарды тойымсыз итке не ұлып қайтқан итке теңейді» [133, б. 231]. Ахмет Йассауиде «ит нәпсі» деген тіркес қолданылады.

Жазушының тура жолды іздеуге арналған рисаласында мұсылман ғалымы әл-Ғазалидің «Амал өлшемдері» кітабындағы «кәміл адам» ұғымы бойынша адам болмысын тән, жан, рух арқылы түсіндіреді. Мұсылман білімпаздарының рухты «хайуани рух», «періштелік рух», «сұлтани рух» деп бөлетінін, «жүрек»,

«діл», «нәпсі» деп аталатын аса күрделі философиялық, психологиялық, моральдық ұғымдардың содан туындайтынын қисындайды [55, б. 48].

Ең жоғарғы дәрежедегі адамдарды әр кездегі ғұламалардың әртүрлі атағанына тоқталады: «Кәміл адам (әл-Ғазали)», «пассионарлар (Л.Н. Гумилев)», «үстем адам (Ф. Ницше)» [55, б. 49]. «Кәміл адам» барлық заманда рух, жан тазалығын қадағалап отырады. Кәміл адамдар – пайғамбарлар, әулиелер, тақуалар.

Пассионарлар – жетекші, бастауыш тұлғалар. Автор тарихтағы Шыңғыс хан, Наполеон, Зұлқарнайын, Жанна д Арк, Ян Гус, Ганнибалдарды, қазақтан Жәнібек, Керей, Тәуке, Тәуекел, Абылай, Кенесарыларды пассионар тұлғаларға жатқызады. Мұсылман ғұламалардың талдауынша, адам бойындағы тағылық рух басым түссе, жамандық жасай бастайтынын, ал періштелік рух басым түссе, жақсылыққа қарай ойысатынын құптайды. Осының бәрі адам бойындағы *нәпсі* аталатын керемет сүзгіден өтеді екен [55, б. 54].

Автор «нәпсі» ұғымына ауқымдырақ түсінік беріп, креативті байламдар жасайды. Әдетте біз «нәпсі» ұғымын жағымсыз мағынада қабылдаймыз. Иасауи, Мәшһүр Жүсіп, Абай өлеңдерінде нәпсі жағымсыз бейнеде беріліп келді. «Сондай-ақ мейірімділік, қайырымдылық, тақуалық, жомарттық – бұлар да нәпсінің қалауы, нәпсінің жақсы, жағымды сипаттары. Демек, жағымды, жағымсыз сипаттарына қарамастан, адамның жанын, жүрегін, ой-сезімін түгел жайлап алған екі түрлі нәпсі – өзара бірлікте қатар өмір сүретін рухани құрылым» [55, б. 55].

О. Сәрсенбаевтың бұл пікірі әл-Ғазалидің тұжырымымен үндеседі. Философ ғалым Ғазалидің ойынша: «Нәпсі – рухтың көлігі. Егер әркім оның тізгінін босатып, еркіне жіберсе, құрып кеткені. Ал үнділіктер немесе кейбір мистиктер секілді нәпсіні өлтіруге тырысса, онда ақиқатқа барар көліктен айрылады» [55, б. 59]. Осы екі түрлі нәпсіні реттеп отыру үшін О. Сәрсенбаев: «Құлқы-пейілі (ділі) түзу адамның нәпсісін де тізгіндеп ұстауға шамасы келеді. Сондай-ақ құлқы-пейілі түзу адамның өз нәпсісін тазалап, тазартуға да шамасы келеді емес пе» [55, б. 60], – деп тұжырымдайды. Жазушының нәпсі туралы бұл тың зерттеулері қазақ көсемсөзі мен әдебиетіндегі жаңалық деуге әбден болады, және бұрыннан қалыптасып қалған нәпсі ұғымына түзету енгізілгенін де алға тартамыз.


Жазушы пенденің екі дүние қамын бірдей ойлауы үшін не істеуі керек деген сұрақ қояды. Абайдың «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі «мақшарға амалсыздың» кебін кимеу үшін не істеуіміз керек деген сұрақ иманды адамдардың көбін мазалайтыны анық. «Елдің бәрі тақуа, сопы, дәруіш емес. Ал сонда сондай «еместер» қайтіп күн көруі керек? Өзге қарапайым көпшілікке арналған тура жол бар ма? Кәдімгідей ішкісі, жегісі келетін, қуанғысы, күлкісі келетін – былайша айтқанда, мынау жарық дүниенің қызығына шаттанып, сонымен қатар ақырет қамынан да құр қалмай, жаратқан Иеміздің алдына жарқын жүзбен бару үшін не істеу керек?» [55, б. 61].

Көсемсөзші өте маңызды мәселе көтерген. Қазіргі кезде дін жолына түскен кейбір адамдар, әсіресе жастар, тақуа боламыз деп, жағдайды ушықтырып алып

жүргені рас. «Өйткені дінді дұрыс түсіну елді бірлік пен ауызбіршілікке шақырса, ал дінді дұрыс түсіне алмау түрлі араздықтар мен керітартпалықтарға жол ашуда» [135, б. 5].

Жазушы бұл сұрақтың жауабын табу үшін әдеттегідей тақуа әкесіне жүгінеді. Әкесі: «Адам көкірегінде әуелден ынсап, ынсапшылық болса, жүрер бағытынан жаңыла қоймайды ғой, балам», – деп жауап береді [55, б. 62]. Бұл рисаласында да қаламгер Аристотель, Платон, Декарт, Кант, Гуссерль, З. Фрейд, Вернадский, Леруа, Шарден, Ф. Ницше, Л. Толстой, Л. Гумилев еңбектеріне табан тіреген.

О. Сәрсенбаев замансөзін талдай келе, төмендегі көсемсөздік модель қалыптасты (сурет 7).



Сурет 7 – О. Сәрсенбаев замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, Оразбек Сәрсенбаев рисаласын сөз еткенде рисала жанрының туу тарихына, қазақ әдебиетіне рисала жанры бұрыннан тән екендігі, ол рисаласын адамдық құндылықтарды исламдық тұрғыда интерпретациялауы, тек ислам аясында емес, әлемге танымал ғалымдар, ойшылдар, ақын-жазушылар пікірлерімен ұштастырып отыратын ерекшеліктері ашылды.

О. Сәрсенбаев рисалалары Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасымен қоғамды дұрыс жолға бағыттау жағынан үндес екені, қоғамдағы әр адамды дұрыс өмір сүруге үйретететіні дәлелденеді. Осы ретте О. Сәрсенбаевтың «деректі-философиялық ой толғаныстары», яғни рисаласы ұлттық көсемсөзге ислам философиясы парадигмасы тұрғысынан енді деп нық айта аламыз.

Жазушы О. Сәрсенбаев көсемсөзіндегі интеграциялық, пәнаралық байланыстың маңыздылығы философия, дінтану саласымен ұштасып жатқандығына көз жеткіздік. Көсемсөзшінің нақты сұрақтар қоя отырып, соған қысқа да нұсқа, дәл әрі дәлелдермен жауап беруінен, оқырманмен тікелей тілдесіп отырғандай әсер беретін өзіне ғана тән жазу мәнерінен папилляризм стилистикасы аңғарылады. Қаламгер замансөзін саралай келе, қазақ көсемсөзі кеңістігі жаңа ұғымдармен толыққандығын талдау барысында айқындадық.

3.2 Көсемсөз кеңістігіндегі авторлық толғаныс арналары: заман және замандас бейнесі

«Көркем көсемсөздің міндеті – қара мақалаға тән мінезбен мәселені маңдайдан ұрып, тоқ етерін айтып салу ғана емес, жекелеген тұлғалардың тағдырлары, өмірде жиі ұшырасатын типтік ситуациялар арқылы оқырманды ойға жетелеу, көркем сөзге тән эстетикалық қуатты пайдалана отырып, танымдық, эстетикалық қабылдауды кеңейту» [16, б. 466].

Көрнекті ақын Сәкен Иманасовтың 2001 жылы шыққан «Қаламдастарым мен замандастарым» атты эсселері, пайымдамалары – өз замандастары туралы көргендері мен түйгендері. Автор бұл еңбегін жазарда: «Менің ойымша, бара-бара көркем шығарманы ойдан шығару деген тоқтайтын сияқты. Егер болашақта да жазушылар болатын болса, олар ештеңені ойдан шығармай, өмірде көргені мен түйгенінің ең маңызды, ең қызықтыларын жұртқа әңгімелеп қана беретін болады» [136, б. 4], – деген Л.Толстой пікіріне сүйенеді**.**

Бұл эсселер жинағында XX ғасырдағы белгілі танымал тұлғалар, ақын-жазушылар, ғалымдар, өнер адамдарының мінез-құлықтары, қадір-қасиеттері көсемсөзші Сәкен Иманасов көзімен баяндалады. Олар: М. Әуезов, М. Қаратаев, Х. Ерғалиев, Ғ. Қайырбеков, Ғ. Орманов, Ж. Молдағалиев, Қ. Мырза Әлі, Ж. Нәжімеденов, О. Бөкей, Қ. Қайсенов, Н. Тілендиев, Т. Айбергенов, Ш. Мұртаза, З. Қабдолов, Е. Дүйсенбаев, Ә. Дүйсенбиев, С. Мұратбеков, М. Мағауин және т.б.

«Қаламдастарым мен замандастарым» кітабының танымдық-тәрбиелік жағы – оқырман қауым өздері білетін ақын-жазушылардың мінез-құлқы, ерекше қасиеттерімен, адамдық тұлғасымен таныс болады. Бұл естеліктердің тағы бір ерекшелігі – автордың өз қырлары, мінезінің ашылып отыруы, өзі туралы қаламдастары мен замандастарының пікірлерінің де қоса беріліп отыруы. Әр естелікте Иманасовтың бір қыры танылып отырады» [137, б. 103].

Осы естелік жанрына байланысты ой түйіндсек, Ресей зерттеушілері мемуарлық-автобиографиялық шығармалардағы автордың өз бейнесін «автокейіпкер» деп, өзіне мінездеме беруін «автомінездеме» деп атаған [138]. Бұл терминдерді С. Иманасов естеліктеріндегі өз бейнесі мен өзі туралы мінездемелерге қолдануға да әбден болады деп ойлаймыз.

Осы тұста «Қаламдастарым мен замандастарым» атты кітабының заңды жалғасы іспетті 2001 жылы «Жазушы» баспасынан «Қалам мен заман» деген атпен жаңа туындысының да жарыққа шыққанын атап өткеніміз жөн. «Қаламдастарым мен замандастарым» кітабы естеліктер мен эсселерден тұратындықтан алдымен эссе жанрына бойлауды орынды деп таптық. «Эссе» атауы қазақ журналистикасы мен әдебиетінде тәуелсіздіктен кейін пайда болған. Жалпы, эссенің шығу тарихына тоқталсақ, оны жанрлық пішін ретінде 1580 жылы француз қаламгері Мишель Монтень әдебиет кеңістігіне енгізді. Ал 1597 жылы ағылшын ойшылы Фрэнсис Бэкон «эссеист» ұғымын қалыптастырды. XVIII-XIX ғасырларда эссе ағылшын және француз журналистикасында жетекші жанрлардың біріне айналды. Ал орыс әдебиетіне эссе жанры Батыс жұртынан тарай бастағаны мәлім. Айталық,

Ф. Достоевскийдің «Жазушының күнделігі» еңбегінде эссе белгілері бар. Тек XX ғасырдың басында В. Иванов, Д. Мережковский, А. Белый, О. Мандельштам, кейінірек К. Паустовский, И. Бродскийлер эссе жанрының өңін аша түскенін байқаймыз [139].

Ресей ғалымы И.М. Удлер өз зерттеуінде эссенің шығу тарихы туралы: «Эссе жанры байырғы тарихтан белгілі. Ол антикалық әдебиеттен бастау алады. Афоризмдер, апофегмалар, философиялық диалогтар, хаттар, мінездемелер эссенің дамуына ықпал етті, эссені М. Монтень мен Ф. Бэконның есімімен дәстүрлі түрде байланыстырады, олардың шығармашылығында эссенің екі басты түрі нақты қалыптасты: персоналдық, субъективтік, ақпараттық эссе, жеке өмірге қатысты емес, объективті, ресми эссе» [140], – дейді.

Қазақ әдебиетіндегі эссе жанры және оның белгілері туралы ғалым К. Қамзин: «Мәселен, қазақ журналистикасы теориясында осы күнге дейін жеріне жеткізіле қарастырылмаған, бірақ ұлттық публицистика тәжірибесінде ежелден бар жанрлардың бірі – эссе. Профессор Ш.Р. Елеукенов осы жанр мәтіндеріне ерекше көз тіге келе, ұлы Абай мұрасына ой қыдыртады. «Жалпы, адами тұрғыдан ой толғауда Абай Монтеньмен орайлас, арналас», – дей келіп, «Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кезікпеген жанр – әдеби-философиялық эссенің бағын Абай «мені», Абай қаламы ашып тұр», – деген қорытындыға келеді (Елеукенов Ш.Р. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: Жалын, 1997). Бүгінгі қазақ рисаласының табиғаты мен бағдар-өрісін бағамдар болсақ, төмендегідей ой түюге болады: *Біріншіден, эссе* жеке бастық, субъективті пікірді, ойболжамдық (умозрительный) қорытындыны жоғары қояды. *Екіншіден,* рисалада *қаламгердің, ойшылдың өз образы таңбаланады,* оның көңіл-күйі ой ағымынан айқын көрінеді, яғни эсседе автор «менінің» баяндалуы шырқау биікке жетеді. Сондықтан кейбір эсседен лиризмнің самалы еседі. Оның үстіне аталмыш жанр *өмірбаяндық материалға* сүйенеді, ақтарыла сөйлейді, қаламгер тақырыпты да, суреттеу стилін де ешкімге жалтақтамай, өзі таңдап алады. *Үшіншіден,* әр *эссе* дүниені, қоршаған ортаны өзінше таниды, бір есептен зерттеуге, экспериментке барады. *Төртіншіден,* рисала – дайындығы мол, көргенді оқырманмен пікір алысу, ой бөлісу. *Бесіншіден,* рисала очерк жанры ұнататын жетістік, нақты көрсеткіш пен цифрға, фактілер жүйесінің қатаң сақталуына, логикалық уәждемеге салқын қарайды. Яғни қазіргі эссе жанрының басты белгісі – белгілі бір құбылыс жөнінде толғану, субъективті философиялық түйін жасау [4, б. 315], – деп тұжырымдайды. Демек, К. Қамзин келтірген эссе жанрының осы белгілерінің барлығы С. Иманасов эсселерінен табылады. Ақын эсселерінде өмірбаяндық материалдар бар, өз образы да тақырып сайын ашылуымен қатар, субъективті пікірі қоса өріліп, ақтарыла сөйлеу, суреттеу стилі де бой көрсетеді.

Ғалым К. Қамзин эссе мен рисаланы бір ұғым ретінде қарастырады. Тек олар тақырып жағынан әр түрге бөлініп кетуі мүмкін. Бүгінде С. Иманасовтың «Қаламдастарым мен замандастарым» атты эсселер жинағы арнайы зерттелмеген тың тақырып деп санаймыз. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөздегі тақырыптық және формалық

ізденістегі Сәкен Иманасов эссесінің рөлі мен орны, ақын эсселерінде сөз болатын қаламгерлер тұлғаларын ашу, ақынның сөз қолданыстарын, стильдік ерекшеліктерін талдау, эсселер жинағының маңызын анықтау.

Жалпы, әлемдік әдебиетте танымал тұлғалар туралы, өз заманындағы ақын-жазушылар туралы естелік жазу баяғыдан қалыптасқан үрдіс екені мәлім. Мысалы, XIX ғасырдағы орыс жазушысы, мемуаршысы, Некрасовтың әйелі А.Я. Панаеваның «Естеліктер» кітабында XIX ғасырдағы В.Г. Белинский, А.И. Герцен, И.С. Тургенев, Ф.М. Достоевский, Л.Н. Толстой, И.А. Гончаров, Н.А. Добролюбов, Н.Г. Чернышевский, М.Е. Салтыков-Щедрин, А.Н. Островский туралы жазылған [141].

М. Цветаеваның «Замандастар туралы естеліктер» атты естеліктері 1925 жылы Прага қаласында жазылған. Онда өз замандастары Бальмонт, Брюсов, Гончарова, т.б. ақын-жазушылар туралы баяндалады [142]. Жоғарыдағы авторлар естеліктерінде алтын ғасыр, күміс ғасыр аталған орыс әдебиетіндегі әлемге танымал классик ақын-жазушылардың өмірлері көрсетілген.

И. Одоевцеваның «Нева жағасында», «Сена жағасында» естеліктері төңкеріс кезіндегі және одан кейінгі ақын-жазушылардың тағдырын көрсетеді. Бірінші кітабында Андрей Белый, Александр Блок, Анна Ахматовалар сөз болса, екінші кітабында Иван Бунин, Константин Бальмонт, Георгий Иванов, Игорь Северянин, Марина Цветаевалардың шетелдегі өмір-тіршілігі қамтылады [143].

Орыс жазушысы Н. Телешовтің «Жазушының хаттары. Әңгімелер» мемуарлық кітабында өзінің жас кезінде Тургенев, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Достоевскийлерді көргенін, Толстой мен Островскийлердің замандасы болғанын, Чехов пен Горькийлердің досы екенін баяндайды. Оларға қоғамдық, тұрмыстық мінездемелер береді [144].

Орыс ақын-жазушыларының мұндай естеліктері Ресей әдебиеті тарихында маңызды орын алатын көрнекті тұлғалардың мінез-құлықтарын, әдеттерін, адамдық қасиеттерін көрсетеді. Бұл қаламгерлердің жақын араласқан замандастары жазған естеліктері болмаса, оқырман олардың жеке тұлғалық бейнелерін тани алмас еді.

С. Иманасов өз кітабын эсселер деп атағанымен, жоғарыдағы естеліктермен ұқсастығы көп. Біріншіден, біз атаған естеліктерде заманына танымал ақын-жазушылармен аралас-құралас болған адамдар олардың жеке бастары туралы мәліметтер келтіреді. Бірге өткізген қуаныш, қиындықтарын еске алады. С. Иманасов эсселерінде де өз замандастары, қаламдастарымен қалай танысқандығы, қай кезде көргендері, қандай жағдайда бір-бірлерін танығандығы туралы толғанады. Мысал ретінде автор мен Оралхан Бөкейдің алғаш танысқандағы әсерлерін М. Цветаеваның Бальмонт туралы жазған естелігімен салыстыруға болады. Екіншіден, естелікте де, эсседе де шығарма бірінші жақтан баяндалады. Үшіншіден, автор тіліне байланысты ұқсастық: «Естеліктен тұратын баяндаушының сөзінде бағалаушылық, түрлі көңіл күйді білдіретін сөз орамдары кездеседі. Олардың сөз өрнегіне шынайы өмір мен

тұлғалардың мінездемесі, оларға эмоционалдық бояулармен қаратыла айтылған сұраулы сөйлем құрылымдары тән» [145].

Естелікке тән бұл тілдік белгілер С. Иманасов эсселерінде де молынан кездеседі. Автор кім туралы жазса да, оған мінездеме беріп отырады. Төртіншіден, автобиографиялық шығармаларда кездесетін еске түсіруге қатысты сөздер көсемсөзшінің эсселерінде көптеп кездеседі.

С. Иманасовтың бұл кітабы «Әуезов әсері» деген эсседен басталады. 1997 жылы М. Әуезов туралы «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» атты кітап шыққан еді [146]. Редакциялық алқаның ішінде Сәкен Иманасов та бар. Әуезов туралы бұл жинаққа барлық естеліктердің кірмей қалғаны ескертілген. Негізінде, әлемге танымал М. Әуезов туралы естеліктерді түгел қамтитын болса, бірнеше том болар еді деп ойлаймыз.

Көзбен көргеніңді қағазға түсіру үшін де жазушылық шеберлік керек. Естелік оқырманның көз алдынан өтіп жатқандай әсерлі, көркем болуы шарт. Естеліктің өзі де көркем шығарма секілді. Өмірде болған адамды шығарма кейіпкері секілді сомдап беруің үшін қаламгерлік қарым, парасат, шұрайлы тіл қажет екені аян.

«Әуезов әсері» эссесінде Әуезовті үш-ақ рет көріп, жазушыға деген халық құрметін, жазушының кейбір мінездеріне куә болғанын баяндайды. Бұл естелікте М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» драмасына көрермендердің риза болып, қошемет көрсеткендерінен әсер алғанын тебіреніспен жеткізеді. Сәкен Иманасов Әуезовті осы драманың қойылымында алғаш көреді.

Екінші рет 1960 жылы Әуезовтің жас ақын-жазушылар шығармаларын талдап, сөйлеген сөзін тыңдайды. Әуезовтің «Толыспаған Толстойлар мен шала Шекспирлер» деген сөзін естиді. Әуезовтің жас ақын-жазушыларға бағыт беруден жалықпайтын жайсаң мінезі танытылады. Автор жазушымен аз кездескенмен, оны көргендердің естеліктеріне де сүйеніп отырады. Аудармашы Мұхамет Нұртазин, жазушы Тахауи Ахтановтардың айтуынша, Әуезовтің тез өкпелегіш, әсершіл, аяқ астынан пікірін тез өзгерте салатын мінездеріне байланысты мысалдар келтіреді.

М. Әуезов туралы әсерін «Көріп те тоймайтын, оқып та болмайтын, сөзін естіп те қанбайтын, әңгімелеп те бітпейтін тұңғиық бір тұлға екен-ау, жарықтық-ай» деп аяқтайды [136, б. 8].

«Қазақ поэзиясының патриархы» Хамит Ерғалиевке арналған. Хамит Ерғалиевтің заманында даңқты ақын болғанын, ол кезде поэзияға, ақындарға деген құрметтің ерекше болғандығын мына үзіндіден аңғаруға болады: *«Ақ шашы арыстаның жалындай болып толқыған,* бойын соншалық бір бекзаттықпен тіп-тік ұстап, тура тартып бара жатты. Алыстан қарап, айбарынан ығып, қала берген едік» [136, б. 14]. Осындағы «арыстанның жалындай» теңеуі Х. Ерғалиев тұлғасына сай алынған. Х. Ерғалиевтен автор сол кездегі ақындардың көбінде бар мінез қарапайымдылық, ақжарқындылықты байқайды. Х. Ерғалиевтің өзіне тән бір ерекше мінезі – аңғалдығы, сенгіштігі сөз болады. Ақын Хамит көзімен Сәкен Иманасовтың жүзіндегі бір ерекшелігі былай беріледі: «Сәкен сенсің ғой, жігіттер айтып еді, көзі *Махамбеттің көзіндей*

өткір деп, көзіңнен таныдым, айналайын», – деп, ұсынған қолымды ықыласпен алды» [136, б. 14] – дейді. Бұл мысалдан Иманасовтың мінезі де өткір екендігі байқалады.

Хамит Ерғалиевтің тағы бір жақсы қыры былайша ашылады: «Пенделікке бой алдыра қоймаған, жікшілдік-жершілдік дертіне шалдығып, рушылдықпен уланбай өткен сиректердің сойы да Хамаң еді деп білем. Талдықорған өңірінен шыққан Құдаш Мұқашев, Тұрсынзада Есімжановтарға әкесіндей қамқорлық жасағанының куәсі болып едім» [136, б. 19]. Бұл естеліктен қарапайым, аққөңіл, кішіпейіл, көмек қажет адамдарға кол ұшын беруден аянбайтын Хамит Ерғалиевтің тұлғасын көреміз.

«Оралханның бір қыры» эссесінде Оралхан Бөкейдің әңгімешіл, күлдіргіштігі, бір көргенде тәкаппар боп көрінетіні сөз болады. Оралханды алғаш көргендегі әсері: «Сол кекжиген қалпы *жаңа үйретілген жайдақ аттай ойқастай басып* біраз жүрді де, редактор рұқсатын алып шығып кетті. Өтірік айтып қайтейін, жүріс-тұрысы да, кісіге кідие қырындай қарауы да, менмендігі де, керенау кекірттігі де ұнаған жоқ» [136, б. 51]. Осындағы «жаңа үйретілген жайдақ аттай ойқастай басып» деген теңеу Оралханның жүріс-тұрысын, танымайтын адаммен бірден шүйіркелесіп кетпейтін мінезін дәл сипаттайды. Оралхан Бөкей туралы автордың пікірі он бес жылдан соң өзгереді. «Қарасам, бұл бір аузын ашса, көмейі көрінетін, ішіне сыр бүгу дегенді білмейтін ашық та жайдары, әңгімешіл, анекдот дегеннің нағыз түбін түсіретін айтқыш жігіттің өзі екен. Ол сөйлейді, мен жатып кеп күлемін. Мен күлемін, ол сөйлей береді» [136, б. 51]. О. Бөкеевті тек жазушы деп білетін оқырман қауым осы естелікті оқымаса, оның мінезі қандай адам екендігінен хабарсыз болар еді. С. Иманасов пен О. Бөкеев екеуі 1985 жылы «Сарыағаш» курортында болғанда әдеби кеште өнерлерін ортаға салады. Сонда Оралхан қандай өнер көрсетеді екен деп С. Иманасов қысылады. Сонда: «Оралхан сахнада тіпті шоқтығы биіктеп, кесек адымдап, кемеліне келе түседі екен. Жақтауға таяп барды да:

– Бейімбет Майлин, «Шұғаның белгісі» деп хабарлады. Сөйтті де, мен бұрын естіп көрмеген бөлек бір діріл, басқаша бір мейірлі мәнермен Бейімбет шығармасын зуылдатып жатқа айта жөнелді. Зал іші сілтідей тынып қалған» [136, б. 53]. Сөйтіп, тыңдаушылар да, С.Иманасов та Оралхан өнеріне тәнті болады.

Оралханның келесі қыры – кеш, жиындарды жүргізе білетін асабалығы. «Кешті Оралхан басқарды. Әнімен, әзілімен, ешкімге алабөтен жұмсақ көпшік қоймай отырып-ақ, жинақы жүргізген дастархан мәзірінің бір тұсында Шерағаң үйіндегі жеңешеміз:

– Апыр-ай, Оралхан бауырым-ай, мен сені керемет жазушы, қаламы жүйрік журналист ретінде білуші едім, енді аңғарсам, сен елде жоқ асаба екенсің ғой, – дегені бар еді сүйсінгенін жасыра алмай» [136, б. 54].

Автор бұл естелігін былай түйіндейді: «Жігіттің сегіз қырлы, бір сырлы болғанына не жетсін, шіркін» [136, б. 55]. Оқырман О. Бөкейді тек жазушы ретінде ғана таныса, осы шығармадан соң оның көп қырлы өнерлі екенін

білетін болады. Бұл естелікте де ақын С. Иманасовтың шалқайғанға шалқайып, иілгенге иілетін мінезі танылып қалады.

«Ғафу Қайырбеков» толғанысында Ғ. Қайырбековтің «ауыздыға сөз, аяқтыға жол беріп көрмеген» қыры, одан ақын інілерінің өзі ығыса жүретінін еске алады. «Ол кісі қай жер, қай ортада болсын өктем көрініп, ағыла, ағынан жарыла сөйлеп отыратын. Соңынан ерген, көп жылдар Ғафаңның қарауында істеген үркердей бір топ інілері Сағи, Шәміл, Тұманбайлар ол кісінің алдынан кесе өту түгілі, бір рет кезексіз килігіп, сөзін бұзып көрмеген болар. Өздері де көлеңкелері күндік жерге түсетін көсем болып қалғандарына қарамай, Ғафаң алдында төменшіктеп тұратындарын көп аңғарып жүретін едім» [136, б. 24].

Бұл мысалдан сол жылдардағы ақындарға тән үлкенге құрмет, кішіге ізет байқалады. Мұндай сыйлау дәстүрі біздің ұлттық ділімізге тән нәрсе екенін атап өткеніміз жөн. Ғ. Қайырбековтің пендешілік мінездері де болғанын жасырмайды. Жалпы, С.Иманасов естеліктерінде сөз болатын ақын-жазушылар тек дәріптеле бермейді, кемшіліктері болса, талқыға түсіп отырады. Өйткені, ақын-жазушылар шығармашыл тұлғалар болғанымен, олар да ет пен сүйектен жаралған пенделер.

Ғ. Қайырбековтің Сәкен өлеңдерін оқып, пікір білдіруінің өзінен ақын інілерге деген қамқорлық, біреудің шығармашылығына немқұрайды қарай алмайтындығы байқалады. Сонда Ғ. Қайырбеков:

– Әй, Сәкен, сен ақын екенсің ғой, қалқам. Қатты разы болдым!» – деп қолжазбамды өзіме қайтарды [136, б. 25]. С. Иманасовтың талантты ақын екендігі осы сөздерден де белгілі. Автор Ғ. Қайырбековтің өзінен бұрын сөздерімен таныс болып, құмартқанын баяндайды. Оның «Құрдас», «Дала қоңырауы», «Алтын бесік» дейтін кітаптарын оқып, «Алтын бесігін» жатқа да соғады. Осыдан-ақ Ғ. Қайырбековтің шебер ақындығына көз жеткіземіз.

«Асқар Сүлейменов» естелігінде Асқармен алғаш кездескенде оның мінезін ұнатпағанын еске алады. «Менің де қайбір жібектей есілген мінезім бар дейсің, мынау бір қаршығадай болып қатып қалған бүркіт мұрын жігіттің менсінбегеніне жыным келіп, ұстаса кетсем бе деп бір тұрдым да, оған да зауқым болмай, есіктен шығып жүре бердім» [136, б. 36]. Бұл жерде Асқар Сүлейменовтің танымайтын адамға елпілдей қоймайтын мінезі аңғарылады, автордың да мінезі жібектей еместігі байқалады.

Автор жас сыншы Асқар Сүлейменовтің сөйлеген сөзін жазушылар съезінде тыңдайды. Асқардың жас кезінен сыншылығымен көзге түскенін көреміз. Бір жиында Асқар Сәкенге былай дейді:

– Сәке, мен сенің өлеңдеріңді сүйсіне оқып жүрем. Сен аса арқалы ақынсың, – деді маған [136, б. 37]. Асқардың таланттарды мойындай білетіндігі, қолдау көрсетіп отыратыны аңғарылады. Асқар Сүлейменовтің тағы бір ерекше қыры: «Асқардың не нәрсенің болса да байыбына бара біліп алмай, беталды жобалап айтпайтынына бірте-бірте қанығa бастадым. Менің өлеңдерім жайлы сөз ете қалса, неге екенін білмедім, енді тек мысалмен сөйлейтін болды. Бір дастарқан басында: «Егер қазақ поэзиясында Менделеев таблицасы бар деп білсек, Сәкен соның бір ұясын тұрақты мекендеген ақын», – деген сөзін де

әркім-әркімдер әр жерде пайдаланып, маған қарата жазған пікірлеріне тұздық ретінде қолданып та жүр» [136, б. 38]. Асқардың бұл пікірі Сәкен Иманасовтың ақындығына образды сөздермен берілген баға деп білеміз. Асқардың досқа деген жүрек тазалығы, адалдығы көрінеді.

«Көңілде қалған өкініш» Төлеген Айбергеновке арналған. Ең алдымен Төлегеннің көп ақындарда кездесе бермейтін өлең оқу мәнері айтылады: «Алдымен Қадыр Мырзалиев бастап, мен қостап, қазақ ақындарының дағдысымен қағазға қарап, өзімізге бөлген уақыт есебіне орай бірер өлең оқып, мінбеден түсіп жаттық. Кезегімен тұғырға көтерілген Төлеген өзінің жаңа жазған «Семей» дейтін өлеңін оқыды. *Самсаған қарағайлы орман ішінен сансыз құс сатырлай ұшқандай, Ертіс толқыны арнасынан асып түскендей,* әйда, бір ақпа-төкпе екпінмен есілді-ай дейсің келіп. Алдында ешбір қағазы жоқ, шумағы біразға баратын өлеңдерді шұбырта, *шуылдата, суылдата жөнелгенде*, зал іші сілтідей тынды. «Апыр-ай, мына жігіттен бұрын оқығаным қандай ғана абырой болған!» – дедім іштей сүйсініп, әрі өзімді жұбатқан болып» [136, б. 75]. Егер Сәкен ақын болмаса, жай адам Төлегеннің өлең оқу шеберлігін дәл осылай суреттеп бере алмас еді.

Төлегеннің адамшылығына, кішіпейілдігіне бір мысал – газетке шығайын деп тұрған өз өлеңдерінің орнына Сәкен өлеңдерін өткізіп жіберуі. Автор Төлегенмен соңғы кездескенінде өз шаруасымен асығып, оның жанында бола алмағанына өкініш білдіреді. Төлегеннің ғұмыры қысқа болады деп ешкім ойлаған жоқ, әрине. «Төлеген есімі бір жағы өзбек, қарақалпақ, екінші жағы күллі қазақ жеріне түгел әйгілі. Атақ-даңқы әсіресе қайтыс болғаннан кейін қатты дүрілдеп естілді. Жалт етіп өткен жалқы талант еді-ау ол! Төлеген жырымен сусындап, өнерін үлгі тұтып өскен бір шоғыр інілері де осы тұрғыдан түсініп, ақын есімін қастерлеп ұстап келе жатуы да сол қайталанбас талантының арқасы» [136, б. 76]. Бұл естеліктен Төлеген Айбергеновтің ақындық, адамшылық тұлғасымен таныс боламыз.

«Нұрғиса» естелігінде Нұрғиса Тілендиевтің ешкімге ұқсамайтын мінезі, бөлек жаратылған бітім-болмысы бейнеленеді. Оның балалармен бала болып араласатыны, көмек сұраған адамға танымаса да қол ұшын беруге дайын тұратыны, ауылға барып, киіз үй тіктіріп, қымыз сапыртып, шығармашылықпен айналысатыны – автордың көзбен көргендері. Бір жағынан Сәкен Иманасовтың мықты ақын екендігіне тағы куә боламыз. Өйткені, Нұрғиса Тілендиев операсына сөзін жазғызу үшін өзі танымайтын Сәкенді іздеп келеді. «Енді, міне, сол әйгілі композитор, *тектілігімен де, тентектігімен де аты шығандап алыс кеткен ағамыз* біздің редакцияға, онда да, өзге емес, мені, Сәкен Иманасовтың өзін, іздеп келіп тұрса, келгенде де, жай келмей, *нақ бір қырық жыл қатар келе жатқан танысындай көріп*, әй-шайға қаратпай, соңынан ертіп ала жөнелсе, оған таңырқамай қайтерсің» [136, б. 77].

Автор Н. Тілендиевті алғаш көргенде атақты сазгердің аты аңызға айналған кезі еді. Тіпті сол кездегі ақын-жазушылардың бір тобы көзі тірі кезінде Нұрғиса Тілендиевті ұлы тұлға деп атағандарына автор куә болғанын

айтады. «Өйткені Нұрғиса өз кезең, өз дәуірінің алдына қара салмайтын ұлы дүлдүл өнерпазы болатын» [136, б. 86].

«Партизан Қасым Қайсенов» толғауында автор Қасым Қайсеновті арқа тұтып, асқар таудай тірек етеді. Өйткені: «Сөзім жерде қалмасына, қашан болсын қолынан келсе, көмегін аямасына, ақыл-кеңес айтарына сеніп барамын. Қайталап сұрап, езіп-мыжып отырмайды, барған шаруамның ауыр-жеңіліне, жұмысымның салмақты-салмақсызына қарай не телефонын алдына алып, қолма-қол бұрай бастайды, не өмірі өзгермейтін қолқылдаған қоңыр костюмін киіп, «әйда, кеттік!» деп бұйырады» [136, б. 101]. Бұл мысалдан Қасым Қайсеновтің көп адамда кездесе бермейтін ерекше мінезіне куә боламыз. Автор көркем шығарма кейіпкеріндей көз алдымызға Қасым бейнесін дәл келтіреді. Әскери мінез деп айтуға болады. Кісі қабағын аңғарғыш сұңғылалығы да сөз болады. Арасында қағытпа өленді де шығара салатыны бар екен. «Соғыс туралы, партизандық өмірдің небір тар жол, тайғақ кешулері жөнінде Қасым Қайсенов жазған кітаптар үлкен-кішінің бәріне қызықты ғой. Ал ауызекі әңгімесі одан да қызықты. Өз әуен, өз ырғағымен айтылатын Қасекең әңгімелерін жүз қайталап естісең де жалықпайсың» [136, б. 107].

«Ара-тұра таныс-бейтаныс адамдарға беретін мінездемесі көбінесе мірдің оғындай дәл тиіп жатады. Сөзі – сыбыр, ісі – жыбыр адамдарды ұнатпайды. Қулық сауып күн көргісі келетіндерді ит етінен жек көретінін жасырған емес» [136, б. 107].

Қасым Қайсеновке батыр атағы берілмей қалғанда Қасым былай деген екен:

– Әй, пәленше, – дейді Қасекең, – батыр атын бермесеңдер, бермей-ақ қойыңдар, жасым сексенге таянғанда енді мені жұрт қорқақ деп атар деп пе едің? – деген екен [136, б. 111]. Бұл мысалдан да Қасым Қайсеновке тән ірілікті, өрлікті байқаймыз. Батыр атағын бермесе де, елі оны батыр деп есептеді. Қасым да атақ бермегені үшін еліне өкпелі болмады.

Сөз соңын С. Иманасов былай аяқтайды: «Іргесінде ұзыннан сұлап Алатауы жатпаса, Алматыдан да сән кетер еді, сол сияқты Қасымы, Қасым сияқты сирек туар, аты аңызға айналған ұлдары болмаса, қазақты да кім танып, кім білер еді. Жасай беріңіз, менің партизан Ағам! Ұсақтап бара жатқан құлкеуде тірлікті көлегейлей түсу үшін де Сіз керексіз» [136, б. 111]. Мұнда Ресей ғалымдары пайымдаған «ақын прозасы» деген мәселені өрбіте кетуге сай [147]. Ақындар прозасында өздеріне тән ерекшеліктер болатыны сөзсіз.

«Халқының Қадыры» – Қадыр Мырза Әлінің мерейтойында айтылған сөз. Қадыр ақындығын сөз еткенде, одан көп оқылатын ақын жоқтығын атап өтеді. Оның атақ-даңқын сөз еткенде: «Бұл күнде аты Алашты аралап кеткен Қадыр Мырза Әлидің атағына да, даңқына да жұрт әбден қанық» [136, б. 191].

«Қадырдың *шығармашылық шеберлігін* айтсам ба?

Шебер болмаса, әр сөзі, әр кітабы жұрт аузында жүрер ме еді? Оның үстіне, өз басым әдеби шаруада Қадырдан асқан рационалист ақынды көрген емеспін. Әр кітабы алдын-ала ойластырылған мөлшермен бүге-шігесі, бұрышы мен қуысына дейін милиметрлік дәлдікпен өлшеніп, қиюы келісіп, жымдаса

жарасып шыға келеді. Бұл жағынан Қадыр маған ұзақ жылдар бойы жалықпай, жатпай-тұрмай, белгілі бір келісті қала құрылысын аяқтауға арналған сәулетші сияқтанады» [136, б. 191].

Мұны әдеби портрет деуге болады. Ғылыми тілде түсіндірсе, осыншалықты дәл, ұғынықты шықпас еді. Және қысқа естелікте ғылыми түсінік беріп жатудың қажеті де жоқ. Жоғарыдағы сипаттама қалың оқырманның бәріне ұғынықты. С. Иманасовтың тіл шеберлігі болмаса, ғылыми талдауды осындай суретке айналдыру мүмкін болмас еді. Көз алдымызда Қадыр Мырза Әлі ақын емес, бейне бір ғажайып қала тұрғызып жатқан сәулетші сияқты елестейді.

Қадыр Мырза Әлінің басқа жанрдағы шығармаларын, ән текстерін, сыни кітаптарын, драмаларын жаңағы құрылыстың айшықты жиһазына ұқсатады.

«*Кісілік қасиеті* жөнінде әңгімелейін бе?

Ісі мен қылығы қабыспай жататын қаламгерлер де көптеп табылады. Ал Қадырға қарап ақындық пен азаматтықтың, азаматтық пен адамгершіліктің аражігін ажырату қиын. Өзгені білмеймін, өз басым Қадыр ақынның әдеби ортада жиі болып тұратын дау-дамайға араласып, әріптестерімен қызыл өңеш айтыс-тартысқа барғанын немесе біреудің сойылын соғам деп солақай тартып, солқылдақтыққа басқанын көрген емеспін. Бұл күнде ұтымды әзіл, ұрымтал тұстағы тапқыр айтқыштығының өзі аңызға қарай ойыса бастаған ақынның бұл да бір өзгеде жоқ сирек жақсы қыры ма деп танимын» [136, б. 191]. Осылай, автор бізге Қадыр ақынның ақындық және сирек кездесетін адамдық тұлғасын толық ашып береді.

«Ақынның нұрлы әлемі» эссесінде автор Ғ. Орманов келбетін, бүкіл өмір жолын оның өлеңдерінен білуге болатынын толғанады: «Ғали Ормановтың өмірімен де, творчествосымен де жете таныс емес адам, ешбір анықтамаға қарамай-ақ, осы кітаптарды оқи отырып, ол өткен жолды, қызулы, қызықты ғұмырын, ақынның бар күйініш-сүйінішін, қала берді, келбет-мінезін көз алдына елестете алады екен. Кімді сүйіп, кімдерді жек көргені, үйренгені, жиренгені хаттай тізіліп, шұбаған ұлы көштей болып оқырман көз алдынан түгел өтіп жатады» [136, б. 173].

Көсемсөзші бұл эсседе Ғ. Ормановтың ақындық ерекшеліктерін ашады. Мұнда Ғ. Ормановтың мінезін, тағы басқа қырларын көрсететін оқиға мүлдем жоқ. Басты ерекшеліктеріне көз жеткізеді:

1. Ғ. Орманов өлеңдерінің тақырыптық ерекшелігін: «Ол үшін тақырыптың уақ-ірісі жоқ, *басқамыз байқай бермейтін қандай бір қағаберіс көріністің өзі ақын қаламына іліккенде жан бітіп, жып-жылы шуаққа бөленіп, әрленіп, нәрленіп жүре береді*. Қазақта бар барша жақсы дәстүрді толық игерген қаламгер сезім иірімдерін домбыра ішегіндей шиыршық аттыра отырып, кісілік, семья, бақыт, өмір туралы кілең бір *сегіз таспа қамшыдай жымдаса өрілген* жыр жиһазын жасапты» [136, б. 174], – деп сипаттайды. Көсемсөзші «сегіз таспа қамшыдай» деген теңеу арқылы ұлттық өрнек қолданған. Бұл мысалдан ақынның өзіндік қолтаңбасындағы папилляризм стилистикасын байқаймыз.

2. Ғ. Орановтың кейіпкерлер жасаудағы ақындық шеберлігі хақында: «Қып-қысқа лирикалық жырларымен жүрек түкпіріне берік орнайтын жырларымен сиқырлы да, сырлы, алуан қырлы кейіпкерлер жасаудағы Ғали шеберлігіне бүгінгі біразымыз жете алмай-ақ келеміз» [136, б. 176], – дейді.

3. Ақын өлеңдерінен оның адамдық болмысын аңғарады: «Бұрқырап, бұзып-жарып жатпай-ақ, *майда жұмсақ үнімен баяу сөйлеп* отырып, оқырман көкірегіне киелі ой, келелі арман, айқын да асыл мұрат ұялатып жататын жырларының бәрінде де таза ақындық ар дірілдеп жататынын аңғарасың. Бірде әлгі «Жанайын деген бір шырақ ішінде жарқылдап» кетіп бара жатқан, үлкен арман арқалаған, *әке көрген, аға көрген, ибалы да бұйығы бозбала* ұшырасып, тілдесіп, іштей үндесіп кетсең, енді бірде танау астынан *«қарағым» деп қойып, үлкенге жұғымды, кішіге ұғымды* бірқалыпты *жұмсақ қоңыр үнмен* кейінгілерге жөн сілтеп отырған *ақбурыл басты ақсақалды* көресің» [136, б. 175]. Ғ. Орановтың поэзиясынан оның жас кезінде қазақы тәрбиені бойына сіңірген көркем мінезді бозбала бейнесін, кейін майда жұмсақ қоңыр үнді ақсақал кейпін көреміз.

4. Ғ. Орановтың лирикалық кейіпкеріне тән мінездерден ақындық кредоны аңғарады: «Отаншыл, адамгершілік биік мұратқа іңкәр ақынның кейіпкері кілең ғана жұртқа жақсылық тілеп, емірене өліп-өшіп тұрады. Бұл ретте ол бармын деп тасымайтын, жоқпын деп жасымайтын, үлкен-кішінің бәрін «әке-көкелеп» жүретін үбірлі-шүбірлі отағасына ұқсар еді. Еріндерінде мысқыл бар, емеурінінде зіл жоқ, тәтті қалжыңы бар, қатты қайырысы, қатыгез-қаталдығы жоқ тау кеуделі ақын кейіпкерінің өміршеңдігі сонда ма деп ойлаймын» [136, б. 177].

Ғ.Орманов стилі туралы әдебиетші ғалым Қ.П. Жүсіп: «Ғ. Орманов шығармашылығынан байқалатын басты өзгешелік не десек, мына түйінге жүгінер едік. Ол – Ғ.Орманов *лирикалық қаһарманының өзіндік мінезі бар екені*; қашан да, қандай істе болсын, *сабырлы, жұмсақ қалпынан аумайтыны;* сонымен бірге ақынның бояуды үнемдеп пайдалануы; *аз сөзбен айқын сурет өрнектей білуі,* жылтырақ баламаларды тым көбейтпей, неғұрлым шектеп пайдалануы» [148, б. 218], – деген тұжырым жасайды. С. Иманасов қаламдасы ретінде образды түрде суреттесе, Қ.П. Жүсіп пікірі ғылыми тілде байыпталғанын бағамдаймыз.

5. Ғ. Орманов шығармаларының ең алдымен көркем қарапайымдылығымен тартымды екенін атап өтеді.

Осылайша, Ғ. Орманов шығармашылығына қысқа да нұсқа түрде шолу жасайды, ақынның елден ерекше даусына сай жұмсақ мінезіне тоқталады.

«Жұбан аға жайында» естелік-мақала деп аталады. Жұбан Молдағалиевтің өнеге тұтарлық адамшылықтарына, ел үшін қызмет етіп, ел үшін басын бәйгеге тіккен кездеріне куә болғанын баяндайды. Жұбан Молдағалиевке тән ерекше қасиеттерді тарата талдайды:

1. Ақындық пен азаматтықты қатар алып жүре алғандығы: «Қалғып-мүлгуді білмейтін, әрдайым *көңілі сергек, көкірегі ояу* жүретін Жұбан ағаны өзім жұрты үшін жаралған сондай *тыңтұяқ ақын* санауым да сондықтан

шығар деп ойлаймын. Ақындық пен азаматтықтың ара-жігі ажырамас егіз ұғым екенін Жұбан өнегесінен, Жұбан тәлімінен танығам» [136, б. 184]. Осындағы «тыңтұяқ» сөзі – Жұбан тұлғасын танытуда дәл алынған метафоралық эпитет, бір жағынан авторлық қолданыс, ұлттық өрнек деп те айтар едік.

2. Жұбан тұлғасынан қайраткерлікті, күрескерлікті таниды: «Жұбан үлгісінен творчестволық қана емес, тірлік белсенділігін, қайраткер, күрескер келбетін көре алар едік» [136, б. 185].

3. Жұбанның Жазушылар одағын басқарғандағы ерекше қабілеті: «Жұбан басқарған бірер жылдар Жазушылар одағы тілеулес, мұңдас-сырлас, пікірлестер бас қосатын ұядай ыстық мекенге айнала бастап еді. Жұбақаң шікірейіп сіресіп қалған әдебиет шенеуніктеріне ұқсамай, жазушылар үйін ықылас, ынтымақ орталығына айналдыруға тырысты. Кейбір ірі мерекелерде ол үйде жазушылар бала-шағасымен бас қосып, әңгіме-дүкен құрып, аралас-құралас жүру де сол кезде басталып, сол кезбен тәмамдалғанын кім өтірік дей алады?» [136, б. 186]. Жұрттың басын біріктіре алу да барлық адамның қолынан келе бермейді. Бұл жерде де Жұбанның сирек кездесер қасиетін көреміз. Ақынның кең жүректігі, бауырмалдығы, көпшілдігі, баяғы даладағы қазақы үрдісті XX ғасырдағы Жазушылар үйіне бірер мерзімге болсын орната алғандығын көреміз.

4. 1986 жылы ел басына күн туғанда Колбинге қасқайып тұрып Махамбеттің мінезімен шындықты айта білгендігі: «Ішімізді ащы өксік аралас ыза кернеп тұрса да, бірімізге сөз тимеді, сөз тиген енді біріміз күйгелектей күмілжіп, Колбинге көпшік қоя сөйлеп: «қазақ халқына Құдайдың өзі әкеп бере салған мейірімді жалғыз басшысы сен болдың», – деп, кездейсоқ келген кезекті «көсемнің» аузын жалауға таласып жатқанда, баяғының қас батырына ұқсап, қасқайып тұрып шындықты айтқан, шымбайға батыра шырылдап тұрып айтқан жалғыз Жұбан Молдағалиев болып еді» [136, б. 187]. Бұл жерде де қазақ зиялыларының жеме-жемге келгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білмегендігін аңғарамыз. Осындайда кейбір қазақы мінездеріміздің өзімізді орға жығатынына көз жеткіземіз.

5. Жұбан Молдағалиевтің өзінен кейінгі қаламгерлерге үнемі қолдау жасап отырғандығы: «Оның өзінен кейінгі ізбасарларына әдеби тұрғыдан да, адамдық тұрғыдан да жасаған ізгі қамқорлық-кісілігі жайлы елден естігеніміз де, өзіміз аңғарған пайымдауларымыз да аз емес» [136, б. 188].

6. Автор жан дүниесіне ұялаған сезім пернесімен берілген Жұбан портретінің ерекшелігі: «Екі көзінде ықылас-мейір, қайсарлық-қажыр қатар ұялаған, ерінді, мұрынды келген жайсаң жігіттің ажары баурай тартып ала берді. Мұндай келбет дарыған адам әркім бір айта беретін арзан сөзге аяқ баспаса керек деп тұжырым жасағам» [136, б. 189].

С. Иманасовтың бұл естелік-мақаласының тәрбиелік-танымдық жағы ерекше. Жұбан ақынның үлгі боларлық азаматтық, адамгершілік қырларын, ел басына күн туғанда мансабына алаңдамай, деспотизмге қарсы шыға білгендігін кейінгі ұрпақ білуі тиіс ерлік.

«Шерағаң» эссесі Шерхан Мұртазаға арналған. Жазушы ағамыздың ерекше бір мінезі – қаталдығы, темірдей тәртіпті ұстанатыны сөз болады. Жазушылар одағында қызмет етіп жүрген авторды бір күн жұмыста болмағаны үшін жұмыстан шығарған. Мұндай әрекетке барлығы бара бермейді. Әскери қатаң тәртіпті ұстанатын адамның қолынан ғана келеді. Қатаң болғанымен Шерхан Мұртазаның жақсы қасиетті бағалап, оны білдіріп отыратыны бар екен: «Бірде Шерағаңмен ұзын дәліз бойында ойда жоқ жерден ұшырасып қалдым. Мен кішіпейілдікпен иіліп сәлем беріп жатырмын. Ол кісі менің қолтығымнан мыта ұстаған күйі (қолы да қарулы-ақ, тегі) алдына салып алды да, өзінің кабинетіне алып кірді.

– Сәкен, тегі, адамдар бір-біріне деген көңілін, ықылас-пейіл, қалай қарайтынын біле жүргеннің ешбір ерсілігі жоқ. Айтайын дегенім... Қысқасы, маған сенің біреудің айтағына үрмейтін, айдауына жүрмейтін мінезің ұнайды. Соны айтып қояйын деп едім, – деді» [136, б. 123]. Және Шерханның көп сөйлегенді ұнатпайтыны да осы арада аңғарылып тұрады.

– Шәке, мен де сізді.. – деп келе жатыр едім, «қатты сыйлаймын» демекке оқтала бастағам, бірақ ол менің сөзімді аяқтатпай, шорт үзіп: - Жә, Крыловтың «Қоразы мен Көкегі» құсамай, осымен доғара тұралық, – деп тұжырғаны [136, б. 124]. Бұл мысалдан Шерхан ағамыздың артық сөз, мәймөңкелеу дегенді ұнатпайтыны, тік мінезділігі байқалады.

Шерхан Мұртазаның тағы бір жақсы қасиеті – біреудің қайғысына немқұрайды қарамайтындығы. С. Иманасовтан ауыл адамы бастарына іс түсіп көмек сұрағанда Шерхан ағамыз қарамағындағы бір журналисті сол жаққа жібереді. Нәтижесінде заңсыздықтың беті ашылып, көмек сұраған адамның мәселесі шешіледі. Осыны автор: «Бұл жағдай басына қайғының қара бұлты үйірілген алыстағы азаматқа қаншалықты демеу болды, дертіне зәру болып, жарасын жаза алды ма – мәселе онда емес. Мәселе бұл жерде бас редактордың (Шерхан Мұртазаның – Г.Ж.) жанашырлығында, адам қайғысын айтқызбай ұққан кісілік қылығында тұр» [136, б. 126], – деп түсіндіреді.

Сөйтіп, С. Иманасов Шерхан Мұртазаның есте қаларлық қырларын айта келе оны әдебиеттің генералына теңейді.

«Мақсұт деген досым бар» эссесінде өмірде сирек кездесетін достық арқау болады. С. Иманасов пен Мақсұттың туыстар секілді отбасымен көп жылдар бойы аралас-құраластығы баяндалады. Жалпы Сәкен Иманасовтың жазғандарынан аңғарылатын нәрсе – оның танымайтын адамдарға бірден жұғысып кетпейтіндігі. Мақсұтпен қалай достасқанын былай түсіндіреді: «Мен де *жанында сыр, жанарында айрықша бір нұр ойнап тұрмаса, атты-тонды, шенді-шекпенді екен деп, ешкіммен әмпей-жәмпей бола қоятын адам емеспін.* Мақсұттың көңілі бай екенін бірден-ақ байқағам. «Бүгіп, бұғынуы, аярлық, алдауы жоқ мәртсің-ау», – деп ойлағам. Көп ұзамай біз үй-ішіміз, отбасымызбен қосыла үзбей араласып тұратын, қазақша айтқанда, *арамыздан қыл өтпес нағыз тату көрші, сыйлас дос, сырлас жолдастарға* айналып жүре берген болатынбыз» [136, б. 128]. Автор адамның мансабына, байлығына қарап, есеппен достасатын адам емес, парасатына қарап араласатындығын ескертеді.

Сол кезде отыздардағы жас болса да, кісі тани білгендігін байқатады. Автордың бұл досы мансап бойынша жоғарғы лауазымды жерлерде істеп жүрсе де, бұрынғы қалпынан айнымайды. Бірақ бәрібір сол досынан көз жазып қалып, қарым-қатынастары үзіліп қалғанына қынжылады. «Өйткені ол атақ-абыройдан артық қуаныш жоқ, мансаптан биік мұрат жоқ деп қана ойлайтындар сапынан емес еді. Онысын өзі де үзбей айтып жүретін» [136; 132]. Көсемсөзші өмірде осындай да адал, қалтқысыз достықтың куәсі болғанын өз басынан өткерген оқиғамен көз жеткізеді.

«Дәл осылай тарта бер, тек мойыма,
Әр нәрселер түседі екен ойыңа.
Түйем де жоқ,
Бием де жоқ, не керек
Топтап айдап әкелер ем тойыңа.
Әр сөзімді бұлдап санап іріге
Өлең арнап жүрмесем де тіріге.
Аттан жүйрік,
Алтыннан да салмақты
Жырымды алып жеттім туған күніңе!».

Осы өлең жолдары-ақ Сәкен Иманасовтың ақындық деңгейін айқындап тұр. Ой мен образ бірлігі, Абайша пайымдағанда, «сырты күміс, іші алтын» поэтикалық толғаныс екенін айғақтайды.

Түйіндей келе, автор өз замандастары туралы ешнәрсені асырып, не жасырмаған. Көзі тірі қаламгерлер туралы жазылған бұл алғашқы еңбек екенін автордың өз пікірінен топшылаймыз: «Қазақ әдебиетінде» Оразбек өте жақсы пікір айтты: «Бізде арамыздан кеткен ақын-жазушылардың жүзі көмескіленбей тұрып естеліктер жазу дағдысы қалыптаспай келеді. Үйренеріміз әрдайым орыс әдебиеті десек, оларда осының әйдік үлгілері барын бәріңіз де білесіздер» [136, б. 45].

Эсселерді оқып шыққан соң, Сәкен Иманасовтың бүкіл өмір жолы көз алдымызда тұрады. Атақты ақын-жазушылармен қызметтес болғаны, немесе бірер рет кездескендегі әсерлері, өмірдің әр түрлі жағдайларында қаламдас, замандастарымен бірде сүйсініп, бірде күйінген, бір-біріне демеу болған сәттерді толғана отырып көркем баяндайды. Бізді қай тұлғамен таныстырса да, сол адамның бейнесі бірер мысалмен, оқиғамен сомдалып шыға келеді. Эсседегі кейіпкерлер ақын баяндауында бірден таныла бастайды.

Кеңес өкіметіне тән өмір салты көз алдымыздан қайтадан өтеді. Мысалы, азық-түліктің кейбір түрлерінің қат болып, таныстықпен алынатыны, ақын-жазушылар кітаптарының жоспар бойынша тегін шығарылатыны, қомақты қаламақы алатындары, ақын-жазушыларға тегін пәтерлердің берілуі, кейбір қаламгерлердің үй жалдап, қиналғандары, жұмыссыздықтың болмағаны, сол кездегі колхоз, совхоздар, т.б.

Көсемсөзші толғаныстарында образды сөздер молынан кездеседі, дербес стиліндегі папилляризм стилистикасы бірден «мен мұндалап» тұрады. Әсіресе, Төлеген Айбергенов, Қадыр Мырзалиев, Оралхан Бөкей туралы жазғандарынан

көз жеткізуге әбден болады. Жоғарыдағы тақырыптарда тіліне байланысты мысалдар келтірілді.

Көсемсөзші көркем шығарма жазып отырған секілді өзі мен басқа кейіпкерлерді сөз еткенде сырт тұлғасын, мінезін, көңіл күйін, қас-қабағын, қимыл-қозғалыстарын, диалог, монологын, психологиясын – түгелін көркем тілмен жеткізеді. Әсіресе автордың ұлттық өрнекті, әсіресе, жылқыға қатысты ұлттық өрнекті айшықтап қолдануы жиі кездеседі: «Екеуі екі жақтан жұртты *иіре қайырып,* кештің көңілді, мазмұнды өтуіне барынша күш салып бақты» [136, б. 213]. «Иіре қайыру» – қойға қатысты қолданылатын этномәдени сөз байлам. Көп қойды топтастырып, шашау шығармай ұстау дегенді білдіреді. Мұнда адамдардың басын біріктіріп, ұйымдастыра білуді образды егіздеп жеткізген. «Әділбек Абайділданов» эссесінде Абайділдановтың келбетін, сымбатын, қимыл-қозғалысын: *«Басын шұлғып, жер тарпып тұратын жарау жүйрік* болушы еді, бірден соған ұқсаттым» [136, б. 55], – деп суреттейді.

Жаңа көрген Абайділданов туралы әсерін тағы да ұлттық өрнекпен бейнелеген. Оралхан Бөкейдің жүріс-тұрысын бірінші рет көргенде: «Сол кекжиген қалпы *жаңа үйретілген жайдақ аттай ойқастай басып* біраз жүрді де, редактор рұқсатын алып шығып кетті [136, б. 56], – деп сөзбен ою салғандай елең еткізеді.

Үнемі сергек жүретін Жұбан Молдағалиевті: «Жұбан ағаны өзім жұрты үшін жаралған сондай *тыңтұяқ ақын* санауым да сондықтан шығар деп ойлаймын» [136, б. 184]. «Тыңтұяқ» сөзі де – жылқыға қатысты ұғым. Тұяғы тасқа майырылмаған, ұзаққа шабатын жүйрікті білдіреді. Бұл да ұлттық ұғым-танымды сипаттайтын ажарлау.

Сәкен Иманасов эсселерін оқып шыққан соң қаламгерлердің әртүрлі мінездері есімізде қалады: өктем мінезді Ғафу Қайырбеков, салқын сабырлы Жұмекен Нәжімеденов, темірдей тәртіппен жүретін, сентиментализмді ұната қоймайтын Шерхан Мұртаза, аяқ астынан шатақ мінез көрсете салатын Әділбек Абайділданов, күлдіргі әңгіме, анекдот шебері Оралхан Бөкей, жұрттың бәрін қанатының астына алып қамқор болып жүретін, ашуланса, енесін боқтай салатын Қасым Қайсенов, қоңыр дауысты, жұмсақ мінезді Ғали Орманов, оғаш мінезді Нұрғиса Тілендиев, үлкен-кішіге бірдей жұғымды, қиындық көрсе де, ешкімге мұңын шақпайтын Құдаш Мұқашев, абыройлы, беделді болса да, өзін қарапайым ұстайтын Әнуар Әлімжанов, қаламгерлерді бір отбасының адамдарындай ұйыта білген Жұбан Молдағалиев, қисынсыз қалжыңдайтын Баққожа Мұқай.

С. Иманасов замансөзін талдай келе, төмендегі көсемсөздік модель қалыптасты (сурет 8).



Сурет 8 – С. Иманасов замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, «Қаламдастарым мен замандастарым» естеліктер, эсселер кітабында Сәкен Иманасовтың төмендегідей қырлары танылады:

1. Сәкеннің талантты ақын екендігін Нұрғиса Тілендиевтің оны мәтін жаздыруға іздеп барғанынан, Ғафу Қайырбековтің «сен ақын екенсің ғой» деп мойындағанынан, Асқар Сүлейменовтің «Егер қазақ поэзиясында Менделеев таблицасы бар деп білсек, Сәкен соның бір ұясын тұрақты мекендеген ақын» деп пікір білдіргенінен білеміз. Сондай-ақ, Жұбан Молдағалиев, Ұзақ Бағаев, Сейдахмет Бердіқұлов Сәкенді талантты ақын ретінде бағалаған.

2. Сәкен Иманасовтың тік, бетке тура айтатын мінездері байқалады. Әсіресе, Әділбек Абайділдановқа: «Сіздің фамилияңыздың жартысы Абай, жартысы Ділда екен. Құдай тағала Абайдың ақындығынан ептеп қарайласқанымен, Ділданың қатындығын да үйіп-төгіп қоса берген-ау, шамасы», – деп ренішін білдіреді [136, б. 55].

3. Шалқайғанға шалқайып қалатын қырсық мінезі көрінеді.

4. Достар қалжыңын көтере білетіндігі аңғарылады.

5. Бірнеше ақын-жазушылар туралы естеліктер жинағын шығарғаны.

6. Қ. Мырзалиевтің «Иірім» кітабындағыдай ақын-жазушылардың жеке өміріне қатысты мәліметтерді ақтармайды.

Қазіргі кезде заманалы қазақ көсемсөзінде енді белең алып келе жатқан естелік жанры тәуелсіздік жылдардағы көсемсөз арнасын кеңейтіп, көкжиегін толықтыра түскендігін бағамдай аламыз. Мұндай естеліктер мен эсселер заман тынысын байыптап, пайымдауға, өткен мен бүгінді саралауға негіз бола алады. Сонымен қатар, ұлттық көсемсөзді тақырыптық және формалық ізденіс жағынан дамыта түседі. С. Иманасов эсселерінің автопортрет пен дәуір үндестігінен замансөз ағымы мен ой ағымының синтезі шығады. Бұл шығармашылық өнімге біз «инновациялық замансөз үдерісі» деген атау бердік.

С. Иманасовтың авторлық толғаныс арналарындағы заман және замандас бейнесі әдебиеттану саласымен байланыса келіп, тұлғатанымдық парадигманың түрін танытады.

3.3 Жаңа таным кезеңінің көсемсөзі: сұхбат, жол-сапар очерктеріндегі саяси тұрақтылық және экономикалық мәселелер

Көсемсөз саласында жол-сапар очерктері немесе сапарнама жазбалар тәуелсіздік жылдары да өзінше бағытта дамыды. Жол-сапардың қайнар бастауларына көз жүгіртсек, түркі тілінде жазылған сонау «Бабырнамеге» тоқталамыз. Одан кейін қазақтың ғұлама ғалымы Ш. Уәлихановтың жол-сапар очерктеріне тірелеміз. Сонымен қатар, М. Шоқай, Ә. Жанкелдин, С. Шарипов, М. Әуезов және т.б. ақын-жазушыларымызды атауға болады.

Профессор К. Қамзин халықаралық тақырыптағы жол-сапар очеркінің тарихын әріден, орта ғасыр ғұламалары әл-Фарабиден, Жүсіп Баласағұннан, Хайдар Дулатиден бастап, қазақ жол-сапар очеркін Ш. Уәлиханов есімімен байланыстырып, халықаралық тақырыпты игерген алғашқы қазақ оқымыстыларының санатына кіргізеді, оның «Шығыс Түркістан саяхат күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Қашқарға барған және Қашқардан Алатау округіне кері қайтқан сапарымыз туралы», «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жайы туралы», «Алтышаһар немесе Қашқария туралы» жол-сапар очерктерін атайды. Сондай-ақ, жазушылар арасынан М. Әуезовтің «Индия очерктерін» келтіріп, талдайды.

Көрнекті ақын, танымал драматург, көсемсөзші, Қазақстан Жазушылар одағының бұрынғы төрағасы Нұрлан Оразалиннің тәуелсіздік жылдарындағы баяндамалары мен сөйлеген сөздерінен уақыт тынысы аңғарылады. Оның көсемсөздік шеберлігі туралы Ш. Елеукенов: «Нұрлан Оразалиннің бойында осы қасиет, яғни ақындық үлкен дарын да, кез келген аудиторияны аузына қаратып, баурап алар, керек десеңіз, жаулап алар *шешендік қабілет* те, өзі айтпақшы ашуын сабырға жүгіндіре отырып, қилы-қилы мінезі бар ортаның тамырын ұстап отырып, *сөз өнерінің көшін түзер көсемдік* те бар» [42, б. 8], – деп бағалайды.

1999 жылы жазылған қазақ тілі туралы баяндамасында тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ тілі мәселесіне тоқталады: «Қос ғасыр тоғысында тұрып, *үзеңгі-бауын, ер-тұрманын түгендеп жатқан* тәуелсіз қазақ жұртының көңілін алаңдатар аманаттардың Аманаты – Ана тіліміздің қазіргі жай-күйі, ертеңгі тағдыры» [42, б. 33]. Жылқы малына қатысты әбзелдер арқылы ұлттық нақышпен берілген образды сөздерден бірден-ақ тәуелсіздігін енді ғана алған қазақ елінің алдағы күнге қамдануы аңғарылады. Автордың шешендігі де көрінеді. Кеңес өкіметі кезіндегі қазақ тілінің қандай күйде болғанын: «Ана тіліміздегі мектептердің жаппай жабылуы, іс-қағаздардың орыс тілінде жүргізілуі, жиындардың тек орыс тілінде өтуі, қысқасы Қазақстан жерінде орыс тілінің бірте-бірте үстемдікке ие бола бастауы қазақ тілінің қорығын мүлде

тарылтып, *айдыны кең Абай тілі* мен *Әуезов тілі көкпеңбек мұздың үстінде қалған тағасыз аттай* күн кешкенін көзіміз көрдік» [42, б. 38], – деп шабыттана толғанды. Бұл мысалдан біз қазақ ұлтының тілін Абай тілі, Әуезов тілі деп айтуы ұтымды шыққандығын аңғарамыз. Абайдай ақыны бар, Әуезовтей жазушысы бар елдің тілі асқақ болуға әбден құқысы бар.

Н. Оразалин жетпіс жыл құрсауда болған қазақ тілін өркендетуде былайша байсалдылық танытады: «Ондаған жылдар бойы қыспақтың қыл бұрауында келген *тілдің ентіккен демі мен тасырқаған тұяғын қалпына келтіру* үшін бұл аз мерзім» [42, б. 39].

Тіл мәселесі де науқаншылдықпен бітіре салатын шаруа емес, ұзақ уақытты талап ететін үдеріс. Н. Оразалин қазақ тіліне байланысты біраз шаруалардың атқарылғандығын атай келе, ұлттық тілді дамыту үшін мынадай ұсыныстарын алға тартады: «Тіл еркін өмір сүру үшін сөз жоқ, қолданылу аясы мол кеңістік айдыны керек. Қолданылу аясы дегеніміз не сонда? Ол – *қоғамдық ортадағы сұранысты қалыптастыру.* Ол – *мемлекеттік мекемелер* тарапынан *ықпалды күшейту.* Ол – *әрбір азаматтың* ішкі мәдениеті мен құрметінен бастау алар *ынтасын ояту.* Ол – өзінің ауасын жұтып, суын ішкен мына қасиетті жердің *өткенін әспеттеп, бүгінін сыйлауға өзіңді де, өзгені де үйрету.* Ол – орынсыз байбаламға салып, орынды, орынсыз жерде тіл намысын жыртқансып, өзге жұрттың қытығына тимеу. Ол – қазақ халқының ұлт ретінде өмір сүруін қамтамасыз етіп келе жатқан *«өнер алды – қызыл тіл» саналатын әдебиеттің дамуына жағдай жасау. Мемлекеттік тілде әуелі өзіміз сөйлейік!»* [42, б. 40].

Көсемсөзшінің бұл ұсыныстары қазір орындалып жатыр десе де болады. Жоғарыдағы билік өкілдерінің қазақша үйреніп жүргендерін көріп отырмыз. Қазақ ұлты тіл үшін басқа ұлттардың жағасынан алып жатқан жоқ. Толеранттылық танытып отыр. Мәселен, батыс, орыс әдебиетінің озық үлгілері «Мәдени мұра» бағдарламасымен қазақ тіліне аударылып, жүз томдық «Бабалар сөзі» жарық көрді. Тек ақын-жазушылардың шығармалары ғана мемлекет тарапынан тегін шығарылмай отыр. Кеңес өкіметі кезіндегідей 20-30 мың тиражбен кітап бастыру арман болып қалуда. Аталмыш мақалада автор мемлекеттік тілін екі мың жыл бойы аңсаған еврей халқын мысалға келтіреді. Израильға басқа жақтан барып тұрғысы келген еврейге иврид тілін білуді талап етеді екен. Неміс ұлты да басқа жақта тұрып келген немістерге сондай талап қойғаны белгілі.

Н. Оразалиннің шығармалар жинағының 9-томы «Тәуелсіздік танымы» (Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевпен жүргізілген үш сұхбат), «Азаттық айдыны» (Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевпен болған үш сапар), «Тәуелсіздік тағылымы» атты сұхбаттар, сапарнамалар, мақалалардан тұрады.

Бірінші сапар Америкаға арналады. Автор осы сапарда өзі көріп, түйгендерін пайымдайды: «Адам ойы мен санасы компьютерге мықтап байлана бастаған мына бидауа ғасырдың сұмдық сырлары мен қырларын игерген елдің білмейтіні кемде-кем. Күліп қарсы алады, жылы сөйлеседі, ішіне бойлайды. Ежелден білетін ескі танысымен жүздесіп отырғандай құшағын жаяды,

бауырына басады, арқаңнан қағады... Кім біліпті? Өркениет деген өрісі кең әлемнің біз әлі игере қоймаған жұмбағы мол, сиқырлы, сырлы мінезінің бір қыры ма?» [149, б. 127].

Қаламгердің көсемсөзінде ел аралық қатынас психологиясы байқалады: американдықтардың арқамыздан қаққаны баяғы Абай айтқандай, «Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға» деген жолдарды еске түсіреді. Өзіңнен жоғары тұрған елдің қошеметінің астарында не жатқанын білу қиын шығар. Ондай нәрсені қазақ елі бастан кешірді. Дамыған елмен жақсы қарым-қатынаста болу елдік бет-бейнең үшін қажет. Н. Оразалин осы сапарында Елбасынан сұхбат алған екен. Сапардың мақсатын Елбасы: «Бүгінде *әлемдік ірі проблемалардың бір де бірі Америка Құрама Штаттарының араласуынсыз шешілмейтіні* ешкімге жасырын сыр емес. Ендеше, мұндай *беделді, ықпалды елмен саяси қарым-қатынастардың дұрыс болғаны,* бірізді болғаны біз үшін пайдалы. *Іргелі жұрттан іргені аулақтатпау – үлкен саясаттың міндеті»* [149, б. 130], – деп ойын ортаға салады. Қазақы қисындағанда, Америка секілді үлкен елдің алдынан өтіп, батасын алған секілді. Осы сапардағы Елбасының баса айтқан тағы бір мәселесі – көрші елдермен санасу жағы. «Бірақ санасу бар да, ығына құлау бар. Екеуі екі түрлі ұғым. Алғашқысы – өркениеттіліктің, құрметтің белгісі, ал соңғысы – жалтақтық. Еш жерге қонбай Америкаға тура ұшып бара жатқанымыздың өзі біраз қызығу мен қызғаныш сезімін тудырары даусыз» [149, б. 131]. Америкаға барсақ, бізге басқа елдер қалай қарар екен деген жалтақтықты меңзеп отырғандай. Саяси қарым-қатынаста жалтақтық білдіру – ел басшысына сын. Мұндай саяси мәселеде «өгіз де өлмеу керек, арба да сынбау керек». Автор Америкаға барған алғашқы сапардың психологиялық тұрғыда біраз қиындықтары болғанын жасырмайды: «Қанша еркінбіз дегенмен, американдық ағайындар біздің бір кездегі «Кеңестер Одағынан» екенімізді екі елі естерінен шығармағаны хақ. Әлгі бір қарауыл-ой «қыдыйып» олардың да, біздің де бір бүйірімізде тұрғандай болды» [149, б. 137]. Кеңестер Одағынан шыққанына үш жыл ғана болған қазақ еліне бұлай қарау заңды құбылыс деп ұғу керек.

Автор Америка елін: «Міне, біз өзінің аспанымен бой таласып зеңгір үйлеріне, *алып қалаларына, шулы көшелеріне бес құрлықтың барлық өкілін жиып-теріп сыйғызып, тамырын жер-жаһанға жайып отырған.* Америка жұртының қаһарлы Капитолийдің алдында тұрмыз» [149, б. 146], – деп сипаттайды. Америкада бес құрлықтың өкілдері тұратыны рас. Ол елдің тамыры бүкіл әлемге жайылып отырғаны да рас. Жетпіс жыл бойы кеңестік тәрбиеде өскен адамдар үшін алғашқыда Американың осылай жұмбақ, суық болып көрінері заңды. Н. Оразалин басқа елге барып, қазақ деген жұрттың мінезі атам заманнан бері өзгермей келгеніне таң қалады: «Қонақ келді десе есік-тереземізді ашып қойып, елдің бәрі өзіміздің Алматыдағыдай апы-күпі болатындай көреміз. Жанұшыра, жыртылып-айрылып, өз аузындағысын қонағына ала жүгіретін қайран, біздің, қазақтар-ай! Қанша таяқ жесе де сол ақ көңіл, адалдығын қоя алмай келе жатқан неткен жомарт, неткен аңқау ел едік?!» [149, б. 149]. Бұл мінездеме – біздің ұлттық менталитетіміз. Осындай

қасиетіміз мұсылман елі болғандығымыздан шығар. Осындай қасиетіміз болмаса, жерімізде қаншама ұлттың өкілдері тұрақтап қалар ма еді? Дәл осындай мінез басқа түркі халықтарында жоқ та шығар. Қайткенмен, қазақтың мінезі мен американдықтардың мінезінің айырмасы аспан мен жердей екенін автор байқаған.

Американдағы Ақ Үйге кірер кездегі автордың тілегі: «Тәңірім қазақ жері мен қазақ елін өзгенің ноқтасынан сақтасын! Ноқтасынан!» [149, б. 152]. «Аузы күйген үріп ішер» демекші, бір кездері отаршыл Ресейге жақындаймыз деп, басымызға қалай ноқта киіліп қалғанын білмей қалып едік. Тағы да сондай тарихи қателік қайталанбаса екен деген тілек те орынды. Оразалин көсемсөздеріндегі көркемдікке байланысты Белинскийдің пікірі еске түседі: «Тарих не болғанын жазады, көркем шығарма қалай болғанын жазады» [3, б. 62]. Американдағы Ақ Үйдің тәртібі қазақстандықтардың көңілдеріне кірбің түсіреді. Кремльдегі еркіндікті естеріне алады. Сонда да *«Тастай тәртіп пен табанды мінезге* әбден бой үйреткен, қалыптасқан жоғарғы нормалар мен институттық үлгілерді көрмеу – тапа тал түсте түйені көрмеумен бірдей» [149, б. 155]. Діні, өмір сүру салты басқа, бізден жүз жылға ілгерілеп кеткен алыстағы елдің өз ерекшеліктері болатыны белгілі.

Автордың Американдан алған әсері: «Әйтеуір, Америка тіршілігі маған *арнасы мол, ағысы қатты,* жүзу білмесең өзіне тартып әкететін *«асау мінезі» бойына жасырынған иірімі терең, алып өзендей көрінеді*» [149, б. 156], – деуінен қатпар-қатпар сыр бүккенін ұқтырады.

Қазақстан президенті Н.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» кітабында АҚШ-қа барған сапары туралы: «1994 жылы ақпанның 14-нен 18-не дейін АҚШ-та ресми сапармен болдым. Келіссөздер табысты өтті. Жоспарланған құжаттарымыздың бәріне қол қойылды. Ең бастысы – демократиялық ықпалдастық хартиясы еді. Шығыс Европа мен ТМД елдерінің ешбірі де АҚШ-пен мұндай келісім жасаспағанын айтсақ та жеткілікті. Бұл жас мемлекетіміздің аса көрнекті мәмілегерлік жетістігі еді» [151, б. 240], – деп баяндайды. Президент сөздері ресми стильмен жазылған. Оразалин жазбаларында ішкі толғаныс басым. Тәуелсіздікке жаңа ғана қол жеткізген Қазақстанның Америкаға бұл сапары көшін енді ғана жолға салып жатқан ел үшін аса маңызды еді.

Автор Американың үлгі болатын жақтарын байқай білгендігін аңғарамыз: «Америка – күш-қуаты асып, мейманасы тасып тұрған ел. Мұнда аз сөйлеп, көбірек іс шешеді. Кез-келген американдық өз мүддесімен қатар елінің, ұлтының мүддесін де әсте есінен шығармайды» [149, б. 144]. Автор ақын болсын, не журналистік қызмет бойынша болсын, барған елінің артықшылық, кемшіліктерін білуге мән береді. Екі елді экономикалық, мәдениет, менталитет, т.б. жағынан салыстырады. Ол кездегі Қазақстанның жағдайы Америкамен салыстыруға келмейтін. Аз сөйлеп, көбірек қимылдайтын жұрттың мерейі үстем болары сөзсіз. Көсемсөзші Америка сапарының артында әлі қыруар іс жатқанын, азаттықтың жүгі ауыр екенін, өз Отаныңның болғанынан артық бақыт жоқтығын айтып, тебіренеді.

Н. Оразалиннің екінші сапар туралы жазған мақаласында Қазақстанның 1994 жылы қазанда Италия мен Сауд Арабиясына жасаған сапары туралы айтылады. Сапар мақсаты – дамыған елдер қатарына кіретін елден кәсіпкерлікті үйрену. Бір кездегі Аттиланың аты жеткен елге қазақтардың он бес ғасырдан кейін келіп тұрғандарына толқығандары көрінеді. Бұл сапарда да автор ең әуелі барған елдің қонағын қалай күтіп алатынына көңіл аударады: «Рим алғашқы күні кіндік Азиядан келген қонақтарды ұстамды ықылас танытып қарсы алды. Мұны біз ежелгі цезарьлар елінің қонағын алып-ұшпай, алқын-жұлқын болмай, сабырлы, салқын қабылдауға әбден дағдыланған ақсүйектік мінезіне жорыдық» [149, б. 200]. Барған жердің ықылас, қабағына қарау – қонақ боп барған кім-кімнің де көкейіндегі нәрсе. Қонағына құшақ жая ұмтылатын қазақ секілді ел аз-ау деген ойда қаласың.

Сапарға барғандардың көздеріне түскен алғашқы ерекшелік: «Ғимарат тұрғызып, сарай өріп үйренген елдің үйреншікті қолтаңбасы аттаған жерде алдыңнан шығады. Көше-көшелерді бойлап ғасырлар мен ғасырлар иық тіресіп жатқандай. Ана үй – X ғасырдың, мына үй – XII ғасырдың, ал ана бір заңғар үй XVIII ғасырдың көзі дейді білетін жұрт. Ескі мен жаңаның, кәрі мен жастың жарасымды, үйлесімді кейіп-келбеті өстіп жалғасып кете береді, кете береді. Көшелердің көбіне ерінбей-жалықпай Апенниннің қара тасы төселген. Жыл сайын ұңғыл-шұңғылын қайыра жамап-жасқап жататын асфальт көшелер мұнда сирек тәрізді» [149, б. 201]. Шетелге барған адамның көзіне ең бірінші түсетін нәрсе – қала көрінісі. Не сынап қарайды, не сүйсінеді, бір өзгешелік көргісі келеді. Жоғарыдағы сипаттаудан Рим суреті көз алдымызға келе қалады. Осы арада көсемсөз туралы айта кету орынды деп ойлаймыз. «Публицистика дегеніміз – саяси-көркем проза, қаламгердің әлеуметтік мәселелерді толғауы» [3, б. 31]. Н. Оразалиннің қазақ елінің қай елге болсын сапары туралы жазған саяси замансөзі тарихи оқулықтардағыдай не болғанын айта салмайды, көркем шығарманың негізгі қағидаларына сүйене отырып толғанады.

Көсемсөзді зерттеуші Б. Жақып журналист шығармаларындағы ақпараттың тақырыбына қарай төрт топқа бөлінетінін көрсетеді: «Бірінші – дескриптивті баяндаушы ақпарат. Екінші – прескриптивті көзқарастық ақпарат. Үшінші – валюативті бағалаушы ақпарат. Төртінші – нормативті іскерлік ақпарат. Яғни мәтінде «Не істеу керек?» деген сұраққа жауап беріледі» [3, б. 26]. Н. Оразалиннің саяси көсемсөзінде осы төрт топтағы айтылғанның бәрі кездеседі. Америка, Италияға барған сапар туралы ақпараттан баяндау, көзқарас, бағалау және «не істеу керек?» деген сұраққа жауап та табылады.

Италиядағы сапарда автор Елбасымыздың тапқыр жауаптары мен шешендігіне риза болады: «Шетелдік әріптестеріміздің бірі: «Президент мырза, Сіз әлденеше ғасырлар бойы бірі мен бірінің сәлемі жараса бермейтін екі түрлі діннің еліне қатар келе жатырсыз. Ол туралы Батыс баспасөзі әр алуан пікір айтуда», – деп сұрақ қойғаны жадымда. Ол: «Мен – көп ұлт өкілдері тұратын елдің Президентімін. Өзім қазақпын. Ал, қазақтар қашаннан – мұсылмандар. Ватиканды құрметтеймін. Ал, Мекке, Мединеге барар алдында қатты толқып жүргенімді жасыра алмаймын» – деген еді [149, б. 204]. Елбасы шындықты

айтқан. Басқа елдерді дініне, ұлтына қарап алаламайтынын ұқтырған. Көсемсөзші Римде жүргенде ескерткіштерге мән береді. Оны елдіктің нышаны, өркениеттіліктің белгісі деп санайды. Бізде де сондай белгілер орнатылса дейді. Кейін «Тәуелсіздік ескерткіші» тәуелсіздіктің бес жылдығына орай Алматы қаласында 1996 жылы 16 желтоқсанда бой көтерді.

«Мекке, Мединеге барғанда автор кеңес өкіметі кезінде қазақ жеріндегі қиратылған мешіттерді еске алады. Тәуелсіздік алғанда бұзылған клубтардың орнына мешіттер салынып, ислам дінінің қайта оралып, елдің дінге бет бұрып жатқанына шүкіршілік етеді. Оразалин мұны «дүние кезек» деп атайды. Философтардың тілімен айтқанда, «терістеуді терістеу» заңдылығы. Мекке, Медине туралы жазба да толғанысқа толы болып келеді. Өйткені, ежелден қазақтар үшін Мекке бару арман болған. Автордың ес білгелі кеңес өкіметінде өмір сүрсе де, қасиетті Мекке туралы әңгімелер құлағында қалыпты. Жетпіс жыл атеизм үстемдік етсе де, дініміздің сілемдері қоламтадағы шоқтай өшпей жатқан екен» [152, б. 203].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасымыздың араб жеріне ресми сапары бір жағынан дипломатиялық қатынас болса, екінші жағынан кіші қажылыққа ұласты. Арабтардың бай ел екенін мұнаймен байланыстыратын автор шешен тілмен сипаттайды: «Екінің бірі – миллионер. Мұнайы кисе – киім, ішсе – ас, жатса – төсек, күлсе – күлкі, мінсе – көлік» [149, б. 214]. Қазақтар бұл сөздерді малға байланысты айтады: «Мінсең – көлік, жесең – тамақ, кисең – киім». Бұл кезде Қазақстанда мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау жұмыстары аса қиындықпен атқарылып жатқандығын да аңғартып кетеді. Көсемсөзшінің есінен туған елінің жағдайы әсте шықпайды. Бір нәрсеге таң қалса да, сүйсінсе де қазақ елінің жағдайы көз алдында көлбеңдеп тұрады.

Араб жұртының бес уақыт намаздарын қаза қылмай, тұрған жерлерінде құлшылықтарын атқаратындарына риза болады: «Сауд Арабиясы жұртының екі түрлі психология мен екі ыңғайлы мәдениетті тел еме отырып, бірде-бір араб өзінің араб екенін, мұсылман екенін естен шығармайтыны дәлел. Оны біз, олардың, ең әуелі, бес уақыт намазын бұзбайтын мінезінен байқадық. Үйде, түзде, базарда, қызметте, көшеде болсын, намаздың уағы келсе, мұсылман пенде тура сол жерде өзінің Алла алдындағы ұлы міндетін атқара бастайды» [149, б. 216]. Әрине, араб жұрты біз секілді жетпіс жыл атеистік қоғам қысымын көрген жоқ. Ш. Уәлиханов айтқандай, қазақтардың сүйегіне әлі ислам діні сіңбей тұрғанда кеңестік өкімет діннен алыстатып жіберді.

Көсемсөзші басқа елге барғанда ешнәрсені көзден таса қалдырмауға тырысады. Мұндағы қабылдаудың АҚШ-тағыдай минут санаған қатаң тәртіп аясында емес, емен-жарқын өткеніне риза болады. Жарты сағаттық қабылдау екі сағатқа созылған. Және мұндай жағдай бірінші рет орын алған екен. Автор Мекке жеріндегі қабылдауда ерекше үш жайтқа назар аударады: «Біріншісі – патшаның қазақ Президентін орнынан тұрып, мәшинеге дейін шығарып салғаны, екіншісі – өз қолының иісі сіңген сүйікті заты – тасбиғын сыйға тартқаны, үшіншісі – Қағбаның түпкі бөлмесі – Алланың үйіне (жөнделіп жатқанына қарамастан), сол сияқты Мединедегі пайғамбардың сүйегі жатқан

қасиетті орынға кіруге жеке өзінің рұқсат еткені. Әсіресе, соңғы екі жағдай аса сирек болатын оқиға көрінеді. Бұл екі қасиетті орынға аяғы тиген қазақ Президенті – бұрынғы КСРО аумағынан кіріп отырған алғашқы адам екен» [149, б. 218]. Осы үш жағдайға қарап Елбасымыздың Сауд Арабиясына жасаған сапарын қорытындылауға болады. Жетпіс жыл бодандық құрсауында болған қазақ еліне араб жұрты әкелік мейірім танытқан секілді. Ең бастысы – араб елінің Қазақстанға болашақтағы бай ел ретінде сенім арта қарауында деп білеміз.

Н. Оразалиннің келесі сапар туралы жазбасы Кореяға арналған. Автор Корей елінің Қазақстанға деген пейілінің дұрыстығын Елбасының беделі мен елдегі саяси тұрақтылықпен байланыстырады. Азғана уақыттың ішінде дамыған елдердің алдыңғы қатарына шыққан Оңтүстік Кореяның бұл жетістігін қазақтың мақалымен түйіндейді: «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». Бұл сапардың маңыздылығы да сонда. Үлгі алып, үйренуге болатын ел туралы жазады. Автордың баса назар аударғаны – корейлердің баласынан кәрісіне дейін еңбекқорлығы, қалаларындағы тазалық, күні кеше оларды кедей ел деп, кейбір мемлекеттердің менсінбегені. Біздің тоқсаныншы жылдардағы қиындықтарымыздан Корей елінің бұрынғы қиындықтары тіптен ауыр болғанын, сондай ауыр кезеңді өз күшімен, өз айласымен, өз ақылымен еңсергені. «Азия жолбарысы» атанған Оңтүстік Кореяның аграрлы елден қысқа мерзім ішінде өндірісі қауырт дамыған елге айналу жолынан үйренуді үндейді. Америка, Канада, Батыс елдерін айта бергенше, шығысымыздағы Кореяны зерттеуімізді ұсынады.

Осы ретте автор Қазақстан экономикасына байланысты бірнеше түйінді пікір білдіреді: 1) біздің қиындығымыз – барын ұқсата алмау, жалқаулық; 2) еңбекті елеусіз қалдырмай, еңбектің құнын көтеру. Бірінші дос – еңбек, екінші дос – ынтымақ. Оразалин Корея жерінде жүріп, халқына сын көзбен қарайды. Жауырды жаба тоқығысы келмейді. Оңтүстік Кореяның қысқа уақытта қарқынды дамуына тағы бір себеп оларда жемқорлықтың болмауында, шеттерінен ұлтжанды болуында деп ойлаймыз.

Осы орайда Б. Жақыптың: «Нағыз публицистикада әлеуметтік-тәрбиелік ықпал жасаудың орасан зор күші бар, өйткені ол оқырманға, көрерменге, тыңдаушыға дұрыс бағыт сілтейді» [3, б. 28], – деуі әбден орынды пікір. Оңтүстік Кореядан үйренетін келесі нәрсе – олардағы өндіріс орындарының демалыс орны секілді тап-таза болып тұратындығы.

Корея сапарын автор толғанысымен қорытындылауға болады: «Тоталитарлық құрылым мен империялық жоспарлау жүйесінен жаңа-жаңа арылып келе жатқан біз секілді Кіндік Азияның әлем үміт артып отырған, жаңадан шаңырақ көтере бастаған жиырмасыншы ғасырдың отау-жұртына Батыспен де, Шығыспен де, Оңтүстікпен де, Солтүстікпен де жан-жақты парасатты, пайымды байланыстарға бару – өркен жаюдың бірден-бір жолы. Бұл орайда Оңтүстік Корея тәжірибесінен көп үйренуге болады» [149, б. 243]. Бұл сапардан кейін 22 жыл өтті. Басқа елдерге қызығып жүрген Қазақстан Астананы тұрғызды. Экономикалық дағдарыстан шықтық. Корея елінен

техника шығарудың озық технологиясын үйрендік. «Өзіңде жоқты өзгеден іздеу, өзің білмегенді өзгеден білу» жұмыр басты пенденің мың жылдардан бері келе жатқан өмір сүру, ғұмыр кешу салты» [149, б. 243]. Дамыған елдерден көп нәрсені үйрендік, әлі де үйреніп жатырмыз.

Н. Оразалиннің бұл сапарлар туралы жазғандарынан түйеріміз: АҚШ аз сөйлеп, көп қимылдауды, салқынқанды болуды үйретті. Рим сапары көне ескерткіштерімен, тас көшелі әдемі қалаларымен әсер етті. Мекке, Медине имандылық пен байлық, тектіліктің үйлесімі ретінде есте қалды. Оңтүстік Корея еңбекқорлық, табандылық пен ұлтжандылықтың үлгісі болды.

«Жол-сапар очерктерінде уақыт пен кеңістік, географиялық ендік пен бойлық айқындала түседі, көрген-білгеннің бәрі мейлінше сарапталады, аса көрнекі объект образдала бастайды» [4, б. 363].

Н. Оразалиннің келесі көсемсөзі – Елбасымен жүргізген үш сұхбаты. Бірінші сұхбат «Уақыт жүктеген аманат бар» деп аталады. Сұхбат 1993 жылы маусым айында алынған. Н.Оразалиннің журналист ретінде қойған ең маңызды сұрағы – ел тәуелсіз болу үшін керек басты шарт – саяси дербестік пен экономикалық дербестік. Осы екеуін ұстап тұру үшін Елбасы біраз келелі пікірлер айтады. Тәуелсіздікке небәрі екі жыл болған уақытта 120-дан астам мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылып, Қазақстанды дүние жүзінің көптеген елдері тани бастаған. Елбасы нарықтық экономика, демократиялық мемлекет деген ұғымдарға түсінік береді. Ұлт болашағын айқындар ең өзекті мәселе – *бірлік пен ынтымақ* екеніне баса назар аударады. Өйткені отар болғанға дейін, патша өкіметіне отар болған кезде, кеңес өкіметі кезінде қазақта алауыздық болғанын, соның кесірінен «бөліп ал да, биле» деген саясаттың оңай жүзеге асқанын еске салады. Сол қателікті қайталамауымыз керектігін баса айтады. Тіпті, қазақтардың жүзге бөлінбей, жауға қарсы күресте тұтастығын сақтағанын еске түсіреді.

Екінші басты нәрсе – көрші елдермен байланыс мәселесі. «Кіммен дос болу, кіммен жақындасу, кімнен өзіңді алысырақ ұстау – ұлтты сақтаудың кепілі» [149, б. 16]. Осы орайда Елбасы Ресеймен жақын болу керектігімізді баса айтады. Баяғы Бұқар жырау айтқандай: «өкпеңменен қабынба, өтіңменен жарылма, орыспенен соғысып». Ә. Кекілбай «Үркер» романында «бірлік» деген мәселені бұрынғы қазақ хандарының ешқайсысы шеше алмай кеткенін айтқан болатын. М. Әуезов «Абай жолында» Құнанбайдың қол астындағы елін бірлікке қалай үйреткенін көрсетті. Ал, Назарбаев бұл мәселені қалай шешті? Тәуелсіздігімізге 25 жыл болды. 1995 жылы құрылған бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделі болып есептелетін Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысымен, «Нұр Отан» партиясы бағдарламасымен 100-ден аса ұлт өкілдерін бір мәмілеге келтіріп ұстап отыр.

Н. Назарбаев өз сұхбатында кеңес өкіметінің күнгейі мен көлеңкелі жақтарын айта келіп, 20-30 жылдардағы аштықты қолдан жасалған геноцид десе, Абай жерін полигонға айналдыруды империялық жүгенсіздік пен зорлық деп атайды. Шетелдерде, Мәскеудегі әр түрлі қоғамдарға, қорларға мүше боп жүргендерге байланысты олардың Отан тағдырына қызмет етер *ауызбірлікті*

естен шығармауларын талап етеді. «Сонда ғана Қазақстан басқаларға сыйлы болады. Сонда ғана басқа ұлттар бізбен санасады. Тіліміз де дамиды. Дініміз де өрлейді. Саясатымызға да қанат бітеді», – дейді [149, б. 20].

Сол кездегі ең келелі экономикалық қиындықтардың бірі – Қазақстандағы *өндіріс орындарының* кеңес өкіметі жоспарына сай тұйықталып, бір-біріне тәуелді болып қалуын түсіндіреді. Мысалы, мыс, көмір шығаратын жерлер оларды өздері өндірмей, басқа Ресей қалаларына жіберетін болған. Кендерді шетелге алып шығатын жолдар болмаған. Елбасы осы мәселелерді шешу жолдарын көрсетеді. Кен шыққан жерінде өндіріліп, дайын өнім ретінде экспортқа шығуы керек.

Сұхбаттағы келесі маңызды мәселе – сол кездегі *ақшаның құнсыздануы,* бағаның шарықтап көкке шапшуы. Кезінде бұл сом деген ақша «қағаз ақша», «сабан ақша» деп аталған болатын. Назарбаев ұлттық валюта енгізгенде көрші елдер секілді тақырға отырып қалмаудың жолдарын көрсетеді. Инфляцияны қалай тоқтатудың амалдарын атайды. Сол кездегі бағаның неге тұрақсыз болғанын, аспанға шарықтау себептерін түсіндіріп береді. Оның жауабы – елде бәсекенің болмауы.

Көсемсөзші *ауыл мәселесін* көтереді. Ауылды қалай тығырықтан шығару керектігіне Елбасы былай жауап береді: «Біз сияқты 35-40 проценті ауылда тұратын, ауыл шаруашылығымен шұғылданатын дүние жүзінде ешқандай мемлекет жоқ. Көп елдерде бұл көлем әрі кеткенде 10 проценттен аспайды. Америкада 4-5 процент қана. Қысқасы, 10 процент халықтың 90 процентін асырайды» [149, б. 33]. Осы арада баяғы кеңес одағынан қалған психологиядан елдің әлі құтыла алмай отырғанын ескертеді. Ол: жайбасарлық, жоспаршылдық, науқаншылдық. Ол кезде бәрі өкіметтің мойнында еді. Халық тек өкіметтің нұсқауын орындап қана отыратын. Сондықтан мұндай жалқаулық психологиясынан арылудың оңай болмағаны белгілі.

Сұхбаттағы келесі сөз болған мәселе – *көші-қон,* шетелден қазақтардың ата жұртына көшіп келу мәселесі. Мұнда да Елбасы қай елден қанша қазақ келгенінен хабардар. Елбасы осы орайда бір ескерту жасайды: шеттен келген қазақтарды кемсітіп, бөлшектенбеу. Мұндай жайттардың болғаны рас. Монғолиядан келген қазақтарды «монғолдар» деп атағаны белгілі. Бұл сырттан келген қазақтарды бөтенсу, сырттату болып шығады. Керісінше, шеттен келген қазақтардың еңбекқор, бір-бір кәсіп иесі, нарықтық заманға епті болатындарын байқадық. Елбасы оралмандардың бір маңызды мәселесін шешіп бергенін айтады. Ол – көшіп келетін қазақтардың бастапқы кезінде малдарын алып өте алмағандығы. Осыған байланысты көшіп келетіндердің өздерімен бірге малдарын алып өтулеріне байланысты келісімдер жасалған. Бұл мәселеде де Елбасының оралмандарға көп көмек жасағанын атауға болады.

Көші-қондағы Назарбаев шешкен тағы бір мәселе – келетіндердің оңтүстікке жабыса бермей, солтүстікке қоныстануы. Оңтүстіктің жері тар, құнары аз екенін, Арқаның кең байтақ даласының құнарлы екенін ескертеді. Бір жағынан, солтүстіктегі қазақ санын көбейту мәселесін де шешкен. Бұл да дұрыс

шешім болғанын қазір аңғарып отырмыз. Жері тар, қазағы көп жерге бәрі ағыла берсе, ешкім оларды тоқтатпаса, не болар еді?

Н. Оразалиннің келесі сұрағы жұрттың бәрінің *коммерцияға* бет бұрып, өндірістің баяулап қалғанына байланысты қойылады. Елбасы нарықтық экономиканы үйрену үшін шетелде бес мыңдай жастардың білім алып жатқанын айтады. Мақсат – көшедегі жабайы сауда емес, білімді, білікті, сауатты бизнеске баулу, Осындай бизнесмендер көп болса, елдің өндірісі мен шаруашылығының өркендейтінін айтады. Қазіргі кезде білімді бизнесмендер де, кәсіпкерлер де жеткілікті.

Елбасы елдегі оппозиция құрғысы келетіндерді сынайды. «Біздің журналистеріміз де кейде Ресейдің журналистеріне еліктеңкіреп кете ме деймін? Түзу жерде шоқырақ жасап, ашық күнде ақ дауыл орнатып жатады. Мәскеудің сайысын Алматыға әкеп қондыруға ұмтылатын ыңғай танытады. Бұл дұрыс емес. Біз бөлісе алмайтын ештеңе жоқ» [149, б. 47].

Елбасы Н.Назарбаев кеңес өкіметі кезіндегі жеке басқа табынушылықтың қайталанғанын қаламайтынын, Президенттік билікті өз ұпайын түгендеуге жұмсамайтынына халқын сендіреді. Және *билікте отырғандарға* мынадай ескерту жасайды: «Төңірегіне қаһары мен зәрін шашып, кішігірім диктатура орнатқысы келетін әкімқаралармен, басшысымақтармен біздің жолымыз қосылмақ емес» [149, б. 48]. Орыс жазушысы Гогольдің «Шинель» деген повесінде «маңызды тұлға» (значительное лицо) деген кейіпкер еске түседі. Ол қол астындағыларының өзінен зәресі ұшып, қорқып тұрғанын қалайтын.

Сұхбаттағы келесі мәселе *өнер* мен *әдебиет* туралы болады. Елбасы әлемдік кеңістікке жаңадан шыға бастаған қазақ жұрты үшін мәдениет пен әдебиет өзін сақтаудың, өткенін қызғыштай қорудың, әдет пен салт-дәстүрлерін өлтіріп алмаудың, ұлтты, халықты ертеңге аманаттаудың бірден-бір жолы деп көрсетеді. Рухани дүние, саяси біліктілік, экономикалық дербестік халықтың болмысын танытар ірі факторлар деп есептейді. Қазақ жазушыларының деңгейі туралы да өз ойын айтып кетеді: «Шынын айту керек, Жазушылар одағына мүше болып келе жатқан 600 жазушының бәрі бірдей дарынды, керемет деп айтуға болмайды ғой. Олардың ішінде асқан дарындылары да, орташалары да, әйтеуір қалам ұстап жүргеніне мәз болып, қара көбейтіп жүргендері де бар. Бізге керегі – шын дарындар. Америка секілді ұлы мемлекетте әдебиеттің ары мен абыройын ту етіп көтеріп келе жатқан нағыз жазушылардың саны бес-алтыдан аспайды» [149, б. 50].

Елбасы нағыз талантты қаламгерлерді мемлекеттің қолдап отыратынын айта келіп, нағыз қаламгер өзін әлемге таныта білуі керек деп түйіндейді. Мәдениет саласында да Елбасы кеңестік кержалқау психологиядан арылу керектігін ескертеді. Қазіргі кезде өнер адамдарына өздері қаржы табуларына мүмкіндік берілген.

Н. Оразалиннің Елбасымен болған алғашқы сұхбатын қорытындылайтын болсақ, 1993 жылы елде шешілмеген экономикалық мәселелер өте көп болатын. Елбасы мемлекеттің қай саласы болмасын, күрмеуі көп мәселелердің жауабын өзі беріп, тығырықтан шығар жолдарды көрсетіп отырған. Бұл сұхбатта

мынадай мәселелердің шешуі айтылды: өндірісті қайта іске қосу, ұлттық валюта, инфляцияны тоқтату жолдары, ауылды өркендету, оралмандарды құнарлы жерге қоныстандыру, оппозиция, нарықтық экономикаға бейімделу, әкім-басшылардың ел басқаруда шектен шықпаулары, көрші елдермен дұрыс қарым-қатынаста болу, әдебиет және өнер мәселесі.

Қазіргі таңда бұл мәселелердің бәрі шешілді деп айтуға болады. Халық кеңестік кездегі жалқаулық психологиясынан арылды. Шағын және орта кәсіпкерлік дамыды. Зауыт-фабрикалар заманауи үлгіде қайта жабдықталды, салынды. Ауыл да тығырықтан шығып, өз өнімдерін саудаға шығаруға бейімделді.

Н. Оразалиннің Елбасымен екінші сұхбаты 1994 жылы қыркүйекте жүргізілген. Сұхбат «Елдің жайы мені қатты мазалайды» деп аталады. Мұндағы басты мәселе – дағдарыстан шығу бағдарламасын іске асыру. Елбасы әр облыстардағы ауылдарды аралап, халықпен сөйлесіп, олардың талап-тілегін, ақыл-кеңесін тыңдаған. Бұрынғы кеңшар, ұжымшар деген атаулардың шаруа қожалықтары, кооперативтер болып өзгергені, жер учаскелерінің үлес ретінде бөлініп берілуі, соның нәтижесінде сол кезде 25 мыңнан астам фермерлік шаруа қожалықтары пайда болғанын дұрыс шешім деп атайды. Елбасы тәжірибе алу үшін Эстония, Литваға барған. Өндіруші кәсіпорындарға акционерлік қоғамдар құруды ұсынған. Кеңес өкіметі кезіндегі қоғамдық меншік салдарынан техникаға деген салғырттықтың болғанын, ал жеке меншік иесі техникаға, жерге өзімдікі деп қарап, өз дүниесіне ұқыппен қарайтынын айтады. Жаңа меншік иелерін жаңа экономикалық қарым-қатынастың басы деп есептейді.

Кеңес өкіметі орнаған кезде, керісінше, жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырған еді. Бұл сұхбаттағы келесі мәселе – Елбасының табысы аз топтарды әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі Жарлығы. Қайырымдылық шараларын өткізу туралы ұсыныс айтқан. Жергілікті әкімдердің кейбіреулерінің өкімет саясатынан, қандай істер атқарып жатқанынан бейхабар екендіктері белгілі болған. Егер олар өздері білмесе, халыққа қалай түсіндіреді? Тарихта мұндай жайттардың болғанын біз Б. Майлиннің әңгімелерінен білеміз.

Президентке қойылған келесі сұрақ – астананың Ақмолаға ауысуы. Осы арада Президент Алматыда салынатын кез-келген құрылыстың Ақмолаға қарағанда үш есе қымбатқа түсетіндігін түсіндіріп береді. Демек, құрылыс жүргізу жағынан Ақмола тиімді және ертең шығыннан гөрі пайдасы көп болады. Осы жерден Президенттің есепшіл, үнемшілдігін, шығын мен пайданы есептеп отыратындығын байқаймыз.

Елбасы өзіне қатысты кейбіреулердің «Назарбаев орысшыл, ұлтшыл, диктатор» дейтіндерге «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп жауап береді. Ата Заңымызда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, орыс тіліне ұлтаралық қатынас тілі деген мәртебенің берілуі басқа ТМД елдерінің ешқайсысында жоқ екенін айтады. Бұл жерде біздің басқа ұлттарға жасаған әділдігіміз көрінеді.

Екінші сұхбаттан шығатын қорытынды – ауыл шаруашылығын жүргізудің түбегейлі өзгеруі. «Еңбегіңді сат та, күніңді көр» деген қағиданың орын алуы, қоғамдық меншіктен жеке меншікке көшу, тозығы жеткен кеңестік психологиядан арылу. Алашқа айбын болған Сәкен, Тұрар, Бейімбет, Ілиястардың жүз жылдық тойларының аталып өтетіндігі, Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде өтетіндігі. Бұл сұхбаттар тәуелсіздігіміздің қандай жолдардан өткендігін паш ететін, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді алақанға салғандай етіп түсіндіріп беретін маңызды еңбек деп есептейміз.

Үшінші сұхбат 1995 жылдың сәуірінде алынған, «Арқа сүйерім – халықтың сенімі мен үміті» деп аталады. Алғашқы сұрақ Елбасыға жүктелер тарихи міндет туралы болады. Елбасы: «Әзірге көпұлтты Қазақстан өркениет әлеміне *ұлтаралық келісім-үйлесімінің* өзгеше үлгісін көрсетіп келеді. Бұл ненің арқасы деп ойлайсыз? Ең әуелі, адамды түрі мен түсіне, тілі мен дініне қарап бөлмейтін өрісті саясаттың өміршеңдігіне байланысты. Өз жерінде өз саны азайғаны үшін қазақ ешқашан ешкімді айыптаған емес», – деп жауап береді [149, б. 105].

Кейбір елдер сияқты, қазақ жерінде тек қазақ ұлты тұруы керек деген сөздерді қазақтар ешқашан айтқан емес. Сондықтан да Елбасы атап кеткендей, тәуелсіз елдер ішінен *отқа оранбай аман отырған елдердің бірі* – Қазақстан. Мұнда айтылатын келесі келелі мәселе – *жердің мемлекет меншігі* болып қалатындығы. Жалға берілетін жерлер ұзақ мерзімге рәсімделсе, үй, учаске, саяжайлардың сатыла беретіндігін айтады. Бұл кездегі экономикалық қиындықтардың бірі – *зейнетақы мен жалақыны мерзімінде төлеу* мәселесі енді ғана реттеліп жатқандығы сөз болады.

Жоғарыдағы сұхбаттарды қорытар болсақ, Елбасы болудың қаншалықты ауыр міндет екеніне көзіміз жетеді. Тоқсаныншы жылдардағы тоқыраудан елді аман алып шығу Елбасына сын болды. Сол кездегі қаншама қиындықтардан шыға алғанымыз Н. Назарбаевтың сұңғыла саясаткер, білгір экономист, қала мен даланың ұңғыл-шұңғылын жақсы білетін, қазақтың мінезін, салт-дәстүрін бойына сіңірген ұлтжанды көшбасшы, әлем алдында беделді болғандығынан деп білеміз. Ақын Оразалиннің өз сөзімен айтқанда, «Алып шығар ғасырдың дауылынан, басшы керек замана кемесіне». Н. Оразалин көсемсөзінің маңыздылығы да осында деп ойлаймыз.

Көсемсөзшінің келесі мақалалары «Тәуелсіздік тағылымы» деп аталады. Солардың бірі «Азаттық кімге керек» мақаласында 1999 жылғы Президенттік сайлау алдындағы Оразалиннің елді дұрыс таңдау жасауға шақыруы. Ақынның осы мақаласының маңыздылығын ғалым Б.Жақып пікірімен түсіндірсек: «Көсем сөздің мақсаты – нақтылы саяси, экономикалық, әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтере отырып, өз кезеңіндегі қоғамдық ойға ықпал ету. Көсем сөздің осы мақсатқа орай қалыптасқан өзгеше стилі болады, оған айтыс рухы, сендіру, иландыру, ұйытуға бағытталған тәсілдер тән, көсем сөздің озық үлгілерінен шешендік сөздердің ізі аңдалатыны да содан» [3, б. 28].

Осы пікірдегі көсемсөзшіге тән қасиеттерді Оразалиннің осы мақаласынан көре аламыз. Мақалада тәуелсіздігіміздің жеті жылында біраз нәрсеге қол жеткізгеніміз айтылады: қысқа мерзім ішінде Батыс, Шығыстың ірі мемлекеттерімен шекараның белгіленуі, қазақ деген елді әлемнің танып-білуі, қазақстандық демократияның орнығуы, экономикалық реформалардың қалыптаса бастауы.

Автор тәуелсіздігіміздің көшін тарихи тұлға – Назарбаев бастау керектігіне сенім білдіреді, халыққа тағдырын кім көрінгеннің қолына ұстата салмай, ел тізгінін Н. Назарбаевқа ұстатуын дұрыс шешім деп есептейді. Тәуелсіздік жүгін басынан бастап арқалап келе жатқан адамды орта жолда ауыстыру ақылға қонбайтын іс болар еді. Қазақтың «өткелде ат ауыстырмайды» деген мақалы осыған келеді. Қазақ елін Н. Назарбаев басқаруы керек деген пікірін автор былай дәлелдейді: «Теміртаудың қатардағы горновойынан өзгелерді тыңдатып қана қоймай, өз сөзімен өзгелерді ұйыта да білер басшылық қызметтердің қалалық, облыстық, республикалық баспалдақтарынан өткен, ел басқарудың кеңестік кезеңдегі құйтырқысы мол мектебінің қатардағы парткомынан Кремльге дейінгі қиын да қиямет жолын мықтап зерттеген, өзге ұлт өкілдерінің де жан дүниесін жүрегімен сезіне білер оң қасиеттері тәуелсіз Қазақстан лидерінің абырой-беделін әлем алдында асқақтата түсті. Оның білімді де білікті, байсалды да байыпты саяси талдаулары мен экономикалық тұжырымдары, ел дамуының кезеңдік қиындықтарынан шығу жолдарын ұсынар концепциялары арғы-бергі Батыс-Шығыс елдерінің назарына ілікті» [149, б. 272].

Н.Оразалин осы сөздерімен қалың жұртты ұйытып, иландырып, сендіргеніне көзіміз жетеді. Кейбір көрші елдерімізде президенттерін елден қуып жіберген жайттар болды емес пе? Біздің Елбасымыз елімен бірге ширек ғасыр, 25 жыл бойы бірге келе жатыр. Өзінің экономикалық реформаларының жемісін көруде.

1997 жылы 1 қазанда қабылданған «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын тарихи мәні зор уақиға деп атайды. Бұл бағдарламаның іске асырылып жатқанына 21 жыл болыпты. Бұл аз уақыт емес. Кеңес өкіметі кезіндегідей «КОКП (КПСС) шешімдерін жүзеге асырайық» дейтін жалаң ұран емес, Қазақстан дамуының жаңа сатысын әлем алдында айғақтайтын айтулы құжат.

Н. Оразалиннің көсемсөзіндегі шешендігіне назар аударсақ: «Тіліңнен ие, Дініңнен кие кеткен, арысыңды асқан, намысыңды басқан сталиндік кезеңнің нәубеті мен зұлматы қалай естен шығады?» [149, б. 277].

«Жоңғардың жұлынын үздік деп, екі ғасыр бойына итжығыс боп, алысып-жұлысып жүріп, ақыры *«темір ноқтадан»* қашқан қазақ даласы *«қайыс ноқтаны»* өз еркімен мойынына ілмеп пе еді?» [149, б. 276]. Бұл мысалдар қаламгердің папилляризм стилистикасын аңғартады.

Түркістанның ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен 1500 жылдық тойына орай толғанып туған ой. Түркістанды тек қазақ емес, жалпы түркі әлемінің тұтастығын танытатын дүние деп есептейді. Түркістанды қазақ ұлты

рухының тұмары деп санайды. «Рух – ол аспанды кезіп жүрген бұлт емес, дала төсін қыдырған жел емес. Рух әкеден балаға тіл, діл, дін тұтастығы мен арман-мұрат тұтастығы арқылы көшіп отырған теңдесі жоқ қазына. Бұл қазынаны сақтау – ұрпаққа сын» [149, б. 281].

Автор қазақ елінің өркениетке қазақша болмысымен қосылғанын қалайды. Осы тұста ойымыз бен санамыздың әлі тәуелсіздікке жете қоймағанын ащы шындық деп есептейді. Бұл арада Оразалин мен Кекілбаев пікірлерінің ұқсастығын байқаймыз. «Түркістан – *адамзат өркениетіне зор үлес қосқан түркі жұртының* түп тамырын анықтар ұлы дәуірлердің бізге, біздің заманымызға аман жеткен қайталанбас көзі. Түркістан – қаһармандықтың, тұтастықтың, парасаттылықтың белгісі» [149, б. 285]. Осындай қымбат құндылықтың қадірін кейінгі ұрпақ бағаласа дейді, Түркістан тағылымы мәңгүрттіктің құрығы мен қармағынан құтқарар қару деп есептейді.

Ұлт және мәдени элитаның орны туралы мақаласындағы негізгі мәселе – тілді, дінді сақтаудағы ұлттық элитаның рөлі. Автор қазақ тілінде сөйлейтін Парламент, Үкімет, Атқару орындары керектігін айтады. Экономикамыз дамығанымен, жаһанданудың тілімізге қауіп төндіріп тұрғанына қынжылады. Зиялы қауымның да беделі кешегі кеңес өкіметі кезіндей еместігін алға тартады. Әлемді ақша билеуге көшкенін, бізде ғана емес, бүкіл әлемде жүріп жатқан жаһандану тудырған өмір сүру үлгісі екенін атап өтеді.

Автор руханиятсыздықтан шығар жолдар деп мыналарды атайды: «Бірінші жол – *Тіл үшін күрес*. Екінші жолы – *Отаншыл ұрпақты тәрбиелеу*. Үшінші жолы – шын мағынасындағы *ұлттық буржуазияны қалыптастыру*, төртінші жолы – жаңа, жас ұрпақтың жанына арашашы болар *көркемдік әлемнің*бекуіне күш алу, бесінші жол – қазақ елін, ғасырлар бойы қалыптасқан *менталитетін* жетілдіре отырып, уақыт ыңғайына қарай шебер *модернизациялау*» [149, б. 293].

Осы мәселелердің бүгінгі жағдайына тоқталар болсақ, Президенттің 2012 жылғы 27 қаңтардағы жолдауында былай айтылған: «Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады.Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр» [153].

Қазір тіл бойынша көп мәселелер шешілді деп айтуға болады. Қай бір жылдары теледидар бағдарламалары «50 де 50» қағидасын ұстанамыз деп, қазақша хабарлар түнгі уақытта көрсетілген кездер болды. Қазір, керісінше, каналдардың көбі қазақша сөйлейді. Ұлттық буржуазия да едәуір қалыптасты. Жас ұрпақтың санасын улайтын неше түрлі фильмдерге қазір тосқауыл қойылды. Жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелейтін көркем, деректі фильмдер қатары көбейіп келеді. Қазақ менталитетін модернизациялау ұсынысын әлі де күн тәртібінен алуға болмайды. Жаһанданумен бірге менталитетіміз сақталып отырса, құба-құп болар еді.

Жаһанданауға байланысты Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш

басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [36], – деп тұжырымдайды.

«Тәуекел мен сабырға суарылған» мақаласы Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев тұлғасына арналған. XX ғасырдағы қазақ елінің жетістіктері мен көрген қиянаттары таразыға салынады. Қазақ халқының төзімділігі, толеранттылықтың қазақша баламасы сабыр екендігі толғаныспен айтады. Назарбаевтың жетпісінші жылдардың басында Теміртауда істеп жүрген кезінде-ақ шешендігімен, тапқыр мінезімен, терең парасатымен, екі тілде бірдей сөйлейтіндігіменжурналистер назарына іліккенін айтады. Кеңес өкіметі ыдырағанда қазақ жұртын тар жол, тайғақ кешуден аман алып шығу Назарбаевтың маңдайына жазылғанын сөз етеді. «Публицистика нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға-фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды» [3, б. 30].

Н. Оразалин көсемсөзші ретінде Н. Назарбаевтың тәуелсіздік жылдардағы атқарған қыруар еңбегі туралы дұрыс ұғым қалыптастырады. Елбасына лидерге тән *харизм* мен тарихи тұлғаларға тән *еуразиялық ойлау жүйесі* тән екенін, мұндай қасиеттердің сирек кездесетінін айтады. Н. Назарбаевтың әлем мойындаған ұлт лидері екенін, ол туралы басқа елдердегі дінбасы, жазушы, ғалым, өнер адамдары, ұстаз, журналистер, өзге кәсіп иелерінің пікір айтып жатқандығын заңды деп есептейді.

Қазақстан туралы замансөзінде Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымға) төрағалық етуін қазақ елінің абыройы мен беделі деп таниды. Бір кездері ел бола аламыз ба, жоқ па деп болашағына күдікпен қарап, экономикалық қиындықтардан өткен Қазақстанның бүгінде алты құрлыққа аты жетіп, танымал болғандығын мақтаныш етеді. Әлемдік деңгейде өтіп отырған Астана Саммитін жаңа тұрпатты мемлекет орнату міндетін жасқанбай мойнына алған Назарбаевтың еңбегі деп есептейді. Қазақ Президентінің өзінің туған елінің ғана емес, көрші елдердің мәселесін шешіп, халықаралық деңгейдегі күрмеуі қиын мәселелерді шешуге қатысып жүрген көрнекті тұлға деп таниды. Оған биылғы жылғы Сирияға қатысты «Астана процесін» атауымызға болады.

«Ізгіліктің ұлы тәрбиешісі» мақаласы «Дінтұтқа» деп аталатын жинаққа байланысты жазылған. «Қазақстанда мемлекеттік негізіміздің сақталуына айрықша қызмет етер *Жер, Тіл, Дін* дейтін киелі үш ұғымның толыққанды өмір сүруін қамтамасыз етуіміз ауадай қажет. Дін – мемлекет тұтастығын қамтамасыз ететін басты құндылық» [193, б. 346]. Автордың бұл сөздері Қазақстанда 2003 жылдан бері өтіп келе жатқан әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне байланысты айтылған. Содан бері әлем

дінбасыларының Астанаға толғанып келіп, ойланып қайтуды әдетке айналдырғанын еліміздің абыройы, Президентіміздің беделі деп санайды.

Жоғарыда айтылған пікірдің жалғасын «Рухани тазару кеңістігі» туралы тақырыбында жазған мақаласынан көреміз. Мұнда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Астанадағы бесінші құрылтайы туралы сөз болады. Осы құрылтайды өткізудегі Елбасымыздың қадамы алты құрлық назарын өзіне аударып, әлемнің түкпір-түкпірінен оң бағалар берілгенін мақтанышпен еске алады. Израйль мен Палестина секілді ел өкілдерінің бір үстел басында отыруларының бір-біріне алакөз елдердің өшпенділігін басуға сеп болғандығы Астана құрылтайының маңыздылығын білдіреді. Бұл құрылтайдан қазақ деген кеңпейіл жұрттың өз мінезін әлемге үйрете бастағанын байқаймыз. Басқа ұлт пен басқа дін өкілдерін жеріне сыйыстырып отырған елдің бұл ізгі ісі басқаларға өнеге болары сөзсіз. Автордың бұл мақаласының идеясы да осы. Қазақстанның көп нәрсеге үлгі, басшы боп отырғанын былай көрсетеді: «Берісі – аймақтық, әрісі әлемдік сипаты бар оқиғалардың тұсында «Бұл мәселе туралы Қазақ Президенті не ойлайды? Қазақстанның ұсыныс, тілегі жоқ па?» деген сұрақ, сауалдардың ауық-ауық бас көтеріп отыруы соның айғағы» [149, б. 360]. Жалпы қаламгер Н. Оразалиннің көсемсөзі көбіне саяси тақырыптарды қозғағаны белгілі. Осы ретте оның ұлттық көсемсөз кеңістігінде саяси көсемсөз түрін дамытты деп айтуға негіз бар деп ойлаймыз.

Н. Оразалиннің тәуелсіздік, елдік туралы мақалаларын қорытындыласақ, егемендік алғаннан бергі жиырма бес жыл ішіндегі тарихын көз алдымыздан өткереміз. Қазақстанның дипломатиялық мақсатпен АҚШ-қа, Италияға, Сауд Арабиясына, Оңтүстік Кореяға сапарларын көзбен көріп, байқағандарын көкейіне түйіп, тәуелсіздігін жаңа алған елге не қажет екенін түсінгенін, дамыған елдердің жақсысын үйренуге үндегеніне көз жеткіземіз. Көрген нәрсені қағазға түсіру үшін де білім қажет. Халықтың санасына әсер ететіндей етіп жазу үшін шеберлік, шешендік керек. Оқырманын сөздерімен ұйыта білер көсемдігін байқадық. «Тағдыршешті» деген өзіндік соны қолданысын байқаймыз.

Шешендігіне мысалдар келтірсек: «беделді халықаралық ұйымның *суыңқырап қалғантамырына «қан жүгіртіп»* [149, б. 337], «ұлтына қызмет ету міндетін де сол әрі *қатыгез, әрі момын, әрі сабырлы, әрі тентек ғасыр* жүрегімізге жүк етіп артқан» [149, б. 339].

Н. Оразалин замансөзін талдай келе, төмендегі көсемсөздік модель қалыптасты (сурет 9).



Сурет 9 – Н. Оразалин замансөзіндегі көсемсөздік модель

Қорыта келгенде, Нұрлан Оразалиннің сұхбат, жол-сапар очерктері жаңа таным кезеңіндегі ұлттық журналистикаға жаңа леп, серпін әкелді, саяси көсемсөздің дамуын ілгерілетті дегіміз келеді.

Н. Оразалиннің көсемсөзіндегі саяси тұрақтылық және экономикалық мәселелердің негізінде саяси-экономикалық сана парадигмасы қалыптасты. Қаламгердің бұл замансөзін саясаттану пәнінен қосымша материал ретінде қолдануға болады.

3.4 Адам және табиғат үйлесімі: натуралистік очерктер, сыршылдық пен суреткерлік

Қазіргі қазақ көсемсөзінде соны көзқарастарымен, тақырыптық және формалық ізденістерімен танылған көсемсөзші – Есенғали Раушанов. Автордың «Құстар – біздің досымыз» кітабын орнитология ғылымымен натуралистік очеркті ұштастырған, танымдық маңызы зор дүние деп айтуға болады. «Құстар – біздің досымыз» кітабының артықшылығы – тек орнитологиялық жағынан бір жақты құстар туралы мәлімет беру емес, мұнда автордың ақындық сыршылдығы мен суреткерлігі, ұлттық дүниетанымы қоса берілгендігінде.

Табиғаттанушы жазушы С. Байхонов сөзімен айтқанда: «Бүгінгі таңда мәселе қазақ жерінің бос орын екендігінде емес, ұрпақ зердесіндегі бос орынға келіп тірелетіні анық» [154, б. 8].

Құстар туралы мәлімет бүкіл ғылымның атасы – Құранда біршама кездеседі. Е. Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» кітабы қазіргі жас ұрпақ зердесіндегі бос орынды толтырары анық.

«Құстар – біздің досымыз» кітабының танымдылық қызметі хақында К. Қамзин: «Журналистиканың өзі – таным құралы, оның жанрлық материалдары таным үдерісінің белгілі бір кезеңі. Кейде фактілер, деректер, цифрлар образдың орнына жүреді, құбылыстың, заттың характерін ашып береді. Табиғат, жан-жануарлар дүниесі сол зерттеу санатынан табылады» [4, б. 366], – деп ғылыми ой сабақтайды.

К. Қамзин өз зерттеуінде И.С. Тургенев, А.И. Куприн, М.М. Пришвин, В. Песков сияқты ресейлік натуралист қаламгерлерді мысалға келтіреді. Жоғарыдағы орыс суреткерлерін салыстыру ретінде атағанымызбен, ұлттық дүниетанымдық ерекшелік жағынан айырмашылықтары болары сөзсіз. Ғалым «Публицистика жанрларының эволюциясы» еңбегінде қазақ қаламгерлерінің арасынан Н. Баяндин, Ж. Елшібек, Қ. Таукеновті атай келе, біздің зерттеу нысанымызға алған көрнекті ақын Есенғали Раушановты қазіргі кезде орнитология саласында өндіріп жазып жүрген жалғыз көсемсөзші ретінде көрсетеді. Біз де бұл пікірге қосыламыз. Оның натуралистік очерктері лиризмге құрылып, ғылыми дәйекке арқа сүйейтінін айта келіп, зерттеулерін натуралистік-эстетикалық очеркке жатқызады. Ақын-публицистің «Тауыс» атты очеркін талдайды.

Қазақстан және әлем құстарының орнитология саласында зерттелуі мына еңбектерден көрінеді: Е. Әуезовтің «Алакөлдің жұмбақ шағаласы», «Қазақстан қорықтары», Н.Н. Березовиковтың «Птицы Маркакольской котловины», И.А. Долгушиннің «Птицы Казахстана», А.А. Винокуровтың «Редкие птицы мира» кітаптары және «Живые сокровища Казахстана» кітабы. Ресейде «Русский орнитологический экспресс-журнал» шығады.

К. Қамзин «Құстар – біздің досымыз» кітабының тақырыптық-идеялық ерекшелігін былай талдайды: «Е. Раушановтың қай орнитологиялық шығармасын алсаңыз да, ол міндетті түрде тарихи рәуаяттармен, аңыз-әңгімелермен көркемделеді, қоғам мен адам мәдениеті сатысы биігінен, тіпті шығармашылық тұлғаға тете, әсер беруші рух ретінде қарастырылады. Ол жазушының өзіндік стилі болғанымен, оны бұл жолға салып отырған – тақырыптың өзі, ерекше саналылық, сөз етіп отырған объектісінің қасиеті. Дарынды публицист жасампаз да талантты табиғаттың сырын ұққысы келеді» [4, б. 370].

Зерттеуші Н. Ақыш құстар тақырыбының қазақ көсемсөзінде аз зерттеліп жүргенін атап өтеді: «Тәуелсіз ел көсемсөзінің күн тәртібінде тұрған өзекті тақырыптардың бірі – экология мен табиғатты қорғау, соған орай қазақи салт-дәстүрді де қалпына келтіру мәселелері. Бірақ бұл салада індете жазып, өндіре еңбек етіп жүрген қаламгерлеріміз жетерлік деп ауыз толтырып айтуға әлі ертерек» [16, б. 564].

Ғалым Н. Ақыш бұл еңбегінде М. Юсуповтың «Табиғат тағылымы», Ж. Бабалықұлының «Қырандар», С. Көшімбаевтың «Қолына құс қондырған адам» сияқты этнографиялық очерктерін атайды.

Құстар әлемі – ұлттық көсемсөздегі тың тақырып. Е. Раушановтың құстар туралы натуралистік очеркі көсемсөзге соны жаңалық әкелді деп айтуға болады. Құстар әдеби образ ретінде бар екендігі белгілі. Бірақ құстар туралы арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Көсемсөзшінің «Құстар – біздің досымыз» атты еңбегі 2007 жылы «Жазушы» баспасынан кітап болып басылып шықты. Жинақ мынадай жиырма жеті тақырыптардан тұрады: «Аққу», «Ақсұңқар, неге қонбайсың?», «Қарлығаш», «Ұлар», «Тырау-тырау тырналар», «Бірқазан», «Дуадақ», «Дегелек», «Бөдене», «Байғыз ба, байғұс па?», «Зейнептің ертегісі», «Келеді қараторғай», «Құралай», «Сушылқара», «Зымыран деген құс бар», «Әупілдек», «Құрқылтайдың ұясы», «Сарышымшық», «Саңырау құр», «Қырғауыл», «Бәбісек», «Қайшыауыз», «Қарасайрақ», «Бұлбұл», «Бақытты өмір», «Левитан неге құстардың суретін салмаған?», «Құстар қайтып барады».

Ақын кітаптың беташарын құс төресі – аққудан бастайды. Көсемсөзші мақаласында тек аққудың түрлеріне, ерекшелігіне ғана тоқталмаған. Аққуды ұлттық танымменен, пайыммен келістіре зерделеген ақын, мақаласын бастан-аяқ әңгіме, хикаяға құрмаған, деректерге, тарихи, ғылыми, әдеби мәліметтерге ден қойған.

Бұл іспетті натуралистік очерктер бүгінгі күні қоғамда зәрулік тудырып отырғандығы белгілі. Өйткені, дүниетаным көкжиегіңді кеңейтуі өз алдына, эстетикалық, тәрбие, тәлім жағынан құнды болмақ. Пікіріміз дәлелді болу үшін мынадай ерекшеліктеріне назар аударайық:

1. Жер, мекен туралы ақпарат келтіреді;
2. Фактілерге жүгінеді;
3. Ұлттық, әлем тарихы мен әдебиетінен мысалдар көп келтіреді;
4. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялауға үндейді.
5. Авторлық ұстанымын алға тартады.

Енді жоғарыдағы ерекшеліктерге арнайы тоқталғанды жөн көрдік. Бірінші ерекшелігіне, жер, мекен туралы ақпарат келтіреді дедік. Мысалы, «Аққудың алты түрі бар, оның бесеуі Солтүстік жартышарды мекендесе, біреуі ит арқасы қияннан да әрі экватордың арғы бетін қоныс етеді. Біздің жерімізді қыстайтын екеуі – сыбырлақ және сұңқылдақ аққулар», – дейді ғалымдар. Соңғы кезде бұларға Тундрада жүретін қаздан үлкен, аққудан кішірек ақ құсты да қосып жүр [59, б. 5].

Екінші ерекшелігі – фактілердің бой көрсетуі. Мысалы, «Аққулар 30-40 жыл жасайды. 1887 жылы Британия аралдарының бірінде 1771 жылы сақиналанған бір сыбырлақ аққу ұсталған, 116 жыл! Салмағы 15-20 килограммға жетіп, қанат қарымы 2 метрге дейін өседі. Жылы жаққа қайтқанда олар өздері сайлап алған топ бастаушы көсемге еріп 8,500-9000 метр биіктікке дейін көтеріліп, сағатына 95-100 километр жылдамдықпен ұшады. Атақты Гималайдан қанаты талмай ұшып өтетін азғана құстың бірі – аққу. 3-9

жұмыртқа табады. 38-40 кейде 45 күнде балапан өргізеді. Ұясының ені 2 метрге дейін жетеді» [59, б. 9].

Үшіншісі, қазақ халық әндерінен мағлұмат беруімен ерекшеленеді. Тағы бір ескеретін елеулі жайт, мұндай зерттеу бір «Аққудың» айналасында ғана өрбіп отыр. Ал қалғандары ше? Демек, көріп отырғанымыздай, көсемсөзшінің тынымсыз еңбегімен қатар ой қуатының пәрменділігін де бағамдаймыз.

Ақын Каспийдің атауын Аққу теңізі деп өзгертуді ұсынады. Біздің елімізде аққудың алты түрінің екеуі – сыбырлақ және сұңқылдақ аққулар мекендейтінін айтады. Латын әліпбиіндегі S әрпінің шығу төркіні осы аққудың мойнына байланысты болса керек. Сондай-ақ бұрынғы заманда әйелдер қасына сүрме жағуды, ерінді қызылмен бояуды, бетті опалуды осы аққудан үйренген деген пікірлер де баршылық. Демек, көсемсөзшінің өз сөзімен айтқанда «Адам баласы қай заманда да табиғатқа табынып келген» [59, б. 5].

Жер шарындағы аққулы мекендердің бірі Ақтау қаласы белгілегендігі туралы мәлімет береді. Көсемсөзші аққу туралы қызық деректер келтіреді. Мысалы, аққудың балапаны көгілдір, сұрғылт болатындығы, жыртқыш құстардың ешқайсысы аққудың балапанына тимейтіндігі.

Қазақ құсбегілері ешқашан аққуға құс салмайды, қай жағынан болмасын болмысы ерекше бұл құс туралы автор: «аналық аққуды атасы ұзатады екен де, аталық аққуды анасы әкеліп қосады екен. Кәдімгі құда түсіп, қыз ұзатқандай салтанат-мереке»[59, б. 10].

Аққу көркемдігімен қатар киелі құс бола тұра, қиянат жасаушылардың барлығына автор қынжылады. Осы ретте ақын мынадай деректерді келтіреді: «1893 жылы Ақмола облысында өткен Константин жәрмеңкесінде 450 аққудың терісі, 1894 жылы болса 1600 аққу терісі саудаға түсіп сатылған» [59, б. 11].

Екінші бір дұшпаны ретінде бақсы, балгерлерді атайды. Қытайлар аққудың өтін медицинада қолданады. Түркілер үшін аққудың әуелден киелі құс боп саналатынын айтады. Автор адамдардың қатыгездігін сынайды. Табиғаттың бөлшегі болып табылатын құс атаулыға қолдан қиянат жасамау керектігін ұғындырады. Қазақ халқының ұғымында да аққу – киелі құс. М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», С. Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» дастандары осыған дәлел.

Көсемсөзші осындай деректерді кезекпен түрлендіре отырып, қызықты аңыз, әңгімелерге де орын береді. Е. Раушановтың деректері барынша көркем, әдеби бағытта өрбіп отырады, ғылыммен де тығыз байланыстырады.

«Ақсұңқар, неге қонбайсың...» очеркінде ақсұңқарды сұлу құсқа жатқызады. Сұңқардың алпысқа жуық түрі бар екен. Қазақ өлеңдерінде жалпы құстарға қатысты әртүрлі, қарама-қайшылық бар екендігін жазады. Бірақ «мақтауы мен даттауы алма-кезек алшылы-шік түсіп жататын халық ауыз әдебиетінің өзінде ақсұңқар туралы бірде-бір жаман сөз айтылмайды» [59, б. 20].

Ақсұңқардың бағалы құс екендігін қазақ халық әндерінде де жиі айтылатынын сөз етеді. М. Жұмабаевтың «Ақсұңқар құс» деген әнінің мәтінінде мін жоқ екенін, І. Жансүгіровтің 1927 жылы «Қазақ күйлері

жиналсын» деген мақаласындағы Кенесарының көкбалағын автор ақсұңқар болуы мүмкін деген болжам жасайды. Сол сияқты «Құдіреттің құсы» атты күйдің де жоғалғанын ескертеді. Бұдан аңғаратынымыз – көсемсөзші қазақ өнерінің, оның ішінде ән, күйді мұрағаттардан тауып, зерттеуді қолға алуды көтереді. Демек, ақын қоғамдағы мәселелерді алға тартып отырады.

Ақсұңқар құстың бағалы болғаны соншалық, XVI ғасырда бай мен бай құдай болса, жасау-жабдықтың ішінде ақсұңқар құс жүретін болған. Орыс халқы бұл құсқа аса мән берген. Ақсұңқар мен қарға екеуін жер мен көктей айырмашылық барлығына айтады, ақсұңқардың жоқтығына назаланады.

«Ақсұңқарды іздеу, шын мәнінде, жоқты іздеу болар, бәлкім. Мысалы, самұрық құс дейміз. Қадірлеп, қастерлеп өлең жазып, ән шығарамыз, мемлекеттік рәміздерге суретін саламыз. Шындығында ондай құс жоқ. Біздің ақсұңқар да сондай қиялдан туған құс емес пе екен? Жоқ! Ақсұңқар бар. Бақытсыздыққа қарай, оның қазақ даласынан баз кешіп, өзге жаққа ауып кеткеніне көп болды. Соңғы онжылдықта оны ешкім көрмепті. Шынын айтсақ, ол біздің жерге бұрын да көп келмеген. Мүмкін, қазақтың ноқтаға басы сыймаған баяғы арда кезінде, асқақ кезінде көп болса болған шығар, кейінгі ғасырларда сирек көрінетіні шындық. Ащы шындық» [59, б. 24].

Бұдан түйетініміз, көсемсөзші құстардан адамдар бейнесін іздейді. Адамның болмысын, мінез-құлқын, тіршілік салтанатын құстармен салыстырады.

Қаламгер қоғамның қазіргі сипатын былайша ашық көрсетеді: «Біз арамға етіміз үйренгені сонша, тіпті жиіркенбейтін боп алған секілдіміз» [59, б. 25].

Е. Раушанов стиліне тән бір ерекшелік, сөз соңында ойын сұрақ тастау арқылы қорытуында дер едік. Мысалы, «Біздің қабырғамызға бататыны қай жерде жүретіні емес, біздің жерде неге жоғы. Неге бізде ақсұңқар жоқ?» [59, б. 25]. Демек, ақын ақсұңқар тәрізді асыл, текті адамдардың сиреп бара жатқандығын меңзейді.

«Қарлығаш» мақаласында қазақ жеріндегі құстардың қандай жерлерде кездесетінін былай суреттейді: «Шығыстан батысқа қарай мың шақырымнан астамға созылатын осынау ұлы көштің өне бойында не жоқ – жалаңаш жартас, құз, қойтас, асау өзен, айдын көл, жыныс орман, жынды жел, салқын қолат, сарыжайлау, тандыр желін қу тақыр, орғыл-орғыл шағыл құм – бәрі де кездеседі. Осының бәрі – қазақтың жері, осының бәрі – сіз бен біздің ертеңге ұрпаққа қалдырар аманатымыз» [59, б. 27]. Қазақ жерінің байлығы, бүкіл әлемдегі ландшафттың қазақ жерінде кездесетіндігі, ең бастысы осы байлықты келер ұрпаққа аман жеткізуіміз керек деген ойды айтады.

Қазақ жерінің географиялық ерекшелігін суреттеуде ақындық тілді бірден байқаймыз – ерекше эпитеттер соның дәлелі. Мысалы, «жынды жел», «тандыр желін қу тақыр», «орғыл-орғыл шағыл құм». Желді жынды деп, қу тақырды тандыр желін деп ешқандай ақын-жазушы атамаған.

Мақалада қарлығаштың өзіне тән бірнеше ерекшеліктеріне тоқталған. Біріншіден, оның жылдамдығына, екіншіден, әлемнің орнитологиялық бекеттері арасында қарлығашпен еліміздің аты екі рет шығуы, үшіншіден,

адамға ең жақын құс, төртіншіден, қарлығаш – жақсылықтың символы, бесіншіден, нағыз тату отбасы болудың үлгісі, алтыншыдан, таза құс, яғни оба, тырысқақ, шешек, безгек сияқты жұқпалы аурулар таралған жерге келмейді. Адам баласы үй салуды қарлығыштан үйренген. Жетіншіден, қазақ қыздарында Қарлығаш есімінің көп кездесуі. Басқа ұлтта бұл құспен байланысты есім жоқ. Сондықтан қарлығаш пен қазақ ұлтының арасындағы байланыстың ұлттық тұрғыдағы ерекшелігін байқаймыз.

Көсемсөзші осындай ерекшеліктерді аша отырып, елімізге, әсіресе оңтүстік аймақтарға қарлығаштың аз келетінін айтады. Оған алдымен экология, екіншіден, адамдардың қатыгездігі себеп болып отыр деген тұжырым жасайды.

Көсемсөзші қарлығаштың бейнесін адамның жеке басты психологиялық күйімен байланыстырады. Жалпы, бүкіл дерек, мәлімет қазақтың қара өлеңінде, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде жатыр деген ойын да аңғарамыз.

«Ұлар» мақаласында ұлардың биік таулы жерлерде жүретінін, торға түссе дереу өліп қалатынын, сол себепті әлемнің бірде-бір зоопаркінде ұлардың болмайтынын, қолға үйренбейтінін айтады.

«Қазақстан қорықтары» кітабында ұлардың қорғауға жататын құс екендігі, таудың альпі белдеуінде жүретіні айтылады. «Ұлардың жүретін жерінде басқа құстарды кездестіру қиын» [155, б. 230], – десе, Е. Раушанов: «Тазалық дегеннен шығады, ұлар жүрген жерге қарға, құзғын, сауысқан жоламайды екен» [59, б . 27], – деп, өзінің ақындық позициясын аңғартып, ақындық көзімен қарайды. Өйткені, қазақ әдебиетінде қарға, құзғын, сауысқандар ұнамсыз бейне ретінде әлдеқашан қалыптасқан. Осы жерде құстарды орнитологиялық жағынан сипаттау мен көсемсөз жанрында сипаттаудың айырмасын көреміз.

Ақын көсемсөзші ұлардың жоғарыдағы ерекше қасиеттерін айта келе тағы да өзінің ақындық көзқарасын былай білдіреді: «Ұлар – кешегі жүген-құрық тимеген арда қазақтың бізді тастап аспан жаққа көшіп кеткен рухы емес пе екен?

Мәңгі-бақи аппақ адалдықтың, асқақ сұлулықтың, тәкаппар биіктіктің өлшеміндей сеңгір таулардың басында жүретін пәк құс күнahар, қапас жердің тыныс-тіршілігіне шыдай алмайды екен. Иә, Жер – біздің яки күнahар пенделердің мекені, ал аспан болса періштелер мен құстарға ғана лайық.

Құрмет пен даңқ құстарға!!!» [59, б. 39].

Көсемсөзші үшін құстар – тазалықтың, еркіндіктің, бекзаттылықтың, асылдықтың символы. Раушановтың поэзиясында, көсемсөзінде құстардың ерекше орын алатындығы осыған байланысты. Ең биік жаратылыс – адамның өзі құстар құрлы бола алмай жүрміз деген астарлы ой аңғарылады.

«Қазақстан қорықтары» кітабында: «Тағы бір қызығы – қыс айларында тау беткейлерін жайылым еткенде, көбіне ұлар таутекенің соңынан еріп отырады. Өйткені қар қалың түскен жылдары таутекелер тебіндеп жайылып, қыраттар беткейіндегі қарды тазартып, қанаттылардың жейтін азығын оңайырақ тауып жеуге көмектеседі» [155, б. 235], – деп мәлімет берсе, бұл жайлы Е. Раушанов тағы да ақындық қасиетін, сыршылдығын білдіреді: «Ол көбінесе тәкаппар таутеке, айшық мүйіз арқарлармен бірге жайылады. Арқар өзі үшін ғана емес,

ұлар үшін де тебіндеп, қар астынан қорек табады дейді. Текті мен текті бір жүрсе қандай жарасымды» [59, б. 40]. Өз тұжырымын қысқа сөйлеммен қайырып айтуынан Е. Раушановқа тән «капиллярлық стилистиканың» бір қырын көреміз.

Қазақ тек деген ұғымға әуелденмән берген. Адамнан бастап, басқа жаратылыстың барлығын текті мен тексізге бөліп қарайды.

«Тырау-тырау тырналар» мақаласында қазақ халқының қайтып бара жатқан тырнаның даусынан «Қайғы бар қайтқан құстың дауысында» деп әнге қосатынын былай түсіндіреді: «табиғаттың жырсыз кезі, әнсіз маусымы, сәнсіз шағы әсте болмайды. Көшпенді ел соны жақсы білген. Әрі кетсе, бие сауым уақытта, әсерлеп айтсақ, қас қағымда тыраулап ұшып көзден ғайып болатын тырнаның әнінен мәңгілікке парапар мән табу ұылылық емей, немене?!» [59, б. 52]. Қазақтың дүниені, табиғатты танудағы философиясын танытады.

Кітапта әр құсқа қатысты қазақ және әлем ертегі-аңыздары беріліп отыратындықтан, тырнаға байланысты келтірілген жапон ертегісін: «Шынында, адам баласының сертте тұрмайтыны неге екен осы?» деп түйіндейді [59, б. 63]. Әр құсты сөз еткенде олар туралы аңыз-ертегілерді адамның жаман, жақсы қасиеттерімен байланыстырыпотырады.

«Байғыз ба, байғұс па»мақаласында ауыл тұрғындарына жақсы таныс байғыз туралы хикаяны Дәуіт пайғамбардың ұлы Сүлейменмен байланысты келтіреді. Сүлейменнің әйелінің кесірінен бүкіл құс қырыла жаздайды. Құстарды байғыз ақылымен құтқарады. Бұл әңгімеден әйел затының кейде дүниеқұмарлығының кесірі бүкіл әлемге, жаратылысқа зияны тиеді деген түйін шығады.

Байғыз туралы әлем елдерінің әр түрлі түсініктеріне шолу жасайды. Қазақтың өзінде байғыз туралы екі түрлі аңызға тоқталады. Сол аңызға өз көзқарасын былай білдіреді: «Қорған боп жүрсекші, қорғансыздарға» [59, б. 63].

Байғыздың мейірбан, байқағыш құс екендігіне деректі әңгіме келтіреді. Бұл әңгіме бойынша ұлардың қарақұстардың шабуылынан аман қалуына байғыз себепкер болады.

Автор байғыздың орманда кездесіп қалса, қашып кетпей, адамға иіліп сәлем беретін мінезі бар екенін әңгімелейді. Байғыздың бұл мінезі – басқа құстарда кездесе бермейтін ерекше қасиет. Автор осы әңгімелері арқылы байғыз туралы жұрттың теріс түсінігін сейілтеді. Байғыздың біз білмейтін жақтарын ашып береді. Осыдан Е. Раушанов очеркінің танымдық-тәрбиелік маңызы танылады.

Көсемсөзшінің «Түркия құстары» мақаласы 2009 жылы «Жас қазақ» газетінде шықты. Автордың Түркия, Англия құстарын зерттеуінен шығармашылық «менінің» әлемдік ақпараттық кеңістікпен үйлескеніне көзіміз жетеді. Басқа түркі халқы болсын, батыс елдері болсын, олардың құстарға деген қарым-қатынасын зерттейді.

«Құс туралы жыры, әні, күйі, аңызы көп халық екеу болса, бірі – түріктер», – дейді [156, б. 10]. Бұл мысалдан түріктердің құстарға деген айрықша жақындығын көреміз. Ол елде құстарға арнап салынған құс үйі болады.


Түркиядағы дегелек, бізде ләйлек деп аталатынқұсты 19 ғасырда гректердің аямай қырып тастағаны туралы мәлімет келтіреді. Гректердің бұл құсты қыруын былай түсіндіреді: «Бұл – бізді ата қонысымыздан айырған түріктер ұнататын құс деп танып, ерте заманнан бері кездескен жерде атып тастайды екен. Ұясын үйдің төбесінен жерге сүйреп түсіріп, өртейтін болған» [156, б. 10].

Грек халқы осылай түріктерде кеткен өшін жазықсыз дегелектерден алған көрінеді. Оларда обал деген ұғым болмаса керек.

Түркиядағы кәлейнак деген құс, қазақша мағынасы – «таз құтан», тек обал болады деп түркілік түсінікті ұстанатын Урфа ауылдарында ғана сақталып қалған. Бұл құстың еті дәмді болғандықтан, европалықтар жеп бітірген екен. Әлемде әр түрлі себептермен осылай құрып кеткен құстар көп шығар. Көсемсөзші адамзаттың кейде осылай қатыгез болатындығын айтқысы келген.

Е. Раушановтың «Жас Алаш» газетіне 2011 жылы шыққан «Birdland немесе Англия құстары» мақаласында 1889 жылы Англияда құстарды қорғау қоғамы құрылғандығын, оған мол қаржы бөлініп, мыңдаған адамның қызмет ететінін мәлімдейді. Birdland – құс әлемі. Англияның бір қаласындағы көл осылай аталады. Мұнда бүкіл әлемдегі құстар бар. «Көлденең жүртты таң қалдыратыны – осындай парктердің қай-қайсысы да патшайымның тікелей қамқорлығында. Ханзадалар мен ханшайымдардың ылғи да бақылауында. Мемлекеттік дәрежеде бағып-күтілуінде» [157, б. 4]. Біздің елімізде де осындай қоғам құрылып жатса, экологиялық мәселеміздің біреуінің шешілуіне септігі тиер еді.

Е. Раушанов замансөзін талдай келе, төмендегі көсемсөздік модель қалыптасты (сурет 10).



Сурет 10 – Е. Раушанов замансөзіндегі көсемсөздік модель

Е. Раушановтың «Құстар – біздің досымыз» натуралистік очеркін қорытындылағанда мынадай ерекшеліктері байқалады:

1. Е. Раушановтың очеркі орнитологиялық бола тұра проблемалық очерк түрін де қамтиды. Сонымен қатар, түрлі құбылыстар мен адам іс-әрекетінің құпия тұстарын зерттеуге бағытталған әңгімелерге негізделген очерктің зерттеу түрінің де элементтері ұшырасады.

2. Зерттеу, талдау, оқиға логикалық тізбекпен суреттеледі.

3. Құс ерекшелігін аша отырып, қоғамдағы мәселелерді көрсетеді.

4. Құстарды қазақ әндерімен, ертегілерімен, дүниепайымымен байланыста алып қарайды.

5. Құстар бейнесінен сұлулық, киелілік, тазалық, тектілік, еркіндік символын көреді.

6. Құстарға қатысты аңыз-ертегілерден адамдардың жақсы-жаман мінездерін көріп отырады.

Есенғали Раушановтың құстар тақырыбындағы натуралистік очеркінің қазақ орнитологиясына қосылған құнды еңбек екенін нақты мысалдармен дәлелденіп, ғылыми тұжырымдармен болжамдар жасалды. Ақын Е.Раушанов алғаш рет ұлттық көсемсөздегі құстар әлемін деректермен, ғылыми дәйектермен қатар сыршылдықпен, суреткер көзімен зерделеген көсемсөзші.

Қазақ көсемсөзінде құстар туралы очерктің Шоқан Уәлихановтың «Жоңғария очерктерінен» бастау алатынын айтқымыз келеді. Қазіргі кезде Е. Раушанов очеркінен басқа бұл жанрда жазылған еңбектің жоқтығы және алғаш рет англия, түркия құстары тақырыбын қарастырғанымен құнды деп білеміз. Сондай-ақ, Е. Раушанов көсемсөзі ұлттық журналистикада экологиялық көзқарас парадигмасы биігінен орын алады деп топшылаймыз. Қаламгердің натуралистік очеркі пәнаралық байланыс ретінде экология, орнитология салаларымен ұштасады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің зерттеуімізге арқау болған сегіз қаламгер-журналист – сегіз түрлі әлем, әрқайсысының өзіндік мінезі, стилі, жазу мәнері бар зияткер тұлғалар. Әрқайсысы өзіне жарасар, кейде планетарлық, кейде локальдық дүниетанымымен ақпарат кеңістігіне шығады. Біз осы сегіз қырлы әлемнің өзіндік тылсымы мен тіршілігін бір ғылыми сыр айналасына жинақтауға тырыстық. Ол қандай сыр? Біріншіден, біздің зерттеуімізге арқау болған қаламгерлердің басын біріктіретін ортақ тренд. Біздіңше, бұл бағыт-бағдар тәуелсіздік концепциясынан тарамдалған әртүрлі пікірлер мен ұстанымдардың бір арнада тоғысуы. Мысалы, Ә. Кекілбайдың ғылыми көсемсөзінде тарих, тәуелсіздік, тіл, ел мен жер философиясы, М. Мағауиннің эгоцентристік замансөзінде тарих, қоғам, руханият, ұлттық сана, М. Қабанбайдың талдамалы көсемсөзінде әлеуметтік, мәдени, саяси-экономикалық мәселелер, Д. Әшімханның журналистік шығармашылығындағы әлеумет, қоғам, ұлттық мінез-құлық қырлары, О. Сәрсенбаевтың теологиялық уәздегі көсемсөзіндегі ислам философиясы, С. Иманасовтың авторлық толғаныстарындағы замандастары мен қаламдастарының туындыгерлік портреттері, Н. Оразалиннің сұхбат, жол-сапар очерктеріндегі саяси-экономикалық астарлы ағымдар, Е. Раушановтың натуралистік көсемсөзіндегі орнитология, адам мен табиғат үндестігі. Міне, осы алуан түрлі, сан қилы тақырыптар мен проблемалар үйлесімі ұлттық замансөздің кескін-келбетін, алапат толқынын, байыпты ағысын аңғартса керек.

Екіншіден, жас мөлшері де, таным талабы да әр қилы осынау қазақ көсемсөзшілерінің өзіндік қолтаңбалары, әдіс-амалдары кешегі күн мен бүгінгі заманды жалғастырып жатқан сәулеті бөлек алтын көпір іспеттес. Осы архитектуралық өткел бір есептен тарихи меже болса, екінші жағынан көркемдік қоғам мен ақпараттық қоғамды сабақтастырар, жарастырар жанды құрылым.

Үшіншіден, зиялы жұртшылыққа аттары мәлім осы публицистердің қазақы сөз энергетикасы ноосфесаралық санаға қол созып жатыр. Басқаша айтқанда, ұлттық сөз өнеріміздің мәдениеті әлемдік эстетикалық ортадан өзіне тиесілі орын сайлады. Ол, әрине, заманалы технология және техникалық құралдардың көмегімен де жүзеге асырылуда.

Төртіншіден, жоғарыда аты аталған авторлардың сөз пәрмені атом реакторында жинақталған жойқын күш-қуаттың көрінісі іспеттес. Яғни, сол атом станцияларынан тараған баспасөз сәулесі аудитория ажарына әсерлі жарығын түсіреді, қайтарымды байланысты күшейтеді. Сөйтіп, көркем публицистика халық алдындағы мәдени-ағартушылық функциясын орындаса, жұртшылық өз пейіл-ықыласы, талап-тілегі арқылы қазіргі масс-медианың тақырып аясын, қамтыр ауқымын ұлғайта түседі.

Нақтылай айтсақ, зерттеу жұмысымызды қазіргі ұлттық көсемсөз кеңістігі қисынын байыптаудан бастадық, оның қалыптасқан іргетасына сүйене отырып, үдерістік болмысы мен қолданбалық өрісін анықтадық.

Жоғарыда аталған тенденциялар мен заңдылықтарға иек арта отырып, тәуелсіздік кезеңіндегі ақын-жазушылардың жанрлық мәтіндеріндегі парадигмалық ерекшеліктерін былай жіктедік: зияткерлік (Ә. Кекілбай); руханият, ұлттық сана (М. Мағауин); мәдени, саяси-әлеуметтік (М. Қабанбай); ұлттық мінез-құлық (Д. Әшімхан); ислам философиясы (О. Сәрсенбаев); тұлғатанымдық (С. Иманасов); саяси-экономикалық сана (Н. Оразалин); экологиялық көзқарас (Е. Раушанов).

Қазақ көсемсөзі кеңістігінің жаңа ұғымдармен толыққанын рисала, эссе, тарихнамалық эссе, реалды дүние аясындағы проблемалық очерк, планетарлық сипаттағы натуралистік очерк, тәуелсіз тағылым кезеңіндегі жолсапар очеркі, субъективизм сарынындағы естеліктер, жайылма сұхбат, деректі-зерттемелік мақала жанрлық мәтіндері арқылы дәйектедік.

Ұлттық көсемсөз ауқымы және публицистердің жанрлық мәтіндеріндегі өткен мен бүгін бірлігінің траекторияларын қажеттілік теориясы тұрғысынан қарастырдық. Очерк жанрының пішіндік және мазмұндық жағынан едәуір өзгеріске ұшырағанын тиянақтадық. Тәуелсіз ой ағымына жол ашылған мезетте журналистика арсеналында эссе жанрының әлденеше түрі өсіп-өнгенін, рисала жанрының қазақ топырағына әбден сіңіскенін жүйеледік.

«Мәңгілік ел» идеясы және бүкіл түркілік ынтымақтастық бағыттары – ұлттың зияткерлік, рухани, мәдени, әдеби, саяси-экономикалық, халықаралық қарым-қатынастың жаңа тұрпаттағы қозғаушы күші екендігін айқындадық.

«Мәңгілік Ел» және бүкіл түркілік ынтымақтастық идеясын іске асыру үшін қазақ көсемсөзшілері пікірлерін таразыладық. Мысалы, М. Мағауинде – қазақ тарихының терең қойнауларындағы түркілік ішкі ағым, Ә. Кекілбайда – білім, ғылымды дамытудағы ортақ ұйғарым, М. Қабанбайда – саяси мәдениетті қалыптастыру, әлеуметті реттеудегі ділдік ұқсастықтар, О. Сәрсенбаевта – ислам философиясы ұстанымдары, Н. Оразалинде – адамзат дүниесін өркендетуші фактор – әдебиет, Е. Раушановта құстар миграциясы категорияларына баса назар аударылды.

Ә. Кекілбай лексикасында креативті байламдар анық байқалды. Әлемдік тарихи құбылыстарға берген бағаларында өзіне тән концепциялар бедерлене түсті. Көсемсөзшінің ұстанымдары тарих, саясаттану, география, этнология, мәдениеттану салаларымен пәнаралық байланыс ретінде қабысатыны, қолданбалық сипат алатыны анық байқалды. Жаңа дәуірдің үдерістік динамикасында тіл және тәуелсіздік проблемасының авторлық философияға айналуы Ә. Кекілбай көсемсөзінің брендтік сипатын аша түсті.

М. Мағауин жеке пікірді жалпы пікірмен жарасымды үйлестірді. Қоғамға қажет зәру тақырыптарды батыл, именбей көтерді. Оның көсемсөзінен тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасының ерекшелігі айқын аңғарылды. Жазушының замансөзінде индивидуализм мен ұжымшылдық мәселелері «замансөздегі эгоцентризм» ұғымын ақпараттық кеңістікке алып келді.

М. Қабанбай мақалаларындағы әлеуметтік мәселелер органикасы диссертациялық жұмыста тіршіліктің, қоғамның пісіп-жетілу барысымен қабаттаса көрініс берді.

Д. Әшімхан жарияланымдарындағы ұлттық психологизм иірімдерін, қоғам келеңсіздіктерін суреттеудегі ащы мысқылын, жеңіл юморын «замансөздегі психологизм» деген анықтамаға лайық деп түйдік.

Ғылыми зерттеуімізде О. Сәрсенбаев рисаласынан исламдық философиялық категориялар бой көрсеткенін, оның өзіндік оқырмандар сегментіне әсер ететінін аңғартып өттік.

С. Иманасов эсселерінің замандастар портреті һәм дәуір үндестігінен замансөз ағымы мен ой ағымы синтезін қосарлай өріп шығардық. Бұл шығармашылық өнімге «инновациялық замансөз үдерісі» деген атау бердік.

Н. Оразалиннің соны пайымдағы сұхбат, жол-сапар очерктері ұлттық журналистикаға жаңа леп, өзгеше серпін әкелді, саяси көсемсөздің өзіндік сүрлеумен бағыт-бағдар алуына жөн сілтеді. Қаламгер көсемсөзі сындарлық, ынтымақ, ізгілік мәселелерін идеялық таяныш ретінде көпшілік сахнасына шығарды.

Е. Раушановтың натуралистік очерктері табиғи және жасанды орта бітімін жарастырды, сыршылдық пен суреткерлікті нақты деректермен туыстастырды.

Әрине, әр ақын-жазушының қайталанбас дүниепайымын, тек өзіне тән капиллярлық стилистикасын тап басу, реконструкциялау аса қиын шаруа. Біз өз тарапымыздан журналистикатануға лайықты әдістер мен тәсілдерге жүгіне отырып, әр қаламгердің көсемсөздік «менін» айқындауға тәуекел еттік.

Сол мақсат-міндетті орындау жолында XXI ғасырдағы ұлттық журналистика құндылықтары жүйесіндегі қазақ замансөзінің орны мен рөлі тиісінше анықталды. Ақын-жазушыларымыздың ел тәуелсіздігін қалпына келтіру жылдарындағы көсемсөзіне лайықты байламдар мен жан-жақты талдаулар жасалды. Әр ақын-жазушының ерекшеліктерін сараптау арқылы көпшілікке арналған қазақ сөз өнерінің кеңістігі жаңа ұғымдармен толықтырылды. Заман тынысына қарай танымы мен пайымы ұлттық үлгіге қарай ойысқан қалам қайраткерлерінің ой мен сөзді қабыстыру ерекшеліктері сараланды, қазақ әлемі көсемжурнализмінің панорамалық картинасы жасалды. Сөйтіп, тәуелсіздік жылдарындағы еркін ойлы қазақ көсемсөзінің, оның кемелденуіне санаткерлік үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармашылық динамикасы айқындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 http://www.akorda.kz/kz/ (05 мамыр 2018)

2 Байбол Ә. Көркем әдебиет пен публицистика арасы // Қазақ әдебиеті. – 2011. – Б. 3-6

3 Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 486 б.

4 Қамзин К. Публицистика жанрларының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 425 б.

5 Ақыш Н. Қазақ көсемсөзіндегі ұлттық мәселелер // Жұлдыз. – 2014. –№ 10. – Б.164-170

6 Ермағанбетова З. Публицист ерекшелігі // Хабаршы. «Филология» сериясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2006. –№5. – Б. 195-197

7 Әшірбекова Г.Ш. Асқар Тоқмағамбетовтің публицистикасы: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.01.10 – Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2007. – 24 б.

8 Қазақ журналистикасы. Қазақ баспасөзі. Үш томдық / құраст. Н. Омашев, Б. Жақып, А. Мархабаев және т.б. – Алматы: Таймас, 2008. – Т.1. – 752 б.

9 Жақып Б.Ө. Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары (генезис, эволюция, поэтика): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.01.10. – Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2004. – 316 б.

10 Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. – Алматы: Таңбалы, 2012. – 580 б.

11 Сыдықов Ұ. Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік. – Алматы: Каратау КБ, 2015. – 288 б.

12 Қозыбаев С. Қазақ көсемсөзі хақындағы іргелі еңбек // Ана тілі. – 2010 // http://anatili.kazgazeta.kz/

13 Қамзин К. Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 144 б.

14 Мектеп-тегі А. Көсемсөздің көсемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 341 б.

15 Мектеп-тегі А. Жеті көсем. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 412 б.

16 Ақыш Н. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Ewo Press, 2014. – 708 б.

17. Оспанов С. Қазақ ақындарының публицистикасы. – Астана: Фолиант, 2011. – 469 б.

18. Жақсылықбаева Р. Публицистің шығармашылық шеберханасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 241 б.

19 Мағауин М. Әбіш екеуіміз // Жұлдыз. – 2016. – № 7.- 78 б.

20 Кекілбаев Ә. Замандас тағдыры // Лениншіл жас. – 1961.– № 171.

21 Кекілбаев Ә. Күйдің де күйін ойлайық // Лениншіл жас. – 1964. -. № 179.

22 Кекілбаев Ә Азат деген күй тартып // Лениншіл жас. – 1965. – № 105.

23 Кекілбаев Ә. Ұйқыдағы арудың оянуы // Жұлдыз. – 1976. – № 3. – Б.144-176

24 Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. Маңғыстау облысы.- Өскемен: Аст прайм, 2012. – 600 б.

25 Кекілбаев Ә. Жыр көк жиегі // Социалистік Қазақстан. -1968. – № 36. – Б.46-67

26 Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық (1960-2002 ж). Тасқа басылған қолжазбалар (1963-1987). – Алматы: Қағанат-ҒМО, 2002. – Т. 9. – 555 б.

27 Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық (1960-2002 ж). Қазақ тарихының әліппесі. Ұлттың күре тамыры (1992-1999). – Алматы: Қағанат-ҒМО, 2002. – Т. 11. – 436 б.

28 Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық (1960-2002 ж). Ой, толғамдар (1988-2001). – Алматы: Қағанат-ҒМО, 2002. – Т. 10. – 409 б.

29 Мағауин М. Ұлтсыздану ұраны // Жұлдыз. – 2004. – №7. – Б. 96-169

30 Сәрсенбаев О. Ауылым – алтын бесігім // Қазақ әдебиеті. – 1974. - № 37 . - Б. 89-109

31 Сәрсенбаев О. Ауыл тақырыбы – құрметті тақырып // Қазақ әдебиеті. –1984. - №46 (1760). – Б. 78-90

32 http://www.akorda.kz/

33 Сәрсенбаев О. Өмір – сынақ. – Алматы: Қайнар, 2015. – 456 б.

34 Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар: Ақшоқы. Әңгімелер мен әдеби эсселер, мақалалар. – Астана: Нұра-Астана, 2016. – Т. 2. – 480 б.

35 Кекілбай Ә. Дүлдүл // Қазақ әдебиеті. – 1970. - № 10 (996). – 68 б.

36 http://www.akorda.kz/kz/

37 Кекілбаев Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Көсем сөздер. – Алматы: Жазушы, 2010. – Т. 10. – 328 б.

38 Жұмабекова Г.А. Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзіндегі тарихи таным // «Ғылым және білім - 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясының баяндамалар жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2017. – 7226 б.

39 Мағауин М. Абайдың суреті // Жұлдыз. – 2000. – №8-9. – Б. 3-33

40 Мағауин М. Ілияс аға Есенберлин // Жұлдыз. – 2017. – № 10. – Б. 3-86

41 Мағауин М. Естеліктер кітабы // Жұлдыз. – 2018. – №6. – Б. 3-30

42 Оразалин Н. Шығармалар жинағы. Баяндамалар, сұхбаттар, сөздер // – Алматы: Ан Арыс, 2015. – Т 6. – 392 б.

43 Сәрсенбаев О. Сұлулыққа сұқтана білейік // Қазақ әдебиеті. – 1984. . – № 6 (1720).- 79 б.

44 http://www.akorda.kz/kz/ Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (25 мамыр 2017)

45 Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: зерттеулер. – Алматы: Каратау КБ ЖШС, Дәстүр, 2015. – 404 б.

46 http://e-history.kz/kz/

47 Кекілбаев Ә. Ата шынардың бұтақтары // Егемен Қазақстан. – 1997. – № 74.- Б. 67-89.

48 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі // Жұлдыз. – 1993. – № 12. – Б. 83-151

49 Мағауин М. Қазақстан – түрік дүниесінің тірегі // Жұлдыз. – 1997. – №12. – Б. 171-174

50 Мағауин М. Менің балаларым // Жұлдыз. – 1996. – №8. – Б.120-143

51 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 5. – 688 б.

52 Мағауин М. Рухани езгі және отарлық сана // Жұлдыз. – 1999. – № 9-10. – Б.77-107

53 Жұмабаев М. Шығармалар. Үш томдық. – Алматы: Білім, 1995. – Т. 1. – 256 б.

54 Мағауин М. Жамбылдың ұлылығы // Жұлдыз. – 1997. – № 12. – Б.165-193

55 Сәрсенбай О. Адамның құны қанша? Рисалалар. – Алматы: Қайнар, 2012. – 344 б.

56 Сәрсенбай О. Менің мекенім. – Алматы: Қайнар, 2002. – 544 б.

57 Қабанбаев М. Шығармалары. Бес томдық // – Алматы: Таймас, – Т. 5. – 320 б.

58 Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. - Алматы: Жазушы, 2009. – 255 б.

59 Байманов А. Мектеп-тегі. Ұлттық ақпараттың тегі мен түрлері // Жас Алаш. –2003.– № 130 (14702).- Б.23-44.

60 Кекілбаев Ә. Өнегелі өмір. Ш. 71 / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.– 386 б.

61 Zhumabekova G.A., Mutaliyeva R.M., Trushev A.K., Zeynulina A.F., Altybassarova M.A. Publicism about Independence by Abish Kekilbayuly: dependence, independence and future of the Kazakh nation // Man In India (Scopus). – India, 2017. -Vol. 97, Issue 22.- P. 83-104.

62 Кирсанов В.П. Распад СССР: внутренние и внешние факторы реализации глобализационных процессов //https://cyberleninka.ru/ (25 октября 2017)

63 Krader L. Peoples of Central Asia. – Bloomington: Indiana University, 1971. – 274 p.

64 Fierman W. Kazakh languageand prospects for its rolein kazakh groupness // https://cyberleninka.ru/article/

65 Girgin A. Gazeteciliğin Temel İlkeleri. – Istanbul: Topkapi, 2014. – 387 p.

66 Абдраев М.К. Әбіш Кекілбайұлының публицистік шеберлігі: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.01.10 – Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2010. – 129 б.

67 Қирабаев С. Әбіш шыңы // Егемен Қазақстан. – 2015. - №5.- Б. 2

68 Wheeler G. The modern history of Soviet Central Asia (Asia-Africa series of Modern Histories). – New York and Washington: Praeger, 1964. – 272 p.

69 Ратленд П. Глобализация и посткоммунизм // Мировая экономика и международные отношения. – 2002. – № 4. – С. 15-18.

70 Жақып Б. Әбіш Кекілбаев публицистикасының кейбір ерекшеліктері // «Әбіш Кекілбаев және замана шындығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – Б. 89-96

71 Бельгер Г. Күнделік беттерінен немесе соңғы соқпақ // Жұлдыз. – 2017. – №1. – Б.167-171

72 Аманжол Қ. Классик немесе Мұхтар Мағауиннің мәңгілік күйі // Егемен Қазақстан.– 2010. - №3.- Б. 3.

73 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі // Жұлдыз. – 1993. – № 12. – Б. 83-151

74 http://qasym.kz/zhangir-han-zhane-orbulak-shajkasy/ (2 ақпан, 2017)

75http://kitap.kz/ (26 қаңтар 2017)

76 Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.): жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2012. – 240 б.

77 Тәуелсіз Қазақстан философиясы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2006. – Т. 20. – 544 б.

78 Мағауин М. Құңфудзының даналық дәрістері // Жұлдыз. – 1999. – № 5. – Б.164-185

79 Жұмабекова Г.А. М. Мағауиннің «Ұлтсыздану ұраны» көсемсөзіндегі ұлтсыздану үдерісі // Хабаршы. «Филология» сериясы. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2018 – №2. – Б. 93-100

80 Мағауин М. Ұлттың күре тамыры // Жұлдыз. – 1999. – №9-10. – Б. 77-107

81 https://egemen.kz/ (19 маусым, 2017)

82 Мағауин М. Зұлымдық шежіресі // Жұлдыз. – 2001. – №2. – Б. 106-134

83 http://el.kz/kz/ (10 қыркүйек 2017)

84 http://alm.prokuror.gov.kz/ (30 қазан 2017)

85 Майлин Б. Ел сыры: повестер, әңгімелер, өлеңдер, фельетондар. – Алматы: Жазушы, 1994. – 352 б.

86 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.

87 Мағауин М. Батырлар әулеті // Жұлдыз. – 1998. – № 12. – 191 б.

88 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Мектеп. – 2008. – 240 б.

89 Мағауин М. Анау-мынау мақалалар // Жұлдыз. – 2005. – № 5. – Б. 131-175

90 Шәкен Ж. Мұхтарлар рухы // Қазақ елі. 26 мамыр. – 2011. – № 9-10. – 30 б.

91 Ахан байқызы А. Оқырман күткен әңгіме. – Алматы: Қазығұрт, – 2012. – 304 б.

92 Елшібек Ж. Құдіретті қазына // Егемен Қазақстан. 20 наурыз. – 2010. – №7. - Б.104-107

93 Елшібек Ж. Алаштың алмас қылышы // Айқын. 5 ақпан. Алматы, 2010. –Б.67-78.

94 Қара сөздің Қабанбайы (Шығыстағы балалар жазушысы Марат Қабанбай) / құраст. Г.Д. Жұмағұлова. Өлкетану құралы. – Өскемен, 2013. – 42 б.

95 Сыбанбай С. Марат мектебі // Жалын, – 2003. – Б. 54-57

96 http://www.inform.kz/ (21 сәуір 2017)

97 Болашақ ақпараттық-сараптамалық журналы.– 2016. - № 4 (39). - 2 б.

98 Қабанбай М. Ханнан да, қарадан да жоғары Ана тіліміздің күні не болады? // Ана тілі. – 1994.– №25-26. -89 б.

99 http://akikat.kazgazeta.kz/ (08 желтоқсан 2017)

100 Аяған Б., Ауанасова Ә., Сүлейменов А. Қазақстанның жаңа тарихы: дағдарыстан шығу.Үш томдық. – Алматы, 2012. – Т.2. – 320 б.

101 Жақсылықбаева Р.С. Қазіргі қазақ баспасөзінің дамуы мен өзекті мәселелері // Хабаршы. «Журналистика» сериясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014. – №1 (35). – Б.72-75

102 Қабанбай М. Біз – көкектің бір ұядағы балапандарымыз! // Ана тілі. –1995.– № 8-10. – 60 б.

103 Рамазан А. Қазақ баспасөзі және Қазақстандағы тіл саясатының қалыптасу, даму жолдары. – Семей, 2014. – 368 б.

104 Прохоров Е.П. Искусство публицистики: размышление и разборы. –М., 1984. – С. 216.

105 Қабанбай М. Алда – Абай шыңы, тырбаңда, қазақ, тырбаңда // Ана тілі. – 1995.– № 27. – 57 б.

106 Қабанбай М. Маймылдың бізге керексіз қоңыраулы құйрығы // Ана тілі. – 1995.– № 18. – 57 б

107 Қабанбай М. Бейімбет! Биыл ұлы суреткер Би-ағаңның туғанына ғасыр толады // Ана тілі. – 1994.– № 21. – 90 б.

108 Қабанбай М. Саттар // Ана тілі. – 1994.– № 5. – 134 б.

109 Қабанбай М. Бөкейдің үш көтерілісі // Ана тілі. – 1995.– № 41. – 45 б.

110 Қабанбай М. Таңсәріде туған баллада // Ана тілі. – 1996.– №17. -89 б.

111 Қабанбай М. Қазақтың коды жазылған ақын // Ана тілі. – 1997. – №37. – 67 б.

112 Қабанбай М. Үш рет өлген Ер Кенекем // Ана тілі. – 1997. – №10. – 50 б.

113 https://baq.kz/ (135 тамыз 2017)

114 http://alashainasy.kz/ (31 қазан 2017)

115 https://qazaquni.kz/ (07 тамыз 2017)

116 Қабанбай М. Заман бізге «қайқай, қазақ!» деп еді яки жапон жаңғырықтары // Ана тілі. – 1996.– №50. – 145 б

117 Қабанбай М. Камикадзеден мицубисиге дейін //Ана тілі. – 1996. – №51. – 40 б.

118 http://www.azattyq.org/ (20 сәуір 2017)
119 http://www.azattyq.org/ (27 сәуір 2017)
120 Жұмабекова Г.А. Марат Қабанбай көсемсөзіндегі әлеуметтік мәселелер тоғысы // Хабаршы. «Филология» сериясы. – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2018. – №2. – Б. 103-113
121 Сәукетаев Т. Қарасөздің Қабанбайы // Егемен Қазақстан. – 2008. -№ 7.- Б. 4
122 Жұмабекова Г.А. Дидахмет Әшімхан көсемсөзіндегі ұлттық психологизм иірімдері // Хабаршы. «Филология» сериясы. – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2018. – №4. – Б. 112-118
123 Кекілбаев Ә. Шығармалары. Бірінші том. Үркер. – Алматы: Жазушы, 2010. – 352 б.
124 Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
125 Оспанов С. Қазақ ақындарының публицистикасы. – Астана: Фолиант, 2011. – 472 б.
126 Отеген Д. Шу алқабының қарғыс атқан шөбі. http://www.voxpopuli.kz/kz/main/10280.html (11 шілде 2011)
127 Бадиуззаман Саид Нурси. Краткие слова из собрания сочинений «Рисале-и Нур». - Алматы: Рауан, 1997. – 136 с.
128 Сәрсенбай О. Ең қиын нәрсе – өзіңнің заманың туралы жазу https://abai.kz/ (11 ақпан 2017)
129 Абиханова Г. Рисала жанрының жаңғыруы // Жалын. –2015. – №2. – Б. 57-61
130 Сәрсенбай О. Өмір – сынақ. – Алматы: Қайнар, 2015. – 456 б.
131 https://kk.wikipedia.org/wiki/
132 Балғабаев С. Тұғыры биік тұлға / http://qazaqadebieti.kz/ (30 сәуір 2017)
133 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
134 Жумабекова Г.А. Жанр рисала Оразбека Сарсенбая в казахской художественной публицистике // WORLD SCIENCE. Multi-disciplinary Scientific Edition. It is the scientific journal.– Warsaw, Poland, 2018. - Vol.8. - P. 27-30.
135 Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл. – Астана: Жедел басу баспаханасы, 2013. - Т. 2. – 200 б.
136 Иманасов С. Замандастарым мен қаламдастарым. – Алматы: Қазақстан, 2001. – 224 б.
137 Жұмабекова Г.А. Сәкен Иманасов көсемсөзі: заман және замандас бейнесі // Хабаршы. «Филология» сериясы. – Павлодар: С. Торайғыров ат. ПМУ, 2018. – №4. – Б. 102-110
138 http://cheloveknauka.com/ (18 маусым 2017)
139 https://ru.wikipedia.org/ (14 ақпан 2016)
140 https://cyberleninka.ru/ (21 шілде 2017)
141 https://knigovek.ru/ (28 қыркүйек 2018)
142 http://ruslit.traumlibrary.net/ (11 маусым 2017)

143 www.rulit.me/ (14 тамыз 2017)

144 Телешов Н. Записки писателя. Рассказы. – М.: Правда, 1987. – 464 с.

145 http://www.xliby.ru/ (28 шілде 2017)

146 Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, – 1997. – 608 б.

147 http://cheloveknauka.com/ (11 қараша 2017)

148 Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: Павлодар университеті, 1999. – 384 б.

149 Оразалин Н. Шығармалар жинағы. Сұхбаттар, сапарнамалар, мақалалар. – Алматы: Ан Арыс, 2016. - Т. 9. – 400 б.

150 Белинский В.Г. Избранные статьи. – Саратов, 1974. – 208 с.

151 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 б.

152 Жумабекова Г.А. Политическая публицистика Н. Оразалина о независимости Казахстана // Materials of the international scientific conference «Global science and innovations 2018». – Hungary, Eger. , 2018. - P. 415-421.

153 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. http://prokuror.gov.kz/ (27 қаңтар 2017)

154 Байхонов С. Бетпақдала – шөл емес. – Астана: Фолиант, 2003. – 208 б.

155 Қазақстан қорықтары. – Алматы: Санат, 2008. – Т. 1. – 488 б.

156 Раушанов Е. Түркия құстары // Жас қазақ. – 2009. - №3.- Б.3.

157 Раушанов Е. Birdland немесе Англия құстары // Жас Алаш. – 2011. -№5.- Б.2.

ҚОСЫМША А

Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөз контентінің негізгі түйіндері

Р/с	Ә. Кекілбай	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	20
2	**Тақырыбы/саласы**	Тарих, тәуелсіздік, тіл, ел мен жер
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Тарихи тұлғалар, батырлар
4	**Географиясы**	Маңғыстау, түркі әлемі, Стамбул, Женева
5	**Басты идеясы**	Жаңа дәуір өрісіндегі тіл және тәуелсіздік мәселесін көтеру, тәуелсіздікті бағалау, сақтап қалу.
6	**Материал жанры**	Эссе, тарихнамалық эссе, толғау, ғылыми-танымдық көсемсөз
7	**Әсерлігі**	Зияткерлік сипатының басым болуымен ерекше әсер етеді. Оқырман тарих қойнауына барлағандай сезімге бөленеді.
8	**Төл тақырып**	Жаңа дәуір өрісіндегі тіл және тәуелсіздік проблемасының авторлық философияға трансформациялану үдерісі
9	**Осал жақтары**	Географиялық қамтуда ақпараттық аудиторияның нақты қажеттілігі кей ретте ескеріле бермейді.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	«Қоркөкірек», «көркөкірек», «...тізесі тәлтіректеген қызыл империя», «қызыл империяның өлім алдындағы ең соңғы тұяқ серіпкені еді», «социализмнің көк шолағына мініп»,«Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, тер де төгілген. Бірақ ар төгілмеуі керек. Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады», «Ресей патшасы шетімізден жетім лақтай сирағымыздан тартқылап, басқа көгенге көгендеп, «...бас хатшылар біреудің қанжығасына біреудің атамекенін лақша өңгеріп сыйлай салатынды көбейтті»«аспаннан киіз жауса да, бізге ұлтарақ тимейді» және т.б.
Р/с	**М. Мағауин**	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	24
2	**Тақырыбы/саласы**	Тарих, қоғам, руханият, ұлттық сана

3	**Негізгі кейіпкерлері**	Хандар, батырлар, ақын- жазушылар,Кеңес өкіметі адамдары
4	**Географиясы**	Қазақстан, Түркия, Ресей
5	**Басты идеясы**	Тарихты таныту, қоғамдық мәселелерді, руханиятты көтеру
6	**Материал жанры**	Эссе, деректі толғам, субъективизм сарынындағы естеліктер
7	**Әсерлігі**	Рухты жігерлендіреді, патриоттық сезімді күшейтеді, ұлттық сананы оятады. Шындықты тура айтуымен ерекшеленеді. Ұран сөздері оптимизмге жетелейді. Жырауларды оқып отырғандай әсер қалдырады.
8	**Төл тақырып**	Тұлға позициясы мен қоғам қарым-қатынасы
9	**Осал жақтары**	Объективті пікірмен қоса эгоцентристік ой қоса жүреді.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	«Қазақ халқы ет жақын туысы Қазан хандығы құлағаннан соң *екі жүз елу жыл бойы өзінің тәуелсіздігін сақтады»*, «Ресей, әрине, Қазандағы қырғын, Еділдегі ойраннан соң жаңа жер жаулауын да, ондаған халықты отарлауын да тоқтатқан жоқ. *Бірақ қаншама заман бойы Қазақстанды табанына түсіре алмады. Есіркегеннен емес. Орайын таппағаннан*», «Біздің *Қазақ Ордасы* деп аталатын ұлы мемлекетіміз, қазақ жұрты, алаш ұлы деп аталатын ер халқымыз *тура үш ғасыр бойы бүкіл Орта Азия қауымын Ресей басқыншылығынан қорғап тұрды*», «Мен өзімді өте үлкен жазушы деп есептеймін, үнемі биік деңгейде өте жақсы жазғым келеді», «жалпы ұлтшыл деген жақсы сөз, мен өзім талай рет жаздым: ұлтшыл болдым, ұлтшыл болып қала беремін», «Мен әуелден-ақ ешбір партияда жоқпын. Өкіметте де жоқпын. Өзіме ғана тән, айнымас өкіметім, берік билігім бар. Жазу деп аталады. Өз алдыма дербес партиямын.Мұхтар Мағауин деген», «Қазақ ең алдымен қазақты қолдасын. Қазақты көтерсін. Қазақ қазақты демесін. Қазақтың ұлттық мүддесіне, жеке тіршілігіне қайшы істерге қарсы тұрсын. Әр кісі өзінің отырған жерінде, әркім өзінің басқарған мекемесінде. Адамгершілікке жат іске жол

		жоқ, бірақ қазақтың ұлттық мүддесіне қайшы іске де жол қалдырмау керек» және т.б
Р/с	**М. Қабанбай**	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	25
2	**Тақырыбы/саласы**	Әлеуметтік, мәдени, саяси-экономикалық
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Балалар, жастар, түрлі әлеуметтік топтар
4	**Географиясы**	Қазақстан, Жапония
5	**Басты идеясы**	Әлеуметтік мәселелерді шешу
6	**Материал жанры**	Деректі-зерттемелік мақала, сараптамалық-талдамалы мақала
7	**Әсерлігі**	Оқырманына мықты рухымен, әділ сөзімен батыл мінезімен, таза жүрегімен жол табады. Қоғамдағы көкейтесті мәселеге сарказмымен, әзілімен қоғам назарын бірден аудартады.
8	**Төл тақырып**	Әлеуметтік мәселелер тоғысы
9	**Осал жақтары**	Пессимистік сарын байқалады.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	«Ресей қолтығына кіре түсуге итермелеп отыр», «құшақтағансып тұрып, қылғындыра салатыны бар», «қазақ тілін есігінен қаратпайды», «бес қаруы сай қарақшы «өнерге» құшақ жайып, етектің ашылып-жабылғанын білмей, қарсы далбаңдап жүгіріп бара жатырмыз», «біздің қазақи шкала көк базардағы алдамшы саудагердің теріс таразысы сияқты дұрыс көрсетпейді», «қоғам бүгінгі күні сау мен аурудың арасында есі кіресілі-шығасылы төсек тартып жатыр», «Ресейдің мәлике жүзін көріп, мүбәрак қолын алуға құштар», «рухани моншаға кіріп, тазарып шығу керек», «Абай қоңырауы болып, сахарада, сайын дала төсінде күні-түні сылдырап тұрсын» және т.б.
Р/с	**Д. Әшімхан**	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	18
2	**Тақырыбы/саласы**	Әлеуметтік, қоғам, ұлттық мінез
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Шопан, қарапайым адамдар
4	**Географиясы**	Қазақстан
5	**Басты идеясы**	Қазаққа тән орынсыз, жағымсыз мінезден арылу

6	**Материал жанры**	Реалды дүние аясындағы проблемалық очерк эссе, сұхбат, мақала
7	**Әсерлігі**	Шындықты ащы мысқылмен келекелеп айтуымен оқырманның мейірін қандырады. Түйреп айту басым.
8	**Төл тақырып**	Ұлттық психологизм иірімдері
9	**Осал жақтары**	Өмір шындығын ішінара тіршілік айналасына ғана байлайды.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	Осы қағидамен *қалталының түйесін, ағайынның биесін көпірден өткізіп* жібереді де, артынан «осы халықтың қамын кім ойлайды, елдің сөзін кім сөйлейді» деп, *аузын қисайтады да отырады*», «*тілі бөлектермен тілек қосып, жүзі бөлектермен жүрек қосып»,* «Кезек көрсе, тезек сатып жатса да, қатарға тұра қалатын қазақ емеспін бе», «Тіл десе, тіл тістейміз. Дін десе, бас шайқаймыз», «Бұрын жау қуатын дәстүр енді дау қууға бет алды», «ар дегенің Арантаудың, ұят дегенің Қиялтаудың арғы жағында» және т.б
Р/с	**О. Сәрсенбаев**	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	10
2	**Тақырыбы/саласы**	діни
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Әкесі, дін ғұламалары
4	**Географиясы**	Қазақстан
5	**Басты идеясы**	Ислам дінін танып білу, өмірлік ұстанымға айналдыру
6	**Материал жанры**	Рисала
7	**Әсерлігі**	Оқырманымен тікелей тілдесіп отырғандай әсер қалдырады. Сұрақ-жауап тәсілін ұтымды қолдану арқылы аудиторияны баурайды.
8	**Төл тақырып**	Қазақ руханиятының болмыс-бітімі
9	**Осал жақтары**	Дүниетанымды тек теологиялық таным төңірегінен іздейтіндігі байқалады.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	«бірте-бірте бәрін ұмыт қалдырып, мүнәфықизмнің батпағына батты: интернационализмнің орнын – *шовинизм*, экономикалық теңдіктің орнын *жемқорлық* басты», «Кеңес Одағы көлеміндегі ең жойқын күш – Коммунистік партияны сол партияның қатарына кіріп алған *мүнәфықтар партиясы* жеңіп шықты» және т.б

Р/с	С. Иманасов	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	13
2	**Тақырыбы/саласы**	Танымдық
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Ақын-жазушылар, зиялылар
4	**Географиясы**	Қазақстан
5	**Басты идеясы**	Қаламгерлердің адамгершілік, тұлғалық бейнелерін таныту
6	**Материал жанры**	Эссе, естелік
7	**Әсерлігі**	Басқа ақын-жазушылардың өмірдегі бет-бейнесін шынайы суреттеуімен өз бейнесінің де ашылып отыруы қызық. Оқырманнның қабылдауына жеңіл, көсемсөзшінің тапқырлығы мен өткірлігі, жарасымды әзілі оқырманды тартады.
8	**Төл тақырып**	Заман және замандас бейнесі
9	**Осал жақтары**	Әлеуметтік қайшылықтар бәсеңдеу көрсетілген.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	***«Ақ шашы арыстаның жалындай болып толқыған», «жаңа үйретілген жайдақ аттай ойқастай басып», «Самсаған қарағайлы орман ішінен сансыз құс сатырлай ұшқандай, Ертіс толқыны арнасынан асып түскендей», «сегіз таспа қамшыдай жымдаса өрілген*** **жыр жиһазын жасапты», «***көңілі сергек, көкірегі ояу* жүретін Жұбан ағаны өзім жұрты үшін жаралған сондай *тыңтұяқ ақын», **«Басын шұлғып, жер тарпып тұратын жарау жүйрік*** **болушы еді, бірден соған ұқсаттым», «***жаңа үйретілген жайдақ аттай ойқастай басып»* **және т.б**
Р/с	**Н. Оразалин**	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	15
2	**Тақырыбы/саласы**	Саяси-экономикалық
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Елбасы
4	**Географиясы**	АҚШ, Италия, Сауд Арабиясы, Корей
5	**Басты идеясы**	Ауызбіршілікке үндеу, дамыған елдерден үйрену
6	**Материал жанры**	Жайылма сұхбат, тәуелсіз тағылым

		кезеңіндегі жолсапар очеркі
7	**Әсерлігі**	Тілі – бейнелі, аудиториясын баурап алады, дипломатиялық мінез байқалады.
8	**Төл тақырып**	саяси тұрақтылық және экономикалық мәселелер
9	**Осал жақтары**	Проблемалық мәселелерде тапшылық байқалады.
10	**Сөз қолданысы/стилі**	Қос ғасыр тоғысында тұрып, *үзеңгі-бауын, ер-тұрманын түгендеп жатқан* тәуелсіз қазақ жұртының көңілін алаңдатар аманаттардың Аманаты – Ана тіліміздің қазіргі жай-күйі, ертеңгі тағдыры», «*айдыны кең Абай тілі* мен *Әуезов тілі көкпеңбек мұздың үстінде қалған тағасыз аттай* күн кешкенін көзіміз көрдік», «Ондаған жылдар бойы қыспақтың қыл бұрауында келген *тілдің ентіккен демі мен тасырқаған тұяғын қалпына келтіру* үшін бұл аз мерзім», «беделді халықаралық ұйымның *суыңқырап қалған тамырына «қан жүгіртіп»,* «ұлтына қызмет ету міндетін де сол әрі *қатыгез, әрі момын, әрі сабырлы, әрі тентек ғасыр* жүрегімізге жүк етіп артқан», *«Тағдыршешті»* және т.б
Р/с	**Е. Раушанов**	
1	**Мақалаларының саны (талданған)**	10
2	**Тақырыбы/саласы**	Орнитология, экология
3	**Негізгі кейіпкерлері**	Құстар
4	**Географиясы**	Англия, Түркия, Қазақстан
5	**Басты идеясы**	Табиғатты қорғау, аялау, еркіндікті, азаттықты, тазалықты, жақсы қасиеттерді құстардан үйрену
6	**Материал жанры**	Планетарлық сипаттағы натуралистік очерк
7	**Әсерлігі**	Оқырманымен сұхбаттасып, әңгімелесіп отырғандай әсер қалдырады. Сырласа отырып, ой тастайды, оқырманын өзіндік пайымдауына, ойға жетелейді. Ойын астарлап суреттейді.
8	**Төл тақырып**	Адам және табиғат үйлесімі, сыршылдық пен суреткерлік
9	**Осал жақтары**	Кей тұстарында белгілі орнитологтардың пайымдауларымен сарындастық бар.
10	**Сөз**	«Біздің қабырғамызға бататыны қай жерде

	қолданысы/стилі	жүретіні емес, біздің жерде неге жоғы. Неге бізде ақсұңқар жоқ?», «Ұлар – кешегі жүген-құрық тимеген арда қазақтың бізді тастап аспан жаққа көшіп кеткен рухы емес пе екен?», «Шынында, адам баласының сертте тұрмайтыны неге екен осы?», «Қорған боп жүрсекші, қорғансыздарға», «Бұрынғы қазақ «Үш ғайып – қонақ ғайып, ырыс ғайып, ажал ғайып» дейді екен. Бұлбұл сол айтқан қонақ ғайыптың бір ғазизі емес пе, асылы?!», «Шығыстан батысқа қарай мың шақырымнан астамға созылатын осынау ұлы көштің өне бойында не жоқ – жалаңаш жартас, құз, қойтас, асау өзен, айдын көл, жыныс орман, жынды жел, салқын қолат, сарыжайлау, тандыр желін қу тақыр, орғыл-орғыл шағыл құм – бәрі де кездеседі. Осының бәрі – қазақтың жері, осының бәрі – сіз бен біздің ертеңге ұрпаққа қалдырар аманатымыз», «Аналық аққуды атасы ұзатады екен де, аталық аққуды анасы әкеліп қосады екен. Кәдімгі құда түсіп, қыз ұзатқандай салтанат-мереке» және т.б

ҚОСЫМША Б

Диссертация концепциясының көрсеткіші ретінде авторлардың өздерінен сұхбат алынды. Бұл сұхбат – осы қаламгерлердің бұрынғы ойымен бүгінгі ойының сабақтастығы, жалғастығы, яғни өткен мен бүгінгінің көпірі.

ЕСЕНҒАЛИ ӘБДІЖАППАРҰЛЫ РАУШАНОВ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ақын, көсемсөзші, «Жазушы» баспасының директоры

Адамда жоқ қасиеттерді құстардан іздеймін

- Құстар әлемі – ұлттық көсемсөздегі тың тақырып. Сіздің құстар туралы натуралистік очерктеріңіз қазақ көсемсөзіне олжа салды деп ойлаймын. Жалпы, құстар әлемін жазуға не түрткі болды?

- Ақындық дегеннің өзі, жалпы поэзия дегеннің өзі не үшін керек? Ол адамның азаттығы үшін керек. Бірінші объекті, ол – азаттық. Қалай болған жағдайда да азаттық, айталық туған жер туралы, табиғат лирикасы не махаббат лирикасы, қай салада қалам тербей беріңіз, сіздегі бірінші флагман, маяк болып тұратын азаттық, бас азаттығы, рухтың азаттығы. Сондықтан құстардың бізге, маған жақын болатын себебі, олар бір Алла Тағала жаратқан он сегіз мың ғаламның ішіндегі ең бір азат дүние. Сондықтан, мен бала кезімнен сол құстарды жақсы көремін, азаттығы үшін жақсы көремін, еркіндігі үшін жақсы көремін. Менің баларақ кезімде жазған бір өлеңім бар-дын.

Ғаламда ғаламдайын ғаламда-ай
Аспанды ғана көрем де
Құлдық деймін ғаділдігіне жан Алла-ай!
Періштелер мен құстар жүрген соң төбемде.
Маған қанат біткенмен
Мен оны құсқа сыйлап жіберем ем
Бәрібір айнам – аспан саған ғана лайық.

Әңгіме еркіндік туралы, азаттық туралы болып отыр. Ал біз сондай кезде тудық, сондай кезде тәрбиеленіп, сондай кезде қалыптастық. Азаттық деген біз үшін аяулы бір сөз болатын. Сол үшін бұл жерде кездейсоқтық деген нәрсе жоқ. Ол табиғи, солай болуға тиісті нәрсе. Соған мен келдім. Жұрттың неге осыған келмейтініне мен таң қаламын.

- Орнитология сізге несімен қызық?

- Бірінші кезекте, еркіндігі мен азаттығы үшін қызық. Екінші маған қызық болатыны, ол – таза, өте таза, сондай бір пәк әлем дүниеде ұшқан құс, ашық аспан, кеңдік, еркіндік, тазалық бойына кір жуытпайтын, дүниедегі ең таза құбылыстың біреуі сол құстар. Өйткені оның бойына әлдеқандай бір себептерменен басына өзге бір микроб, вирустар түсетін болса, ол өліп қалады. Сондықтан, ол бойын таза ұстауға тырысады. Мен мұны тазалық деп ойлаймын. Біздің қазақ орнитологтарында, қазақ ұлтында, Қазақстанда бұл өте

жақсы дамыған. Советтік социалистік республикалар одағындағы қауым құрамына кіретін республикалардың ішінде орнитологиясы өте керемет дамыған Ресейден кейінгі біздің Қазақстан болатын. Осы кезде бізде керемет орнитологтар болды. Бұлардың бірсыпырасы қайтыс болып кетті, бірсыпырасы объектив және субъектив себептермен қоныс аударып кетіп қалды. Қазір осы жалғыз Константин деген азамат қана жүр ғой деймін. Өкінішке орай қазақ тілінде жазатын болған жоқ. Ал ол былай тағы, бір нәрсенің осы жерде басын ашып алайық. Мен өзім орнитолог емеспін, менікі орнитология туралы кітап емес. Менің жазған дүниелерім азат әлеміндегі таза әлемге ақынның көзімен қарау ғана. Бізде қалай өзі, екі мақала жазады да ғалым болады немесе айталық екі рет бір ыңылдап ән шығарады, ән айтпайтын қазақ жоқ, ең болмағанда оңаша қап отырып бірдеңені ыңылдайсың. Соны ән деп есептейді де композитор болады. Сосын келіп мені жазушылар одағына қабылда немесе журналистер одағына қабылда дегендей әңгіме айтылады. Ол дұрыс емес деп ойлаймын. Мені дағы сол табиғат қорғау қоғамының мүшелігіне талай шақырған, бірақ мен оған бармадым, өйткені оның өз мамандары бар, соған саналы өмірін арнаған, сен сияқты соны зерттеген адамдар бар. Бір-екі мақала жаздым деп орнитолог боламын ба, әрине жоқ.

- Сіздің орнитологиялық шығармаларыңызды оқып отырып, сіз үшін құстар – тазалықтың, еркіндіктің, бекзаттықтың, асылдықтың символы деген тұжырымға келдім. Осы ретте неге дәл құстар, жан-жануарлар, өсімдіктер дүниесі емес?

- Жан-жануарлар дүниесі, зоология, өсімдіктер дүниесі, биология, сіз подтекстарды қарап отырсаңыз бұлар қамтылады. Бір дүниелерім бар әлі жарық көрмеген, жарық көруі тиіс. Жан-жануарларды да, өсімдіктерді де мен керемет жақсы көремін. Ш. Есенов атындағы Ақтау университетінің құрметті профессорымын. Соған барған сайын лекция оқып тұрамын. Сондағы бір тақырыбым қазақ поэзиясындағы, қазақ көркем әдебиетіндегі жан-жануарлар және өсімдіктер әлемі болатын. Бір нәрсені айтайын, ашық текстпен айтуға үйренейік. Біздің ақындардың, тек ақындардың емес, жазушылардың шығармаларын жіті бақылап қарап отырсаңыз, оны әдетте астын сызып оқу керек, мынадай дүниелерге тап боласыз. Айталық «Жаздың жайсаң таңында // Бұлбұл сайрап тұрған-ды // Оу дариға, дүние // Жаным саған құрбан-ды» осылай келеді. Жаздың күні бұлбұл сайрамайды. Ол өзінің сайрайтын отыз-қырық күні уақыты ғана бар. Майдың бесінде келеді бізге, сол кезде сайрайды, ал май, июньнің орта шегінде ол кетіп қалады. Алматының жағдайында ол болмайды. Біздің ақын-жазушыларда ол күзде де, жазда да сайрап жатады. Былай дейді: «Қыпша бел өзен жақта анау // Сайрады бұлбұл тіл безеп // Қыламықтаған ақ қырау // Кідіре тұршы бір мезет». Қар жауғанда бұлбұл сайрамайды. Әдемі өлең дей берейік, бірақ ол келмейді. Оның негізгі оригиналда, яғни түпнұсқада ол «Қыпша бел өзен жақта анау // Сайрады сол құс тіл безеп // Қыламықтаған ақ қырау // Кідіре тұршы бір мезет» болатын. Ол не құс? Ол сушылқара деген құс болады. Оляпка дейді оны орыстар. Ол қоңырқай құс ақтөс. Осындай кезде қазір қар жауғанда өзенге барсаң оляпка

бар, басқа құс жоқ. Ол қабыршықтанған қатқан мұзды тесіп, судың астымен барып өзіне жемтік іздейді. Өсімдіктер дүниесі дегенде, демек, бұл бір сондай сабақтасып, салаласып жатқан дүние, бірінен-бірін бөлшектеп алып қарауға болмайды. Егер сіз құстар дүниесін жақсы көрсеңіз, сіз міндетті түрде өсімдіктер әлеміне қызығасыз, міндетті түрде жан-жануарды бақылайсыз. Өйткені оларды бөліп жаруға келмейді. Ал өсімдіктер туралы кейін бір сәті келгенде бола жатар, ол бір қызық әлем. Белгілі бір ағаштар бар, белгілі бір құс сол ағашпен қоректенсе, өзің өте жақсы сезінеді.



- Сіздің «Тырау-тырау тырналар» очеркіңізде қазақ халқының қайтып бара жатқан тырнаның даусынан «Қайғы бар қайтқан құстың дауысында» деп әнге қосатынын былай түсіндіретін жеріңіз бар: «табиғаттың жырсыз кезі, әнсіз маусымы, сәнсіз шағы әсте болмайды. Көшпенді ел соны жақсы білген. Әрі кетсе, бие сауым уақытта, әсерлеп айтсақ, қас қағымда тыраулап ұшып көзден ғайып болатын тырнаның әнінен мәңгілікке парапар мән табу ұлылық емей, немене?!». Бұл жерде Сіз қазақтың дүниені, табиғатты танудағы философиясын танытасыз. Сонда сіздің құстар әлемін зерттеудегі мақсатыңыз қазақ ұлтының философиясын құстар тіршілігі арқылы таныту ма?

- Құстар туралы әңгіме ол азаттық туралы жыр. Бұл бір басқалау дүние. Қазір философия десек, басқа бір дүниеге кетіп қаламыз. Бұл азаттық туралы жыр.

- Сіздің көсемсөзіңізден шығармашылық «меннің» әлемдік ақпараттық кеңістікпен үйлесімін аңғардым. Мәселен, «Жас Қазақта» «Түркия құстары», «Жас Алашта» «Birdland немесе Англия құстары» деген очерктеріңіз жарық көрді. Сонда сіз түріктердің құстарға деген айрықша ілтипаты мен құрметін аңғарттыңыз. Ал біздің елде құстарға деген көзқарас қандай?

- Әлбетте, кез келген халық сияқты әлемде, айталық қырық бірден аса түркі халқы бар, екі жүз елуден аса ұлт бар ғой. Бұлардың қай-қайсысы да құстарды жаман көрмейді. Соның бірі біздің қазақ ерекше жақсы көреді. Енді мынау совет кезеңінде өмір сүрдік қой, сол кезең біздің құстарға деген, жалпы жан-жануар, өсімдіктер әлеміне деген қызығушылығымызды бәсеңдетіп тастады. Сіз қазір көшеден кез келген қазақтан сұраңызшы алдағы құс не деп, торғай ғой дейді. Тіпті қазақтың қаймағы бұзылмаған ортасы, ұлтымыздың қайнар көзі, алтын бесігі деген ауылға барып сұраңыз, оны қойыңыз алдағы анау мал бағып жүрген қойшыдан немесе орман шаруашылығында істеп жүрген орманшыдан сұраңызшы «да тут птица летает, да и ради бога» дейді де қояды. Соған назар аудармайды, құстың қаншама түрі барлығына назар аудармайды. Құстың барлығын кішкентай құстар болса, оны торғай, шымшық дейді. Ал қарақұс болса, қарға шығар дейді де қояды. Біз баяғыдай ажыратып, бөліп жіктеп арасын ажыратудан қалғанбыз, мынау мынандай құс, мынау мынандай құс дегенді білмейді. Құдай сақтасын, егер мен қате айтып отырсам, мың қазақтың оны біле ме екен, білмеймін. Өйткені оған қызық емес. Советтік система адамды сондай масылдыққа үйретті. Тамағың бар, сенің жұмысың бар, басқамен шаруаң болмасын дегенді сіңірді. Сондықтан біздің халқымыз кішкене бұзылды. Фольклорды қарап көрсеңіз сондағы айтылатын құстардың көбінен орнитологиядағы құстардың атауынан шатастық. Айталық, қараторғайды алайық. «Ағаштың бұтағына қонып алып сайрайды таң алдында қараторғай // Сүйегің тас та болса бір жібиді // Сәріде қараторғай сайраганда». Үкілі Ыбырайдыкі осы өлең. Қараторғай деген ол скворец. Бұл жерде қателік бар. Ол скворецті айтып отырған жоқ, ол черный дрозьды айтып отыр. Өйткені скворец соншалықты әнші құс емес. Құстарға деген көзқарас қазақтарда керемет болды ғой. Университеттегі биология факультеті, арнайы факультеттер оқытқанда мұны бір мүлде бөлек әлем сияқты алып оқытатын. Айталық, Еуропа құстары, Еуропа құстарының тарихы, мен өйткені таныстым ғой, қызық енді таныссаң, басқа бір әлем туралы айтып отыр. Олай емес ол. Ол кәдімгі сіз бен біздің күнделікті көріп жүрген, қасымызда жүрген құстардың әлемі. Сондықтан бұдан былайғы жерде қазақша әрі нағыз орнитологтар шығады деп ойлаймын.

- Келесі сұрағымыз алдыңғы сауалдан өрбиді. Англияда құстарды қорғау қоғамы құрылғандығын жаздыңыз. Англияның бір қаласында Birdland, яғни құс әлемі атты көл бар деген мәлімет бердіңіз. Мұнда бүкіл әлем құстары бар екен. Ал біздегі жағдай қалай? Бұл - бір. Екіншіден, елімізде құстарды қорғау қоғамы бар ма?

- Әрине бар. Орта Азия регионында Қазақстанда құстарды сақиналайтын жалғыз ғана жер бар. Сол біздің Қазақстанда, Жамбыл облысы мен Шымкент облысының шекарасында Шақпақ ата дейтін шың бар. Бауыржан Момышұлының, Шерхан ағаның ауылы. Сол жерде құстарды сақиналайтын арнайы бір орын бар. Оның бір ғажаптығы, бізге құс батыс жақтан келеді ғой немесе солай қарай қайтады дейік. Сол шыңнан көп құстар өте алмай қалады. Сол шыңға қарасаңыз соншалықты керемет бір биік нәрсе емес, сондай бір Абылай аспас Сарыарқаның белі емес ол. Бірақ содан өте алмайды. Неге десеңіз, желдің қарсы бағыты жанағы биіктігі екеуі арасындағы үйлесім құстардың ұшуын бәсеңдетеді. Сөйтіп торға өздері келіп тіреледі. Осы жағдай бізге зерттеуге үлкен мүмкіндік береді. Бізде Қазақстанда, қазақта емес, Қазақстанда өйткені оны бөліп алып атайтыным Қазақстан қазаққа бір кездерде қатысы болған жоқ. Біз бар болғаны 22%-ақ болдық. Сондықтан бұл өте жақсы дамып еді. Ал жаманның да жақсысын алу керек дейді ғой. Сол анау ескі системадан қалған жақсы, жаңа дүниелерді біз ұстап қалуымыз керек еді. Әзірге оны мен кереметтей көріп отырған жоқпын. Достық көшесінің бойында жас орнитологтардың мектебі болатын. Ол қазір жоқ сияқты. Бұл факт саған керек пе, керек емес пе білмеймін, клуб юных орнитологов дейді ғой соған мен ылғи да баратынмын. Сонда бірде-бір қазақ баласы бармайды, тек орыстар баратын.


- Сіз очерктеріңізде әрбір құсты қазақ халық әнімен, әртүрлі аңыз-әңгімелермен байланыстырасыз. Әрине, бұл ең алдымен Сіздің ақындық, қаламгерлік танымыңыз. Бірақ бұл да Сіздің қазақ халқын танытудағы тәсілдің бірі ме? Әлде адамда жоқ қасиетті құстардан іздейсіз бе?

- Адамда жоқ қасиеттерді құстардан іздейтінім рас. Ол тазалық пен азаттық. Бұл құстарда бар. Сосын бұл өзі қызық әлем. Басқаларға қалай білмеймін, бірақ құс деген бір берілсе иттей берілетін дүние. Ол сенімен бір рет дос болды ма, ол қырық адам тұрса да, келіп иығына қонып алады. Сондай бір таза жаратылыс. Ал кез келген кезде жақын жүрген досыңыз алдап кетіп жатқан жоқ па, кез келгені реті келсе сатып кетіп жатыр.

- Қай елдің орнитологын өзіңізге үлгі тұтасыз?

- Москваға барсаңыз зоология институты бар. Сонда жүз, екі жүз, үш жүз жылдан бергі құстардың тұлыптары тұр. Мынау Қазақстанда 1885 жылы ұсталған құстың тұлыбы деп астында жазулы тұр. Сондай дүниелер бізде өкінішке орай бола түсіп, болмай қалған жағдайы бар. Ал анау орыстардың дүниесі деген ол керемет. Неге шетелді айтпайсың дейсің ғой, мысалы айталық Англияны, Англияда болдым ғой мен, қызым оқыды сол жақта. Сондықтан жиі барып тұруға тура келді. Оларда мемлекеттік ұйым емес, белгілі бір жақсы адамдардың, қалталы адамдардың қызығуының арқасында, солардың ақшасына ұсталып, қамқорлықта тұратын нәрсе. Ал Ресей, Ресей өзі бір қызық мемлекет қой, жалпы орыс деген. Не бар, не жоқ дейді. Сенеканың бір сөзі бар «Аут нигел, аут Цезарь!» дейді латынша. «Не цезарь бол, не түк те болма». Қазақ айтатын «Не бол, не бордай тоз» деген, орыстарда да солай «две крайности», не керемет жасайды, не мүлде жасамайды. Менің құстарым үшін сол дұрыс болды.

Неге дегенде, бұл кәдімгі іргелі ғылым ретінде зерттелді. Негізі Еуропаның, Азияның орнитологтары мен зоологтары, биологтары Ресейге келеді. Ресейде екі-үш сала бар келетін. Соның бірі – көркем әдебиет. Әдебиеттің зерттеп отырған теориясын үйрену үшін әлем жұртшылығы, әлем әдебиетшілері Ресейге келеді. Біз орыстарды шовинизмдігі үшін ұнатпаймыз. Бірақ жанағы жақсы жақтарын міндетті түрде айтуымыз керек. Айталық, орнитология жөнінде орыстарға жететін жоқ деп есептеймін. Мына қырғыздарда да жақсы деңгейде болды. Шункар дейтін сайты болды. Қазір бар-жоғын білмеймін.



- Қазақстанда құстарға қамқорлық жасау жөнінде қандай ұсыныс айтар едіңіз?

- Бір-ақ ұсыныс болады, жемқорлықты азайту керек, сонда бәрі орнына келеді.

- Сіздің «Құстар – біздің досымыз» еңбегіңіз Қырғызстанда хрестомия ретінде мектеп бағдарламасына кіргізіліпті. Бұл кімнің бастамасы, кімдердің ұсынысы?

- Қырғызстанда екі рет жарыққа шықты. Және Өзбекстанда да екі рет жарық көрді. Үшінші рет шығады. Осыған дейін олар латынға көшіп кеткен ел ғой. Латынша шығып еді, енді кирилл әліпбиімен шығарғысы келеді. Аударған – Мехманқұл Мұсылманқұлов дейтін өзбектің жазушысы. Мектепте сыныптан тыс оқытылатын әдебиеттер тізімі деген бар, сонда биология пәнінде ол оқытылады.

- Қазақ орнитологтарынан кімнің еңбектерімен таныссыз? Сіз ұнататын орнитолог ақын-жазушылар бар ма?

- Қазақ орнитологтары жоқ.

- Шағалаларды зерттеген Ернар Әуезов ше?

- Бұл Ернар ағаңның аштым деген қарабас шағаласы бар ғой, басқа жерлерде де бар. Бірақ айта берейік. Ұнататын орнитолог ақын-жазушылар

дегенде қазақта жоқ қой ондайлар. Ал жалпы айтатын болсақ, Пришвинді Бьянкиді, Зверевті, Паустовскийді жақсы көремін. Казаковтың табиғат туралы дүниелері керемет. Соларды оқып тұрамын.

- «Құстар – біздің досымыздың» жалғасы бар ма?

- Жалғасы бар, жалғасы шығады, бір немесе екі кітап болып шығады.

- Бүгінгі күні қазақ орнитология саласында өндіріп жазып жүрген жалғыз қаламгерсіз. Осы саланың кәсіби маманысыз. Дәл осы салада шәкірттер дайындап жүрсіз бе?

- Кәсіби маман емес, басын ашып алайық. Ол ұят болады, кәсіби маман деген келмейді. Мен табиғат сүюшімін. Шәкіртім жоқ, себебі құстарға ешкім қызығып жүрген жоқ.

- Елімізде «Қазақстан және Орта Азияның орнитологиялық хабаршысы» атты ғылыми журнал шығады. Ресейде «Русский орнитологический экспресс-журнал» шығады екен. Сіз 1995 жылдан «Жазушы» баспасының директоры қызметін атқарып келесіз. Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген баспа қайраткері деген құрметті атағыңыз да бар. Жалпы, «Қазақ орнитолоиялық журналын» шығару ойыңызда бар ма?

- Жоқ, ондай ой жоқ, өйткені ол менің ісім емес. Онымен мамандар айналысу керек. Егер сондай журнал шығып жатса, мен ат салысар едім. Менің қиялыма да келген жоқ. Менің қиялымда басқа нәрселер.

- Сіз құстар әлемін зерттей отыра, үлкен экологиялық проблеманы да естен шығармайсыз. Өз зерттеулеріңіздің, пікірлеріңіздің нәтижесі қандай?

- Әзірге жоқ, бір нәтиже бар, Гауһар деген қыз келіп, қорғағалы жүр екен, міне пікір, мархабат. Басқасын көріп отырған жоқпын.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Гаухар АЙТБЕККЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың PhD докторанты

16.11.2018 ж.

ҚОСЫМША В

НҰРДӘУЛЕТ БАБИХАНҰЛЫ АҚЫШ

Филология ғылымдарының докторы, жазушы, ғалым, зерттеуші, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

Кез келген тақырып ұлттық мәселеге байлануы керек

Сіз «Қазақ көркем публицистикасы» (1991-2014) зерттеу еңбегіңізде қазіргі көркем публицистикалық шығармалар – очерк, эссе, естелік жанрларында жазылған жер, дін, әскери, желтоқсан оқиғасы, салт-дәстүр, табиғат және т.б. тақырыптарындағы мақалаларды ұлттық, жалпыадамдық парадигма тұрғысында саралайсыз. Тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзді тақырыптық және формалық ізденістер тұрғысында зерттейсіз. Жекелеген қаламгерлердің тілдік, көсемсөзшілік шеберлік ерекшеліктерін, олар көтерген тақырыптың зәрулігін, жаңа дәуірге сай жанрлық мәтіндердің жетілу деңгейін жіті бағамдайтын тұстарыңыз да баршылық. Сондай-ақ, кейбір қаламгерлер туындыларына сын көзбен де қараушылық бар. Осы тұрғыдан зерделейтін болсақ, бұл зерттеуіңіз қазақ көсемсөзінің қазіргі ғылыми-танымдық дамуына қосылған іргелі, қомақты үлес деп есептеуге әбден болады. Осы ретте мынадай сұрақтың орайы келіп тұр: сіз неліктен көсемсөздің ішінен дәл көркем публицистиканы зерттеуге ден қойдыңыз? Не түрткі болды?

- Біріншіден, бізде ғылыми мекеме болғаннан кейін ғылыми бағдарлама бойынша, ғылыми жобалар бойынша жұмыс жасаймыз, бұл ғылыми жобалар ішіндегі бар нәрсе еді. Ғылыми кеңес деген болады, сол ғылыми кеңесте талқыланып, бұрынғы директорымыз Уәлихан Қалижанның бастамасымен осы тақырыпты маған беруге ұйғарылды. Өйткені көсемсөзге бергені, бұрынғы мамандығым қазақ тілі мен әдебиеті болғанымен журналистикада да қызмет еткем. Сондықтан біздің ғылыми мекемеде журналистикаға жақын адам мен болып шықтым. Осы кісі кімге береміз дегенде бәрі, біреуі көзімен, біреуі сұқ саусағымен мені көрсетті. Жалпы тақырыпты зерттеу барысында ғылыми материалдарды жинау, іріктеу және басқа да көптеген жұмыстар жүргізілді. Маған көркем публицистиканы берген себебі, мына институттың аты Әдебиет және өнер институты деп аталады. Ал жай публицистика әдебиетке жатпайды да, ал көркем публицистика әдебиетке жақын жанр. Сондықтан осыны берейік деді. Бұл мәселенің көтерілу себебі, біздің мынау тәуелсіздік жылдарындағы көркем публицистика өте белсенді дамыды. Бірақ сол зерттелмей жатыр. Бұл мына жалпы Елбасымыздың көптеген әртүрлі құжаттарында айтылып отырады, бірақ зерттеу жағы жоқ, зерттелмеген. Біздің тәуелсіздік кезіміз неге жан-жақты зерттелмейді дегенді ол кісі айтады. Тарихын зерттеу, өнерге қатысты әдебиетті зерттеу, сол зерттеудің ішіне біздің институт кіргізілді. Сөйтіп маған осыны зертте деп тапсырма берілді. Соның нәтижесінде көптеген кітаптар оқыдым,

сараптау жұмыстары, бұрын-сонды кімдер жазды көркем публицистиканы, орыстардан кім жазды, басқалардан кім жазды, өзіміз солардың бәрін қарастырып, осындай жұмыс өмірге келді. Кейін өзің сияқты зерттеушілер, назар аударушылар келіп ақыл-кеңес сұрап кетеді, бұл кітап болып шыға ма деп айтады. Шынында да мен осыны әлі қолға алған жоқпын, интернет вариантын жасап қою керек еді. Өйткені мына зерттеушілерге керек екен. Көркем публицистика керек екен, ең құрығанда мынау тәуелсіздік жылдарындағы көркем публицистика, өйткені бұрынғы тұстарға шегініс жасайтын тұстар бар, бірақ негізі тәуелсіздік кезеңіндегі мынау руханиятты зерттегенде ішінде көркем публицистика да жүреді, соны зерттеу керек екен. Соның әсерінен мен жазып шықтым. Деңгейін қандай екенін өзің сияқты зерттеушілер болмаса, мен бүйттім, қатырдым деп айта алмаймын.

- Сіз жоғарыда аталған зерттеуіңізде көркем публицистикадағы көсемсөз үлгілерін талдау барысында жалпыадамдық, ұлттық, рушылдық парадигмалар деп жіктеп, түрлерге бөлесіз. Бұлай бөлуге не себеп болды және мұндай түрлерге ажыратудың негізі қайдан шықты? Әрбір парадигма атауына анықтама беріп өтсеңіз.

- Бұған себеп болған біріншіден, көркем публицистика туралы орыстардың зерттеулерінде жіктейді екен. Соның негізінде жаңағы өзің айтқан К. Қамзиннің ептеп жіктеулері бар. Б. Жақыпта бар. Бірақ олар толық жіктемеген. Мен енді шынын айтқанда, бұл еңбек теориялық еңбек емес, мақсат көркем публицистиканың теориясын жасау емес, маған дейін жасалған. Енді кейбір дамытатын жерлері болуы мүмкін. Бірақ жаңағы айтқандай тәуелсіздік кезеңіндегі көркем публицистиканың жалпы тарихы, жағдайы, шолу сияқты материал болуға тиіс еді. Бірақ ішінде жазу барысында кішкене теорияға да мен ат салысып кеттім. Жаңағы кейбір жерлерін жіктеуге тура келді. Оның себеп болғаны сол біріншіден, көркем публицистиканың қалыптасқан табиғатынан шығады, екіншіден көркем публицистиканы жазу барысында кейбір көсемсөз шеберлерінің ізденістерге баруы, басқаша бір стандартқа келмейтін көсемсөзді жазу, солардың құлшыныстары нәтижесінде осындай парадигмалардың, өлшемдердің себептері болды, терең талдау міндетті емес шығар, яғни ізденістен туындады.

- Менің түсінігімше, сіз парадигмаларды қаламгердің жазу стилі, жазу мәнерінен алып шығып отырған сияқтысыз. Мәселен, мен парадигмаларды қаламгерлердің көтерген тақырыптарына қарай шығардым. Ал сіз жазу стиліне, ерекшелігіне қарап ұлттық, жалпыадамдық, рушылдық деп жіктеген секілдісіз. Бұған не дейсіз?

- Иә, оны жіктегенде де жаңағы тақырыптарына байланысты, рушылдық дегенде бізде бұрын айтылмай жүрген шежірелік көркем публицистиканы да зерттедім. Өйткені осы тәуелсіздіктің келуімен байланысты шежірелік еңбектер көбейді. Соның ішінде шежірелік көркем публицистикалар да бар. Бұрын айтылмаған, кеңес дәуірінде мүлдем айтылмаған нәрсе. Сондықтан жаңа нәрсе болғаннан кейін соған да мен назар аудардым. Ол содан туындап отырды.



- «Тәуелсіздік жылдары өмірге келген қазақ көсемсөзі басты талаптарға толығымен жауап бере алады деп қуануға ерте де шығар. Жанрдың биік деңгейінен көріне алмай, бірді айтып, бірге кететін немесе біржақты ұстанымммен ғана шектеліп қалатын үлгілер де баршылық» депсіз. Қазақ көсемсөзіндегі пісіп жетілмеген ондай шығармаларға кімнің және қандай шығармаларын атай аласыз? Жалпы, бүгінде қазақ көсемсөзі қандай талаптарға жауап беруі тиіс?

- Пісіп жетілмеген шығармаларды жалпы көп зерттеудің керегі жоқ. Мен оларды көп таңдаған жоқпын. Өйткені көркем әдебиетте де басқа жағдайда да айтылған сөздер бар. Қазақша айтқанда, ғалым А. Ісмақованың «Только высокохудожественные произведения выдерживают теоретические анализы» деген сөзі бар. Ол өзінің сөзі емес, ол Бахтиннан алған. Оның мәнісі енді белгілі тек көркемдік деңгейі барлық шарттарға сай келетін шығармалар ғана талдануы керек. Пісіп жетілмеген шығармаларды оны талдап әуреге түсудің керегі жоқ. Өйткені оның деңгейі төмен ғой. Кейбір талдаған жерлерім бар, ол кемшіліктерді көрсету үшін. Бізде мынадай кемшіліктер бар: қалыптаспаған жерлер бар, жанрды қалыптастырудың өзі үлкен күрделі үдеріс, соның ішінде жастардың игеруі, жастар тұрмақ үлкендердің игеруі. Сондықтан, мен бір-екі адамды атауыма болады. Мысалы, Н. Мәзібаев деген бір публицисті оқыдым, бірді айтып бірге кеткен. Мынау өнердің өзінің синкретті жағы бар, бірақ оның бірді айтып, бірге кететін тұстары да болады. Бірақ синкретті болғаннан кейін оны жүйелі айту керек. Мысалы, оның ішінде көркем диалогтар кездесуі мүмкін, тарихи фактілерді де айтуы мүмкін, элегиялық сарындар болып кетуі мүмкін. Бірді айтып бірге кетіп, эмоцияның өзін әртүрлі қылуы мүмкін. Жалпы сөзбен айтқанда, эклектицизм деген нәрсе бар, ол жүйесіздік. Ал синкретті өнерде бәрі эклектицизм болу шарт емес. Мысалы бағанағы айтқан

кісілер, енді оның атын айту шарт емес шығар, менің алдымда міне мына кітап жатыр, белгілі публицист, осындай шығармаларда кездеседі, мен кітапта белгілеп қойғам, бұл енді кейін жазылған, сонда кішкене бар, бірді айтып бірге кетуі. Алдымен өзі ауызша айтып алады, оқыған түрімді көрдің ғой, шимайлап, сызып, кейбір жерлерін дұрыстап қойдым, мынау сұрақ қойған жерлерім. Автор ауызша баяндаулар айтады да, сосын кейіпкердің аузына сол оқиғаны қайтадан айттырады. Оның қажеті жоқ, меніңше оның ауызша айтудың керегі жоқ. Қызықты қылу үшін өзінің диалогымен айттыру керек еді. Міне тәжірибелі публицистердің өзінде осындайлар кездесіп қалады.

- Сонда бүгінгі қазақ көсемсөзі мынадай-мынадай талаптарға жауап беруі тиіс деген нақты бір талаптары бар ма?

- Иә, талаптары жалпы мынау ортақ талаптарға байланысты ғой. Оның мүддесінен шығу керек. Ал енді қазақ көсемсөзінің талаптары десек, соған қоса ол негізінен біздің ұлттық руханиятымызды нығайтуға, тәуелсіздік мәселелерін, ұлттық болмысты айтуға байланысты болу керек. Мысалы бұл арада Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласын еске алуға тура келеді. Бұл бағдарламалық мақала 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген, қазір сол бағытта жұмыстар жүріп жатыр, бірақ мен өзім көсемсөзді зерттегенде одан бұрын бастадым. Бірақ сол кейбір қойылған талаптар Президенттің қойған шартттарымен толық сәйкес келгеніне өзім қуандым. Ол кісі шығармаларды оқып отырып, сондай түйін жасаған ғой, тәжірибеден туындаған. Сондықтан анау ұлттық руханияттың болмыстың көріністері болу керек, біздің ұлт ретіндегі көрінісі болу керек деген талаптарды мен алдында қойғам. Сөйтсем, шынында да Президент айтады, кез келген қазіргі замандағы қадам ұлттық рухқа, ұлттық мәйекке сүйеніп отырмаса, ол ұлттық жаңғыру болмайды, жаңғырық болып кетеді деген сөзі бар. Сонда айтылған нәрселер менің публицисткиа туралы еңбегімде бар екен. Жетіспей жатқан нәрселер дегенде, біріншіден қарабайырлықтан қашу керек, әлі де бізде қалмай келе жатыр. Көркем публицистикада жазудың түрлі формалары бар. Қызықты етіп, оқырманды тартымды етіп жазу керек. Екіншіден, бәрін ұлттық мәселеге тіреу керек. Мәселен, экономикалық проблемалар ма, информация туралы ма, біз көркем публицистка жаздық па, я болмаса саясат туралы жаздық па, әлде жаһандану жөнінде ме, өндіріс туралы жаздық па, яғни кез келген тақырыптың ішіне ұлттық мәселені кіргізіп отыру керек. Міне, осы өзімнің қоятын талабым. Сөйтсем Президенттің талабымен біз сияқты қарапайым зерттеушілердің талабы үйлесіп жатыр. Көпсөзділік болмау керек, мүлде саясатқа бағындырып жібермеу де керек, ұлттық идеологияны ұстай отырып мүмкіндігінше объективті баға беру керек. Кейде ұлттық идеологияны ұстанған кезде субъекивизмге кетіп қалатынымыз бар. Ұлттық идеологияны айтқан кезде парқына бармай ол ұлтшылдық дейтініміз бар. Ұлтшылдық емес, кеңес дәуірінен қалып келе жатқан ұғым. Біреулер ұлтшылдық дегенді жақсы деп жүр ал енді философияда бұрынғы диалектикалық материализді жіктеген кезде ұлтты сүюдің екі түрін айтады. Біріншісі, патриотизм, сосын ұлтшылдық. Егер патриотизм басқа халықтарға зиянын тимей өзінің ұлтыңды

көтеру, ұлттық атрибуттардың барын қорғау. Ал басқа халыққа зиянынды тигізіп, ұлтыңды көтерсең ол ұлтшылдық боп кетеді. Соның ара парқын ажыратуға адамдар әртүрлі қарайды. Мысалы, орыс тіліндегілерге ұлт мәселесін айтсаң, ұлтшылдық деп есептейді. Ал қазақтарға ұлттық мәселені айтсаң, ол ұлтжандылық жақсы деп есептейді. Ұлтжандылық деп отырғаны ол патриотизм, былай қарасаң ерте заманнан русский патриотизм деген сөз көптен қолданылады, басқа халықтарда да патриотизм бар, қазақтың патриотизмі неге жоқ, бізде казахский патриотизм деген ұғым қалыптаспаған. Міне әңгіме осыдан шығып отыр. Қазақтың өз патриотизмі болды, сол неге көрінбейді деген талаптар ғой.



- **Сұхбатыңызға рахмет!**

Әңгімелескен
Гаухар АЙТБЕККЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың PhD докторанты

19.11.2018 ж.

ҚОСЫМША Г

НҰРЛАН МЫРҚАСЫМҰЛЫ ОРАЗАЛИН

Ақын, драматург, көсемсөзші, Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Тәуелсіздік – киелі ұғым

- Сіз бірер жыл «Егемен Қазақстан» газетінің редакторы болдыңыз. Ақпарат құралының басшысы қандай болса, мерзімді баспасөздің стилі де сондай болады деген тәмсіл бар. Сол басылымның басы-қасында жүргенде қандай мәселелерге назар аударыңыз? Өз ойыңызша, өзіңізден бұрынғы редакторлардан қандай ерекшелігіңізді атап өтуге болар еді?

- Менің редактор болған кезім тәуелсіздіктің жаңадан туын көтеріп, еліміз әлі оң мен солын жөндеп, бағдарлап таңдай алмайтын жыл болатын. 1993 жылдың 23 қаңтар айында келдім, содан 1996 жылдың маусымының аяғында, шілдесінің басында кеттім. Сьезге сайланып, одан соң жазушылар одағына ауыстым. Мынау осы үш жарым жылдың ішінде, бұл үш жарым жыл мерзім мен үшін сынның жылы болды. Өйткені маған дейін мүйізі қарағайдай үлкен-үлкен редакторлар отырды. Тіпті басқасын айтпаған күннің өзінде кешегі бастауында тұрған Ғабеңдер, яғни Ғабит Мүсіреповтер тұсауын кесіп, басшылық жасаған газет қой. Оның алдында Сәкеннің де ізі қалды бұл газетте. Ал енді кейінгі осы біздің жаңағы тәуелсізлік заманында мен үшін ерекше, айрықша бағаланған екі-үш редакторды айтуға тиіспін. Біреуі Балғабек Қыдырбекұлы. Ол кісі партия қылышының қаны тамып тұрған кезінде редактор болды. Оның алдында Сапар Байжанов болды. Бұл екі адам да қазақтың журналистикасында өздерінің үлкен сорабы, жолы бар адамдар еді. Ал тәуелсіздік қарсанында ұлттың намысын қайрайтын, ұлттың көзін уқалап ашуға себебі тиетін бағыт-бағдар алып келген редакторымыз Шерхан Мұртаза. Шерхан Мұртазаның кезінде «Егемен Қазақстан» газеті үлкен кеңістікке шықты. Горбачевтың «Жариялық» кезенімен тұспа тұс келді. Сапар мен Балғабек ағаларымыздың кезінде ондай мүмкіндіктер бола қойған жоқ және Орталық комитет ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған газет. Дегенмен ол кісілердің де кадр дайындау жөнінде, содан кейін мақалаларды іріктеп, сұрыптау, қазақ журналистикасының бағытын анықтауда сіңірген еңбектері ерекше. 80-жылдардың орта тұсындағы ең алғашқы қоғамдық пікірдегі сөз өру, көркем сөз, көсемсөз жалпы қазақтың әдебиетінде де, журналистикасында да еркіндікке Горбачевтің кезінде жол ашылды. Жариялықпен келіп, ақыр соңында жариялықтың қайда апарғанын білеміз ғой. Үлкен Алтыншы империяны тарихтан тайдырды. Осы кезде Шерхан Мұртазаның жасқанбай келді, ұлттық құндылықтарымызды көтере білді. Ең басты құндылығымыз ұлттың намысын көтерді. Шерхан Мұртазаның дәуірі газетке айбат, қуат бітірді. Шерағаңнан кейін Әбіш Кекілбаев қызмет жасады. Қазақ прозасын Әуезовтен кейінгі кеңістікке алып шыққан суреткер. Үш айдың

ішінде шындықты қалай айту және мәселелер көтеру кезінде толық бұрылып үлгіре алмады. Бірақ Шерхан Мұртаза бастаған істі әрі қарай жалғап, журналистикада талдау және сараптау үлгілерін саяси оқиғаларға, кеңістікте жүріп жатқан бағытқа алғашқы түренін салды. Өзінің көлемді мақалалары шығып жатты. Екі ағамыз жолын салып берген тәуелсіздік қарсанындағы Жоғары кеңестің баламалы негізде сайланған депутаты болатынмын. Халық жазушы және халық депутаты дейтін. Біз төрт жыл Тәуелсіздікке не керек және заңды құқықтық жүйесі қалай қалыптасу керек, ой-пікір айтудың кеңістігі қандай болу керек дегенге біраз көңіл бөлдік. 360 депутаттың ішінде, үлкен-үлкен заңгерлеріміздің ішінде Салық Симанов, Сұлтан Сартаев секілді мықты заңгерлеріміз болды. Көптеген академиктеріміз, журналистеріміз болды. Солармен ұлт саясаты комитетінің төрағасы Әбіш Кекілбаевтың орынбасары болдым. Сол кезде Тәуелсіздіктің алғашқы қиындықтарымен бетпе-бет келіп отырдық. Сөйтіп жүрген кезде мені Елбасы «Егемен Қазақстан» газетіне бас редактор ретінде ұсыныс беріп шақырды. Бұл сала маған таңсық емес. Бірақ біз істеген сала басқа болатын. Газетте жұмыс істеу мен үшін үлкен жауапкершілік болды. Бір-екі жылдық конституция болған кез, «тәуелсіздік» сөзіне біреу сеніп, біреу сенбеген кез.

- «Айдыны кең Абай тілі мен Әуезов тілі көкпеңбек мұздың үстінде қалған тағасыз аттай күн кешкенін көзіміз көрдік» деп айтқан екенсіз. 19 жыл бұрын айтылған мемлекеттік тіл туралы пікіріңіз жөнінде қазір не айтар едіңіз?

- Мемлекеттік тіл проблемасы Әуезовтің заманында да болды, Ахаңдар мен Жаһандар заманында да болды. Мемлекеттік тілді қорғау керек деген проблеманы Әлихан да айтты. Барлық Алаштықтар айтты. Қазір мемлекеттік тіл керемет, атқару орындарында атқаларылатын шаруалар көп деп ақталуға да болмайды. Мемлекеттік тіл 90-шы жылы жаһанданудың жаңадан жол тауып, қазақтың шекарасына кіре бастаған кезі еді. Бір ғана мысал келтірейін, мемлекеттік тілді игере бастаған мемлекеттік тілді келе салған бетте жаппай оқи бастаған өз ішіміздегі орыстарды көрдім. Мысалы, газет бетінде екі дүркін Америка Құрама Штаттарының сол кездегі елшісі Кортнимен кездесу өткіздім. Бір рет жиырма күнге Құрама Штаттардың пәрменімен барып тағы айттым. Қазақтың сөзін, Президенттің сөзін елге жеткізіп отырған газетті тексеруге кірісті. Ол кезде қазақтың тілін игеруге ынта болды кәдімгідей. Бірте-бірте пәрменді күштер жаһандануды жасап отырған ұлы елдердің бәрі қазақтың елінде қазақтың тілісіз-ақ емін-еркін жүруге болатынына көздері жете бастады. Оған біз мемлекеттік тіл мен ресми тілді бір деңгейге қойып қойғанымыз кішкене кедергі жасады. Менің ойымша, бұрынғы халықаралық қатынас тілі деген түсініксіз тілмен жүре беру керек еді. Бірақ орыс тілді азаматтардың көптігі теңестіріп жіберді. Осыдан біз ұтылдық. Қазір қазақ тілінде оқитын балалар көп. Қаржысын төгіп, мемлекет барын салып жатыр. Бір-ақ ауыз сөз елдің жағдайындағы арасалмақты өзгертіп жіберді, содан мемлекеттік тілдің жағдайы әлсірей бастады.



- Сіз ұлттық тілді дамыту үшін мынадай ұсыныстарды алға тартыпсыз: «Тіл еркін өмір сүру үшін сөз жоқ, қолданылу аясы мол кеңістік айдыны керек. Қолданылу аясы дегеніміз не сонда? Ол – ***қоғамдық ортадағы сұранысты қалыптастыру.*** **Ол –** ***мемлекеттік мекемелер*** **тарапынан** ***ықпалды күшейту.*** **Ол –** ***әрбір азаматтың*** **ішкі мәдениеті мен құрметінен бастау алар** ***ынтасын ояту.*** **Ол – өзінің ауасын жұтып, суын ішкен мына қасиетті жердің** ***өткенін әспеттеп, бүгінін сыйлауға өзіңді де, өзгені де үйрету.*** **Ол – орынсыз байбаламға салып, орынды, орынсыз жерде тіл намысын жыртқансып, өзге жұрттың қытығына тимеу. Ол – қазақ халқының ұлт ретінде өмір сүруін қамтамасыз етіп келе жатқан** ***«өнер алды – қызыл тіл» саналатын әдебиеттің дамуына жағдай жасау.*****Осы аталған ұсыныстар бүгінде шешімін тапты ма?**

- Ия, бұл 1999 жылы «Қазақ тіліне кеңістік керек» деген мақалам. Бұл мақала жазылғаннан кейін, қол жеткізген жетістіктерімді айтайын. Бұл мақаладан бұрын Жазушылар Одағының мәжілісінде жасаған баяндамам болатын. Сол баяндамадан кейін біз үкіметке хат жібердік. 1999 жылы тілді елге жеткізетін бейресми телеарналар орыс тілінде жүрді. 15-20% қазақ тілінде ғана, оның өзінде түнгі сағат бірде берді. Сондай дүние болғаннан соң, біз оны мәселе қылып көтердік. Сол кезде айттық. Үкімет ақпараттық кеңістігін 50/50 жасады. Ресми бола ма, бейресми бола ма шаруасы жоқ. Одан кейін 4-5 айдан кейін қазақ тілін күндізге шығара бастады. Сол бірінші жеткен жетістігіміз. Шетелден келген қонақтар қазақ тілін игере бастады.

- Америкаға барған алғашқы сапарыңызда сіз: «Қанша еркінбіз дегенмен, американдық ағайындар біздің бір кездегі «Кеңестер Одағынан» екенімізді екі елі естерінен шығармағаны хақ. Әлгі бір қарауыл-ой

«қыдыйып» олардың да, біздің де бір бүйірімізде тұрғандай болды»деген пікіріңізден біз үшін психологиялық тұрғыда біраз қиындықтар болғанын да жасырмайсыз. Осы ретте бүгінгі күні американдықтардың бізге деген көзқарасы қаншалықты өзгерді деп ойлайсыз?

- Қазір олар көзқарасын өзгертті. Ол кезде бізге сенбей қарайтын. Қазақстан десем қазақ деген кім деп сұрайтын. Құдайға шүкір қазақтың кім екенін қазір біледі, әлемге жаңа Қазақстанды танытқан Назарбаев. Назарбаевтың еліненмін десең бәрі біледі. Білмейтін ел жоқ. Әлемде мүлтіксіз билікке кеңелген адам Ақ үйге кірген кезде менің сезген нәрсем. Қазір бізге коммунистер деп қарамайды олар, бізге қазір қазақтың мінезін әбден зерттеп білді. Жалпы осы жерде біздің ұлттық тәрбиеміз жаһануға төтеп бере алатын күш екенін айтқым келеді.

- «Қонақ келді десе есік-тереземізді ашып қойып, елдің бәрі өзіміздің Алматыдағыдай апы-күпі болатындай көреміз. Жанұшыра, жыртылып-айрылып, өз аузындағысын қонағына ала жүгіретін қайран, біздің, қазақтар-ай! Қанша таяқ жесе де сол ақ көңіл, адалдығын қоя алмай келе жатқан неткен жомарт, неткен аңқау ел едік?!» - деп американдықтармен салыстыра отырып, ұлттық менталитеміздің сипаттайсыз. Бүгінгі биіктен бағамдар болсақ, ұлттық мінезіміз өзгерді ме әлде сол қалпында ма? Батыстанып бара жатқан жайы бар ма?

- «Рухани жаңғыруда» сана модернизацияға түсу керек деген сөз айтылды. Сана модернизацияға түспесе, онда біз XXI ғасырда ұлт ретінде, мемлекет ретінде көп елдермен дәрежеміз тең, тереземіз тең болып өмір сүре алмаймыз деген сөз айтылды. Сондықтан қазір бізде өзгеріс бар. 80-90 жылдары ауылға барсам бір тоқтысын алып, соңғы қойына дейін бітіріп тастап қарап отыратын, қазір бізде ол кісілер кетті. Сол кезде барып ауылға кіріп сәлем беріп жүретін бозбала жігіт, біз өзіміз жетпістен астық. Біздің қатарымыздағы адамдар да өзгерді. Олар сараңдау емес. Тірнектеп жүріп бес-он қойын жинады, зауыттар аша бастады, түгел тіршілігін жолға қойды. Капитализм дегеніміз осы. Қазіргілер біледі, қолындағын шашып жіберсе, ертең далада қалатынын. Ертең жасап жатқан еңбегі бауыр, немерелеріңе жетсе екен дейді. Бірақ барлық жерде бұлай емес. Еңбек қоғамы дегенді Назарбаев осыдан он жыл бұрын айтты. Біз ол қоғамды жолға келтіретіндей іргелі жұмыстар жасай қойған жоқпыз ғой. Еңбек қоғамы қалыптасқан жерде адамдар жұмыс жасау керек. Бізде коррупция көбейіп кетті. Еңбек қоғамы белең алып, жүретін болса онда барлығы басқаша болар еді. Көршілеріміздің бәрі бізге келіп еңбек етеді. Қырғыздар, өзбектер, тәжіктер келеді. Біздің балалар еңбекке енді бұрылды.

- Сіздің осы сапарлар туралы жазғандарынан түйгенім: АҚШ аз сөйлеп, көп қимылдауды, салқынқанды болуды үйретті, Рим сапары көне ескерткіштерімен, тас көшелі әдемі қалаларымен әсер етті. Мекке, Медине имандылық пен байлық, тектіліктің үйлесімі ретінде есте қалды. Ал Оңтүстік Корея еңбеккорлық, табандылық пен ұлтжандылықтың үлгісі болды. Қазір бізге қандай ұтымды жол сілтер едіңіз? Кімдерден нені үйреніп, нелерден жирену керекпіз?

- Осының бәрін де үйренуге болады ғой. «Рухани жаңғыруда» осының бәрі айтылған.

- Осыдан 24 жыл бұрын жазған жолсапар очерктеріңізге, сапарнамаларыңызға, сұхбаттарыңызға бүгінгі көзқараспен қандай баға берер едіңіз?

- Ел береді. Мен ең бастысы өтірік айтқан жоқпын. Арымды қалай қабылдадым, солай болды. Бірақ оқыған жұрттың бәрі әлі күнге дейін сүйсініп отыратын талай адамды көрдім. Үлкендері бар, кішісі бар уақыт өтіп кетсе де, қалай дәл айтылған деп жатады. Енді бір емес, бірнеше рет қайта басылды. Сондықтан мен енді осыған дейін жазған бір өлеңіме, осыған дейін жазылған бір мақалама кітап шығып кеткеннен кейін ешқашан қайтып қалам тигізбеймін. Кітапқа дейін мен редакцияда өзіме өзім редактор болатын адаммын. Қаршадай кезімізден редактор болдық қой. Сөзді қай жерге қыстыру керек, қайда салу керек әбден үйренген нәрсеміз. Асығыс кеткен, жетпей қалған жерлерде, кейбір сөздерде түзетулер болуы мүмкін. Бірақ кітаптың негізгі алтын арқауына ештеңе өзгертіп жасамаймын, қолымды қоя беремін. Әр сөзіме өзім жауап беремін.

- Көсемсөзіңізде айтылмай қалған мәселелер болды ма?

- Неге болмасын, болады ғой. Болады, ол енді міндетті түрде. Кейде уақыт жетпей қалады, кейде саясат дейтін шіркіннің сәл епте тұсау болатын кездері болады. Бірақ негізі ойымның 80-90% қағазға түсті ғой деп есептеймін. Әр сөз, әр мақаламның бәрінде өтірік айтпауға барынша соған күш салған адаммын.

- Қазіргі уақытта әдебиетке сұраныс көп пе, әлде көсемсөзге ме?

- Қазір әдебиеттің жолы тарылып тұр ғой. Қазіргі көсемсөздің жолы кішкене тез. Мысалы, енді-енді қайтадан әдебиетке бұрылып бара жатырмыз. Әдебиетке қазір жол ашылып келе жатыр. Солай болған. Көсемсөздің енді кім өтірік айтады, кім қалай жазады,ондайды оқырмандар бөліп алатын болды қазір. Көсемсөзші болу қазір өте қиын. Бүгін оқылмаса, ертең қайта оқылады. Өтірік айтпай өлең жаза берген өте тиімді, пайдалы деп ойлаймын.

- Қазіргі талантты жас көсемсөзшілерден кімдерді атар едіңіз?

- Талантты жас дейтіндей мен енді айта алмаймын. Мысалы, менің білетінім ол мен үшін кіші болғанымен, сендер үшін үлкен ғой. Қазір қазақ журналистикасындағы үлкен бағыт жасап келе жатқан сол көсемсөзшілерден Нұртілеу Жүсіпбайұлы. Ол енді мен үшін жас болғанмен, Нұртілеу ол да бір талай жерге келді. Содан кейін Қали Сарсенбайды, Жандарбек Әшімжанды айтуға болады. Бұлардың әрқайсысының өзінің сорабы, жолы бар жігіттер. Елдің бәріне көсемсөз айту, көсемсөзші болу бұйыра бермейді. Қара табан журналистер көп баяндап жазып жатады. Бірақ өмірдің концепциясын алып шығатын мұндай адамдар бізде аз.

- Бүгінгі күнде ұлттық көсемсөзге жаһандану үдерісі қалай әсер етуде? Артықшылығы мен кемшілігі туралы айтып өтсеңіз.

- Енді әуелі көсемсөзге жаһанданудың жақсы әсері де бар.



- Жаңа технологиялардың ұлттық журналистикаға әсері туралы айта отырып, мына заманда қазақ көсемсөзін дамыту үшін қандай тәсіл немесе жол ұсынар едіңіз?

- Ол енді қазір біздің ұсынымыссыз-ақ етек алып бара жатыр ғой. Оның да пайдалы жағы және тиімсіз жағы бар. Мысалы, интернетте сайттар қаптап кетті. Ал бұның пайдалы жағы ойды еркін айтуға елдің санасын тәрбиелейді. Ал зиянды жағы өтірік айтуға, өсек айтуға, бетті тырнауға, бір-бірінен кек алуға, өш алуға, бұл кәдімгі қазақтың ортасында болмаған, қазақтың мінезіне келмейтін, тіпті кісілік мінезіне келмейтін қазақ қаптап кетті. Ол әлемде бар, одан қашып құтыла алмайсың. Бірақ соған қарсы тұрудың жолдарын ойлау керек. Енді технологияның дамуы деген қоғамның дамуының алғы шарты. Журналистикада да, әдебиетте де технологияның сол жетекшілік жағы доминанттық үлгісі, ол уақыт тудырып жатқан нәрсе. Одан біз қашып та құтыла алмаймыз, мойындауымыз керек. Бірақ соның жетегінде кете беруге болмайды ғой. Мысалы, неше түрлі үлкен тұлғаларымызды, адам пана тұтып отырған, соны пір тұтып отырған тұлғаларды мысалға алады кеп, неше түрлі артық әңгімелер айтады. Сондай бір қасиетті нәрсе болады ғой, соны сақтай білу керек, соған тәрбиелеу керек. Ал бұл тек журналистикада ғой, ал қоғамда мұндай технологияны игермесек, бұдан қалсақ, бәрінен қалып қоямыз. Саналы модернизация деп Президенттің айтып жатқаны да сол.

- Заманалы көсемсөздің онлайн журналистикадағы орны қандай деп ойлайсыз?

- Өте ықпалды қазір. Сол мен айтып отырған сақтандырулар осының шамадан тыс ықпалын жүргізе бастағаны. Жалдамалы журналистика дегеніміз қазір осы жақта қатты жүріп жатыр. Қазір қағазға түсетін журналистиканың

тарихқа керек шығар, бірақ санаға тез жететін, саны аз ғой гезеттердің, оны оқитындар да аз.

- Кеңестік дәуірдегі ой-санаңыз бен тәуелсіздік кезіндегі ой-сана ауысымы арасында қаншалықты айырмашылық бар деп ойлайсыз?

- Мен өзімді классикалық калонындағы қаламгерлердің қатарына қосамын. Біздің қатарымызда солай. Технологияның дамыған заманындағы ойдың дәлдігі, сөздің тездігі, ақпараттың молдығы, мұның бәрін қарамасаң уақытынан қалып қаласың. Бұл қазіргі журналистиканың ғаламдану, жаһандану дейтін кеңістіктегі абырой мен беделдің көтеретіні де, түсіретіні де осы. Көтеру ұлттық сипатта мықты болу керек, ал түсіру екінші біреуге ұқсау деген сөз. Мысалы, бізде кейде телехабарларды көріп отырамыз, ресейлік телехабарлардан айнытпай жасайды. Тура сондай бағдарлама жасайды. Бұл не деген намыссыздық. Мысалы, қазақтың ескіден келе жатқан классикалық әнін тыңдасам миым демалады. Бұл менің бәрінен қалып қойғандығым емес қой. Анау жапондықтар ежелгі киманосын, қытайлықтар түгел өзінің айдаһарларын алаңға шығарып билетіп, сақтап отыр. Кешегі шыққан мақаласында Елбасы жылқы, тізгіндеу, Алтын адам, Жібек жолы деп соны меңзеп отыр. Демек, технологияның заманына ілесе отырып, саналы модернизация жасап, ешкімге ұқсамайтын ұлттың, өзінің кешегі заман ағымына ілескен тотемін сақтай отырып, өзінің тегін ұмытпайтын ұрпақ тәрбиелеу керек деп ойлаймын.

- Қазіргі көсемсөзде қандай саяси-әлеуметтік, экономикалық мәселелер көтеріліп жүр?

- Электронды ақпарат құралдарын ашамыз ғой. Евроньюсты ашып қалсаң бастан аяқ Еуропаның қазіргі ағылшын мен Евросоюздың арасындағы әңгіме. Міне бір-екі ай болды осы жүріп жатыр. Осыдан үш жыл бұрын ашып қалсаң Ресей мен Украинаның арасындағы төбелес болатын. Ақпараттық жағы сананы тәрбиелейтін қарым-қатынастар. Біздегі әңгіме ондайептеп ашық шығарылған емес. Өзбекстанмен шекарадаептеп қақтығыстар болды, тыныш жабылды. Қырғыстанның кеткен Президенті де тарихқа байланысты бейауыздау сөз айтты. Ол да тыныш жабылды. Сондықтан негізгі әңгіме қазір жаһанданудың кезіндегі ұлтты сақтаудың, мемлекеттердің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін жүріп жатқан әңгіме. Қазақ ақпарат құралдары осы төңіректе ғана жұмыс істеп жатыр. Сараптамалық материалдарды журналистикалық бағытта қолданып келе жатырмыз. Қазір тек оның алаңдары, ойлау кеңістігі өзгерді. Соған қарай қимылдауымыз керек. Бірдеңе деп нақты айта алмаймын. Ақпарат та керек, талдау да керек.

- Бүгінгі күні көркем көсемсөздің қандай жанры қарқынды дамуда деп ойлайсыз?

- Қазіргі кезде эссе. Ең көп оқылатын жанр да осы эссе. Мен өзім де осы бағытта жазғанды жақсы көремін.

- Қазіргі күнде өткір де батыл, шындықты тайсалмай айтып жүрген көсемсөзшілер бар ма? Бар болса, кімдер?

- Мен бұл сұраққа жауап бермей-ақ қояйын. Жаңағы айтқан жігіттерді ғана айта аламын.

- Көсемсөзшіге тән басты қасиет не деп ойлайсыз?

- Біріншіден, уақыттың ырғағынан қалмау, екіншіден білімің болу керек, тынымсыз іздену керек. Санаңды бағыттап жіберетін болу керек.

- Егер хабарыңыз болса, қазақ көсемсөзінің қазіргі зерттелуі туралы не айтар едіңіз? Қазіргі қазақ көсемсөзіне не жетіспейді?

- Қазір қазақтың көркем сөзі сәл жасқаншақтау ғой, сәл мінез керек, батырлық керек. Қазір мәдениетті, сауатты, тырп еткізбейтін, қысқа болса да нұсқа бағыттағы көсемсөз керек. Оқырманның сұранысы қазір басқаша. Оқырманның сапасы бізден жоғары.

- Басқа қаламгерлердің саяси, жолсапар очерктерінен, сұхбаттарынан сіздің көсемсөзіңіздің өзіндік «мені» неде?

- Мен өзім жүрегіме қабылдаған сөзді жаздым. Сосын ұлтқа пайдалы нәрселерді жаздым. Уақыттың талабын орындадым ғой деп ойлаймын. Тарихтан сызып алып тастай алмаймыз. Ең бастысы елдің тұтастығын сақтап қалу мақсатында жұмыс істедік деп ойлаймын.

- Шығармашылық жолыңызда шәкірттер дайындап жүрсіз бе?

- Шәкірттер көп. 1998 жылдары төраға болып жүргенде қаламнан қол үзіп қалған уақыттар да болды. Бұрынғыша ойлап қалған адамдар көбірек болды. Өмірдің ауыртпашылығын көріп, базар жағалап, ауыл жағалап жүрген жастарды талай жинап алдым. Бірінші Республикалық кеңестен өткіздік. Сол кезде спонсор тауып, қаржы тауып отырып жүз отыз жасты Алматыға жинадық. Оның отызы одаққа кірді. Оларға біраз әңгіме болды. Бірақ мен өкінбеймін. Солардың ішінен Сәрсек, Танакөз, Анар, Ақсұңқар сияқты жастар шықты.

- Талай игі-жақсылармен дос-жар болдыңыз, жақсыны да, жаманды да көрдіңіз. Естелік, мемуар жазу ойыңызда бар ма? Қазір қандай шығармашылықпен айналысып жүрсіз?

- Бар ғой енді ол. Күнделік жазатын адаммын. Менде өте көп. Жазушылар Одағында жиырма екі жыл төраға болдым. Төрт съез сайландым, бес съезінде өз еркіммен өткізіп бердім. Тәуелсіздіктен бері жиырма үш жылым осы жерде өтті. Үндемей қалуға болмайды. Жазатын ойым бар.

- Сіз ақындықпен қатар драматургияны, көсемсөзді қатар алып жүрген қаламгерсіз. Өз шығармашылығыңыз туралы қағазға түсірілген ойлардың ғылыми-танымдық, мәдени деңгейі қандай деп ойлайсыз?

Әртүрлі ғой. Өкпем жоқ, Аллаға шүкір. Ағарларымыз пікір айтты, батасын да алдық, өкінбеймін. Ал мені сынағандар да болды. Сынның жаманы да жақсысы да болды. Адамның өзінің ішкі сыны болады.

- Диссертациялық зерттеу жұмысымда көсемсөзді ЖОО-ның басқа мамандықтарына арнайы элективті пән ретінде оқыту мәселесін көтердім. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?

- Өте дұрыс. Оқырмандарды әдебиетке қайтарудың бірден бір жолы. Біздің заманымызда политехникалық институттарда оқитын студенттер әдебиетті бізден артық оқымаса кем оқымайтын. Қазір нағыз мықты ақын,

мықты жазушы, сендер айтқан лекцияны тыңдап отырған, көркем әдеби сөздерді сыйлайтын студенттер шығуы мүмкін.

- **Осы сұхбатта айтылған ой-пікірлеріңіздің ішінен қайсысы маңыздырақ деп есептейсіз?**

- Маңыздысы – тәуелсіздікті сақтап қалу, тәуелсіздікті өмірдегі ақиқатқа айналдыру.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Гаухар АЙТБЕККЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың PhD докторанты

22.11.2018 ж.